

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**  
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**  
**Abay Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ**

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,**  
**Серия «Исторические и социально-политические науки»,**  
**Series «Historical and socio-political sciences»**

**№1(68), 2021**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abay Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ**

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,  
Серия «Исторические и социально-политические науки»,  
Series «Historical and socio-political sciences»**

**№1(68)**

**Алматы, 2021**

---

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік  
ғылымдар» сериясы,  
№1(68), 2021

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор  
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:  
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**  
(бас ред. орынбасары),  
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**,  
т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева**,  
(жауапты хатшылар),  
т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов**,  
т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов**,  
PhD, проф. **Вирджиния Мартин**  
(АҚШ),  
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),  
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіяқап** (Түркия),  
т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**  
(Қырғыз Республикасы),  
т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**  
(Ресей Федерациясы),  
т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов**,  
проф. **М.Майер** (Германия),  
т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**  
(Ресей Федерациясы),  
т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),  
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия)  
т.ғ.д., проф. **Ғ.М. Қарасаев**

© Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2021

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген  
№10102 - Ж

Басуға 21.03.2021 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 41,75 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 120.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

М А З М Ұ Н Ы  
С О Д Е Р Ж А Н И Е  
C O N T E N T

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ  
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ  
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

<b>Байсарина Қ.Қ.</b> Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930-1932 жж.).....	9
<b>Baisarina K.K.</b> The hunger strike and the fate of orphans in East Kazakhstan region(1930-1932)	
<b>Ермұқанов Е.Н.</b> 1916 жылғы 25 маусымдағы Жарлықтың жариялану тарихынан.....	15
<b>Ermukanov E.N.</b> , From the date of publication of the Decree of June 25, 1916.	
<b>Еспенбетова А.М.</b> Қазақ қоғамындағы жаңа сословиелік құрылым: көпестер және олардың әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері.....	21
<b>Yespenbetova A.M.</b> New condition structure in kazakh society: merchant and their social and legal features	
<b>Журасова А.Ш., Алхамова Л.К.</b> Сталинград шайқасының халықтық сипаты.....	28
<b>Zhurassova A.Sh., Alkhamova L.K.</b> The popular character of the battle of Stalingrad	
<b>Жалмурзина А.Ж., Мажитова Ж.С.</b> XIX ғасырдағы қазақ фольклордағы мемлекеттік және ұлттық патриотизмнің тарихи бастаулары.....	34
<b>Zhalmurzina A.Zh., Mazhitova Zh.S.</b> Historical origins of state and national patriotism in kazakh folklore of the XIX century	
<b>Идрисова Г.Б., Түрсүн Х.М., Қуандықова Э.Ж.</b> Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тетіктері.....	41
<b>Idrisova G.B., Tursun Kh., Kuandykova E.Zh.</b> Mechanisms of modernization of traditional kazakh society	
<b>Калдыбаева С.С.</b> XIX аяғы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыруы.....	46
<b>Kaldybayeva S.S.</b> The settlement of russian peasants in Kazakhstan by the tsarist government in the late XIX-early XX century	
<b>Сайфулмаликова С.С., Қадырбаева М.Е.</b> Ақмола, Семей облыстарындағы ауылдық мектептерді ұйымдастырудың ерекшелігі (XX ғасырдың басы).....	53
<b>Saifulmalikova S.S., Kadyrbayeva M.E.</b> Features of the organization of aul schools in Akmola, Semipalatinsk region (at the beginning of the XX century)	
<b>Сайлан Б.С., Құрбанбай Ә.Т.</b> Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қазақстан жеріндегі әскери тұтқындар жағдайы.....	60
<b>Sailan B.S., Kurbanbay A.T.</b> The situation of prisoners of war in Kazakhstan after the Second World War	

Казахский национальный  
педагогический  
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические  
и социально-политические науки»,  
№1(68), 2021

Выходит с 2000 года.  
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор  
д.и.н. КЕНЖЕБАЕВ Г.К.

Редакционная коллегия:  
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,  
(зам. гл. редактора),  
к.и.н., доц. Оспанова Р.Р.,  
к.и.н., доц. Далаева Т.Т.,  
(ответ. секретари),  
д.и.н., проф. Абжанов Х.М.,  
к.и.н., проф. Жумагулов Б.С.,  
PhD, проф. Вирджиния Мартин  
(США),  
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),  
д.и.н., проф. Кара Абдиукап  
(Турция),  
д.и.н., проф. Осмонов О.Д.  
(Кыргызская Республика),  
д.и.н., проф. Козьменко В.М.  
(Российская Федерация),  
д.и.н., проф. Жумагулов К.Т.,  
проф. Майер М. (Германия),  
д.и.н., проф. Соколов А.Б. (Российская  
Федерация),  
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),  
д.и.н., проф. Ходжаоглы Т. (Турция)  
д.и.н., проф. Карасаев Г.М.

© Казахский национальный  
педагогический университет  
имени Абая, 2021

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и  
информации  
Республики Казахстан  
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 21.03.2021.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 41,75 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 120.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального  
педагогического  
университета имени Абая

Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М. Маркетинговые решения по продвижению дизайнерских брендов Казахстана и Kazakhstan fashion week..... 66  
Mussakhanova M., Mussakhanova Zh. Marketing solutions for promoting designer brands of Kazakhstan and Kazakhstan fashion week

#### ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

Балакаева Л. Т., Шынтасова К. Социальная политика Японии на трудовом рынке в отношении пожилых людей и инвалидов..... 74  
Balakaeva L.T., Shyntasova K. Social policy of Japan in the labor market for older and disabled people.  
Беделова Г., Спанова М. Италиядағы Мемлекеттік архивтерді басқару..... 81  
Bedelova G., Spanova M. Management of government archives in Italy  
Ошанов Н.З., Нурлигенова З.Н. Некоторые аспекты этно-политической истории монголо-джунгар..... 88  
Oshanov N.Z., Nurligenova Z.N. Some aspects of ethno-political history of mongolo-jungar

#### САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

Abzhapparova L.Zh. Abdrazakova L.N. Conceptual framework of cosmopolitanism in the context of western view..... 95  
Абжапарова Л.Ж, Абдразакова Л.Н. Батыс көзқарасы контекстіндегі космополитизмнің тұжырымдамалық негіздері  
Kaihe A. Manju noble and west: Prince Ноғой Delengge family..... 99  
Кайхэ А. Манджу асыл және батыс: Ханзада Хошой Деленгенің отбасы  
Габдулина Б.А., Ықылас М.М. Оңтүстік өңірлерден Солтүстік аймақтарға қоныс аударудың кәзіргі мәселелері..... 111  
Gabdulina B., Ykylas M. Current issues of resettlement from the Southern regions to the Northern region of Kazakhstan  
Ibrayeva A.E. Kazakh-Turkish relations: trade and economic aspect..... 117  
Ибраева А.Е. Қазақстан-Түрік қатынастары: сауда-экономикалық аспект.....  
Зайниева Л.Ю., Абжаппарова А.А. Молодежный вектор европы..... 122  
Zainiyeva L.Yu., Abzhapparova A.A. Youth vector of Europe  
Панияз Т., Жанпейісова Қ.Д. Өңірлік саясаттың теориялық аспектілерін салыстырмалы талдау..... 129

Abay Kazakh National Pedagogical  
University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political  
sciences»  
№1(68), 2021

Periodic – 4 issues/year  
Published since 2000

**Editor-in-chief:**

*doctor of historical sciences*  
**G.K. KENZHEBAYEV**

**Editorial staff:**

**Koigeldiyev M.K.** *doctor of historical  
sciences, professor*

(editorial-in-chief's assistant),

**Ospanova R.R.** *candidate of historical  
sciences, associate professor,*

**Dalaeva T.T.** *candidate of historical  
sciences, associate professor,*

(responsible secretary),

**Abzhanov Kh.M.** *doctor of historical  
sciences, professor,*

**Zhumagulov B.S.** *candidate of historical  
sciences, professor,*

**Virginia Martin.** *professor, PhD (USA),*

**Claudia Chang** *professor, PhD (USA),*

**Kara Abdiyapap** *doctor of historical  
sciences, professor (Turkey),*

**Osmonov O.D.** *doctor of historical  
sciences, professor (Kirgistan),*

**Kozmenko B.M.** *doctor of historical  
sciences, professor (Russian Federation),*

**Zhumagulov K.T.**

*doctor of historical sciences, professor,*

**Mayer M.** *doctor of historical sciences,  
professor (Germany),*

**Sokolov A.B.** *doctor of historical  
sciences, professor (Russian Federation),*

**Tomokhiko Uyama** *doctor of historical  
sciences (Japan),*

**Khodjaogly T.** *doctor of historical  
sciences, professor (Turkey)*

**Karasayev G.M.** *doctor of historical  
sciences, professor*

Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2021

Registered in the Ministry of culture and  
information of the Republic of Kazakhstan,  
May, 8, 2009 №10102-ZH

Signed for print 21.03.2021

Format 60x84 1/8. Volume 41,75 уч.-изд.л.  
Issue 300. order 120.

050010, Almaty  
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.  
«Ulagat» publishing house  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

- Paniyaz T., Zhanpeisova K.D.** Comparative analysis of theoretical aspects of regional policy
- Tazhibayev R., Abdunazarov B.A.** Devletlerin dış politika stratejilerine teorik ve kavramsal çerçeve..... 137
- Тәжібаев Р.И., Абдуназаров Б.А.** Мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларын теориялық және тұжырымдамалық тұрғыдан талдау
- Кенжебаев Д.А.** Скотоводческое хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. экономический аспект..... 141
- Kenzhebayev D.A.** Pastoral economy of the kazakhs at the turn of the XIX-XX centuries. economic aspect
- Кулумжанова А.М.** Эволюционный процесс революций в странах Латинской Америки..... 149
- Kulumzhanova A.M.** The evolutionary process of revolutions in Latin America
- Исбаева Е.И.** Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануды ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі..... 154
- Isibaeva E.I.** Foreign experience in organizing the use of agricultural land
- Tazhibayev R., Abdunazarov B.A.** Küresel güçlerin Özbekistan Politikaları..... 160
- Tazhibayev R., Abdunazarov B.A.** Global powers' policy Towards Uzbekistan
- Сембаева Ж.С.** Центральная Азия на пути к интеграции: постпандемический период..... 165
- Sembayeva Zh.S.** Central Asia on the way to consolidation: post-pandemic period
- Нысанбаева А.М., Сыздықова Г.Ж.** Орталық Азия өңіріндегі трансшекаралық өзендер мәселелері бойынша Орталық Азия елдерінің су саясаты..... 170
- Nysanbayeva A.M., Syzdykova G.Zh.** Water policy of the Central Asian countries on transboundary rivers in the Central Asian region
- Наралиева Р.Т., Бегалиева А.К.** Онлайн оқыту форматы – жастарға білім мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуы үшін қашықтықтан білім алуға мүмкіндік беретін жүйе..... 178
- Naraliyeva R.T., Begalyeva A.K.** The online learning format is a system that allows eoung htjhle to receive distance education in order to become competitine in education and labor markets
- Шаикова А.Е., Жолдасбекова А.Н.** Влияние международных транспортных коридоров на экономическое, политическое и общественное развитие Центральной Азии..... 185
- Shaikova A., Zholdasbekova A.** The impact of international transport corridors on the economic, political and social development of Central Asia
- Се Тянь, Жаркынбаева Р.С.** Концепция о высококачественном развитии в контексте социально-экономических преобразований КНР..... 191

- Xie Tian, Zharkynbayeva R.S.** The concept of high-quality development in the context of the prc's social and economic transformations
- Канагатов Ж.Ж., Сейтова Г.А., Есейқызы Ұ., Ыдырыс Ә., Омаров К.М.** Основные техногенные факторы, влияющие на водные ресурсы г. Талдыкорган..... 198
- Kanagatov Zh.Zh., Seitova G.A., Eseykyzy U., Ydyrys A., Omarov K.M.** Main technogenic factors affecting water resources of Taldykorgan

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY**

- Ахметова У.Т., Исмаилов С.С.** Вопросы историографии формирования и функционирования системы ГУЛАГ..... 206
- Akhmetova U.T., Ismailov S.S.** Questions of historiography of the formation and functioning of the GULAG system
- Yessimkhanov D.D., Begimbayeva Zh.S.** Proceedings of the «Society for the study of the kazakh region» as a source for research history and geography of Kazakhstan..... 213
- Есімханов Д.Д., Бегимбаева Ж.С.** «Қазақ жерін зерттеу қоғамының» еңбектері Қазақстан тарихы мен географиясын зерттеудің қайнар көзі ретінде
- Маканбаев Т.Д., Сексенбаева Г.А.** Қазақстандағы архив саласының кейбір аспектілері..... 218
- Makanbaev T., Seksenbayeva G.** Some aspects of the archival industry of Kazakhstan
- Бегалиева А.К., Косанбаев К., Косанбаев С.К.** Некоторые факты о Жанкоже Нурмухамедове..... 228
- Begalieva A.K., Kosanbaev K., Kosanbaev S.K.** Some facts about Zh.Nurmukhamedov

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ  
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

- Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С.** Ортағасырлық Қосқұдық қаласының қақпасы..... 235
- Akymbek Y.Sh., Shagyrbaev M.S.** The gate of the medieval site of Koskuduk
- Арынов Қ., Елеуов М., Сиздиков Б.** Ортағасырлық Қышқала қалашығындағы қыш күйдіретін пеш орны..... 255
- Арынов К.С., Елеуов М., Сиздиков В.** Furnace for burning bricks of the medieval town of Kyshkala
- Бекешов С.С., Бекенжанова А.А.** Дәстүрлі ағаш бұйымдардағы ою-өрнектің бедерленуі..... 261
- Bekeshov S.S., Bekenzhanova A.A.** Ornaments on traditional wooden products – embossing pattern

Бексеитов Г.Т., Тулегенов Т.Ж., Шарипов Р.К., Сатаева Б.Е. Погребение тюркского времени могильника Кенсай П.....	266
<b>Bexeitov G.T., Tulegenov T.Zh., Sharipov R.K., Satayeva B.E.</b> Burial mound of turkic time Kensai Pi	
<b>Железняков Б.А., Жумай Г., Суатаева Д.С.</b> Ортағасырлық талғар аумағындағы ескерткіштер туралы археологиялық деректер.....	272
<b>Zheleznyakov B.A., Zhumay G., Suataeva D.S.</b> Medieval monuments of the talgar microregion according to archeology	
<b>Иманбекова А.А.</b> Традиционное хозяйство номадов и проблема понятийно-категориального инструментария.....	282
<b>Иманбекова А.А.</b> Традиционное хозяйство номадов и проблема понятийно-категориального инструментария	
<b>Қасенова А.Д., Сүйіндікова М.Қ.</b> Сарыарқаның ежелгі тас мүсіндері (зерттелу тарихы).....	289
<b>Kasenova A.D., M.K. Suyundikova</b> Ancient stone sculptures of Saryarka (history of the study)	
<b>Кожя М.Б., Жетібаев К.М.</b> Сакральные места казахской истории: Мартобе и Культобе.....	295
<b>Kozha M.B., Zhetibaev K.M.</b> The sacred places of the kazakh history: Martobe and Kultobe	
<b>Саргизова Г.Б.</b> Талдысай қонысының тері өңдеу кәсібiне арналған құралдары.....	305
<b>Sargizova G.B.</b> Bone tools of tanning production of Taldysay settlement	

#### ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ TEACHING HISTORY

<b>Апашева С.Н., Мамраимов С.Д.</b> Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы Қазақстан тарихы сабағында оқушы- лардың білімін бақылау мен бағалаудың оңтайлы тәсілдерін анықтау.....	312
<b>Apasheva S., Mamraimov S.</b> Determination of optimal ways to control and evaluate students' knowledge in the history of Kazakhstan lessons within the framework of the updated educational program	
<b>Қабыл А.Ә., Абдурахманов Н.А.</b> Білім беру үдерісінде Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы оқытудың тиімділігі мен маңызы.....	319
<b>Kabyl A.A., Abdurakhmanov N. A.</b> Efficiency and significance of learning the history of national liberation movements in Kazakhstan through information and communication technologies in the process of education	

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР/ПЕРСОНАЛИИ  
PERSONALITY**

- Абдурахманов Н.А., Купбаева Р.М., Шекербеков Қ.М.**  
Мырза Наурызбайұлы - өмірінің беймәлім беттері..... 325  
**Abdurakhmanov N.A., Kupbaeva R.M., Shekerbekov K.M.**  
Mirza Nauryzbay – unknown chapter of his life
- Өскембай Ә.А., Кабдрахманова Ф.К.** С.Аманжоловтың Ұлы  
Отан Соғысы жылдарындағы патриоттық тәрбиесі..... 331  
**Oskembay A.A., Kabdrakhmanova F.K.** Patriotic education of  
S.Amanzolov ov During the Great patriotic war
- Смағұлова С.О., Бегімова М.Қ.** Орталық кітапхана  
қорындағы Абайдың мұралары..... 336  
**Smagulova S.O., Begimova M.K.** Abay’s heritage from the fund of  
the central scientific library

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

- Дийметова М.Б.** Понятие коммуникации и роль социальной  
коммуникации в современном обществе..... 345  
**Diimetova M.B.** The concept of communication and the role of  
social communications in modern society
- Тұрсынбай М.Д.** Ресейдің Қазақстанға ұстанған жұмсақ күш  
саясатын талдау және бағалау..... 349  
**Tursynbay M.D.** Analysis and evaluation of russian politics of soft  
power in Kazakhsta

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (speciality-0700 00).

# ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ӘОЖ 94(574)  
МРНТИ 03.20.01

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.01>

Қ.Қ. Байсарина <sup>1</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.д., профессор Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАҒДЫРЫ (1930-1932 жж.)

### Аңдатпа

Мақалада Қазақстанда жүргізілген 1930-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру науқанының салдары мен қасіреті мұрағат құжаттарының негізінде жан-жақты талданады. Адамзат тарихындағы 1930-1933 жылдардағы ашаршылық зардаптары, халқымыздың басынан өткен қиын тағдыры мен қасіретті болған «ұлы жұт», нәубет жылдары болып саналады. Сонымен қатар, 1932-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың ауыр қасіретін – жалпы одақтық басқа республикаларда орын алаған жағдайлармен салыстыруға болмайтыны да анық еді. Елімізде орын алаған нәубет жылдарының басты себептерінің бірі: кулақтықты тап ретінде қарау, асығыс және асыра сілтеулердің салдарлары, ірі және орта шаруашылықтардағы малдарды тәркілеуден туындаған бөлігі ретінде қарастырылады. Аталған мақалада Шығыс Қазақстан өңірінің барлық аудандарында, соның ішінде қазақ ауылдарындағы ашаршылықтың зардаптарынан кейін орын алаған панасыз жетім қалған балалардың ауыр жағдайы және қиын тағдыры нақты мысалдармен жан-жақты баяндалады.

**Кілт сөздер:** Шығыс Қазақстан, ашаршылық қасіреті, панасыз балалар тағдыры, аштық салдарлары, нәубет жылдар, ұжымдастыру.

Байсарина К.К. <sup>1</sup>

<sup>1</sup>д.и.н., профессор Университет имени Шакарима г. Семей.

## ГОЛОД В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ И СУДЬБА ДЕТЕЙ-СИРОТ (1930-1932 гг.)

### Аннотация

В данной статье автор на основе архивных материалов освещает масштабы и последствия голода 1930-х годов в казахской степи. Голод 1930-1933 гг. вошел в историю как годы «великого джута», величайшей трагедии казахского народа. Вместе с тем, очевидно, что тяжелая ситуация складывалась именно в Казахстане в 1932-1933 годах, нежели в других регионах СССР. Одной из главных причин бедствия в нашей стране является: рассмотрение кулачества как класса, поспешные и завышенные последствия, а также, фактически, конфискацией скота. В данной статье на конкретных примерах рассмотрены тяжелое состояние и трудная судьба беспризорных, детей-сирот, как следствие голода в ряде районов Восточного Казахстана.

**Ключевые слова:** Восточный Казахстан, коллективизация, голод, трагедия, дети, последствия.

K.K. Baisarina<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, professor Shakarim State University of Semey

## THE HUNGER STRIKE AND THE FATE OF ORPHANS IN EAST KAZAKHSTAN REGION (1930-1932)

### Abstract

*In this article, the author on the basis of archival materials covers the scale and consequences of the famine of the 1930s. The famine of 1930-1933 went down in history as the years of "great jute", the greatest tragedy of the Kazakh people. At the same time, it is obvious that the difficult situation developed in Kazakhstan in 1932-1933, rather than in other regions of the USSR. One of the main causes of the disaster in our country is: the consideration of the kulaks as a class, the hasty and exaggerated consequences, and, in fact, the confiscation of cattle. In this article on concrete examples the serious condition and difficult destiny of street children, orphans, as a consequence of hunger in a number of areas of East Kazakhstan are considered.*

**Keywords:** East Kazakhstan, collectivization, famine, tragedy, children, consequences.

**Кіріспе** Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық саяси тұрғыдан, академиялық зерттеу тұрғысынан толық ғылыми бағасын алмаған мәселелердің бірі болып саналады. Бүгінгі күнде отандық тарих ғылымында кеңес үкіметі кезінде жүргізілген күштеп ұжымдастырудың зардаптарына мұрағат құжаттары негізінде талдау жасалынып, шынайы бағасы берілуде. Қазақ даласын түгел қамтыған алапат ашаршылық балалар өмірі мен тағдырынан айналып өтпеді. Ашаршылықтың тарихы, панасыз қалған балалардың тағдыры әліде зерттелуі керек, оның теориялық, методологиялық, саяси-идеологиялық астары ашыла беруі тиіс. Халықтың басына түскен ұлттық апаттың себеп салдары және оның ащы шындығына жан-жақты тұжырым жасау, оған тиісті тарихи, саяси баға беру сол елдің бірлігін, тұтастығын нығайта түседі.

**Мақсаты:** Мақалада еліміздің шығыс өңірінде жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардаптары талдана отырып, ашаршылық жылдарындағы аймақтағы панасыз қалаған балалар тағдыры жан-жақты сипатталады. Қазақ халқының басынан өткен ашаршылық ақиқатына жаңа көзқарас тұрғысынан баға беру. Нәтижесінде қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ халқының басынан кешкен 1930-шы жылдардағы Шығыс Қазақстандағы панасыз қалған балалардың тағдырын жан-жақты анықтау.

**Материалдар мен әдістер:** Зерттеу жұмысында қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін, тарихи зерттеудің логикалық тәсілімен тығыз байланыстылығы тарихилық, объективтілік, сабақтастылық, ғылыми таным принциптері басты назарда болды. Ғылыми танымның нақты тарихи-сараптамалық принципін қолдану арқылы нәубәт жылдарындағы қазақ халқының басына түскен ауыр жағдайына талдау жасай отырып, кеңестік басқару жүйесінің мазмұнын айқындауға ұмтылыс жасалды.

Қазақстандағы ашаршылық зардаптарын зерттеген шет ел, Ресей және отандық ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттар орталығының құжаттары және ақпараттар мен мерзімді баспасөз, ғылыми басылым деректері зерттеудің теориялық және методологиялық негізін құрады. Зерттеу барысында тарихи салыстырмалық, диалектикалық, статистикалық, демографиялық талдау және басқа әдістемелер қолданылды.

**Нәтижелерді талқылау** Шығыс Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық зардаптары және оның себептері шынайы тарихи тұрғыдан талдау жасалынып, панасыз балалардың ауыр тағдыры баяндалады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарыққа шыққан тарихи зерттеулерде ашаршылықтың демографиялық зардаптары жан-жақты қарастырылады. Мәселен, М.Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты» еңбегінде 1932-1933 жылдардағы аштықтың зардаптары жөнінде төмендегідей атап көрсетеді. «...Екіншіден, тарихтағы ақтаңдақ орындарды осы күнге дейін зерттелмеген, не зерттелмеген проблемаларды игеру міндеті тұр. Үшіншіден жеке басқа табыну, тоқырау идеологиясы тұрғысынан жазылып, бұрмаланған проблемаларды диалектикалық методологияға сүйеніп, жаңа дүнетанымды, ғылыми тұжырымды жазуымыз керек» [5, 51]. Осындай себептерден аштық құрбандарының саны жөніндегі мәліметтер әрқелкілік пайда болды - деп тұжырымдайды Т.Омарбеков «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» [7], Б.Аяған, Ж.Қыдыралина, Ж.Ауанасова т.б. «1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты» [1] еңбектері жарыққа шықты. Аталған зерттеушілер ел тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі - 1930-шы жылдардағы аштықтың зардаптарын мұрағат деректері негізінде адам шығыны мен панасыз балалар тағдырын ашып айта отырып, қазақ халқының басынан өткен зұламат жылдар - деп көрсетеді.

Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихын зерттеген шет ел ғалымдарының еңбектерінде жарық көрді. Қазақстанда орын алған ашаршылық зардаптарына қатысты отандық және шет ел ғалымдарының зерттеулері бар. Шет ел ғалымдарының зерттеулерінде ашаршылық жылдары қаза болған адамдардың шығынына қатысты батыс тарихшыларында мәліметтер әртүрлі көрсетілген. Неміс ғалымы Роберт Киндлер зерттеуінде, большевиктердің кеңестендіру саясатына тоқтала отырып, Сталин билігінің зорлық зомбылықтар мен жүргізген саясаты қазақ ауылын күштеп отырықшылыққа айналдыру және ұжымдастыру науқанының салдары ретінде жан-жақты баяндайды. [3]. Ал ағылшын зерттеушісі Роберт Дэвис 2011 жылы жарық көрген «Годы голода. Сельское хозяйство в СССР, 1931-1933» деген еңбегінде қазақтар көшпенді халық болғандықтан қырылып қалды деген концепция жасады [8]. Қазақ жеріндегі нәубәтке байланысты Николо Пианчило ашаршылықтың бірден-бір себебі ауыл шаруашылығындағы Сталиндік реформаның салдарын көрсетеді [6]. Ашаршылықтың зардаптары туралы жоғарыда көрсетілгендей шет ел зерттеушілері өз тұжырымдарын жасады.

Алайда шет ел зерттеушілері қазақ тіліндегі деректер мен зерттеулерді оқи алмағандықтан, көбіне орыс тіліндегі еңбектерге сүйене отырып зерттеген және мұрағат құжаттарын пайдалана алмады. Көбіне орыс тіліндегі еңбектерге сілтеме жасайды. Жоғарыда аталған шетел зерттеушілерінің жасаған ғылыми тұжырымдары нақты тарихи шындыққа сәйкес келе бермейтіндігін 1926, 1929 және 1930 жылдардығы статистикалық көрсеткіштер дәлеледеп отыр.

**Зерттеу нәтижесі:** Еліміздің шығыс өңірінде ата-анасынан айырылған жетім қалған панасыз балалардың басынан кешкен тауқыметі мен тағдыры ашаршылық жылдардағы халқымыздың басынан өткен нәубет жылдары болып саналады. Аталған мәселе еліміз тәуелсіздік алағаннан кейінгі жылдарда ғана шынайы зерттеліп, тарихи шындық қайта орала басталды.

Республиканың барлық жерлерінде ата-анасыз қалаған панасыз балалардың қиын тағдыры бүкіл елді мекендерде орын алған жағдай болды. Барлық жерлерде азық-түлік тапшылығы күннен-күнге ұлғайып келе жатқандығы байқалған. Мәселен, өңірдегі Бобровка поселкесіндегі кезекті кедейлер жиналысына бір-бір қап ұстап келген халық үзілді-кесілді астық талап еткен. Бірқатар поселкелерде астық қоймаларына түсу жиілеген, тіпті күзетшілердің өздері бірге тонаған. Жалпы округтің жағдайы осындай еді. Азық-түліктің тапшылығынан халық қоймаларды талан таражға түсіріп, жаппай қарсылыққа шығу ұлғайған [11].

Дәл осындай жағдайда колхозда жұмыс күші бар деудің өзі тек сөз жүзінде ғана болды, себебі ірі қара мен қой, жылқы жем-шөптің тапшылығынан қырылып қалған. Тірі деген жылқының тек қаңқасы ғана қалған. Жем-шөптің орнына шатырдағы сабандар мен қатар қидың өзі желініп жатса да, мал шыбын сияқты өліп жатқан. Жылқыларды арқанмен көтеріп тұрғызған. Адамдар тұқымдық астықты жеп қоймауы үшін, егін егуге берер алдында оны улау қарастырылған [12]. Өңірдегі аштық зардабы барлық ауылдарды ауыр күйзеліске ұшыратты. Сол жылдарды аштықты көзімен көрген қариялар былай дейді: «Мал санының өте қатты азайғаны соншалық ауыл тұрғындары бір бас қойды түнімен күзетегін, таңертеңнен кешке дейін бір уыс бидай масағын ғана теріп әкеп, жан басына таратып берген, аштық бүкіл бір ауылды жалмап жоқ еткен ауыр жылдар еді» -деп еске алады. Әрине аштықтың салдарының жұмыс күші жетіспегендіктен көптеген елді мекендер мен шаруашылықтар қаңырап бос қалды.

Сол сияқты, 1933 жылдың күз айында Семей қаласының «Тері зауытында» да жан түршігерлік оқиғалар болған. Мәселен, қазақ жұмысшылары өңдеуге әкелінген терілердегі қалып қойған малдың майын сыпырып алып, сол жерде ақ шикідей жей берген. Мұндай әрекеттер терілер сақталатын қойма ішінде ғана емес сонымен қатар цехтағы өндірістік жұмыс уақытында да байқалған. Егер терілердің әр түрлі малды болғандығын және Монғолия сияқты тағы да басқа көрші елдерден әкелінетінін ескерсек, бұл жағдайлар әр түрлі жұқпалы аурулардың таралуына ықпал етері анық еді. Жалпы, үкімет тарапынан 1932 жылдың 25-ші сәуірінде қабылдаған қаулыда малдар арасындағы қышыма, есекжем, бөртпе сияқты аурулардың кең таралуының баяндалуы табын жағдайының нашар болғандығын көрсетеді. Қаңтар-ақпан айларындағы екі айда бүкіл қазақ жерінде, мал шаруашылығымен айналысатын аймақтардағы савхоздардағы мал саны, оның ішінде ірі қара мал, жас төл және бұзау, 4,7%-ға қысқарған [2, 253-254]. Осылайша мал басының күрт төмендеуі халықтың жағдайын одан әрі төмендете түсті.

Қазақстанның барлық аймақтарында 1932 жылдың басында панасыз балалардың саны ұлғая түсті. Ата-анасыз қалған балалар панасыздар атанды. Қазақ дәстүрінде ата анасынан айырылған баланы ағайындары асырап алып, оған пана болатын, Алайда ондай мүмкіншілік бола бермеді. Аштық нәубетінің қасіреті қаншама ананың өз баласын тағдыр тәлкегіне тастап кетуіне итермеледі. Олардың саны күн санап өсе берді. 1932 жылы 25 наурызда панасыз балаларға қамқорлық жөніндегі ХКК ерекше комиссияның отырысында Халық денсаулық сақтау комиссариаты арқылы 3 мың бала: Петропавловскіге - 800, Семейге - 1100, Алматыға - 390, Ақтөбеге - 360, Оралға - 350 бала орналастырылды [10, 96].

Жыл өткен сайын ата-анасыз жетім қалған панасыз балалардың саны күннен-күнге ұлғайып отырды. Әсіресе 1931-1932 жылдары аш-жалаңаш, өлім ауызында жатқан балалардың көптігі соншалық мұндай жағдай барлық ауылдарында орын алды. Республиканың барлық қазақ ауылында аштыққа ұшыраған, аш-жалаңаш балалардың санының білу де мүмкін емес еді.

Мал шаруашылығымен айналысатын аудандардағы балалар үйіндегі балалардың киім кешекпен қамтамасыз етілуі де өте төмен болған. Әрине, барлық балалар үйлерінің жағдайы нашар болды деп кесіп айтуға болмас. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, Шығыс Қазақстанның Белағаш ауданының №13-ші балаларды уақытша ұстау үйі мен №7-ші балаларды қабылдау үйлері бірдей құқыққа ие болса да, бірдей дәрежеде қамтамасыз етілсе де жағдайлары әр түрлі болған. №7 балалар үйінде тазалық сақталып, тамақ уақытында берілген. Тәрбие жұмыстары жүргізілген. Ал, №13 балалар үйінің жағдайы сын көтермейтін. Балалардың тамағымен, киім-кешегімен қатар, көрпе-жастықтарының өздері тапшы болған. Мәселен, 90-балаға қатысты 17 төсек 42 ақжайма, 47 жастық тысы, 44 көрпе болған. Мұның өзі тізім бойынша ғана еді. Себебі көрпе-жастықтың мөлшері бұдан да аз болған [13].

Шығыс Қазақстандағы балалар үйінде қажетті деген көрпе-жастық, киім-кешектің тапшы болғандығы соншалық, балалар бір ғана көк көйлекпен жүріп, тақыр тақтайда ұйықтаған. Ал, тақтайда балалардың дәреті де жатқан. Кейбір тәрбиешілер қолдарын қалтасына салып алып балаларға ұрсатын болған.

Кейбір жатақханалардың терезелері сынық болған және оларға еш жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, үй қабырғалары сыланбайтын, іргелері көмілмейтін еді. Сырт киімдері жоқ балалар тоңып, суық өтіп, ауырып өлім үстінде жатқандары көп болған [14]. Панасыз балаларға бөлінген ақ ұнды қара бидайдан жасалған ұнмен, жүгерімен алмастырған, ал шалғайдағы балалар үйлеріне азық түлікті жеткізбеген, керісінше, өздерінің ыңғайларына қарай пайдаланған. Әсіресе, Абыралы, Шыңғыстау, Қарқаралы және Жармадағы балалар үйі азық түлікпен айтарлықтай қамтамасыз етілмеген. Бұл аудандарға бөлінген азық түліктер 2-3 ай бойы Семей қаласының қоймаларында жатып қалған. Мұндай жауапсыздық көп кешікпей-ақ өз көрінісін бере бастаған. Мәселен, Абыралы ауданында қатарынан 6 күн азық-түлік болмауына 19 бала бақилық болған.

Шығыс Қазақстан өңіріндегі: Көкпекті, Зайсан, Жарма, Мақаншы, Үржар, Абай, және Тарбағатай аудандарындағы ашыққан балаларға, сонымен қатар өңірдегі барлық балалар үйінде орналастырылған жетім балаларға үкімет тарапынан көмек жасалды. Бірақ сол көмек өте мардымсыз, тіпті тиісті орынға жетпей жатты. Көптеген уақытша ашылған балалар үйлеріне мүлдем көмек көрсетілмеген жағдайларда орын алды. Мәселен, Мақаншы, Абай және Тарбағатай сияқты орталықтан алыс аудандарда уақытша ашылған балалар үйлерінде аш-жалаңаш балаларға киім-кешек пен төсек орын тұрмақ тамақтың өзі жетіспеді, берілген тағамның өзі өлместің күнін көрмейтіндей белгілі бір мөлшерде ғана таратылған, балалардың тоя тамақ ішпейтін уақыттары өте жиі кездесіп тұрды. Аталған қазақ аудандарына қарағанда Көкпекті ауданының орталығында ашылған балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балаларды тамақпен және киім-кешек, төсек орынмен қамтамасыз етілуі жоғарыда көрсетілген аудандарға қарағанда біршама жақсы болды. Сондықтан жоғарыда атап өткендей аудан орталығындағы балалар үйлерінің жағдайы әр түрлі жағдайда және оның қамтамасыз етілуіде бірдей дәрежеде орын алмағандығын байқауға болады. Мұндай жағдай республиканың барлық аудандарында да көптеп орын алды.

Өңірдегі балалар үйін қамтамасыз ететін 5 мекеменің қаржыландыру жүйесінің дұрыс жолға қойылмауы көбіне олардың балалар үйлерінің қаржылық жағдайын білмеуімен және оларға қатысты ақшаны дұрыс бөлмеуімен түсіндіріледі. Соның нәтижесінде 1933 жылдың 9 айында жүргізілген қаржыландыру барысында 1 тәрбиеленушіге қатысты ақша Жарма ауданында - 491 сом, Зайсан ауданында - 443 болса, Тарбағатай ауданында - 62 сом, Ұлан ауданында - 86 сом берілген. Әрине, мұндай айырмашылық кей аудандардағы балалар үйінің жағдайының нашарлауына әкелді [15].

Панасыз балалар қасіретінің алдын-алу шаралары жан-жақты жүргізілгенімен қатар, үкімет тарапынан аталған қиыншылықтарды шеше алмады, оны жоғарыдағы Жарма, Зайсан аудандарындағы балалар үйінің жағдайы дәлел бола алады. Мәселен, Тарбағатай ауданындағы сол сияқты Қызыл-Кесік, Көкжыра, Үштөбе ауылдары және Абай, Мақаншы аудандарындағы ауылдарындағы ата-анасыз қалған панасыз балалардың жағдайда айтарлықтай мез емес еді.

Әрине алдыңғы жылдарға қарағанда балаларды экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ету шаралары біраз жақсарғандай болды. Алайда балалар үйін қаржыландыру тым төмен жағдайда болды және бір қалыпты жүргізілмеді.

Мәселен, 1932 жылдың 1-қазанына дейін Шығыс Қазақстанға берілуі тиіс ақша 632 мың сомды құрады. Оның өзі толық берілген жоқ. Бөлінген ақша көбіне аудандық қаржы бөлімшелерінде ұзақ мезгіл қалып қоятындықтан жергілікті жерлерге уақтылы жетпеген. 1932 жылдың сәуір айында балалар комиссиясының бөлген қаржысы тым аз болды [16].

Ата-анасыз жетім қалған балаларды орналастыру жағдайын тексергенде олардың 50 пайызы ажал аузында жатқандар болған. Жалпы, балалар үйін тамақпен, киім-кешекпен өзге де керек-жарақтармен қамтамасыз етуі тиіс ұйымдар өз қызметтеріне жауапкершілікпен қарамаған. Оларға берілген қаржы-қаражат балалар үйіне уақтылы жеткізілмеген, ал кейде ондай көмек жіберілмеген де, оның өзге көмек көздерін табу жолдары қарастырылмаған. Тіпті, облыстық білім бөлімшесі 171 қолындағы 844 380 сомының 171 500 сомын ғана жұмсаған, ал 672 880 сом қалып қойған. Сол сияқты, облыстық денсаулық бөлімшесіндегі 90194 сомның 23289 сомы ғана жұмсалып, 66905 сомы игерілмей қалған [17].

Жоғарыда атап өткендей, ойластырылмай алынған шешімнің қайтарымы өзін көп күттірген жоқ, оның зардабын қарапайым халық көтерді. Жауапкершіліктің жоқтығынан балалар панасыздығының өсуімен қатар, олардың арасында әр түрлі жұқпалы аурулардың өршуіне әкелді. Тек балалар ғана емес, ашыққан халықтың барлығы дерлік әр түрлі жұқпалы ауруларға ұшырап, әлі жеткен жерінде ісініп, өліп жатқан.

Көптеген елді мекендерде 1932 жылдың жаз айларында сүзек ауруының жаппай етек алуының нәтижесінде, оның алдын алуға атсалысқан емдеу мекемелері атқаратын қызметтеріне сай емес сипатта өзгерген. Семейдегі ауруханаларда емделіп жатқан ересек адамдар мен балалардың көптігі соншалық ешқандай орын болмаған. Барлық ауруханалардың да жағдайы дәл осындай еді. Ал әр түрлі науқастарды емдейтін өңірдегі ауруханалар да көбіне жұқпалы ауруларды емдеумен болған. Аталған себептердің салдарынан қажетті дәрі-дәрмектің тапшылығы сезілген, әсіресе балалар ауруханаларындағы іші ауырған сәбилерге, жасөспірім балаларға берілуі тиіс кептірілген қара жидек жетпей жатса, тұрғындар қолдан жасалған жасанды иодты пайдаланған. Облыста безгек ауруы өршіп тұрғанда, оны емдеуге қажетті дәрі-дәрмектер ауруханалардан мүлде табылмаған. Дәріханалардағы дәрі-дәрмектер жетіспегендігі соншалық тіпті өте қажетті дәрілерді табудың өзі қиынға түсті. Өңірдегі ауруханалардағы осындай жағдайлар балалардың тағдырына араша бала алмады, балалар өлім-жітіміде көбірек орын алды, тіпті оны тоқтатуда мүмкін болмады.

Жалпы облыс бойынша денсаулық сақтау жағдайы қанағаттанғысыз деңгейде болғандығын жоғарыда көрсетілген мәліметтерден анық байқауға болады. Көптеген елді мекендерде тіпті ауруханалар болмады, мәселен Ұлан, Абыралы сияқты бірнеше аудандарда аурухана мекемелері жоқ болса, Бесқарғай Кувск, Жарма, Белағаш аудандарында дәрігерлік амбулаториялар болмаған. Мал-мүлкінен айырылған халық жағдайы, әсіресе аштыққа ұшыраған балаларға дәрігерлік көмек көрсету қиындап, мүшкіл халге жетті. Сонымен қатар өлкенің арнайы бөлген азық-түлік қоры негізінде аштық нәубетіне ұшыраған халыққа көмек жасалған. Бұл көмек сандық жағынан көңіл қуантарлық болғанымен, сапалық тұрғыдан сын көтермейтін. Қазақ жеріндегі аштықтың салдары басқа елдерден бірде-бір кем емес.

### **Қорытынды**

Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны аса күрделі сипатта өтті. Өңірдегі ұжымдастыру науқаны да күштеу мен зорлық - зомбылыққа негізделі отырып жүргізілді, нәтижесінде, оның соңы қасірет пен қайғыға ұласып кетті. Тоталитарлық жүйе ұжымдастыру арқылы тек жеке меншік мүлікті ортақтастыруды ғана емес, ұлттық сананы ұжымдық санамен алмастыруды көздеді. Кеңес өкіметі бұл мақсат - мүддеге жету үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерден аянып қалған жоқ. Сондықтан да бай-қулақтарды тап ретінде жою деген желеумен жүргізілген науқанда шаруалар мүлкінің тәркіленуі, оларға қатысты күштеу саясатының қолданылуы ол ешкімнің қателігі емес, ол сол жылдардағы жүйенің заңдылығы болып табылады. Ашаршылық – табиғат әкелген қасірет емес, саяси-идеологиялық асыра сілтеушілік, қазақ халқының басына төнген қасірет.

1930 жылдардағы ашаршылықты 2006 жылы Украина парламенті «Украинада жасалған геноцид» деп бағалады. 2008 жылы Европарламент «Голодоморда» адамзатқа қарсы жасалған қылмыс деп таныды. Бүгінде халқымыздың басынан кешкен қасіретті тағдырын жыл сайын еске алу мүмкіндігіне қол жеткіздік. Сондықтан 1931-1933 жылдардағы бүкіл бір халықты қамтыған зұлаMAT жылдардағы панасыз балалардың тағдырын мұрағат құжаттары арқылы қайта қарап, ақиқатын айтуға тиіспіз. Аталған кезеңдегі балалар тағдыры Қазақ халқының басына түскен ең бір қиын да, қасіретті жылдар ешқашан тарихта ұмытылмақ емес.

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Аяган Б., Қыдыралина Ж., Ауанасова Ә., т.б. (1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты. Алматы: ТОО Литера. – М., 2012. – 336 б.
- 2 Богданов Ю.Н. Строго секретно 30 лет в ОГПУ-НКЗД-МВД. – Москва: Вечер, 2002. – 544 б.
- 3 Киндлер Р. Сталинские кочевники власть и голод в Казахстане. – Москва: «РОССПЭН», 2018. – 328 с.

- 4 Қойгельдиев М., Омарбеков Т. *Тарих тағылымы не дейді?* – Алматы, 1993. – 208 б.
- 5 Қозыбаев М. *Ақтаңдақтар ақиқаты.* – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
- 6 Nicollo Pianciola. *Famine in the steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen. 1928-1934.* -<http://monderusse.revues.org>
- 7 Омарбеков Т. *20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.* – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
- 8 Роберт Дэвис *Годы голод. Сельское хозяйство в СССР, 1931-1933.* – Москва: Российская политическая энциклопедия, 2011. – 543 с.
- 9 Robert Kinder *The Strong and the Weak. The Relevance of Physical Violence during the Famine in Kazakhstan (1930-1934) // Die Starken und die Schwachen. Zur Bedeutung physischer Gewalt während der Hungersnot in Kasachstan (1930-1934). In Jahrbucher für Geschichte Osteuropas 59 H, I.S., 2011. – 51-78 p.*
- 10 Халидуллин Ф. *Ашаршылық және демографиялық апат // Ақиқат, №8. 2001. – 96 б.*
- 11 ШҚОҚЗТҚО (Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттар орталығы. 3-қор, 1-т., 450-іс, 1-н.
- 12 ШҚОҚЗТҚО. 3-қор, 1-т., 503-іс, 99-н.
- 13 ШҚОҚЗТҚО. 15-қор, 1-т., 2-іс, 105-н.
- 14 ШҚОҚЗТҚО. 7-қор, 1-т., 420-іс, 136-н.
- 15 ШҚОҚЗТҚО. 548-қор, 1-т., 5-іс, 11-н.
- 16 ШҚОҚЗТҚО. 15-қор, 1-т., 10-іс, 23-н.
- 17 ШҚОҚЗТҚО. 578-қор, 1-т., 5-іс, 49-н.

References:

- 1 Ayagan B., Kydralina Zh. Auanasova A. etc. *The reality of the famine of 1932-1933.* – Almaty: Litera-M LLP, 2012.- 336 p.
- 2 Bogdanov Yu.N. *Top secret 30 years in the JSPA-PCIA-MI.* – Moscow: Evening, 2002. – 544 b.
- 3 Kindler R. *Stalin's nomads power and famine in Kazakhstan.* – Moscow: ROSSPEN, 2018.– 328 p.
- 4 Koigeldiev M., Omarbekov T. *What does history teach?* – Almaty, 1993. – 208 p.
- 5 Kozubayev M. *The truth of the blanks.* – Almaty: Kazakh University, 1992. – 272 p.
- 6 Nicollo Pianciola. *Famine in the steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen. 1928-1934.* -<http://monderusse.revues.org>
- 7 Omarbekov T. *Tragedy of Kazakhstan in 20-30 years.* – Almaty: Category, 1997. – 320 p.
- 8 Robert Davis *Years of hunger. Agriculture in the USSR, 1931-1933.* – Moscow: Russian Political Encyclopedia, 2011. – 543 p.
- 9 Robert Kinder (. *The Strong and the Weak. The Relevance of Physical Violence during the Famine in Kazakhstan (1930-1934) //The strong and the weak. On the importance of physical violence during the famine in Kazakhstan (1930-1934). In Yearbooks for the History of Eastern Europe 59 H, I.S., 2011. – 51-78.*
- 10 Khalidullin G. *Famine and demographic catastrophe // Truth. №8, 2001. – 96 p.*
- 11 EKRCOMHD (East Kazakhstan regional center of modern history documents) *Fund 3, group 1, case 450, item 1.*
- 12 EKRCOMHD. *Fund 3, group 1, case 503, item 99.*
- 13 EKRCOMHD. *Fund 15, group 1, case 2, item 105.*
- 14 EKRCOMHD. *Fund 7, group 1, case 420, item 136.*
- 15 EKRCOMHD. *Fund 548, group 1, case 5, item 11.*
- 16 EKRCOMHD. *Fund 15, group 1, case 10, item 23.*
- 17 EKRCOMHD. *Fund 578, group 1, case 5, item 49.*

Е.Н. Ермұқанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Қазақстан, Алматы, [ertukan\\_erkin@mail.ru](mailto:ertukan_erkin@mail.ru)

## 1916 ЖЫЛҒЫ 25 МАУСЫМДАҒЫ ЖАРЛЫҚТЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ТАРИХЫНАН

### Аңдатпа

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне түрткі болған патша жарлығының жариялануы ұзақ жылдар бойы жоғарғы билік өкілдері арасында сан мәрте талқылаулардан өткен болатын. Алғаш бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін, яғни 1910 жылы қозғалса, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында елдегі қалыптасқан жағдайға байланысты бірнеше рет әскери министрлікте, Министрлер Кеңесінде, Мемлекеттік думада, мемлекеттік Кеңестерде талқыланды. Талқылауларда әскери міндеткерліктен босатылған империяның қол астындағы отар халықтарды «қандай формада шақырамыз, әлде әскери салықпен алмастырамыз ба?», - дей келе, ақыры 1915 жылы әскери салық енгізілген болатын.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы екі жылындағы сәтсіздіктер, көптеген адам шығыны, майданға алынғандардың орнын басатын еңбек ресурстарына қажеттілік қосымша жұмыс күшін талап етті. Әскери міндеткерлік мәселесі тағы да күн тәртібіне шықты. Миллиондаған еңбек қолын қажет еткен жағдай тиісті министрліктерді қалай болғанда да көп көлемдегі адам күшін тартуға мәжбүрледі. Әскери министрлік бұрын қозғалған әскери міндеткерлік, реквизицияны қайта көтеруіне тура келді. Жоғары билік өкілдері қол астарындағы «бұратана» халықтарына «саяси сенімсіздік» танытып, қолдарына қару беруден қаймыққандықтан бұл мәселені қайта-қайта кейінге қалдырып келген еді. Тіпті әскери министрліктің 1915 жылғы қарашадағы заң жобасын да Министрлер Кеңесі осы жылдың желтоқсан айында кері қайтарады. Ақыры 1916 жылдың жазында майдандағы ахуал күрделене түскенде мамыр, маусымда шарасыздықтан үкімет басшысы, әскери министр және ішкі істер министрінің орынбасарлары ортақ шешім қабылдауларына тура келді. Министрлер Кеңесі мәжілістерінің ерекше журналында сақталған жазбаларда тыл жұмысына алу жарлығы туралы шешімді премьер-министр Штюрмер, әскери министр Шуваев, Ішкі істер министрінің орынбасары Куколь-Яснопольскийлердің қабылдағаны жөнінде нақты мәліметтер сақталған. Бұл арнайы қабылданған жаңа заң емес, бұрынғы «реквизиция» туралы әскери қаулы Жинағы негізге алынып, жарияланды. Жарлық Мемлекеттік думаның қолдауымен жарық көрмей, Шуваевтың Уақытша үкіметтің төтенше тергеу комиссиясының төрағасы Н.К. Муравьевке берген жасабында атап көрсеткеніндей елге телеграмма арқылы жеткізілді. Кеңестер мен мәжілістерде аймақтардан бұл шақыруға жергілікті тұрғындардың көзқарасына қатысты мәлімет жинау қажеттігі туралы пікірлері де аяқ асты етілді. Отаршыл билік өкілдері Жарлықты шұғыл түрде жүзеге асыруды қолға алды.

**Түйін сөздер:** әскери міндеткерлік, «бұратана», тыл жұмысы, жарлық, көтеріліс.

Ермұқанов Е.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> кандидат исторических наук, доцент,  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы,  
[ertukan\\_erkin@mail.ru](mailto:ertukan_erkin@mail.ru)

## ИЗ ИСТОРИИ ОПУБЛИКОВАНИЯ УКАЗА ОТ 25 ИЮНЯ 1916 г.

### Аннотация

Провозглашение царского указа, спровоцировавшего национально-освободительное восстание в Казахстане в 1916 году, долгие годы обсуждалось в высших органах власти. Впервые он был

провозглашен в 1910 году, перед Первой мировой войной, и несколько раз во время Первой мировой войны. В Совете министров, в Государственной Думе, в Государственных советах. В ходе дискуссий в 1915 году окончательно был введен военный налог, в котором говорилось: «В какой форме мы называем колонизированные народы империи, которые были освобождены от уплаты налогов» службу в армии или заменить их на военную пошлину? »

Неудачи первых двух лет Первой мировой войны, высокая человеческая жертва и необходимость в людях для замещения тех, кто был на фронте, потребовали увеличения людских ресурсов. Вопрос о воинской повинности снова был на повестке дня. Минобороны пришлось реанимировать реквизицию. Вопрос неоднократно откладывался властями из-за «политического недоверия» к «туземным» народам и нежелания сдавать оружие. Даже ноябрьский законопроект 1915 года о Министерстве обороны был отклонен Советом министров в декабре этого года. Наконец, летом 1916 года, когда ситуация на фронте осложнилась, в мае и июне премьер-министр, военный министр и заместитель министра внутренних дел должны были принять совместное решение. Записи, которые ведутся в специальном журнале Совета министров, содержат подробную информацию о том, что решение о приеме на работу приняли премьер-министр Штюрмер, министр обороны Шуваев и заместитель министра внутренних дел Куколь-Яснопольский. Это был не новый закон, а сборник военных указов о бывшей «реквизиции», на встречах также обсуждалась необходимость сбора информации в регионах о мнениях местных жителей по этому призыву. Представители колониальных властей немедленно приступили к реализации Указа.

**Ключевые слова:** воинской повинности, «туземец», тыловая работа, указ, восстание.

E.N. Ermukanov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ermukan\_erkin@mail.ru

## FROM THE DATE OF PUBLICATION OF THE DECREE OF JUNE 25, 1916

### Abstract

The proclamation of the tsarist decree, which provoked the national liberation uprising in Kazakhstan in 1916, was discussed for many years among the highest authorities. It was first launched in 1910, before the First World War, and several times during the First World War., In the Council of Ministers, in the State Duma, in the State Councils. In the discussions, the military tax was finally introduced in 1915, saying, "In what form do we call the colonized peoples of the empire, who were exempted from military service, or replace them with a military tax?"

The failures of the first two years of World War I, the high human cost, and the need for manpower to replace those on the front called for more manpower. The issue of conscription was once again on the agenda. forced. The Ministry of Defense had to revive the requisition. The issue has been repeatedly postponed by the authorities because of "political distrust" of the "whirlwind" peoples and the reluctance to hand over weapons. Even the November 1915 bill of the Ministry of Defense was rejected by the Council of Ministers in December this year. Finally, in the summer of 1916, when the situation on the front became more complicated, in May and June, the Prime Minister, the Minister of War and the Deputy Minister of the Interior had to make a joint decision. Records kept in a special journal of the Council of Ministers contain detailed information that the decision to hire was made by Prime Minister Sturmer, Minister of Defense Shuvaev, and Deputy Interior Minister Kukol-Yasnopolsky. This was not a new law, but a collection of military decrees on the former "requisition". The meetings also discussed the need to gather information from the regions on the views of local residents on this call. Representatives of the colonial authorities immediately began to implement the Decree.

**Keywords:** conscription, "whirlwind", rear work, decree, uprising.

**Кіріспе.** 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске түрткі болған «25 маусым жарлығының» мәніне жекелеген авторлар болмаса күні бүгінге дейін зерттеушілер тарапынан жеткілікті назар аударылмай келеді. Зерттеушілер арасында оны «Жарлық» емес «повеление» деушілер де кездеседі. Патша жарлығы Мемлекеттік дума тарапынан тиісті қуаттау алмаса да үкімет басшысы мен соғыс министрінің мақұлдауымен жүзеге асырылған заңсыз жариялану болғандығын нақтылау аса өзекті болып табылады.

**Материалдар мен әдістер.** Мақала тарихи сабақтастық арнасында деректерді салыстырмалы талдау әдістері мен басқа да тәсілдер арқылы тарихи шындықты айқындауға күш салынды.

**Талқылау.** Патшаның 1916 жылғы 25 маусым жарлығының дайындалу тарихымен тарихшы-ғалымдар Х.Турсунов, А.Панфиловтар айналысып, проблеманың шетін аспектілерін өз зерттеулерінде көтерген болатын.

**Зерттеу нәтижелері.** Патша жарлығының ұзақ уақыт бойы түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарда талқылануы жүйелі түрде хронологиялық сабақтастықта сараланады.

**Қорытынды.** Мақалада жарлыққа негіз етіп алынған империяның бұрынғы заңдарының мән-мағынасы ашылып, оған жергілікті аймақтардың көзқарасы, ұсыныстары ескерілмей іс-жүзіне асырылғаны баса көрсетіледі

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске тоқталғанда ең алдымен оған түрткі болған тыл жұмысына алу жарлығы қандай мақсаттан туындады және ол қалай жарияланды деген мәселеден айналып өте алмаймыз.

Патша үкіметінің құзырлы органдарын ұзақ жылдар бойы қол астындағы «бұратана» халықтардың әскери міндеткерлік атқармауы қатты ойландыра бастады. Жергілікті халық жоғарғы билікті қосымша күш ретінде де ерекше қызықтырды. Бір жағынан олардың орталық өкіметке деген салқындығы да мазалай бастады. Осы уақытқа дейін қазақтарды әскери міндеткерліктен босату саяси мотивтермен түсіндіріліп келгендіктен, әскери министрлік «бұратаналарды» әскер қатарына алу ертерек және қауіпті деп есептеді. Сол себепті үкімет қол астындағы халықтардың қолына қару беруден қатты қаймықты.

Патша үкіметі қол астындағы отар халықты ұзақ уақыт әскери міндеткерліктен босатуды зиян деп есептеп, олардың бұл жеңілдікті тиісті нәрсе деп қабылдап қалуына да алаңдады. Өйткені жергілікті халықтың көзқарасы отаршыл билікке онсыз да жеккөрінішті пиғылда болатын. Міне осындай көңіл күйді аңғара бастаған патша үкіметі империялық саясатын жүргізгенде қазақтардың қарсылық ауанына қарамастан әскери міндеткерлік енгізуді қолға алуды ойлады.

«Бұратаналарды» әскери міндеткерлікке тарту мәселесі орталықта 1910 жылдан қозғала бастады. Мұндай мәселе алғаш әскери министрлікте өткен кеңестерде көтерілді. Бұл кеңестердің нәтижесінде мынадай ортақ қортындыға келді: «Қырғыздардың (қазақтардың Е.Е.) әскери міндеткерлік өтеуді ықтиярсыз қабылдайтынын, өйткені олар өздерін бұл міндеттен мәңгілік босатылғанбыз деп санайтынын және көпшіліктің осындай түсінікті ұстанатынын, мұндай жағдайда қазақтарды әскери міндеткерлікке алу олардың өкіметке қарсы бас көтерулері мен толқуын туғызбай қоймайтынын, сондықтан да аталмыш ситуацияларды ескере отырып, әскери міндеткерлікке алу қажет және уақтылы деп атап көрсетті [1,6].

Жоғары билікке жергілікті халықты тыл жұмысына алу қажеттігі жөнінде кадет және қара жүздіктер партиялары мен кейбір чиновниктер де өз ұсыныстарын білдірді. Патшаның бұл ұсынысты қабыл алып, әскери күшті «бұратаналардан» толықтырғысы келгенімен саяси тұрғыдан қауіптенді. Оның үстіне ел арасына өкіметтің әскери міндеткерлікті енгізу мүмкіндігі жөніндегі қауесеті қалай тарайды, солай тиісті орындардан оның қаншалықты шындық екенін сұрап, мазалай бастаған. Тіпті өздерінің бұл міндеткерліктерден бас тартып, Қытай асатындықтарын да мәлімдеген [2,9].

Патша үкіметі соғыстың бастапқы жылдары «бұратаналарды» шақыруды қоя тұрып, оны әскери салықпен ауыстыруды қолайлы көрді. Алайда соғыстың алғашқы кезіндегі сәтсіздіктері, көптеген адам шығыны 1915 жылы Мемлекеттік дума және мемлекеттік Кеңес мүшелерінің үкіметтің «бұратаналарды» әскерге тартуды шұғыл қолға алу қажеттігіне назар аудартады [3,1].

1915 жылы мамырда өткен мемлекеттік Кеңесте бұрын әскери міндеткерлік атқармаған халықтардың бір бөлегін тарту мәселесі жөніндегі әскери министр ұсынған заң жобасын қарайды [4,25]. Бұл мәселе осы жылдың 14 маусымында императордың төрағалығымен Ставкада өткен министрлер Кеңесінің мәжілісінде де көтеріліп, әскери міндеткерліктен босатылған халықтарды таңдап тартуды бастау тағы да қозғалады.

Заң жобасында империяның орыс емес халықтарының әскери міндеткерліктен босатылуының негізгі үш себебі: саяси сенімсіздігі, орыс тілін білмеуі және әлсіз денсаулығы келтіріледі. Сондықтан ешкімді шақырмау емес, броньды кім үшін сақтауды айқындап алуға маңыз береді [5, с.29].

Кеңес заң жобасын негізінен мақұлдағанмен оны заң шығарушы орган қолдауымен енгізудің қажеттігіне тоқталды. Және бұл мәселені талқылауда кеңеске қатысушылар жергілікті жерлерден қосымша деректер мен мәліметтер жинауды, оны жүзеге асыруда күдік тудырып алмай, сақтану керектігіне баса назар салады [6, с.27].

1915 жылы қарашада Мемлекеттік думаға әскери министрліктің «осы уақытқа дейін босатылған халықтардың бір бөлегін әскери міндеткерлікке тарту туралы» толықтырылған заң жобасы түсті. Министрлік орталықтың шеткергі аймақтар үшін әскери міндеткерлік атқаруы әділетсіз деп есептеді.

Министрлер Кеңесінің қаулысымен әскери міндеткерліктің қажеттігі мақұлданып, мәліметтер жинақтауда мыналарды басшылыққа ала отырып, төмендегілерді анықтауды тапсырады: Біріншіден, әскерге алынатындардың тізімін жасауға басшылық жасайтын жергілікті әкімшіліктің төменгі шенді өкілдерін қатыстыруды; екіншіден, «бұратаналарды» шақыруда жергілікті халықтың наразылығынан да сақтануды ескертіп, өлкелерде көтеріліс бола қалған жағдайда оны жүзеге асыруда полиция және әскери күштердің жеткіліктілігін тексеріп, нәтижесін хабарлауды міндеттейді [7, с.181-183].

1915 жылдың 27 қарашасында министрлер Кеңесінде заң жобасы тағы да қаралды. Министрлер Кеңесі әскери министрліктің ұсынысын ішкі істер министрінің жасырын жолдармен жинаған қосымша мәліметтеріне негізделген, осыған қатысты жан-жақты пікірлерін ұсынғанша кейінге қалдыруға қаулы етті. Сол себепті 1915 жылы 22 желтоқсанда заң жобасын Бас штаб қайтарып алады. Осыған орай Ішкі істер министрлігі жанындағы әскери міндеткерлік басқармасы өлке басшыларына қосымша мәліметтер хабарлауды жүктейді.

Екі жылға созылған соғыстағы көптеген адам шығыны жаңа ресурстарды талап етті. Майданға қолына қару ұстай алатындардың бәрі алынды. Ал олардың орнын ауыстыратын қосымша еңбек күші үкіметті қатты мазалады.

1916 жылдың жазында (мамырда, 3,6 және 14 маусымда) Ставкада майдан маңындағы жерлерде қорғаныс құрылыстары жұмыстарын жүргізу туралы кеңес өтеді. Кеңесте 1 миллион адам алу керектігі анықталды. Әскери міндеткерлік атқармайтын халықтардан жалпы көлемі 550 мың адамды құрайтын жұмысшылар жасағын құру көзделді.

Мобилизация «армия үшін қажетті адам күшінен туындағанын, ал олар арнайы жұмысшы жасағы ретінде алынатындықтан әскери министрліктің заң жобасындағы күдікті бәсеңдетпек» деп атап көрсетеді [8, с.29].

Ішкі істер министрлігінің міндеткерлік басқармасы Түркістан генерал-губернаторлығына 1916 жылы 6 маусымда жолдаған құпия хабарламасында заң жобасын министрлер Кеңесі принципінде қолдағанын, бірақ қосымша мәліметтер жинау қажеттігіне назар аудартады. Сонымен қатар басқарма генерал-губернатордан бұратаналарды шақыруда қандайда бір қиыншылықтан қауіптену қажет пе деген сауалға да жауап беруді сұрайды. Сауал әдептілік үшін қойылған болуы керек. Түркістан әкімшілігінің ой елегінен өткізіп, саралаған жауабына қарамастан шешім қабылданған болатын.

Бұл шешімнің қалай қабылданғанын Ресей империясының бұрынғы әскери министрі Д.С. Шуваев 1917 жылы 11 қазанда Уақытша үкіметтің төтенше тергеу комиссиясына берген жауабында баяндап береді.

«Ставка қалай болғанда да 1 миллион адам жұмысшы табуды және армияға 300 мың адамды қосымша мобилизациялауды талап етті. Европалық Россияда ондай адамды реквизициялай да мобилизациялай да алмайтын еді. Әскери министрдің сөзінше ол бұл миллионды беру үшін «қандай да бір көзсіз» (көз деп отырғаны Түркістан мен Далалық өлке тұрғындары Е.Е.) айналып өте алмайтын. Жоғарғы бас қолбасшының штаб бастығы генерал М.В. Алексеев бастаған Ставкамен «қарқынды саудасы» басталды. Компромисті цифр 400 мың жұмысшыға тоқтады. Бірақ оларды қайдан алу керек?

«Бұратаналарды әскери міндеткерлік өтеуге тарту туралы» көптен бергі заңды еске түсірдік. Алайда барлық мүдделі тараптар бұл мәселені кейінге қалдыру қажет деп тапты» [9, с.40].

Әйтсе де Шуваевтың тергеуде еске алғанындай «қалай болғанда да бұл жұмысшыларды алу керек» болды.

Ставкadan оралысымен Шуваев министрлер Кеңесінің төрағасы Б.В. Штрюмердің рұқсатымен өзіне ішкі істер министрі міндеті қызметін атқарушы С.А. Куколь-Яснопольскийді, Бас штаб бастығы генерал П.И. Аверьяновты жинап, «маған сілкілейсіндер ме, қалай болғанда да жұмысшы керек, онсыз ....біз кампанияда ұтыламыз. ....Түркістан, сонан соң Сібір әскери қолбасшысының әрбір округі аумағында жұмысшыларды шақыруға құқылы болса, енді құқылы» дейді [10, с.40].

Д.С. Шуваев тергеуде қабылданған жарлықтың жаңа заң еместігін, бұл бұрын қабылданған реквизиция туралы заң екендігін, осының шеңберінде тыл жұмысына жаңа жұмысшыларды алмақ болғанына үнемі екпін жасайды. Басқаша айтқанда 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық қолданыстағы заң шеңберінде қабылданбай, өзінше жаңа заң болды, оны Мемлекеттік дума мен мемлекеттік Кеңесте талқылап, қуаттамай қабылдауға ешкімнің құқығы жоқ болатын.

Сонымен, Кеңес әскери міндеткерлікті енгізу туралы заңды немесе ерекше шақыруды қабылдамай реквизиция туралы әскери қаулы Жинағының 18 кітабы VI тарауы 139 бабы негізінде жұмысшы алу жөніндегі тұжырымға келді. Бірақ бұл бап «реквизиция» түсінігін ғана анықтайтын, тұрғындардың әкімшілік-территорияларына қатыстылығына қолданатын «жергілікті» терминін ұғындыратын. Заңның

бұл бабында: реквизиция армия қажетін қанағаттандыру үшін керек-жарағын тұрғындардың қандайда бір жергілікті құралдарын күштеп алу, осыған орай әскери жағдайға байланысты жергілікті тұрғындардың қандайда бір жұмысты атқаруы үшін киімінің міндеттілігі еді. Бұл арада «жергілікті» ұғымын Ставка тұрғындарға қатысты емес, билікке қатысты түсінді. Яғни, вертикальды әкімшілік басқарудың жүзеге асырылуы жөнінде болып отыр [11, с.61].

Енді жарлықты шақыру және тыл жұмысына алынатындарды жөнелтуге кім құзырлы және ол қалай жүзеге асырылғанына келейік.

Әскер қолбасшысының шақыру құқығы болғанымен жөнелтуге құқығы болмады. Жөнелту бас қолбасшының (императордың) әскери ведомоствоға құқық беруі арқылы жүзеге асырылды. Бұл жөнінде Д.С. Шуваев тергеуге берген жауабында былайша баяндайды: «Оларды әскер қолбасшысы шақыра алды, ал жөнелтуге майданның бас қолбасшысы әскери ведомоствоға құқық берді. Сол себепті меніңше мұнда ешбір жаңа заң болмады. Сонан соң, аса қажеттіліктен, мұны қалай болғанда да іске асыру керек болды. ...Менің о бастағы ұстанымым жұмысқа наряд-реквизиция болатын. ...Мені тығырыққа тіреді. Алғашқыда ставкада көптеген пікірлер болды, ал мұнда ешбір үмітсіз және болашаққа болжаусыз жұмысшыларды реквизициялау шеңберінде қарастыруға тура келді. Және мен де бұған реквизиция ретінде қарадым [12, с.62].

Тыл жұмысына реквизициялау туралы мәселе 1916 жылы 24 сәуірде туындағанымен ол Министрлер Кеңесінің 3,6 және 14 маусымдарында өткен мәжілістерінде шешілді. Аталған мәжілістерде сөз алған чиновниктер аталған проблемаға қатысты көзқарастарын да ашық баяндады: «Жергілікті халықтардың әскери қызмет жайындағы пікірлерге теріс қарауы олардың белгілі дәрежеде орыс мәдениетін жат тартып қалғандығынан болуы керек. Бұл өгейсінуді жоятын, оларды біртіндеп орыспен жақындастыратын, саяси көзін ашатын басты құрал-әскери міндеткерлік. Қазақ жастарын әскерден өткізу арқылы біз олардың тұрмыстық, салт-саналық тұйықтығын жоямыз, білім береміз, сөйтіп ортақ отаны Ресейге деген, Ресей өкіметіне деген азаматтық сезімін оятамыз. Егер бұл мәселеде шылбырды босатыңқырап жіберсек, бізбен жергілікті халықтың арасындағы айырылым ұлғая түседі. Қазірдің өзінде жат жұрттарды әскерге алуда әділетсіздік жібердіндер деген шағымдар әскери министрлікке жолданып қалады. Егер біз қазақты әскери міндеткерліктен босатсақ, Сібірдегі басқа да жат жұрттық жөнінде арамтер болып қалуымыз мүмкін. Ақырында көшпелі тіршілікпен Ресейден жырақтап жүру қазақтарға тек ыңғайлы болып, мұнан кейін де осы салтқа, осы көзқарасқа табан тіреп тұрып қалу қаупі бар» [13]. Мұндай ұстанымның тыл жұмысына алу жарлығының жарық көруінде белгілі бір ықпалы да болмай қалған жоқ. Бұл туралы «министрлер Кеңесінің ерекше журналындағы» жазбаларында да сақталған.

Сонымен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске түрткі болған жарлықтың жариялануында басты шешімді кімдер қабылдады және ол қалай жүзеге асырылды? Мұны тағы да Д.С. Шуваевтың Уақытша үкіметтің төтенше тергеу комиссиясының төрағасы Н.К. Муравьевке берген жауабынан анық аңғарамыз:

« Муравьев: – Какое же участие в испрошении этого закона принимал министр внутренних дел и председатель совета министров?

Шуваев: – Нужно было решить вопрос больше военный относительно этих рабочих в пределах театра войны... и поэтому порешили, что я должен испросить высочайшее соизволение.

Муравьев: – Это порешили где и с кем?

Шуваев: – Штюрмер, я и Куколь-Яснопольский.

Муравьев: – Куколь-Яснопольский как исполняющий обязанности министр внутренних дел?

Шуваев: – По отбыванию воинской повинности.

Муравьев: – Штюрмер и вы это решили?

Шуваев: – Да. Доклад с общего согласие был, я давал прочитать»

Ол жарлықтың жүзеге асырылуы туралы да жауабында ашық айтады.

Муравьев: – Что Штюрмер, обязанный согласно этого повеления с вами стовориться и относительно возраста, и относительно порядка исполнения этого повеления, сам дал телеграфное распоряжение о проведении в исполнение этого высочайшего повеления?

Шуваев: – Теперь неудобно говорить. Если бы Штюрмер был жив, я бы свободнее говорил. Послали телеграмму, а потом за нее ухватились [14, с.63].

Көп ұзамай 1916 жылдың 25 маусымында 19 бен 43, кейін 19 бен 31 жас аралығындағы Астрахань мен Сібір губерниясындағы, Терек, Кубань облыстары, Закавказьедегі және Орта Азия мен Қазақстандағы жергілікті халықтарды тыл жұмысына алу Жарлығы ел арасына ілезде-ақ тарап кетті. Міне осыдан кейін отаршыл әкімшілік өкілдері бұл мәселені асығыс түрде іске асыруға кірісті.

Жоғарыда баяндалғандарды түйіндей келе, Жарлықтың жарық көруінің жағдайларын, шешімнің кімнің бастамаларымен, қандай жауапты органдардың атсалысуымен қабылданғанын және оны билік өкілдерінің шұғыл жүзеге асыруды қолға алғанын көреміз. Ал бұл Жарлық бүкіл қазақ даласын шарпыған ұлт-азаттық көтеріліске әкелген еді.

*Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:*

1. РМТА (Ресей мемлекеттік тарихи архиві), 1276-қ, 11-т, 89-іс, 6-п.
2. Сонда, 9-п.
3. Сонда, 400-қ, 79-іс, 1-п.
4. Сонда, 1276-қ, 11-т, 89-іс, 25-п.
5. Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сб. док. и материалов / МГУ им. М.В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН (сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т.В. Котюкова). – М.: Марджани, 2016. – С.29.
6. РМТА, 1276-қ, 11-т, 89-іс, 27-п.
7. Турсунов Х.Т. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. – Ташкент, 1962.
8. РМТА, 1276-қ, 11-т, 89-іс, 29-п.
9. Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сб. док. и материалов / МГУ им. М.В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН (сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т.В. Котюкова). – М.: Марджани, 2016. – С.40.
10. Сонда. – С.40.
11. Панфилов А. К истории Указа от 25 июня 1916 года / Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки (Материалы Международной научно-теоретической конференции. – Алмат, 1996, 18 октября). – С.61.
12. Панфилов А. К истории Указа от 25 июня 1916 года // Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки (Материалы Международной научно-теоретической конференции. – Алмат, 1996, 18 октября). – С.62.
13. Ана тілі газеті. 1992, 13 ақпан
14. Панфилов А. К истории Указа от 25 июня 1916 года // Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки (Материалы Международной научно-теоретической конференции. – Алмат, 1996, 18 октября). – С.63.

*References:*

1. RSHA (Russian State Historical Archive), 1276, vol. 11, case 89, item 6.
2. Then, 9 p.
3. Then, 400, case 79, item 1.
4. Then, 1276, item 11, case 89, item 25.
5. The uprising of 1916 in Turkestan: documentary evidence of a common tragedy: Sat.Doc. and materials / Moscow State University named after MV Lomonosova, Institute of General History of the Russian Academy of Sciences (sot., avt. predisl., vstup. st. i komment. TV Kotyukova). – М.: Marjani, 2016. – P.29.
6. RSHA, 1276, 11, case 89, item 27.
7. Tursunov HT Uprising of 1916 in Central Asia and Kazakhstan. – Tashkent, 1962.
8. RSHA, 1276, item 11, case 89, item 29.
9. Uprising of 1916 in Turkestan: documentary evidence of a common tragedy: Sat.Doc. and materials / Moscow State University named after MV Lomonosova, Institute of General History of the Russian Academy of Sciences (sot., avt. predisl., vstup. st. i komment. TV Kotyukova). – М.: Marjani, 2016. – P.40.
10. Then, – p.40.
11. Panfilov A. History of the Decree of June 25, 1916 / National liberation movement in Kazakhstan and Central Asia in 1916: character, driving forces, lessons (Materials of the International Scientific-Theoretical Conference. – Almaty, October 1, 1996, October 18, 1996).
12. Panfilov A. History of the Decree of June 25, 1916 // National Liberation Movement in Kazakhstan and Central Asia in 1916: character, driving forces, lessons (Materials of the International Scientific-Theoretical Conference. – Almaty, October 6, 1996, October 18, 1996).
13. Mother tongue newspaper. February 13, 1992
14. Panfilov A. History of the Decree of June 25, 1916 // National Liberation Movement in Kazakhstan and Central Asia in 1916: character, driving forces, lessons (Materials of the International Scientific-Theoretical Conference. – Almaty, October 6, 1996, October 18, 1996).

ӨОЖ 342.54:574  
FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.03>

А.М. Еспенбетова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты  
Ақтөбе қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА СОСЛОВИЕЛІК ҚҰРЫЛЫМ: КӨПЕСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ жеріндегі XIX ғ. Ресей империясы билігінің енуінен кейінгі болған әлеуметтік өзгерістер қарастырылады. Қазақ қоғамында жаңа сословиелік құрылымның қалыптасуы мәселесін негіздей отырып автор, саудагер көпестердің қалыптасуының әлеуметтік және экономикалық шарттарын анықтайды. Сауданың, кәсіпкерліктің, қалалардың өсуінің саудагер кәсіпкерлердің ірі кәсіпкерлерге айналуындағы рөлі көрсетіледі. Саудагер көпестердің әлеуметтік құқықтық артықшылықтарын білдіретін нормативті құжаттар талданады. Жергілікті сауда-экономикалық қатынастарының жетілуіндегі татар көпестерінің рөліне назар аударылады. Статистикалық деректер арқылы көпестер сословиесінің жекелеген аймақтар бойынша сандық өсімі талданады.

**Түйінді сөздер:** қоғам, сословие, көпестер, сауда, экономика, Ресей, қазақ

Еспенбетова А.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>кандидат исторический наук  
г. Актобе, Казахстан

## НОВАЯ СОСЛОВНАЯ СТРУКТУРА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ: КУПЦЫ И ИХ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ

*Аннотация*

В статье рассматриваются изменения в казахском обществе в период господства Российской империи в XIX веке. Обосновывая проблему формирования новой сословной структуры в казахском обществе, автор определяет социально-экономические условия становления гильдий купечества. Раскрывается роль торговли, предпринимательства, роста городов в превращении торговцев в крупных предпринимателей. Проанализированы нормативно-правовые документы, отражающие социальные и правовые привилегии купеческих гильдий. Обращается внимание на роль татарского купечества в развитии местных торгово-экономических отношений. Посредством статистических данных анализируется количественный прирост купеческого сословия по отдельным регионам.

**Ключевые слова:** общество, сословие, купец, торговля, экономика, Россия, казах.

А.М. Yespenbetova.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>candidate of history sciences, Aktobe, Kazakhstan

## NEW CONDITION STRUCTURE IN KAZAKH SOCIETY: MERCHANT AND THEIR SOCIAL AND LEGAL FEATURES

*Abstract*

The article deals with changes in Kazakh society during the reign of the Russian Empire in the XIX century. Justifying the problem of forming a new class structure in Kazakh society, the author defines the socio-economic conditions of the formation of merchant guilds. The role of trade, entrepreneurship, and urban growth in the transformation of merchants into large entrepreneurs is revealed. Legal documents reflecting social and legal privileges of merchant guilds are analyzed. Attention is drawn to the role of Tatar merchants in the development of local trade and economic relations. Using statistical data, the quantitative growth of the merchant class in individual regions is analyzed.

**Keywords:** *society, class, merchants, trade, economy, Russia, kazakh*

**Кіріспе.** XIX ғ. қазақ даласының Ресей империясы құрамына өтіп, оның экономикалық арнасына тартылуы елдегі тауар-ақша қатынастарының дамуына жаңа серпін берді және бұл жағдай, қазақ көшпелі қоғамының саяси-экономикалық қатынастарымен қатар әлеуметтік құрылымына да өз ықпалын тигізді.

Әлеуметтік топтар ретінде төменгі құқықтағы саудагер көпестердің қоғамдық жағдайы өзгере бастайды. Қарқынды жүрген сауда экономикалық қатынастар нәтижесінде саудагер көпестердің қолына мол капитал жинақталды. Олар кәсіпкерлік жолмен байи түсті, қоғамдық дәрежесі өсті. «Бай мен кедейді теңестірген» кеңес заманында көпестердің әлеуметтік рөлі дұрыс бағаланбаған болса, қазіргі кезеңдегі нарықтық экономика мен жеке кәсіпкерлік идеяларға негізделген бәсекелестік қоғамда сауда кәсіпкерлігінің тарихи даму ерекшеліктерін оқып-тану өте маңызды саналады.

**Мақсаты:** Елдің шаруашылық-экономикалық жағдайын дамытатын сауда қатынастары мен кәсіпкерлік – білім мен шығармашылықты талап ететін жасампаздық қызмет ретінде бағалануда. Сондықтан да, қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының бөлігі ретінде көпестер сословиесі, әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері және олардың елдің экономикалық дамуындағы рөлін анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Тарихтан белгілі, дәстүрлі қазақ қоғамы негізінен ақсүйектер мен қара сүйектерден: сұлтандар, төрелер, қожалар, батырлар, байлар, билер, қожалар, кедейлерден тұрды. Әрқайсысының қоғамдық орны болды және кейбірі басқасынан әлеуметтік артықшылықтарға ие болды. Қоғамдық қатынастардың туыстық жүйесіне негізделген қазақ көшпелі қоғамында еуропалық қоғамдардағыдай таптық қанау мен езгі болған жоқ. Туыстық-рулық қатынастарды бейнелейтін патриархаттық қоғам идеологиясы байларға өзінің кедей туыстарын қанауға мүмкіндік бермеді, керісінше кедейдің туысының шаруашылығында жұмыс істеуі қанауды болдырмады. Осындай қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымдық жүйе XIX ғ. бастап терең өзгерістерге ұшырайды да жаңа сословиелік құрылымдар қалыптасады. Осы жаңа әлеуметтік сословиелердің қалыптасып дамуының саяси- әлеуметтік және экономикалық себептері мен алғышарттарына назар аударайық.

Жаңа сословиелердің бірі – саудагер көпестердің қалыптасуында өлкедегі сауда қатынастарының дамуының маңызы зор. Елдің сауда қатынастары мен экономикалық дамуында маңызды орын алған көпестердің әлеуметтік рөлі әлі де толыққанды зерттеліп, өз бағасын алмады. Рас, саудагерлерлер өсімқорлар болды, дегенмен де, олар мемлекеттердің даму тарихының барлық кезеңдерінде шаруашылық өмірді дамуында басты орында тұрды.

**Материалдар мен әдістер:** XIX ғасырдағы тарихи дамудың қарқыны халықаралық сауданың арнасына жаңа аймақтарды бірінен соң бірін тарта түсті. Дамудың объективті үрдісі Ортаазиялық аймақтарды да қамтыды. XIX ғасырдың ортасына қарай жаңа өзгерістерге ұшыраған әлемдік жағдай, Қазақстанның Ортаазиялық елдердегідей Ресей, Қытай, Иран, Ауғанстан елдерімен сыртқы сауда қатынастарын кеңейтті.

Бірақ отарлық саясатты көздеген Ресей империясы сауданы дамытуға мүдделі болды және сауда арқылы қазақтарды басқарып отырды. Сауданың барлық формалары: айырбас, сауда аландары, жәрмеңкелер қайсысында болса да, қазақтар қаналып отырды. Бұл туралы отандық зерттеушілер Ф.Оразаев, М.А. Асылбеков пен Қ.Алдабергенов, Б.Абенованың еңбектерінде кеңінен талқыланды.

**Талқылау:** Сауда және өсімқорлық капиталы Ресейдің ішкі губернияларында ғана емес, Ресей мен Қазақстан, сонымен бірге өлкенің өз ішінде де тауар айналысының өсуін тездетті. Қазақ өлкесінде басым болған натуралды шаруашылық біртіндеп ыдырай бастады және оның Қазақстанның экономикалық саласында көлемі қысқарды. Қазақ елі өнеркәсіп бұйымдарын өткізу рыногы және құнды ауыл шаруашылығы шикізатының қайнар көзі ретінде империалистік Ресейге мүмкіндігінше тәуелді бола түсті [1, с.35].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы өлкедегі шикізатқа деген сұраныстың өсуімен елде ауыл шаруашылығының тауарлы салалары қарқынды жолмен дами түсті. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін кәсіпшіліктер және өнеркәсіптік орындар, темір жолдар салынды, қалалар өсе түсті. Қазақстан мен Ресейдің шекаралық шептер бойындағы бекіністер мен экономикалық ошақтар, жаңадан құрылған қалалар мен көп адам тұратын қыстақтар айырбас саудасының орталық-тарына айналды. Сауданың дамуында қалалардың атқаратын рөлі белгілі.

Орыс саудагерлері қазақ жерінен мыңдап жылқы малын айдап әкетіп жүрді, Малдың жүні мен майын, етін керегінше сатып алды. Мұндай шикізаттық өнімдер Троицк, Орынбор, Ор, Петропавл және Омбы қаласындағы зауыттар мен базарларындағы алыпсатар саудагерлерге үстеме бағамен өткізілді. Орыстар мен қазақтар арасындағы тең емес сауданың жүріп қазақтардың құны төмен бұйымдарды

қымбат бағаға, мысалы 5 тиындық затты 30 тиынға, ағаш табақты бір қойға айырбастағандығы жайында М. Красовскийдің мәліметтерінен көруге болады [2, С.264]. Ал алыпсатар саудагерлер өз кезегінде ол өнімдерді Ресей базарларында сататын, тіпті шетелдерге де асырып жіберетін. Мұндай саудада екі арадағы делдалдық жасағандар мол табысқа кенелетін. Тасымалды саудаға тән айырмашылық, ондағы ақшалай есеп пен сауда бәсекелестігінің болмауы, яғни сауда тауарды мал басымен немесе мал өнімдерімен бағалау арқылы жүзеге асырылуы еді. Осындай сауда түрі жергілікті халықтың көп жағдай алданып қалуына, тауар құнынан ұтылып қалуына жағдай жасады.

Көптеген өсімқор саудагерлер ірі кәсіпкер көпестерге айналды. Көпестер мал өнімдері және ауыл шаруашылығы өнімдерін, сондай-ақ алғашқы өңдеу кәсіпшіліктерінің иелері болды. Сауданың қарқынды өсуі жекелеген адамдардың әлеуметтік жағдайын анықтаған әлеуметтік бөліністің мәнін жоғалтуға бастау болды. Қарқынды сауда операцияларының нәтижесінде саудагер-көпестер мол капиталды иемдене отырып, байи түсті.

Экономикалық стратегиялық саясатын жүзеге асыру мақсатында патша үкіметі азиаттық сауданы дамытуда рөл атқарған Орынбор бекінісінің негізін қалауды XVIII ғ. қолға алған болатын. Патша Анна Иоанновнаның бұйрығымен барлық көпестерге, шеберлерге, әртектілерге, қазақтардың барлығына және олармен бірге тұратын басқа халықтарға да осы бекініске келіп орнығып, түрлі кәсіптермен шұғылдануға болатындығы, сол сияқты олардың қауіпсіздігіне қамқорлық жасалатындығы айтылды.

Саудагер көпестердің өтініш салуымен жергілікті басқару әкімшілігі жаңа сауда пункттерін ашып беріп отырды және жергілікті көпестердің қалауымен жәрмеңкелердің орны ауыстырылды [3,6-п.].

Бұдан басқа, саудагерлердің қауіпсіздігін қорғау үшін және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін жәрмеңкелер кезінде Орал казак әскерінен урядник, офицер және жарты жүздік казак командасы жіберіліп тұрды [4,165-б.]. Орталық әкімшіліктің көпестерді қолдау-сүйеу саясаты оларды Орынбор өлкесіндегі сауда ісіне тарту және шикізат сатып алу мен шет аймақтарға орыс тауарларын шығарудағы орыс көпестерінің делдалдық қызметін кеңінен пайдалану ниетінен туындағандығы туралы зерттеуші Б.С. Абенова келтіре отырып, саудагерлердің отарлаушы ниеті де болғандығын былай деп көрсетеді: «Жергілікті чиновниктердің көпшілігі отарлаушы саудагерлердің алдамшылығынан және алаяқтығынан қарапайым халықтың мүддесін қорғамақ түгілі, қол астындағы приказчиктері мен агенттері арқылы өздері де сауда-саттықпен айналысты» [5,129-б.].

Ресей мемлекеті қазақ еліне қатысты саясатын жүзеге асыруда жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен мәдениетін, тілін білетін этникалық топ өкілдерін пайдаланды. Бұл шараға татар көпестерін тартты және оның пайдасы зор болды. Оның айқын дәлелі, Ресей әкімшілігі тарапынан татарлар мен башқұрттарды қамқорлыққа алған кедендік саясатын жүргізуі еді. 1776 жылғы 22-қарашадағы қаулыда татарлар мен башқұрттарға Ресейдің барлық аумағында сауда-саттық пен кәсіпкерлікті ешқандай кедергісіз жүргізуге рұқсат берілген еді. Осыдан соң татар саудагерлерінің арасында ұсақ және орташа кәсіпкерліктің дамуына жол ашылды.[6, -С.461].

Көпестік сословиенің тіркеліп, саудамен айналысқан қазақтарды ынталандыру мақсатында орыс патшасы 1835 ж. 21 қаңтарда заң қабылдады. Заң негізінде саудагерлерді салықтан босатылды және жан басы алымынан 5 жылға дейін босатылу құқығы берілді.

Ресей мен Қазақстан жеріндегі көпестік сословиенің кейбір ерекшеліктері болғаны анық. Енді Ресей қоғамындағы қалыптасқан көпестердің әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері мен әлеуметтік статусына тоқталайық. Аталмыш сословиенің әлеуметтік құқықтары 1785, 1824, 1863, 1865, 1898 жж. реформалар бойынша өзгерістерге ұшырап отырды. Сословиелік корпорацияға ене отырып, олар сауда кәсіпкерлік қызметті жүзге асыруда нақты бір артықшылықтар мен жеңілдіктерге ие болды. Көпестік сословиенің басқа барлық әлеуметтік топ өкілдері өте алды. 1824 ж. реформа бойынша Ресейде салықтық патенттік жүйе енгізілді.

Көпестік сословиенің ену үшін гильдиялық куәлікті (1,2,3-ші гильдия, әрбір гильдияның ерекшеліктері болады.) сатып алу қажет. 1863-1865 жж. ережелер бойынша 3-ші гильдия жойылып, көпестік сословиенің құрылымында әлеуметтік-құқықтық қайта құрулар жасалды [7, -С.127]. Өзгеріске ұшыраған қоғамдық қатынастардың ықпалымен кәсіпкерлікті реттеу әлсірей бастады.

Сауда кәсіпкерлігінің сословиелік сипаты 1898 жылға дейін сақталды. Бұл кезде мемлекеттік кәсіпшілікте салық туралы ереженің енуімен көпестік сословиенің өту үшін гильдиялық дәрежені білдіретін куәлікті таңдау заңды түрде сатып алудан бөлінді, мұның өзі кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін еді. [8, с.51].

Провинциальдық қалаларда көпестер сословиесі жоғарғы әлеуметтік мәртебеге ие болды. Олардың өз ішінде әлеуметтік-құқықтық иерархия қалыптасты.

Ереже бойынша 3-ші гильдия көпестеріне сауда мен кәсіпшіліктерін қала мен уезден тыс жерлерде жасауға тыйым салынды. Көпестер табысқа ие бола отырып, иерархиялық саты бойынша жоғарылап көтеріле алады. Көпестік сословиеге басқа әлеуметтік топ өкілдерінің енуі кейде түрлі бюрократиялық процедуралар арқылы жүзеге асты.

Көпестер сословиесіне тән ерекшеліктің бірі, оларға тиесілі құқық пен міндеткерлікті мұраға қалдыру мүмкін болмады, сонымен бірге бұл құқық бір жылға ғана беріліп, жыл сайын мемлекет тарапынан ретімен тексерілді.

Ресейлік үкіметтің қазақ жерінде сауда башқұрт пен татар этносы өкілдеріне сауда-саттықта қамқорлық жасап отырғандығы жөнінде жоғарыда сөз болды. Осы бағытта 1824 жылы үкімет тарапынан Орынборлық, Астраханьдық 2-ші, 3-ші гильдия көпестеріне 1-ші гильдия көпестерімен тегін дәрежеде сауда жасау құқығын берген қаулы қабылданады. Бұл құқық 1852 жылғы 7-ші желтоқсандағы қаулымен одан әрі беки түсті [7,109 б.]. Ереже Орал бойы және Орынбор татарлары үшін қолайлы болды. Қазақ, башқұрттар арасында татар көпестері 2-3 ші гильдия құқығын иеленді.

Батыс Қазақстан өңіріндегі сауда жақсы дамыған аймақтың бірі – Ішкі Орда болды. Деректер бойынша 1847 жылы мұнда – 20 дүкен жұмыс істеген, соның 16-ы татар көпестерінің иелігінде, 1885 жылы – 95 дүкен жасап, оның басым бөлігі татарлардың меншігінде болған [9, с.245]. Архив деректерінде Бөкей Ордасындағы саудагерлердің тізімі сақталынған, онда татарлармен бірге қазақ саудагерлері жайында да мәліметтер кездеседі.

Кесте – 6. 1846 ж. 1 қараша. Бөкей Ордасындағы саудагерлер тізімі [9, 762 б.].

р/с	Аты-жөні	Дүкен саны	Сақтау қоймасы	Сауда түрі	Құны, күміспен теңгергенде
1	Беріш руынан Мұстафа Жоламанов	3	1	Қағаз бұйымдары	50
2	Байбақты руынан Ералы Етесов	2	-	Қағаз бұйымдары	150
3	Алаша руынан Бекайдар Қарабаев	1	-	Ұсақ-түйек, ұн	75
4	Беріш руынан Шонғаев Бекетай	1	-	Қағаз бұйымдары, ұсақ-түйек	50

Орынбор өлкесін зерттеуші, географ В. Черемшанскийдің мәліметі бойынша 1850 жылы губернияда 200 татар көпесі, оның 1-уі – 2-ші гильдия, қалғандары – 3-ші гильдиялық көпестері еді және олар түрлі гильдиялық алым-салықтарға ие болған [10,376-б.]. Сейттік посадта 3-ші гильдия көпестері – 76, мешан - 2107-ні құраған [11, 1-п.].

XIX ғ. II жартысында сауданың қарыштап дамуы саудагерлер арасында алыпсатарлар мен делдалдардың санын көбейтті. Мәселен, 1874 жылғы губернаторлық есеп бойынша Орал олбысында 452 көпес, 1728 мешан тізімделген, көпестер облыс халқының 1,2 пайызын құрады [12, 45-п.].

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы аралығында қазақ даласынан шикізат пен мал өнімдерін сыртқа шығару артты. Ақмола, Семей. Орал облыстарындағы 1896 жылғы сауда айналымы 16,7 млн. сом болса, 1900-1902 жылдары 89 млн. сомға дейін көтерілген. Жыл сайын жаз мезгілінде Сарысу уезі арқылы Ақмола, Қарқаралы және Сарысу уездерінен Ресейдің орталығына 60 мыңдай ірі қара, 200 мыңға жуық қой әкетілді [13,170-171 бб.]. Әрине, осындай сауда үрдістерін жүзеге асыруда саудагер-көпестердің рөлі зор болды.

XIX ғ. соңында Қазақстанда 40 мыңдай саудагер болса, Қостанай және Ақтөбе уездерінде 223 мың сом табысы бар 849 саудагер болған. Олардың көпшілігі орташа есеппен 500 бас жылқысы бар ірі байлар болатын. 1899-1900 жылдары Сырдария облысы Әулие Ата уезінде патенттік саны бойынша 257 көпестер, оның 171-і қазақ, 3-уі орыс, 2-уі татар, қалғандары өзбектер болған [14, 1-5-п.].

1896 жылы Ақтөбе уезінде сауда саттықпен айналысу үшін 1-гильдия бойынша –1345, 2-ші гильдия бойынша – 378,3, 3-ші гильдия бойынша 780, ұсақ сауда жасау үшін -261, ауылдарға апарып тауар сату үшін – 63 куәлік сатылған [15, с.44].

Батыс Қазақстан жәрменкелерінде архив деректеріне қарағанда шамамен 400-астам қазақ саудагерлері қатысқан. Олардың арасында Орынбор губерниясында жұмыс жасаған жәрменкелерге

тұрақты қатынасып тұрған. XIX ғ. 90-шы жылдары Ырғызда – 70, Торғайда – 32, Қостанайда – 37 адам сауда делдалдығымен айналысқан, оның 58-і қазақтар болған.

Батыс Қазақстан аумағында көпестердің сауда операциялары қалалар мен елді мекендерді де қамтыды. Олар алғашқыда өз саудасын шағын елді мекендерде жергілікті халыққа ресейлік өнеркәсіп тауарларын мал және оның өнімдеріне айырбастап, капитал жинақтады. Кейіннен олар Орал, Ақтөбе және басқа қалаларды астық өнімдері мен өнеркәсіп тауарларын сататын 62 дүкен ашқан [16, 249 б.].

XX ғ. басында тұрақты сауданың қалыптасуымен жәрмеңкелер саны азаяды және керуендер саны да сирей бастайды. Керісінше, қалалар санының өсуімен ондағы дүкендер мен қоймалар, айырбас алаңдарының саны артады. Қалалардың көбеюі әкімшілік және өнеркәсіп сауда орталықтарының кең қанат жаюымен тығыз байланысты болды.

Аталмыш кезеңде қазақтар тұрмысында жергілікті кәсіпшіліктер де дами бастайды. Бұл туралы орыс зерттеушісі Левшин А. және орыс шенеунік Гейнс А.К. мәлімдемелерінен көруге болады [17, с.21.]. Қазақтар жоғары сапалы және көркем безендірілген киіз үй әбзелдері, арқан, былғары өнімдері, жүннен жасалған түрлі бұйымдар жасады. Сырдария мен Арал теңізі бойындағы халықтар балық аулап, оны игеру кәсіпшіліктерін меңгерді.

Деректерден қазатар арасында аңшылықтың әсіресе, құстарға қарағанда ірі аңдарды аулау кәсібінің жақсы дамығандығы байқалады. Аңшылықтан түскен терілер сауда айналымына түсіп жатты. Назар аударарлық мәселе, аймақтың әлеуметтік құрылымының даму эволюциясын түсінуде өлкеге нарықтық қатынастар элементтерінің енуі, ру басшыларының қауымдық жерлерді күшпен иемденуі, яғни жақсы жайылымдық жерлерді иемденген патша үкіметінің отаршылдық саясатының күшеюі, жерді пайдаланудың өмір сүріп тұрған тәртібінің өзгеруі, жайылымдық-мал өсіруші шаруашылық дағдарыстың негізгі себептері болған қазақ руларының дәстүрлі көшіп-қону жолдарының бұзылуы маңызды факторлар болып табылады. Аталған тарихи факторлар алдыңғы онжылдықтарға қарағанда, қазақ қоғамының мүліктік және меншіктік топтарға бөлінуінің интенсивті жүруін қамтамасыз етті.

Қазақ көшпелі қоғамының түрлі әлеуметтік жіктерге бөлінуінің дәлелі, 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағы дерегінде қазақтардың түрлі кәсіп түрлерімен айналысқанын дәлелдейтін мәліметтерді байқауға болады. Олардың қатарында бұрыннан белгілі кәсіптермен қатар, жүк тасушы, трактир қызметін жүргізуші, құрылыс материалдары саудасы, қағаз бұйымдарын сатушылар, тұтыну заттарын таратушы саудагерлерді атап өтуге болады [16,40-41бб.].

1855 жылы Өскеменде – 3 тері өндіретін зауыт болып, оның өнімі ақша шаққанда 10302 сомды құрады. Семейде осындай – 6 зауыт жұмыс жасап, ақшалай өнім көлемі 27800 сомға жеткен. Тері илейтін зауыттардан басқа сабын қайнататын, салы жасайтын зауыттар да қалыптасты. Өндіруші кәсіпорындардың арасында ұн шығару кәсіпорындары жетекші орынға шықты. Павлодар, Семей қалаларында ірі диірмендер де пайда болды [18,105-п].

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында орыс шаруаларын қоныс аулау күшейіп, өлкедегі этникалық хал-ахуал өзгерді. Мұның әлеуметтік құрылымға тигізген ықпалы зор болды. Тарихшы Н.Е. Бекмаханова атап көрсеткендей, 1870-1897 жылдары Қазақстан аумағында қазақ халқының саны 5,2 пайызға төмендеді, мысалы Торғай облысы бойынша 9,07 пайыз [19,140 б.].

Қазақ, орыс, татар, башқұрттар мейлінше көп орналасқан жерлер – Орынбор губерниясындағы Жоғарғы Орал, Тройцк, Ор уездерімен шекаралас Қостанай және Ақтөбе уездері еді. Оған бұл қала бекіністердің географиялық орналасу жағдайы да әсерін тигізді. Сонымен қатар, Торғай облысындағы мал бағуға қолайлы шұрайлы жерлер және егін егуге құнарлы аймақтар Ақтөбе мен Торғай уездері болды. Сондықтан да, осы жерлерге орыс және татар тұрғындары орналасып алды. Ақтөбе мен Ырғыз уездерінде орыстар мен татарлар сауда керуен жолы бойындағы қала типіндегі елді мекендерге орын тепті. Сандық деректерден байқағандай, Торғай облысындағы татар тұрғындарының 64,5 пайызы қалада, 47,2 пайызы уездік мекендерде тұрды [20, 178 б.].

Орыстармен салыстырғанда татар тұрғындары қала типіндегі кішігірім елді мекендерде көбірек орналасты.

XIX ғ. соңында Қарабұтақ фортында жалпы халық санының 3,1 пайызы, Торғайда 43,4 пайызы татарлар болатын. Торғай жеріндегі татар халқының көп шоғырлануының себебін қолайлы географиялық орналасуымен түсіндіріледі. Себебі, осы өлкеден Ор, Қостанай, Сырдария облысының Перовск қала-

ларына сауда жолдары өтетін. Сауда жолдарының өтуі татар тұрғындарының атқаратын қызметінің сипатымен байланысты болды.

Торғай облысындағы түрлі этнос өкілдерінің атқаратын қызметтеріне қарай мынадай жағдайды байқауға болады: татарлардың 30,2 пайызы – сауда кәсібімен, 29,3 пайызы – жер өңдеумен, 3,6 пайызы – мал өсірумен айналысты.

Татарлармен салыстырғанда башқұттардың негізгі кәсібі – мал өсіру, яғни халықтың 35,4 пайызы айналысса, жер өңдеумен – 26 пайызы, ал саудамен – 13,9 пайызы айналысты. Татар саудагерлері сауда кәсібінде мата мен терімен 41 пайызы, ауыл шаруашылығы азық-түлігімен 34,8 пайызы айналысты, олардың орыс саудагерлерінен айырмашылығы, олардың 62,9 пайызы бидай өсірумен шұғылданған.

Сөйтіп, татарлар қазақ жеріндегі урбанизация мен мәдени модернизация үрдісінде белгілі бір рөл атқарды және орыс-қазақ, орыс-ортаазиялық транзиттік сауданы ұйымдастыруда негізгі байланыстырушы звено болды.

Қазақстанға Ресейдің ішкі губернияларынан орыстар, атартар, башқұрттармен бірге немістер де қоныстана бастады. Мәселен, 1907 жылы Ақтөбе уезіне келіп, кейін 8 село құрылды. Ендігі жерде Ақтөбе қаласының сословиелік құрылымына тоқталайық

Кесте – 9. Ақтөбе қаласының сословиелік құрылымы (1884-1890 жж.) [21]

Сословие	1884 ж.	1885 ж.	1886 ж.	1887ж.	1888 ж.	1889 ж.	1890 ж.
	Ер, әйел барлығы	Ер, әйел барлығы	Ер, әйел барлығы	Ер, әйел барлығы	Ер, әйел барлығы	Ер, әйел барлығы	Ер, әйел барлығы
Ата тегінен бергі дворяндар	28	31	17	13	23	13	11
Жеке дворяндар	12	8	8	9	16	10	10
Діни Адамдар	3	2	2	4	5	6	5
Көпестер	-	20	17	22	31	38	34
Мещандар	30		-	97	217	226	256
Шаруалар, қазақтар тұрғындары	331	543	903	1872	1749	1925	1862
Әскери сословие	176	166	151	113	115	122	112
Демалыстағы шенеуніктер	66	92	111	259	248	260	383
Шетелдік бағыныштылар	-	-		-	-	-	-
Барлығы	646	863	1209	2389	2404	2600	2663

Кестеден көпестер сословиесінің өсу динамикасы байқалады.

Осылайша, жартылай өндіруші саланың қызметімен – саудамен қазақтардың 0,5 пайыз айналысты. Қызмет көрсету саласында, жүк тасушы кәсіптерінле белгілі бір топты құрады. Қызметтің бұл түрі Орал облысында кеңінен тарады, өйткені мұнда Индер көлінде тұз өндірілді және оның жылдық табысы 400-500 пұт тұзға жетті [22, 56.].

Қазақтардың бір бөлігі Орынбор ведомствосына қарасты шығыс бөлікте орналасқан Орқаш, Әбелей, Мытдым көлдерінен тұзды Торғай облысының шекаралық шептеріне тасыды, 120-дан астам қазақтар 30 тиын жалақымен Орқаш тұзды көлінде жұмыс істеді [23,285 б.].

**Қорытынды:** Сонымен XIX ғ. қалыптасқан саяси жағдайға байланысты қазақ елі Ресей империясының сауда экономикалы үдерістеріне тартылды. Қалалар мен сауда қатынастарының нығаюын дамыған сауда транспорттық инфрақұрылым; керуен жолдары, темір жолдар қамтамасыз етті. Сауда айырбас сарайларында, жәрмеңкелерде, стационарлы базарларда, сауда үйлерінде жүргізілді. Капиталистік қатынастардың енуімен дами түскен сауда жаңа қарқынға ие болды. Сауданың кең қанат жаюы саудагерлердің тұлғалық қоғамдық жағдайын көтерді. Көптеген саудагерлер ірі кәсіпкер көпестерге

айналды. Мұның өзі саудагер көпестердің сословиелік қалыптасуына мүмкіндік берді. Көпестер негізінен сауда орталықтары – қалаларда шоғырланды. Саудагер көпестер ірі кәсіп иелері бола отырып, түрлі әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктерге ие болды.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – Москва: АН СССР, 1957. – 335 б.
2. Красовский М. Красовский П. (сост.) Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область Сибирских киргизов Часть 2. – Петербург, 1868.
3. ОрОММ 6-қ., 10-т. 8296-іс.6-п.
4. Құрманбеков Б. Батыс Қазақстанда сауданың дамуы. – Ақтөбе, 2008. – 274 б.
5. Абенова Б.С. 1868 ж. әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі. – Ақтөбе, 2006. – 375 б.
6. Полное собрание законов Российской империи – СПб.: Типография второго отделения Собственной его императорского величества канцелярии, 1830. – Т. XX. – № 14540.
7. Полное собрание законов Российской империи. – СПб.: 1830. Т. 38. – С.127
8. Старцев А.В. Торгово-промышленное законодательство и социально-правовой статус предпринимателей в России в XVIII-начале XX в. // Предприниматели и предпринимательство в Сибири (XVIII-начало XX вв.). – Барнаул, 1995.
9. Жанаев Б.Т., Инночкин В.А., Сагнаева С. История Букееского ханств (1801-1852 гг.) // Сб. Документов Ответс. ред. Жанаев Б.Т. – Алматы, 2002. – 1118 с.
10. Черемшанский В.М. Описание Оренбургской губернии в хозяйственном, статистическом, этнографическом и промышленном отношениях. – Уфа, 1859. – 472 с.
11. Ор ОММ 6-қ, 6-т.12864 іс, 1-п.
12. Ор ОММ 6-қ, 17-т. 218 іс, 45-п.
13. Нусупбеков А.Н. К вопросу о формировании казахской буржуазной нации // Материалы научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в до октябрьской период. – Ташкент, 1955. – С.170.
14. ҚРОММ 510 - қ,1-т. 1-іс, 1-5 пп.
15. Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи. – Алма-Ата. 1991.
16. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII - начало XX вв. ). – Уфа: РИО РУНЦМЦ Госкомнауки, 2001. – 260 с.
17. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или кайсак-киргизских орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
18. ҚРОММ 369-қ.,1-т.2044-іс,-105-п.
19. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е г. XIX в.-1917 г.). Отв. ред. В.И. Кабузан. – Москва: Наука, 1986. – 244 с.
20. Султангалиева Г.С. Актюбинская область в середине XIX-начале XX вв. // Султангалиева Г.С., Ерофеева И.В., Бисембаев А.А., Медеубаев Е.И., Кобеннова Г.И. История Актюбинской области. – Ақтобе, 2007. – 698 с.
21. Обзор Тургайской области за 1884-1901гг. – Оренбург, 1884-1902 гг.
22. Оренбургский край, 1893, №7. – С.5.
23. Киргизский край // Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Под. ред. В.П. Семенова. – СПб., 1903. Т.18. – 477 с.

:

1. Bekmakhanov E.B. accession of Kazakhstan to Russia. Moscow: an СССР, 1957 – - 335 P.
2. Krasovsky M. Krasovsky P. (sist.) Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. Region Siberian kirghizov Part 2. - St. Petersburg, 1868.
3. oromm 6, vol. 10, 8296-ic.6-p.
4. Kurmanbekov B. development of trade in western Kazakhstan. - Aktobe, 2008. - 274 P.
5. Abenova B. C. Administrative reform and the Orenburg region in 1868. - Aktobe, 2006. - 375 P.
6. full compliance with the laws of the Russian Empire – SPB.: Typography of the second detachment of his own office of imperial greatness, 1830. – Vol. XX. - No. 14540.

7. full compliance with the laws of the Russian Empire. "No," I said.: 1830. Т. 38. - С.127
8. Startsev A.V. trade-industrial legislation and social and legal status of entrepreneurs in Russia in XIII-beginning XX V. // entrepreneurs and businesses in Siberia (XIII-beginning XX V.). - Barnaul, 1995.
9. Zhanaev B. T., Innohkin V. A., Sagnaeva S. History of Bukeeskiego hanstv (1801-1852.) // SB. "I Don't Know," He Said. Ed. Zhanaev B. T.-Almaty, 2002. - 1118 P.
10. Cheremshansky V. M. description of the Orenburg state in economic, statistical, ethnographic and industrial relations. - UFA, 1859. – 472 с.
11. or secondary school 6-K, 6-t. 12864 ic, 1-p.
12. or secondary school 6-p. 17-Vol. 218 ic, P. 45.
13. Nusupbekov A.N. K. on the issue of the formation of the Kazakh bourgeois nation // material of the scientific session dedicated to the history of Middle Asia and Kazakhstan until the October period. - Tashkent, 1955. - С.170.
14. Kromm 510-K.1-Vol. 1-ic, PP 1-5.
15. Sedelnikov T. battle for the land in the Kyrgyz steppe. - Alma-Ata. 1991.
16. Sultangalieva G. C. West Kazakhstan in the system of ethnocultural contacts (XIII - beginning XX BB. ). - UFA: Rio RUNTSMTS Goskomnauki, 2001. - 260 с.
17. Levshin A.I. description of the Kirghiz-kaisatsky or kaisak-kirghizsky Horde and steppe. - Almaty: Category, 1996. - 656 с.
18. Kromm 369-K., Vol. 1, 2044-ic, P. 105.
19. Bekmakhanova N. E. The multi-ethnic population of Kazakhstan and Kyrgyzstan in the era of capitalism (60-E. XIX-1917). "No," I said. Ed. V. I. Kabuzan. Moscow: Nauka publ., 1986. - 244 с.
20. Sultangalieva G. C. Aktyubinsk region in seredine XIX-beginning XX BB. // Sultangalieva G. C., Yerofeeva I. V., Bisembayev A.A., Medeubayev E.I., Kobenova G. I. History of Aktobe region. - Aktobe, 2007. - 698 с.
21. review of the Turgay region for 1884-1901. Orenburg, 1884-1902.
22. Orenburg Krai, 1893, No. 7. - С.5.
23. Kirghiz Krai // Russia. A full geographical description of the homeland. Pod. Ed. "I'm Sorry," I Said. "No," I said., 1903. Т. 18. - 477 с.

MFTAP 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.04>

*А.Ш. Журасова.<sup>1</sup>, Л.К. Алхамова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*т.ғ.к., М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті,  
Қазақстан, Орал қ.*

<sup>2</sup>*Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің оқытушысы,  
Қазақстан, Орал қ.*

## СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТЫ

*Аңдатпа*

Мақалада 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Сталинград шайқасының тарихы қарастырылған. Мақалада фашистерге қарсы күреске Ұлы Отан соғысындағы кеңестер халқымен бірге қазақстандықтардың да мобилизациялануы, олардың қосқан үлесі, жеңіске жетудегі халық ролі мен оның басты факторлары туралы айтылады. Адамзатқа орасан зор қасірет әкелген соғысқа кеңес әскерлерімен қатар қатар тылда еңбек еткен әйелдер, балалар мен қарттар бірдей қатысып, Отан қорғау жолында ерліктің үлгісін көрсеткені баяндалады. Майдан даласындағы ұрыстардағы ерлікпен қатар тыл еңбеккерлері де тіліне, тегіне, ұлтына қарамастан күні-түні қажырлы еңбек етті. Осыған орай мақалада бүкіл Кеңестер елі халқының соғысқа өз үлесін қосуы соғыстың зұлматқа қарсы халықтық сипаттағы соғыс болғаны туралы тұжырым жасалады.

**Кілт сөздер:** КСРО, Ұлы Отан соғысы, халық жасағы, тыл, мобилизация, шайқас, ерлік, достық, татулық, руханилық.

A.Sh. Zhurassova, L.K. Alkhamova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of historical science, associated professor of M. Utemisov West Kazakhstan university, Kazakhstan, Oral

<sup>2</sup>Teacher at the Kazakhstan University of Innovation and Telecommunication Systems, Kazakhstan, Oral

## THE POPULAR CHARACTER OF THE BATTLE OF STALINGRAD

### Abstract

The article deals with the history of the Battle of Stalingrad during the Great Patriotic War of 1941-1945. The article describes the mobilization of Kazakhstanis to fight the Nazis and the contribution of the Soviet people to the Victory, as one of its main factors. The article highlights the role of women, children and the elderly who worked in the rear with the Soviet troops and took part in the war, which caused great suffering to humanity, as an example of heroism in the defense of the Fatherland. The author pays special attention to the fact that the Soviet people fought heroically on the fronts, worked hard day and night in the rear, regardless of language, origin and nationality. In this regard, the author concludes that the contribution of the entire Soviet Union to the war was the heroic people's war against fascism.

**Keywords:** USSR, Great Patriotic War, Stalingrad, military training, people's militia, general training,

Журасова А.Ш.<sup>1</sup>, Алхамова Л.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Доцент Западно-Казакстанского университета имени М. Утемисова, кандидат исторических наук  
Казакстан, г. Уральск

<sup>2</sup>Преподаватель Казакстанского университета инновационных и телекоммуникационных систем,  
Казакстан, г. Уральск

## НАРОДНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СТАЛИНГРАДСКОЙ БИТВЫ

### Аннотация

В статье рассматривается история Сталинградской битвы в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. В статье рассказывается о мобилизации казахстанцев вместе с советским народом в Великой Отечественной войне в борьбе с нацистами, их вкладе, роли народа в Победе и ее основных факторах. В рамках статьи широко освещена роль женщин, детей и стариков, работавших в тылу вместе с советскими войсками и принявших участие в войне, причинившей огромные страдания человечеству, как пример героизма при защите Отечества. Особое внимание автора уделено тому, что советские люди героически сражались на фронтах, напряженно работали днем и ночью в тылу, независимо от языка, происхождения и национальности. В связи с этим автором делается вывод о том, что вкладом всего Советского Союза в войну была героическая народная война против фашизма.

**Ключевые слова:** СССР, Великая Отечественная война, Сталинград, военное обучение, народное ополчение, тыл, мобилизация, битва, подвиг, дружба, сотрудничество, духовность.

### Кіріспе

Сталинград шайқасы туралы естеліктер интернационализациясы мәселесі Сталинград шайқасына тек қана сталинградтықтар ғана емес Кеңестер елінің басқа аймақтарының халқының да белсенді қатысуы туралы мәселеге деген қызығушылықты туғызып отыр. Ол бір жағынан тарихнамадағы Сталинград шайқасының әскери ұрыс барысы, қолбасшылар рөлі мен шайқасқа тікелей қатысушылар туралы мәселелердің қаралуымен шектеліп, қарапайым еңбекшілердің шайқастағы рөлінің терең зерттеу пәні болмауымен де байланысты болып отыр. Сталинград шайқасының ерліктері, қолбасшылар ролін насихаттау кең етек алып келді де, шайқасқа тікелей қатысқан қатардағы жауынгерлер, қазіргі Волгоград обысының территориясында жерленгендердің көпшілігі кейінгі ұрпақ үшін белгісіз тұлғалар болып қалып отыр.

Қазіргі таңда бұл мәселе Волгоград облысының өзінде жергілікті халықтың шайқасқа қатысуын зерттеу өлкетанушылық мәселе ретінде ғылыми ізденістер жобасының аясында қолға алынууда. Бұл жобада Сталинград шайқасына қатысушылар бірнеше топтарға бөлініп қаралады. Сол топтың ішіндегі Сталинградты қорғаушылар тобына қазақстандықтар мен қазақтар да кіреді. Біртұтас кеңес халқының

құрамында болған қазақстандықтар мен қазақтардың осы шайқасқа қосқан үлесі өзекті мәселе болып отыр. Себебі ол Сталинград шайқасындағы Қазақстанның орнының бір жақты қаралуымен байланысты.

***Сталинград шайқасы турағы материалдар мен материалдарды зерттеу әдістері.***

Мәселенің зерттеу бірқатар материалдарға ерекше мән беруді талап етеді. Ең алдымен зерттеу еңбектерін қарастырсақ, Сталинград шайқасына қатысты жаңа деректермен толықтырылған ғылыми еңбектер Сталинград шайқасының 70-жылдығына байланысты көптеп жарияланды. Бірқатар еңбектерде Сталинград шайқасындағы әскери ұрыстар барысы, дивизиялар мен жауынгерлер ерліктері, шайқастың халықаралық маңызын талдау туралы ғылыми ойлар ортаға салынады [1].

Жалпы кеңестік, ресейлік зерттеулер Сталинград шайқасының екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы ірі бетбұрыс болғанын, ондағы әскери қолбасшылардың ұйымдастырушылық шеберлігін, Кеңес Одағы халқының бірлігі мен патриотизмін бағалауға ерекше маңыз береді. Мұны соғыстың тікелей куәгерлері әскери қолбасшылардың генерал В.И. Чуйковтың [2], маршал А.М. Васильевскийдің [3] мемуарлық еңбектері де дәлелдейді.

Ұлы шайқастың халықтық сипатын дәлелдеуші еңбектер дені қазіргі таңда Волгоград қаласындағы мұрағат пен музейлердің жергілікті басшылықпен бірігіп жүргізіп жатырған жобалары мен «Іздеу» барлау тобының жұмыстары барысында атқарылып отыр. Олар Сталинград шайқасына қатысушыларды бірнеше топқа бөліп қарастырады [4].

Сталинград шайқасына қатысушы Қазақстан туралы негізгі мәлімет беретін зерттеулер тобынан П.Р. Букаткиннің [5], П.С.Беланның [6], К.Доскалиевтің [7] және т.б. зерттеушілер еңбектері болып табылады.

Қолда бар ғылыми зерттеулерді талдауда тарихтағы тарихилық, жүйелілік және құндылық принциптері басшылыққа алына отырып, тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалылық, тарихи-жүйелілік әдістері қолданылды. Тарихи-жүйелілік әдіс зерттеулерді топтауға, авторлар позициясын анықтауға мүмкіндік берсе, тарихи-генетикалық әдіс шайқастың тікелей қатысушыларының, қолбасшыларының пікірлерін талдауға, зерттеу тақырыбының өзектілігін ашуға мүмкіндік береді.

***Сталинград шайқасындағы Қазақстанның алған орнын талдау.*** Негізінен соғысты бастаған фашистік басшылар басып алынатын кеңестік аумақта Остланд рейхс комиссариаттарын-герман провинцияларын құруды жоспарлады. Әсіресе Қазақстанға қатысты жоспарында фашистер Орта Азия мен Қазақстанда бірыңғай герман аумағын құруды және бұл аймақты «адамзатқа жатпайтын» славян халықтарынан тазартуды, 1941 жылдың соңында түрік-монғол халықтарын жоюды, 1942 жылдың басында «Еділ-Жайық» және «Үлкен Түркістан» мемлекеттік құрылымдарын құруды көздеген еді.

Әрине неміс-фашистердің көздеген бұл мақсаттары қарапайым халық үшін беймәлім еді, халық «соғысты» адамзатқа қарсы зұлмат ретінде қабылдады. Сондықтан кеңес жауынгерлерімен және халықпен бірге қазақстандықтар да Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап майдан мен тылда бірдей фашистік басқыншыларға қарсы күреске өз үлесін қосты. 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндетін атқаруға шақырылған. Фашистермен шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы атты әскер дивизиялары, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадалары, 209-Зайсан, 219-минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші, 992-ші авиациялық полктар майдан даласында Ұлы Отан соғысының басты шайқастарында ерлік үлгісін көрсетті. Шайқастағы ерліктері үшін 316-шы дивизия 8-ші гвардиялық дивизия, 328-дивизия 30-гвардиялық дивизия, 75-теңіз бригадасы 27-гвардиялық дивизия болып қайта құрылды [8].

1812 жылғы Отан соғысы кезінде Мәскеуді француздардан азат етуге үлес қосқан қазақтар 1941 жылы ерліктің жаңа үлгісін жасап, 316-шы дивизия жаумен күшінің тең еместігіне қарамастан Мәскеуді жаудан қорғап ерлік үлгісін жаңартты.

1942 жылдың жазы мен күзінде соғыстың шешуші оқиғалары КСРО-ның оңтүстік-шығыс бөлігіне, Еділ мен Дон аралығына ауысқан кезде Қазақстанда құрылған бөлімшелер Еділдегі шайқасқа да қатысты. Сталинград майданын барлық жағынан Қазақстан қамтамасыз еткен. Осында көптеген әскери техника жөндеуден өтті. Мысалы, бір ғана Ақтөбеде ай сайын 30 ұшақ құрастырылды. Каспий бассейнде орналасқан Гурьев майданы Орта Азиямен, Кавказбен байланыстыратын негізгі көпірге айналды. 116-атқыштар дивизиясы, 565-атқыштар полкінің 7-ротасының жауынгерлері Сталинград көшелерінде ерлікпен шайқасты. Олардың ерлігі құрметіне Сталинградта «Қазақ» көшесі ашылды. 11 жауынгер 300 фашистке қарсы шайқасып, түгел қаза тапты. Ержүрек жауынгерлер қорғаған төбе «Шығыстың 11 батырының төбесі» деп аталады. Қазақстандық Т.С. Позолотин басқарған 17-гвардиялық танк полкі Еділ жағасын-

дағы ірі операцияларда шешуші рөл атқарды. Қаһарман-қала Сталинградты қорғауда Қазақстанда жасақталған полковник Г.Сафиуллин басқарған 38-атқыштар дивизиясы жауынгерлері үлкен ерлік көрсетті. Сталинград түбіндегі қорғаныс шайқастарында дивизия мергендік қозғалысты кеңінен өрістетіп, жауға соққы берді. Тек Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының өзінен ғана сол күзгі айларда Сталинград майданына 26 225 жауынгер келіп қосылған. Жалпы Сталинград майданына Қазақстанда жасақталған 6 дивизиядан 50 мыңдай солдат қатысты. Осы мәліметтердің өзі Қазақстанның қаншалықты Ұлы Отан соғысына, оның маңызды шайқасы Сталинград шайқасына қандай дәрежеде қатысқанын көрсетеді.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары болды. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты. Соның бірі соғыстың бүкіл өнбойында маңызды тыл ролін атқарған –Қазақстанның майдандардағы жеңіске қосқан үлесі зор. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600000 адамға азайған. Ауыл шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға шақырылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы колхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті. Сталинград шайқасының жеңіске жетуіне бірден-бір ықпал еткен жағдай қажетті қару-жарақтар мен оқ-дәрілермен қамтамасыз ету болды. Мұндай материалдық жағынан қамтамасыз ету міндетін шешкен тылдағы өнеркәсіп орындары болды. Артеллериялық басқарма 1942 жылы әскери зауыттардан 125600 миномет, 33100 76 мм калибр қаруын және 2069000 реактивті снарядтар алған [9,15]. Мұндай материалдық қамту ісін қарапайым халық атқарды. Қазақстандықтардың өзі майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автокөлік, 1,5 мың шынжыр табан трактор, 110,4 мың жылқы мен 16,2 мың арба жіберген. 1942 жылдың қазан айында Сталинградты қорғаушыларға майданның алдыңғы шебі ретіндегі Батыс Қазақстан облысы аудандарынан көмек жіберілген. Мысалы, Камен (Тасқала) ауданынан 2 тонна бидай, 1,3 тонна ұн, 1 тонна қырыққабат, 1 тонна картоптан, 72 кг майдан, 3000 жұмыртқадан, 230 кг кепкен наннан, жылы шұлықтармен басқа да заттардан тұратын екі вагон зат, 1943 қаңтарда Орда ауданынан 280 пұт ет, 220 пұттан астам астық, 22 пұттан астам май жіберілген [10]. 1942 жылдың қыркүйегінен желтоқсанға дейінгі аралықтың өзінде Сталинград майданы шебі аудандарынан, яғни Жәнібек, Орда, Казталовка аудандарының қабылдау пункті арқылы 87300 бас ірі қара, 439100 қой-ешкі, 24600-жылқы, 1700 бас түйе өткен [7,94].

1943 жылы 11 ақпанда Сталинград шайқасына қажетті танк колоннасы мен авиациялық эскадрилия үшін Қазақстанда: Атырау облысы -19434 мың сом, Батыс Қазақстан облысы -47850 мың, Ақтөбе -23848 мың, Алматы облысы -51977 мың сом және т.б. жинаған. Шайқас аяқталуға жақындағанда Қазақстан халқы ерікті түрде 421176 мың сом көлемде қаражат жинап жіберген [6,135].

Өте қиын жағдайда жанар-жағар маймен қамтамасыз ету ісі жүзеге асырылып отырды. Мысалы, Сталинград майданынан жанар-жағар май Еділ арқылы артиллериялық атқылаумен, бомбалаудың астында жеткізіліп отырды. 1942 жылдың қараша айының өзінде тәулігіне 31 поезд Сталинградқа азық-түлік, киім-кешек, материалдық қажеттіліктерді жеткізді.

Сталинград шайқасының сұрапыл күндерінде неміс фашистері қалаға үлкен шығын жасап, зиян тигізді. Неміс-фашист варварлары Сталинградта 41895 ғимаратты немесе соғысқа дейінгі тұрғын үй қорының 90%-ын жойды. Қаланың жарты миллионнан астам тұрғыны баспанасыз қалды. 124 мектеп, 120 бала бақша жұмысын тоқтатты. Фашистер 7 театр, пионерлер үйін, 15 клуб пен мәдениет үйін, 2 циркті, 7 кинотеатрды, 2 музей мен зообақты бомбалап, 80-ге жуық денсаулық мекемелерін, ондаған институттар мен техникумдарды қиратты. Шайқас барысындағы Сталинградтың шаруашылығына келтірілген зиян 19 млрд сомды құрады [10]. Сол қиын-қыстау кезеңде соғыс өрті шарпыған Батыс Қазақстан облысының Жәнібек, Сайқын, Шонғай станцияларындағы жау шабуылы бұл аймақтың халық шаруашылығына 7 миллионнан астам шығын әкелді. Аймақтың соғыс жағдайына көшірілгеніне қарамастан Гурьев, Оралда қорғаныс комитеттері құрылып, Сталинград шайқасына толық қолдау жасау жұмыстарын ұйымдастырды. Батыс Қазақстанның Чапай, Тайпақ, Зеленов аудандарында 10 аэродром үшін орын бөлініп, жасақталды, Сайхын, Жәнібек, Шонғай станцияларында авиациялық бөліммен қатар 1-танктік және 57-армия қоймалары орналыстырылды. Эвакуацияланған 20-дан астам госпитальдар Батыс Қазақстанға орналас-тырылды. Орал-Урбах-Астрахань теміржолы барлық тасымал жұмыстарын атқарды.

Азат етілгеннен кейін қалаға келген мемлекеттік қызметкерлер мен журналистер қаланы қалпына келтіру мүмкін емес деп есептеді. Соның ішінде АҚШ президентінің жеке өкілі Дэвис: «Сіздің қалаңызды

қазіргі қирандының сол немесе оң жағынан жаңа жерден қайта тұрғызу керек, Қираған қаланы қайта тұрғызу жаңаны тұрғызғаннан қымбатқа шығады» деп мәлімдеген.

Бірақ сталинградтықтар, кеңес халқы басқаша пайымдады. Шайқас жүріп жатқан кездің өзінде 1943 жылы 20-21 қаңтарда облыстық партия комитетінің пленумының өзінде қаланы қалпына келтіру мәселесі көтерілген. Соғысқа дейін қаланың алты ауданында тұрған 450 мың адамнан эвакуацияланған және шайқас барысында қаза тапқандардан барлығы 1515 тұрғын қалған. Сондықтан қаланың ауыр жағдайын ескере отырып, Сталинград қалалық кеңесі 1943 жылы 18 ақпанда «Қаладан эвакуацияланған азаматтардың қалаға келуіне тыйым салу» туралы шешім шығарады. Бірақ халық бұл шешімге құлақ аспай түрлі жолмен туған қаласына оралған. Нәтижесінде қала халқының саны тез өседі, 1943 жылдың 1 қыркүйегінде 210 мың адамға жетеді. Шайқас аяқталғаннан кейін партияның облыстық комитетінің тұрғындарға, жалпы кеңес халқына «Отанға, қалаға өз сүйіспеншілігін, еңбегін арнауға шақырған» үндеу тастауы оған барлық кеңес халқының жұмыла көтерілуіне мүмкіндік берді.

Сталинградты қалпына келтіруге кеңестер елінің барлық халқы жұмыла көтерілді. Барлық аймақта Сталинградты қалпына келтіру қорына қаржы жинақталды. 1943 жылдың ақпан айының аяғында қорға 50 миллиондай ақша жиналса, соның 3 миллионы Қазақстаннан түсті. Қазақстан комсомолдары қамқорлыққа алған Сталинградта трактор зауыты мен «Красный октябрь» зауытын қалпына келтіру жұмыстарына 1943 жылы 1439 қазақстандық комсомол аттанды. Осындай мәліметтер соғыстағы жеңіс тек майдан шайқастары ғана емес тылдағы ерен еңбекпен де, яғни халықтың майдан мен тылдағы ерен еңбегі мен ерлігі арқылы келгенін айқын дәлелдейді.

**Мәселені зерттеу нәтижелері.** Ұлы Отан соғысының, жалпы соғыс барысын түбегейлі өзгертуге ықпал еткен Сталинград шайқасындағы жауынгерлердің майдандағы және халықтың тылдағы ерлігін талдай келе Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңіске жетуіне ықпал еткен негізгі факторлардың болғанын айту маңызды деп есептейміз. Соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы жазылған еңбектерге талдау жасалған кездегі басты тұжырым, жеңіске жетуге ықпал еткен маңызды факторлардың болуы. Ең бірінші фактор – адамдық және рухани фактор. Кеңес адамдары, соның ішінде қазақстандықтар мен қазақтар жаппай ерлік пен төзімділіктің үлгісін көрсетті. Адам рухы мен қайсарлығы, Отанына адалдығы соғыстағы жеңістің негізгі факторы – қайнар көзі болды. Кеңес өкіметі орнаған 24 жыл ішінде кеңес халқы елдегі өзгерістердің алғашқы жемісін көре бастағандықтан елдің басым көпшілігі өз өкіметінің саясатына сенді, өмірге оптимизммен қарады және өздерінің елдегі жаңа өзгерістердің қатысушы болғандығын мақтан етті. Ал Ұлы Отан соғысы басталып елге, әр адамның өміріне, бостандығына қауіп қауіп төнген кезде халықтың барлық тобында ел тағдыры үшін айрықша жауапкершілік сезімі пайда болып, руы көтерілді. Оның басты дәлелі әскерге арнайы шақырылумен қатар, өз еріктерімен сұранып әскерге баруы, Отанды қорғауды әркімнің өз борышы деп санауы, рухани сезімінің, адами қасиетінің жоғары болуы. Екінші фактор – Кеңес Одағы халықтарының бірлігі, олардың бойындағы интернационализм барлық одақтас республикалар халқының ұлы Жеңіске ортақ үлес қосуына ықпал етті. Яғни тұтас кеңестікте өмір сүрген халықтар достығы – ұлы Жеңістің басты факторларының бірі болғаны шындық. Оның басты көрсеткіші – әскери дивизиялардың ұлттық құрамы және эвакуацияланған халықты өз жағдайына қарамастан қамқорлауы. Үшінші фактор – Ұлы Отан соғысының азаттық, әділеттік мазмұны мен сипатынан туындайтын халықтық сипатта болуы. Неміс фашистері басшыларының құйтырқы жоспарлары кеңес адамдарын жойып жіберуді көздеуі барлық халықтың азаттық жолындағы рухын көтерді. Ұлы Отан соғысы тек Кеңестер елін ғана емес бүкіл адамзатты азаптан құтқару жолындағы соғыс болды, оны кеңестік әскерлердің азат ету миссиясы дәлелдейді. Соғыстың әділетті сипаты қоғамды топтастырды, ұрпақтар мен әлеуметтік топтар арасында бұрын болмаған рухани бірлік пен ынтымаққа қол жеткізді. Ортақ мүддеде барлық топ діні мен сеніміне, түрі мен тіліне қарамастан бірікті. Кеңес халқы отызыншы жылдардың қиындығынан ес жинап, еңбегінің жемісін көріп, білім алып, балаларын енді ғана оқытып, бейбіт өмірдің дәмін тата бастаған кезде басталған соғыс халық үшін жаңа бір соққы болды. Сондықтан кеңестік кеңестіктегі азаттық пен жарқын болашақтан үміт күткен әрбір халық қалайда соғыста жеңіске жетуді мақсат етті. Оның бір дәлелі 3 миллионға жуық қол қойған қазақстандықтардың атынан Қазақстан Компартиясы ОК мен Жоғарғы Кеңес Президиумы атынан майдангер-қазақтарға, Сталинградты қорғаушыларға арнаған Үндеуі болды. Бұл үндеу радио арқылы, газеттер арқылы барлық майданға таратылды. Бұл үндеу тек қазақтарды ғана емес барлық халықты шақырған Үндеу болды. Соғысқа аттанған мыңдаған қазақтар да өз ұрпақтарының болашағы мен тыныш өмірі үшін күрескен еді.

Төртінші фактор – соғыс алдындағы жылдары қалыптасып үлгерген экономикалық жүйе мен мемлекеттік билік және мемлекеттік аппарат. Экономика мен саяси жүйені соғыс жағдайына бейімдеп құра алуға қабілетті билік пен мемлекеттік аппарат майданның сенімді соғыс-өнеркәсіптік базасын қалыптас-

тырды. Оралда, Повольжеде, Қазақстан мен Сібірде көптеген қорғаныс кәсіпорындары орналастырылып, осы аймақтарға жалпы саны 10 миллионнан астам адам эвакуацияланып, оларға баспана беріліп, жұмысқа орналастырылды. Ел экономикасының майдан қажеттерін қанағаттандыруға қабілеттілігінің бір дәлелін КСРО-ның жиынтық қорғаныс өнеркәсібінің 1941 жылы 792 мың винтовка мен карабин шығарса, 1941 жылдың екінші жартысында осындай 1,5 миллион дана қаруды майданға жөнелткенінен көруге болады. Ал 1945 жылға қарай Кеңес Армиясы неміс басқыншыларынан қарулар мен минометтер жағынан – 1,9 есе, танктер мен өздігінен жүретін артиллериялық қарулар жағынан – 1,5 есе, әскери авиация жағынан 3,6 есе басым болды. Бұл көп ұлтты кеңес халқының қажымас ерлігі, инженерлер мен өндіріс ұйымдастырушыларының жанкешті еңбегі арқылы жасалды. Бұл соғыстың берік тылы болған Қазақстан халқына да қатысты еді. Қазақстан да соғыс басталған кезде толықтай соғыс жағдайына бейімделді. Негізінен соғыс алдында Қазақстанда 6,2 млн. халық тұрса, соғыс басталғанда оның 1,7 миллионы әскер қатарына шақырылып, 700 мың адам еңбек армиясына жіберілген. Мамандардың есептеуінше Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24 пайызды құраған кезде, екі майданда бірдей соғысқан Германия халқының соғысқа жұмылдырылуы 12 пайыз болған. Осы деректің өзі тылдағы еліміз халқына қандай ауыртпалық түскенін айқын көруге болады. Салмақ әйелдер мен жасөспірімдерге түсті. Соғыс жылдары өнеркәсіпте еңбек еткендердің 50 пайызы жеңіл, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінде 85-90 пайызы, ауыл шаруашылығында 80 пайыздан астамы әйелдер болған. Жастар жұмыс істейтіндердің 35-40 пайызын құраған. Осындай жұмысшылар құрамымен Қазақстан соғыс жылдары КСРО-да өндірілген молибденнің 60, металдық висмуттың 65, полиметалл рудаларының 79 пайызын, мыстың 35, қорғасынның 83 пайызын берді. Батыс аудандардан көшірілген 220 кәсіпорынды қабылдап, қысқа мерзімде іске қосты. Өз халқының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы төмен бола тұрса да республикамыз соғыс жылдары орталыққа 4 829 мың тонна астық, 600 мың тонна ет тапсырды. Республика малшылары Қызыл Армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясын құруға жетті[8]. Соғыс өртіне шалынған аймақтардан эвакуацияланған жүздеген мың адамдарды, кейіннен саяси қуғын-сүргінге түсіп, депортацияға ұшыраған 1 миллионға жуық әртүрлі этнос өкілдерін қабылдады. Мұның бәрі республикадағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды одан әрі күрделендірді. Осыған қарамастан халық бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Тіпті соғыстағы ерліктің өзін айтпаған кезде, соғыстан оралған жауынгерлердің өзі соғыстан кейінгі қалпына келтіру жылдарында да қоғамдық өмірдің әр саласында адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтың қорғаушысы болу сияқты ерекше миссияны атқарды.

**Қорытынды.** Сондықтан да кеңес азаматтарының соғыс жылдарындағы майдан мен тылдағы жаппай ерлігі “батыр халық”, “батыр қала”, “жеңімпаз жауынгер”, “жеңімпаз халық” “жеңімпаз армия” және басқа да тамаша айшықты сөздермен айдарланған еді. Халықтың, армияның ерлігі – интегративті нәтиже, миллиондаған жеке ерліктердің синтезі болып табылды. «Барбаросса» жоспарын құру кезінде фашистік Германия басшылары КСРО-ны «көптеген ұлттардың жасанды әрі әлсіз бірлестігі», «Ішкі бірліктен айырылған этникалық конгломерат» ретінде қарастырған еді, бірақ соғыс барысындағы ұлтына, тегіне қарамастан отаншылдық патриотизмнің арқасында халық бұл сипаттаманы теріске шығара отырып, соғыста жеңіске жетіп, адамзатты құтқарды. Мұны соғыс мәселесін, Сталинград шайқасына баға беруші батыстық зерттеушілер де мойындады [1,159]. Осының өзі Ұлы Отан соғысының, соның ішіндегі Сталинград шайқасының халықтық сипатын айқын дәлелдеп берді. Оны «Сталинград шайқасы» мемлекеттік музей-панорамасының құрметті қонақтар Кітабына Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің 2003 жылы «Ресей әрқашан Сталинградты қорғаушылардың ерлігін есте сақтайды. Олардың ерлігі – біздің Отанымыздың мәңгілік моральдық күшінің қайнар көзі» деген ресей халқы атынан берген жазбасы [11] толық мойындайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Журсова А.Ш. Сталинград шайқасының геосаяси тұрғыдан бағалануы (ресейлік және батыстық зерттеулер негізінде) // БҚУ Хабаршысы. №3(79)-2020. – 155-162 бб.
2. Чуйков В.И. От Сталинграда до Берлина / В.И.Чуйков. – М.: Советская Россия, 1985. – 704 с.
3. Васильевский А.М. Дело всей жизни. Книга 1.- 7 изд. / А.М.Васильевский. – М.: Политиздат, 1990. – 320 с.
4. Сталинградская битва. Июль 1942 - февраль 1943 = The Stalingrad battle, July 1942 - February 1943 : encyclopedia : энциклопедия / Администрация Волгоградской области [и др.] ; гл. ред. М.М. Загорюлько ; Адм. Волгогр. обл. ; ВолГУ ; Ин-т военной истории Мин. обороны РФ ; Гос. музей-панорама "Сталинградская битва". – Волгоград : Издатель, 2007. – 512 с. : ил.

5. Букаткин П.Р. Запдноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945) // П.Р. Букаткин. - Уральск, РИО ЗКГУ, 2005. - 199 с.
6. Белан П.С. Казахстанцы в битве на Волге. - Алма-Ата: Ғылым, 1990. - 268 с.
7. Доскалиев К.Д. Сражающемуся Сталинграду. - Алма-Ата: Казахстан, 1983. - 108 с.
8. Қалиев Н. Жеңіс жаңғырықтары [Электронный ресурс]. - 2010 // egemen.kz: <https://egemen.kz/article/2995-zhenhis-zhanhghyryqtary>
9. Моисеев С.И. Организация тылового обеспечения войск Красной Армии в Сталинградской битве (1942-1943гг.) автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Чебоксары, 2016. - 22 с.
10. Приуральская правда. 1942. 29 октября; 1943, 16 января.
11. Барыкин И. Вы источник нашей моральной силы // Волгоградская правда. - 2003. 2 февраля

УДК 930  
МРНТИ 03.61.21

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.05>

А.Ж. Жалмурзина <sup>1</sup>, Ж.С. Мажитова <sup>2</sup>

<sup>1</sup> КеАҚ «Астана медицина университеті»

әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы,

<sup>2</sup> КеАҚ «Астана медицина университеті» әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

## ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ фольклорындағы патриотизм мәселелері көтеріледі. Авторлардың пікірі бойынша, тәуелсіз Қазақстанда патриотизм өзінің көкейкестілігін жоймағандығы туралы баяндалады. Мақалада қазақ патриотизмі фольклордың бірнеше жанрлары арқылы сипатталады – мақал-мәтелдер, эпостар, жырлар және т.б. Авторлар фольклордың патриоттық өсиет-өнегелері, батырлық эпостары, ерлік пен жанкешті әрекеттерінің қасиеті зор деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар, халқымыздың санасына сіңіру, жан-жақты насихаттау – бүгінгі күн мұраты, мемлекет алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі деп тұжырымдайды.

**Түйін сөздер:** Қазақстан тарихы, фольклор, патриотизм, жырау, шешендік сөздер.

Жалмурзина А.Ж.<sup>1</sup>, Мажитова Ж.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин

НАО «Медицинский университет Астана»

<sup>2</sup>доктор истор. наук, профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин

НАО «Медицинский университет Астана»

## ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ГОСУДАРСТВЕННОГО И НАЦИОНАЛЬНОГО ПАТРИОТИЗМА В КАЗАХСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ XIX ВЕКА

Аннотация

В статье поднимаются вопросы о патриотизме в казахском фольклоре. По мнению авторов, в независимом Казахстане патриотизм не утратил своей актуальности. В статье казахский патриотизм описывается несколькими жанрами фольклора – пословицами, поговорками, эпосами, сказаниями и т.д. Авторы приходят к выводу, что фольклор обладает большим свойством патриотических ценностей – воспитанием нравов, героических и самоотверженных действий. Вместе с тем, авторы считают, что всесторонняя популяризация идей патриотизма – это важная задача сегодняшнего дня, один из важнейших вопросов, стоящих перед государством.

**Ключевые слова:** история Казахстана, фольклор, патриотизм, жырау, ораторские слова

A.Zh. Zhalmurzina<sup>1</sup>, Zh.S. Mazhitova<sup>2</sup>

<sup>1</sup> lecturer of Department of Social and Humanitarian Sciences

JSC «Astana Medical University»  
2 professor of Department of Social and Humanitarian Sciences,  
doctor of history,

## HISTORICAL ORIGINS OF STATE AND NATIONAL PATRIOTISM IN KAZAKH FOLKLORE OF THE XIX CENTURY

### Abstract

*The article outlines the problem of patriotism in Kazakh folklore in Kazakhstan, which does not eliminate its relevance. One more genre of Kazakh folklore, one of the most prominent Kazakh folklore patriotisms, is a very good idea that the proverb finds its solution. Generally speaking, folklore patriotic traditions, heroic epic poems, heroic and sincere expressions of our heroic epic poems are the most important issues facing the state today – absorbing the formulative essence of our proverbs. It is very important to determine the research methods and strategy for the implementation of the article. There are many strategies and methods of historical and legal research. The study of a specific situation is a form of qualitative research aimed at providing a detailed description of one or more situations. Observation is a method in which a researcher selects, disputes, registers, and encodes socially specific behavior, facts, events, or events observed in accordance with the purpose and objectives of the study in accordance with certain rules. A method of general scientific dialectical cognition that allows us to analyze the usefulness and effectiveness of the history of law and the state in a particular area of public life, predict the consequences of planned changes. A method of socio-cultural analysis, thanks to which the problem will be studied from different angles.*

**Keywords:** history of Kazakhstan, folklore, patriotism, zhyrau, oratory.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабының екінші тармағында республика қызметінің түбегейлі принциптерінің біріне қазақстандық патриотизмді жатқызуға болады [1, 3 б.]. Бұл бапта бүкіл Қазақстан Республикасының азаматтарын өз отанын сүйуге, оған жан-тәнімен беріліп, оның игілігіне қызмет етуге шақырады. Былайша айтқанда, конституциялық талап республиканың қауіпсіздігі мен оның тәуелсіздігін нығайту әрбір азаматтың патриоттық сезімдерін күшейтумен тығыз байланысты. Себебі, көрнекті ғалым С.Өзбекұлы айтқандай: «...тарихтан сабақ алмай оның бай тәжірибесін үйренбей, көкейге түймей нағыз патриоттарды тәрбиелеу мүмкін емес. Тәрбиенің басы – тарих, сол арқылы патриотизмді күшейту қажет. Патриотизмі жоқ халықтың ұлт қауіпсіздігі өте осал, әлсіз» [2, 8 б.]. Осыған байланысты әр халықтың тарихи дамуы өзіне тән мәдени, саяси, құқықтық, этикалық құндылықтарды қалыптастырады. Сол арқылы кез келген ұлт өзінің сапалы қасиеттерін, мінез-құлықтары мен моральдық ерекшеліктерін дараландырады, ұлттық символдық көріністерін, мәнін, мазмұнын, формальқ ұғымға айналдырады. Себебі, патриотизмнің «қарапайым байқаушыға аңғарылмай-тын ішкі қозғалысы мәні, сипаты ашылады, нысан мәнге сәйкестендіріледі. Форма мәнді, мән формалы» [3, 9 б.]. Осы тұрғыдан алып қарағанда, патриотизмнің мәнін түсініп, оны формаға айландыру үшін бізге тарихи сананы қалыптастыру қажет. Бұл мақсатқа жетуде қазақ фольклорының рөлі өлшеусіз деген ойға келуге болады.

**Материалдар мен әдістер:** Мақаланы жүзеге асыру үшін зерттеу әдістері мен стратегиясын анықтау өте маңызды. Тарихи-құқықтық зерттеудің көптеген стратегиялары мен әдістері бар. Нақты жағдайды зерттеу – бұл бір немесе бірнеше жағдайдың егжей-тегжейлі сипаттамасын беруге бағытталған сапалы зерттеу нысаны. Байқау – зерттеуші зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес байқалатын қоғамға тән мінез-құлықты, фактілерді, оқиғаларды немесе оқиғаларды белгілі бір ережелерге сәйкес таңдайтын, даулайтын, тіркейтін және кодтайтын әдіс. Қоғамдық өмірдің белгілі бір саласындағы құқық пен мемлекет тарихының пайдалылығы мен тиімділігін талдауға, жоспарланған өзгерістердің салдарын болжауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми диалектикалық таным әдісі. Әлеуметтік-мәдени талдау әдісі, соның арқасында проблема әр түрлі жағынан зерттелетін болады. Бұл әдіс тек құқықтық құралдарды ғана емес, білімнің байланысты салаларының жетістіктерін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Осы әдістің арқасында нормативтік новеллалардың құқықтық аспектілерін ғана емес, оларды енгізудегі әлеуметтік-экономикалық салдарды да ескеруге болады.

**Нәтижелерді талқылау:** Белгілі қайраткер А.Асқаров осы мәселелерді ескеріп былай деп атап көрсетті: «Дүниеден өткендерге бедел-абыройдың керегі жоқ, бірақ олардың істері мен ардақты есімдері бүгінгі ұрпаққа керек қой. Патриотизмнің ұлттар тарихында қалыптасатынын ұмытпау керек. Егер ұлт, өзінің болашағына қам жемесе, онда өзінің бүгінгі ұрпағының қамын ойлаған жөн. Жұрт кейде мұны да ұмытып кетеді» [4].

Дүниежүзілік өркениет әр халықтардың тек өзіне тән символдық, мазмұндық көріністерімен ерекшеленетін қасиеттерін сипаттайды. Патриотизм әр ұлттың ауыз әдебиетінен, заңнама жүйелерінен, идеологиядан, психологиядан және азаматтарының қимыл әрекеттерінен анық байқалады. Мысалы, белгілі этнограф Ю.В. Бромлей осы мәселелер туралы өз еңбектерінде былай деп атап көрсетеді: «Одну из сторон национальных явлений составляют этнические свойства. Под последними подразумеваются национально-специфическое, проявляющееся, прежде всего, в повседневной культуре, в обычаях, нормах поведения, а также особенностях психического склада, в частности, в ценностных ориентациях» [5, 56 б.]. Былайша айтқанда, ұлттардың этикалық ерекшеліктері, соған байланысты қалыптасқан фольклор, әдет-ғұрып, дәстүр, патриоттық сана, тәсіл, өсиет сияқты ұғымдар таптық сипаттан алғанда, мәңгілік сипат, қасиеттерге ие. Ғылыми мағынада аталмыш көріністер Американың социологы Т.Парсонстың тұжырымдары бойынша «этикалық топтар десоциализацияланған» [6, 37-38 б.]. Сондықтан, осыған байланысты әр халықтың тарихи дәстүрі, даму эволюциясы өзіне тән патриотизм мен ұлттық сипаттарын қалыптастырады.

**Зерттеу нәтижесі:** Адамдардың мақтанш патриоттық сезімдерінің пайда болуы адамзат тарихының терең қойнауына кетеді, тамырларын тереңнен алады. Бізге жеткен фольклор, эпос, аңыз, ертегілерден ата-бабаларымыздың сезімдері мен істерін көз алдымызға елестетуге болады. Мысалы, дүниежүзілік маңызы бар «Игорь жорығы туралы сөз», «Жолбарыс терісін жамылған витязь», «Давид Сасунский», «Калевалла», «Лэйлэ Мэжнүн», «Фархад және Шырын», «Шахнаме», «Көреғұлы», «Манас», «Алпамыс», «Қобыланды», «Рүстем дастан» және т. б. көптеген эпикалық шығармалар осы күнге дейін әр халықтардың ұлттық мақтанштары, патриотизм рухын себетін және қалыптастыратын бай мұралары болып саналатыны күмән келтірмейді.

Не себептен патриотизм және ұлттың мақтаншы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, санаға сіңген, тұрақты сезімге айналды? Себебі, оның кейбір сипаттары жалпы адамзаттық мағынаға ұласты. Ондай сипаттарға отанды сүю, тілге құрмет көрсету, әдет ғұрыптарға құрметпен қарау және т.б. ерекшеліктер жатады. Патриотизм мен ұлттық мақтанш дәуірдің ауысуына байланысты өзгерістерге де ұшырауы мүмкін, бірақ олардың бәрін бір құрылысқа жатқызуға болмайды.

Сондықтан өзінің мәні жағынан патриотизм және ұлттық мақтанш көп жағдайда нормативтік, реттеуші және баға беру қызметтерін да толығымен атқарады. Бұл сезімдер адамдардың мінез-құлқын айқындайды, онда адамдардың әрекеттері мен тілектері қалыптасқан. Осыдан патриотизм мен ұлттық мақтанштың қоғамның жалпы прогрессивтік бағытта дамуында белсенді рөлі анық байқалады.

Патриотизм мен ұлттық мақтанш – ұлттық сезімнің прогрессивтік сипаты. Ол әрқашан ұлттың тарихи дәстүрімен, фольклорымен тікелей байланысты. Сондықтан фольклорды терең зерттеу, оны санаға сіңіру арқылы ұлттың, әсіресе мемлекет қызметкерлерінің патриотизмін арттыру бүгінгі күн тәртібінде тұрған ең көкейкесті мәселелердің бірі. 1999 жылы шілденің 23-ші жұлдызында қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында мемлекеттік қызметтің қағидаларының ішінде Қазақстандық патриотизмге негізделетіні айқын көрсетілген [7, 39 б.].

Қазақ фольклоры көптеген құрамдас бөліктерден тұрады, тамырын ғасырлардың терең қойнауына тартады және патриоттық рух пен сезімдерге өте бай. Отанды сүю, оған қызмет ету, ел намысын қорғап, жеріне, ұлтына жан-тәнімен берілу арқылы оның ұлттық қауіпсіздігін қорғау фольклордың барлық жанрларынан айқын көрініс берді. Фольклор патриотизмнің нағыз қайнар көзі, саяси, құқықтық, этникалық тәрбиенің нағыз іргетасы.

Қазақ фольклорының құрамдас бөлігі болып саналатын қазақ эпостарында патриотизм асқан салтанат және санаға қайсарлық пен батырлық, мемлекеттің территориялық тұтастығы мен ұлттың бостандығын қорғау идеясы үлкен мәселе ретінде баяндалады, оның бастауы, қайнар көзі түрік қағанаты заманынан қалған «Күлтегін» ескерткішінен тамыр тартады [8, 18 б.]. Осыдан бір мың жылдардан асқан уақытта жазылғанына қарамастан оның мәтіні осы күнге дейін патриотизмнің символы, ерлікке, батырлыққа жігерлендіретін идеология деп қабылдауға әбден болады. Жазбада түркі халқының көсемдерінің даналығымен қатар патриоттық рухтарының өте жоғары дәрежеде болғаны тасқа қашап жазылған. Бұл фольклордың үлгісі саяси-құқықтық ой-пікірдің тарихында тұңғыш болып патриотизмнің үлгісін келер ұрпаққа ұран етіп қалдырған. Сол заманның кемеңгер қолбасшылары мен дарынды, абыз тұлғары тек патриотизмнің негізінде ұлы Түрік қағанатының жері кеңейіп, жаулары тізе бүгіп, халықтың әл-ауқаты жақсарғанын тасқа қашап жазып кеткен.

Күлтегін ескерткішінде патриотизмге байланысты мынадай идеялар бар:

Түркі, халқы үшін

Түн ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым  
Өліп-тіріліп  
жерді ұлғайттым.  
Халықты көтермек боп  
Өлімші халықты тірілттім,  
Жалаңаш халықты тоңды,  
Кедей халықты бай қылдым.  
Аз халықты көп қылдым  
Тату елге жақсылық қылдым [9, 50 б.].

Қазақ фольклорындағы патриотизм мәселелері әйгілі батырлар жырларынан да асқан шеберлікпен, ұлтының рухын, намысын көтеретін деңгейде баяндалады. Ауыз әдебиетінің бұл саласын мұқият зерделеп қарасақ, оның мазмұнынан тұнып тұрған патриотизм идеяларын аңғарамыз. Батырлар жырында патриотизм әрқашан да батырдың жанкешті, ерлік істерімен тікелей байланысты. Елінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін жауға қарсы жан аямай соғысу, түн ұйқысын төрт бөлу, ат үстінде күнелту – патриотизмнің нағыз айғағы. Осыған байланысты қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі батырлық эпостарында көшпелі қоғамның ішкі қайшылықтары мен шиеленістері барлық қырынан, ашық мағынада баяндалмайды. Бұл көріністер көп жағдайда эпос мазмұнында елеусіз қалған деп айтуға болады. Осы мәселе туралы эпостың теориясын зерттеуші, белгілі филолог-ғалым Ш.Ыбраев мынандай қорытынды жасайды: «...эпостарда көшпелі қоғамның қайшылықтары, әлеуметтік теңсіздік жан-жақты ашылып көрсетілмейді. Жалпы бұл батырлық жырлардың жүгі емес. Эпос идеясы бір бағытқа, бір мақсатқа бағытталған. Ол идея әмбеге (хан, бай, кедей, құл, шешен, батыр, бек, кәрі, жас, т.б.) бірдей көшпелі дәуірді, көшіп-қонып жүрген елді, оның жері мен суын, қалыпты тіршілігін, дінін, тілін, әдет-ғұрыпын, шаруашылығын, түсінік көзқарасы мүлде бөлек жаудан қорғау болып шығады» [10, 197 б.].

Ел басына күн туған шақтарда қазақ эпостарындағы патриотизм идеясы батырлардың қимыл-әрекеттерінен, жаумен айқасуынан және соның нәтижесінде батырлық істерінен анық көрініс табады. Елдің, халқының тыныштығын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау патриотизмнің нағыз лейтмотиві. Мысалы, «Ер Тарғын» эпосында Тарғынның патриотизмі былай суреттеледі:

Кеудеден жаны кетпесе,  
Әл, қуаты бітпесе,  
Тарғын намыс берер ме?  
Қабағы тастай түйіліп  
Аллалап Тарғын шабады.  
Бөріктіре қырады  
Талай қалмақ құлады.  
Қысылдау, батыр қысылды,  
Қысылмай батыр не қылсын,  
Сауытын канға малшыды?  
Қыялай тартып қылышты,  
Жалғыз жаумен ұрысты.  
Ердің жаудан қашуы  
Шариятта дұрыс па?  
Көп қалмақтың басына,  
Атпайтуғын түн болды,  
Ер жігітке сын болды.  
Қорамсақтан суырды  
Қуалай тартып садақты-ай.  
Келген қалмақ көп еді.  
Көп те болса қалмақтан,  
Алты күн айғай салғанда,  
Азғантай қалды адақтай.  
Санын садақ үзген көп қалмақ  
Сынған санын сүйретіп,

Тарғынның қуысын көрген соң  
Қашты сайға сылттықтай [11; 42, 43, 44 б.].

Қазақ эпосындағы «Қамбар батыр» жырында да патриотизм мәселесі кең көлемде, терең мағынамен баяндалған. Қамбардың елін, жерін сүйеде, оған жан-тәнімен берілуі, оның өзі кедей бола тұра, елін асырауы, адамдарға тамақ тауып беруі, сол жолда барлық қиындықтарды жеңе білуі:

Алпыс үйлі Арғынның,  
Тоқсан үйлі Тобырдың  
Ашыққанын тойғызды.  
Батыр туған Қамбардың  
Тимеді жоққа зиянды»,

– деп баяндалады «Қамбар батыр» эпосында. Ал ұрыстағы батырлық патриотизм Қамбарды нағыз ел батыры, намыс үшін жанын қиюға дайын екенін үлкен теңеулермен суреттейді. Оның патриотизмі халық рухынан қуат алады, ел намысын қорғауға бағытталады.

Жалпы алып қарағанда, «Қамбар» жырында да, «Алпамыс» пен «Қобыланды» жырларындағыдай, қазақ халқының моңғол және жоңғар басқыншыларына қарсы күрес жүргізген дәуірді суреттеуі батырлық жырдың (эпостың) жанрлық ерекшелігін көрсетеді», – деп атап көрсетеді қазақ фольклорының тарихын зерттеуші-ғалым Н.С. Смирнова [11, 92 б.].

Сонымен қатар, қазақ эпостарындағы патриотизм мәселесі тарихи жалғастық арқылы хандық дәуірде де кең көлемде дамығанын аңғартады. Бұл кезеңдегі ауыз әдебиетінде көтерілген патриотизм мәселелері қазақ эпосының батырлар жырындағы жиындық образ арқылы абстракциялық теңеумен бір адамның басына батырлық қасиеттер мен ұлтжандылықты жиып беру арқылы емес, керісінше, тарихта нақтылы ғұмыр кешкен данағой хандар мен батырлардың қимыл-әрекеттері арқылы анық байқалады. Хандық дәуірдегі патриотизмнің шыңы деп Ақтамбердінің (1675-1768) шығармаларын айтуға болады. Оның «азғантай қазынасының өзі афоризмдерге толы өлең-толғаулары батылдыққа, ізгілікке, патриоттық, күй-сезімдерге толы» [11, 211 б.] Атап айтқанда, Ақтамбердінің «Күмбір-күмбір кісінетіп» деген жырында шапқан жауға өліспей беріспеу, елін жерін қорғау да қазақ халқының патриотизмге шақыру арқылы басқыншыларды жою мақсатын көздейді. Соның нәтижесінде, Ақтамбердінің патриотизмі ел ұранына айналады. Ол былай деп тебіренеді:

Күмбір-күмбіркісінетіп,  
Күренді мінер ме екенбіз,  
Күдерінен бау тағып,  
Ақ кіреуке киер ме екенбіз!  
Жағасы алтын, жеңі жез,  
Шығаршығы торғай көз,  
Сауыт киер ме екенбіз!  
Ор қояндай жүгінтіп,  
Жолбарыстай шұбарды  
Таңдап мінер ме екенбіз!  
Сол шұбарға мінген соң,  
Қоныраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қол төңкерер ме екенбіз!  
Жалаулы найза жанға алып,  
Жау қашырар ма екенбіз! [11, 73 б.].

Қорыта айтқанда, қазақ фольклорындағы патриотизм мәселелері тәуелсіз Қазақстанда өзінің көкейкестілігін жоймақ емес. Керісінше, батырлар жырындағы ұлтжандылық, ерлік пен қайсарлық ұлт намысын асқақтатады, халықты патриотизм рухында тәрбиелеуге рухани дем береді. Себебі, Қ.Жұмалиев пен М.Габдуллиннің пікірінше: «Халық сол жырлар арқылы өткен дәуірлердегі ер ұлдардың батырлықтарына сүйенеді. Олардың ерлік, патриоттық салт-дәстүрлерін жастарына үлгі, жауына айбар етеді. Біз өмірге бүгін ғана келеміз жоқ, елдік қалпымыз, ерлік салтымыз бар елміз, сол елдік үшін қырқысқан тарихи күрестердің айнасы – осы жырларымыз дегендей болады [12, 22 б.].

Қазақ патриотизмінің ең биік шыны фольклордың тағы бір жанры – мақал-мәтелдерден өзінің шешімін тапқанын айтып кеткен жоқ. Мақал-мәтелдер қазақ халқының тұрмыс салтына, географиялық жағдайлары мен этникалық ерекшеліктеріне сай қалыптасқан қағида, талап және сөз өнерінің көркемдік мазмұнын, мәнін байытатын, нәрін арттыратын әлеуметтік саяси-құқықтық даму тәжірибесінің математикалық формуласы. Коммунистік-тоталитарлық жүйе тіпті мақал-мәтелдерді толыққанды зерттеуге бар идеологиялық мүмкіндіктерді пайдаланып қолдан келген кедергілерді жасап бақты. Белгілі фольклор зерттеуші Ш. Ыбраев осы мәселе туралы былай деп атап көрсетті: «Кезінде саясатқа жалтақтап жүріп, «Батырлар жыры», «Мақал-мәтелдер», «Тұрмыс-салт жырлары», «Ертегілер» деп алты жеті жанрды ғана айттық. «Құдай-ау, бұл қайдан шыққан?», деп қарасақ, орыс фольклоры оқулықтарында солар ғана бар екен. Соларды үлгіге алған түріміз екен. Ал олай істемей, «жоқ, бізде бұлардан да басқа діни дастандар бар, ғашықтық жырлар бар, шешендік сөздер бар, анау бар, мынау бар», дейін десек, саясаттан қорықтық па, әлде сол кездегі дәрежеміз сондай болды ма, әйтеуір бұғып қалдық. Ал енді қазір егеменді елміз. Тарихымызды, мәдениетімізді қалай зерделеуді ешкімнен сұрамайтын кезде неге бұлай тартыншақтап отырғанымыз түсініксіз.

Біздің ата-бабаларымыз өзінің барлық рухани арман-мүддесін, ойлаған ойын, тіпті дәрігерлік ісіне дейін ауыз әдебиетінің ішінде қалдырған. Мұның алты-жеті емес, жүздеген жанрлары бар» [13]. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақтың мақал-мәтелдерінің де бай рухани, патриоттық қазыналары, құқықтық тәрбиелік мәні әлі толық мағынада және терең деңгейде зерттелген емес.

Талдау жасап қарасақ, мақал-мәтелдер өмірдің барлық саласын қамтиды, мыңжылдық даму тәжірибесінің жемісі: атап айтсақ мақал-мәтелдер имандылық, адамгершілік, үлкенді сыйлау, моралдық сияқты жалпы адамзат қалыптастырған құндылықтарды насихаттап ғана қоймай сонымен қатар, оларды өмірдің тыныс-тіршілігінің, қажеттілігіне, қағидаларына айналдырады. Осы тұрғыдан алып қарағанда мақал-мәтелдің патриотизмді қалыптастырудағы рөлі өлшеусіз, терең философиялық мәні бар. Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Дорженов мақал-мәтелдердің патриоттық тәрбие берудегі рөлі туралы мынандай ой-пікір білдіреді: «Ал енді патриоттық тәрбиеге келейік. Сірә мұның өзі алаш арасында тәрбиенің тәрбиесі болғанға ұқсайды. Себебі қазақ жері қашан да көршілес елдерді қызықтырған ғой. Сондықтан олар біздің байтағымызды жаулап алу пиғылынан ешқашан арыла алмаған. Мұндай жағдайда қолына қару ұстауға жарайтын азамат атаулының бір ғана мақсаты – елін, жерін қорғау болғандығы тағыда шындық.

Қазақ қазақ болғалы өзінің ата-бабасының жерін сырт жаудан қорғау, жәй ғана қорғау емес, оған жанын пида ету нағыз ақ өлімнен мықты ерлік болғанын кім жоққа шығара алады?! Бүкіл қазақ еліне әйгілі батырлардың ғана тізімін келтіріп, қысқаша өмірбаянын жазсақ, том-том кітап болары сөзсіз. Ал енді ру көлеміндегі, белгілі бір аймақтан асып аты таралмаған батырлардың тізімін, сірә, ешкім ешуақытта жасай алмас. Сондықтан болар, халқымыз ел-жұртын сүюді: «Отан үшін күрес-ерге тиген үлес», «Ерінен айрылған көмгенше жылайды, елінен айрылған өлгенше жылайды», «Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе өзін жеткенің» дегендей мақал-мәтелдер арқылы баулиды.

Абзалы, «Қазақтың патриоттық тәрбиесі» деген арнайы тақырыпқа диссертациялар, кітаптар жазылса, көптік етпес еді. Өйткені батырлық халқымыздың ұғымы да патриоттықпен синонимдес. Бұған: «Батырдың атын жау шығарады, шешеннің атын дау шығарады», «Ер жігіт өзі үшін туады, ел үшін өледі», «Қорқақтың қатыны болғанша, батырдың жесірі бол» деген халық даналығы айқын мысал бола алады» [14, 34 б.].

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде патриотизм рухын себетін қағида, өсиеттер өте көп. Олардың барлығы тарих тәжірибесімен дәлелденген, болашақ дамуға да мол ықпал ететіні даусыз. Патриотизмнің бір көрінісі отанды жан-тәнімен сүю болып табылады. Осыған байланысты қазақ халқында «Отан оттан да ыстық», «Отан отбасынан басталады», «Отан үшін күрес – ерге тиген үлес», «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Туған жерге туын тік», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Елінді сүйсең ерлік істейсің» сияқты көптеген мақал-мәтелдер қалыптасқан [15; 4, 7 б.]. Байқап қарасақ Отан, оның тәуелсіздігі үшін күресу, туған жерді жан-тәнімен сүю, оның территориялық тұтастығын қасық қаның қалғанша қорғау, оған мүлтіксіз қызмет етуді қазақтың мақал-мәтелдері патриотизммен тығыз байланыстырады. Нағыз патриот отан сүйгіш, ел басына күн туған сәтте жанын пида етуге дайын тұратын, батырлық істерге баратын адам. Тамырын ғасырлар қойнауынан тартатын қазақтың мақалдары сол қасиеттер мен әрекеттерді тілге тиек етеді және дәріптейді.

Сонымен қатар қазақ фольклорындағы мақал-мәтелдер Отанға, елге опасыздық, сатқындық жасаған адамдардың да өз бағаларын беріп отырған және олардың бәрінің әрекеттерін жеккөрінішті, қылмыстың ауыр, кешірілмейтін түріне жатқызып отырған. Мысалы: «Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе жеткенің», «Опасызда Отан жоқ», «Отанын сатқан – ант атқан», «Елін сатып асаған, екі-ақ күн жасаған»

[15, 7 б.] – сияқты халық мақалдары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қылмыстық кодексінің 165-ші бабынан өзінің шешімін мына мағынада тапты: «Мемлекеттік опасыздық, яғни соғыс уақытында немесе қарулы жанжал кезінде жау жағына өтіп кетуден, сол сияқты шпиондық жасаудан, мемлекеттік құпияны жатқа беруден не Қазақстан Республикасында қарсы дұшпандық әрекет жүргізуден, шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсетуден көрінген, Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында жасаған қасақана әрекет» [16, 95 б.]. Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету, опасыздар мен сатқындарды жазалау мақал-мәтелдермен сот прецеденті ретінде билер сотына шешімін табатын болған. Бірақ, мақал-мәтел билердің шешімінде үкім шығаруда құқық нормасы ретінде пайдаланылған. Елімізге белгілі ғалым Сәкен Өзбекұлы осы мәселелер туралы мынадай дұрыс қорытынды жасайды: «Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі, басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті, феномені – дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі, ешқандай құқық нормасына сүйенбей-ақ бір сөзбен дауды тоқтатуды қалыптастырған қазақ ұлты сөз мағынасына, оның шексіз мүмкіндігіне назар аударған» [17, 43 б.].

**Қорытынды:** Ал, жалпы алып қарағанда фольклордың патриоттық өсиет-өнегелерін, батырлық эпостарымыздың ерлік пен жанкешті әрекеттерді баяндайтын мақал-мәтелдеріміздің ұлттық рухты асқақтататын формулалық мәнін халқымыздың санасына сіңіру, жан-жақты насихаттау бүгінгі күн мұраты, мемлекет алдында тұрған ең көкейтесті мәселелердің бірі.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 40 б.
2. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 б.
3. Өзбекұлы С., Қонабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.
4. Ойлар, ойлар // Шымкент келбеті. – 2001. – 17 тамыз.
5. Коммунист. – 1983. – № 5.
6. Вопросы философии. – 1976. – № 12.
7. Законодательство о государственной службе в Республике Казахстан. – Алматы: Юрист, 2003. – 154 б.
8. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы, 1975.
9. Күлтегін. – Алматы: Жалын, 1986. – 80 б.
10. Ыбраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 206 б.
11. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы. – 1984. – Т. 1. – 256 б.
12. Жұмалиев Қ., Габдуллин М. Қазақ эпостары туралы // Қазақ эпосы. – Алматы: Көркем әдебиет. – 1958. – 696 б.
13. Ыбраев Ш. Тарихымызды, мәдениетімізді қалай зерделеуді ешкімнен сұрамайтын кезде неге бұлай тартынышақтап отырғанымыз түсініксіз // Айқын. – 2007. – 7 наурыз.
14. Дорженов А.С. Ұлттық тәрбиенің тәлімі // Ақиқат. – 1991. – № 12.
15. Қазақтың 6000 мақал-мәтелі. – Алматы, 1995. – 339 б.
16. ҚР Қылмыстық Кодексі. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 141 б.
17. Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. – Алматы: Мектеп, 2002. – 224 б.

*References:*

1. Constitution Of The Republic Of Kazakhstan. - Almaty: Zheti zhargy, 2007. - 40 p.
2. Ozbekuly S. Arystary of Alash. - Almaty: Zheti zhargy, 1998. - 192 P.
3. Ozbekuly S., Konabayev O. theory of State and law. - Almaty: Zheti zhargy, 2006. - 264 P.
4. thoughts, thoughts // appearance of Shymkent. - 2001. - August 17.
5. Communist. – 1983. – № 5.
6. questions of philosophy. – 1976. – № 12.
7. legislation on the state service in the Republic of Kazakhstan. - Almaty: jurist, 2003. - 154 P.
8. Konyratbayev A. Epic and its speakers. - Almaty, 1975.
9. Kultegin. - Almaty: Zhalyn, 1986. - 80 P.
10. Ibraev sh. the world of the epic. Poetics of Kazakh heroic poems. Almaty: Nauka publ., 1993. - 206 P.
11. five centuries sing. - Almaty: Writer. – 1984. - Vol. 1 – - 256 P.
12. Zhumaliev K., Gabdullin M. about Kazakh EPOS. - Almaty: fiction. – 1958. - 696 P.
13. Ibraev sh. it is not clear why we hesitate so much when no one asks us to study our history and culture. - 2007. - March 7.

14. Dorzhenov A. S. teaching of National Education // truth. – 1991. – № 12.  
15. 6000 Kazakh proverbs and sayings. Almaty, 1995. - 339 P.  
16. Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. - Almaty: Zheti zhargy, 2007. - 141 P.  
17. Ozbekuly S. law in nomadic Kazakh civilization. - Almaty: Shkola publ., 2002. - 224 P.

ӘОЖ 93/94  
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.06>

Г.Б. Идрисова<sup>1</sup>, Х.М. Тұрсұн<sup>2</sup>, Э.Ж. Қуандықова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты,  
(Қазақстан, Түркістан қ.)

<sup>2</sup>Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, тарих ғылымдарының докторы,  
профессор, (Қазақстан, Түркістан қ.)

<sup>3</sup>Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы  
(Қазақстан, Тараз қ.)

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ТЕТІКТЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада XVIII-XX ғ. бас кезіндегі қазақ дәстүрлі қоғамының тарихы талданады. Көшпелі қоғамға тән дәстүрлі қоғамның белгілері жүйеленіп, олардың мәдени-рухани, саяси-әлеуметтік қызметтері жіктеледі. Қазақ-Ресей қарым-қатынастарындағы Ресей империясының ықпалы дәстүрлі қоғамды трансформациялау проц. есінің көрінісі ретінде қарастырылады. Отарлық биліктің тарапынан енгізілген билік институттары, жер, қаржы қатынастарын трансформациялаудың барысы және салдарлары талданады. Дәстүрлі қоғамды трансформациялаудың барысында екі бағыт – модернизациялау және этнодеформациялау тәсілдері қатар іске асқандығы айқындалады. Дәстүрлі қоғамның қазіргі заманғы қоғамға немесе аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға трансформациялану тарихына қатысты қалыптасқан европоцентристік, этноцентристік тұжырымдарға баға беріледі. Қазақ дәстүрлі қоғамының саяси, әлеуметтік институттарының қызметі талданып, олардың отарлық билік тарапынан трансформациялану процесі талданады.

**Түйінді сөздер:** дәстүрлі қоғам тарихы, саяси билік институттары, этноцентризм, дәстүрлі қоғамды модернизациялау.

Идрисова Г.Б.<sup>1</sup>, Тұрсұн Х.М.<sup>2</sup>, Қуандықова Э.Ж.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант Международного казахско-турецкого Университета имени Ходжи Ахмета Ясауи  
(Казахстан, Туркестан)

<sup>2</sup>доктора исторических наук, Международного казахско-турецкого  
Университета имени Ходжи Ахмета Ясауи (Казахстан, Туркестан)

<sup>3</sup>старший преподаватель Таразского Государственного педагогического университета,  
(Казахстан, Тараз)

## МЕХАНИЗМЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

### Аннотация

В статье анализируются история традиционного казахского общества XVIII-начала XX в., установленные колониальной властью институты власти, ход и последствия трансформации земельных, финансовых отношений, деятельность политических, социальных институтов казахского традиционного общества, процесс их трансформации со стороны колониальной власти, систематизируются характерные для кочевого общества признаки традиционного общества, классифицируются их культурно-духовная, политико-социальная деятельность. Влияние Российской империи в казахско-российских отношениях рассматривается как отражение процесса трансформации традиционного общества. В ходе трансформации традиционного общества выявляется параллельная реализация двух направлений - модернизации и этнодеформации. Дается оценка сформировавшимся европоцентристским, этноцентристским выводам относительно истории трансформации традиционного общества в современное общество или аграрного общества в индустриальное.

Авторами предлагается трактовка концепции "этнодеформация традиционного общества" и ее проявления в казахском обществе. Анализ истории казахского традиционного общества с применением принципов социально-экономического детерминизма, сформированных разработчиками теории модернизации.

**Ключевые слова:** история традиционного общества, институты политической власти, этноцентризм, модернизация традиционного общества.

Idrisova G. B.<sup>1</sup>, Tursun Kh<sup>2</sup>, Kuandykova E. Zh.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi  
PhD student, (Kazakhstan, Turkestan)

<sup>2</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan.  
Doctor of Historical Sciences, Professor.

<sup>3</sup>Senior teacher of Taraz State Pedagogical University (Kazakhstan, Taraz)

## MECHANISMS OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

### Abstract

The article analyzes the history of the traditional Kazakh society of the XVIII - early XX century, the institutions of power established by the colonials, the course and consequences of the transformation of land, financial relations, the activities of political and social institutions of the Kazakh traditional society, the process of their transformation by the colonial power, systematizes the characteristic society signs of a traditional society, classified by their cultural, spiritual, political and social activities. The influence of the Russian Empire in Kazakh-Russian relations is seen as a reflection of the process of traditional society transformation. During the transformation of traditional society, the parallel implementation of two directions - modernization and ethnic deformation is revealed. An assessment is given to the formed Eurocentric, ethnocentric conclusions regarding the history of transformation of a traditional society into a modern society, or an agrarian society into an industrial one.

The authors propose an interpretation of the concept "ethno-deformation of traditional society" and its manifestation in Kazakh society. Analysis of the history of Kazakh traditional society using the principles of socio-economic determinism, formed by the developers of the theory of modernization.

**Keywords:** history of traditional society, institutions of political power, ethnocentrism, modernization of traditional society.

**Кіріспе.** Евразия даласы көшпелілерінің қол жеткізген мәдени жетістіктерінің мұрагері болған қазақ қоғамы сыртқы құрылымы және ішкі мазмұны бойынша қайталанбас құбылыс екендігі зерттеушілердің назарынан тыс қалады. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық қызметінде Батыс пен Шығыстың мәдени стандарттарынан тыс өзіндік ерекшеліктері көп.

Көшпелі қоғам күрделі этноәлеуметтік жүйе ретінде бірқатар құрылымдық жүйеге сүйенеді. Мысалы, оларды билік, меншік, қоғамдық қатынастар институты деп жіктейміз. Дәстүрлі қоғамның жаңа қоғамға модернизациялануы процесі ең алдыңғы кезекте осы аталған институттардың формасы мен қызметтерін трансформациялауды қамтиды.

XVIII ғасырдағы Отан тарихын зерттеу негізінен Ресей мен Қазақстанның саяси қарым-қатынасының аясында қарастырылады. Яғни, бұл кезеңде қазақ жерінің Ресей империясының құрамына қосылуы басты оқиғаға айналған еді. Қазақ халқының этникалық идентификациясында рулық-тайпалық құрылым ерекше маңызға ие болғандығын XVII-XX ғғ. қазақ жерінде болған мемлекеттік шенеуніктер, осы мәселені зерттеген ғалымдар атап көрсетеді. Олардың кейбірі, мысалы, А.И. Левшин қазақтардың қоғамдық тұрақтылығын «деспотизм мен анархияның қоспасы» деп бағалаған еді. Осындай триадаларды оқи отырып, қырғыздар-Батыс Азияның түркі халқының қалдықтары, кең далаға қашқан ұрылар мен бандиттер, бір сөзбен айтқанда, жойылуға лайықты нәсіл деп ойлауға оңай. Бірақ іс жүзінде олай емес [1, 249 б.] деп, өзіне дейінгі зерттеушілерді сынға алады.

Дәстүрлі қазақ қоғамының басты белгісі оның көшпелі шаруашылық-мәдени типі болып саналады. Революцияға дейінгі тарих – тарихи дереккөздерге, архив материалдарына және статистикалық жинақтардың деректеріне негізделген барынша байыпты тарих екендігін дәстүрлі қоғамның тарихы бойынша жинақталған дереккөздер аңғартады. Қазақ дәстүрлі қоғамының тарихы мен мәдениетіне қатысты дереккөздерді жинақтаған «Материалы по землепользованию киргизов» атты фундаментальды 35 томдық еңбектің құндылығы өте жоғары. Қоныстандыру комиссиясы XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас

кезінде әрбір қазақ ауылына қатысты экономикалық жағдай туралы 150-200 позицияда сипаттама жасаған. Бұндай ақпараты мол дереккөз өзге халықтарға қатысты жасалмағандығы оның деректік құндылығын арттыра түседі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы модернизациялық процестерді ғылыми қалпына келтіруде осындай дереккөздерге зерттеушілердің қызығушылықтары артып келеді.

Ресейдің түркі халықтарына қатысты ұстанған саясатының екі бағыты болғандығын айта келіп, Вена университетінің профессоры А.Каппелер бірінші бағыт христиандық және еуроцентристік идеологияны жүргізіп, мұсылмандарды ассимиляциялау арқылы орыстандыру болса, екінші бағыт империяның шет аймақтарында саяси тұрақтылық сақтау мақсатында мұсылмандық элитамен ымыраға келу, олардың ұсыныстарын ішінара қолдау болғандығын [2, 129 б.] айтқан. Патша өкіметі бұратана халықтарды өз ықпал аймағына тарту үшін қатаң саяси шараларды қолданудан тартынбағанымен «көп жағдайда ұлтшылдық пиғылдағылардың ығына түсіп, олардың ұсыныстарын қабылдауға мәжбүр болған»[3, 36 б.]

Қазіргі заманғы ұлт теориясының ойшылдары (Э.Гелнер, Б.Андерсон, К.Дайг) «дәстүрлі қоғам» терминінің орнына «аграрлық», «аграрно-письменный» деген терминдерді қолданады. Бірін-бірі толықтыратын бұл синоним ұғымдар арасынан біз тарихи шолуымызға «дәстүрлі қоғам» ұғымын қолданғанды дұрыс көрдік. Қазақ дәстүрлі қоғамы Қазақ хандығы кезінде өзінің шырқау биігіне көтерілгенімен саяси экономикалық және әскери күш-қуаты артқан көрші патшалық Ресей алдында тізе бүкті. Нәтижесінде XIX ғасырдың басынан XX ғ. соңына дейін алғашқы кезде патшалық Ресейден кейін кеңестік империяның отар аймағы болып қала берді. «Ресей империясы, оның мемлекеттілігінің прототипі XIII-XIV ғасырларда Еуразиялық империясы – Алтын Орда болды, бұл авторитарлық басқару дәстүрі және қатаң орталықтандырылған жүйе, әскери істегі тәртіп, тіпті шығыс субъектілері үшін автономия мен өзін-өзі басқаруды білдірмейді, уақыт өте келе, келісімнің негізін ұмытып, патша үкіметі Қазақ өлкесін толықтай бағындыруға бағыт алды [4, 205 б.]

**Материалдар мен әдістер:** Маркстік методологиямен таптық-экономикалық формация тұжырымына сай кезеңделген Қазақстан тарихы қазіргі кезде жаңа мазмұнға ие болды. Тарихты дәуірлеуде қазіргі кезде өркениеттік, циклдік, этногенездік, тіпті гендерлік позициялардан келуді қолдайтын ғылыми мектептер бар [6, 69 б.]. Қазақстандық методолог ғалымдар да Отан тарихын дәуірлеуге қатысты өз тұжырымдарын ұсынған. Мысалы, М.Қозыбаев Қазақстанның ежелгі заманнан осы кезге дейінгі тарихын 9 дәуірге бөлсе [7, 146б.], Х.Әбжанов 5 дәуірге бөледі. Олар бұндай дәуірлеуде кезеңдердің сабақтастығы мен айырмашылықтарын басты бағдарға алғаны белгілі.

Еліміздің қоғамдық ғылымдарында «дәстүрлі қоғам» мен «көшпелілік» ұғымдары бір-біріне аналог ретінде қолданылады. Ал әлемдік тарихи ойда көшпелілік феномені туралы әртүрлі тұжырымдар орын алды. Айталық, А.Тойнбидің: «Кейде олар өз жерлерін тастап, көрші отырықшы өркениеттердің иелігіне кірді... тұрақты емес рейдтерге, тарихи оқиғалар өрісіне уақытша қосылған отырықшы өркениеттерге қарамастан, көшпенділер қоғамы тарихы жоқ қоғам болып табылады» [8, 186 б.] деп өркениеттік теория бойынша жасаған тұжырымын көптеген батыстық тарихшылар қуаттады. Солардың қатарында Ф.Бродель «адамзаттың құрамына» кіретін далалық халықтарды дүниежүзілік тарихтың толыққанды әрекет етуші субъектісі болу құқығынан айырады. Көшпенділердің ұлы жаулап алулары туралы айта отырып, Ф.Бродель оларға паразиттердің ролін тағайындайды: «Жалпы, біз ерекше жағдай - паразитизм ісі туралы ... оның орасан зор резонансына қарамастан, сандырақ іс екендігі туралы айтамыз» [9, 112 б.] деп жазады. Осындай евроцентристік тұжырымдарға сүйенген тарихнамалық дәстүр көшпелілерді тарихтың құбыжығына айналдырды. Отандық тарих ғылымындағы этноцентристік концепциядағы тарихнамалық дәстүр осы аталған евроцентристік тұжырымдардың ықпалынан арылуды мақсат етеді.

Біздің зерттеуіміздің методологиялық тұрғыда ерекшеліктерінің бірі – дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымының модернизациялануын нақты деректік материалдар бойынша тұжырымдау, баламалы түсіндірме жасаудан туындайды. Ол қажеттіліктің мәні дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа қоғамға трансформациялануындағы ресейлік біртұтас факторды сипатына қарай модернизациялық және этнодеформациялық әрекеттер деп жіктей отырып, осы кезге дейін мәселеге қатысты қалыптасқан евроцентристік және этноцентристік тұжырымдарға тәуелсіз баламалы тұжырым қалыптастыру. Әлемді өзгертуді мақсат етпеген ілім – ақиқат ілім емес деген қағиданы ұстанар болсақ, біздің ұсынып отырған тұжырымымыз ең алдымен бір-біріне көбіне қарама-қарсы позиция ұстанған жоғарыдағы аталған екі методологиялық ұстанымға сай қалыптасқан қазақ дәстүрлі қоғамының тарихы жайлы стереотиптерді өзгерту болмақ. Бұл жердегі мақсат XVII–XX ғғ. қазақ дәстүрлі қоғамы дамуының бәріне қатысты заңдылығын іздестіруші емес, керісінше, ескі қоғамның жаңа қоғамға трансформациялануындағы ресейлік факторды жаңа зерттеу тәсілдерімен қайта бағалауға келіп тіреледі.

Дәстүрлі қазақ қоғамы мәселесінде жерге жеке меншік, иелік, рулық құрылым деген сияқты көп қолданылатын ұғымдарға айқындық беру зерттеушілер үшін методологиялық парадигма болуы керек дей келіп, Ж.Артықбаев «Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын және жақсы келешегін жеделдету үшін қайта құру қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен менталитетін ескере отырып жүзеге асырылуы керек» [10, 198 б.] деген тұжырымға тоқталады.

Шынайы тарихи зерттеулер тарихқа деген шынайы және сыни болып, ойдан шығару мен миф атаулыдан аулақ болуы керек. Қазақ дәстүрлі қоғамының табиғатын ашуды европоцентристік тұжырыммен түсіндіруге тырысқан тарихшылар патриархалды-рулық, ертефеодалдық, таптық қоғам алдындағы, таптық феодализм деген анықтамаларды қолданса, қазіргі кезде позднепотестарный, парapolитарно-доминиомагнатный ұғымдарын қолданып, көшпелі қоғамның сипаттамасын жасауға әрекеттеніп келеді. Осыған байланысты көшпелі класс алды қоғамдар көп жағдайда протополитерн емес, парapolитарлы-доминиомагнатты деп атайтын класс алды қоғамның өзге түріне жатқызылды» [11, 57 б.] деп тұжырым жасайды Ю.И. Семенов.

**Нәтижелерді талқылау:** Көшпелі қоғам күрделі этноәлеуметтік жүйе ретінде бірқатар құрылымдық жүйеге сүйенеді. Мысалы, оларды билік, меншік, қоғамдық қатынастар институты деп жіктейміз. Дәстүрлі қоғамның жаңа қоғамға модернизациялануы процесі ең алдыңғы кезекте осы аталған институттардың формасы мен қызметтерін трансформациялауды қамтиды.

Осы теориялық тұжырымды басшылыққа алар болсақ, Қазақ хандығы құрылған XV ғ. ортасынан Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстан XX ғ. 30-жылдары жүргізілген ауылшаруашылық реформаларына дейінгі кезенді дәстүрлі қоғам деп кезеңдеуімізге болады.

Дәстүрлі қоғамды модернизациялық дамудың старттық алаңы деп қабылдауға болады. Бұл тұжырымды қазақ қоғамында ресейлік ықпалмен жүргізілген модернизациялық процестерді дұрыс түсіну және түсіндіру үшін қолданамыз.

Дәстүрлі қоғамның сипатты белгілерін анықтауға бағытталған теориялық еңбектерге талдау жасаған В.И. Побережников осы теорияның пірлерінің бірі саналатын М.Левидің мына анықтамасына тоқталады: «Дәстүрлі қоғамға: 1) ұйымның төмен мамандануы, өмірді компартизациялау (оқшаулау, бөлу); 2) ұйымдардың төмен өзара тәуелділігі (өзін-өзі қамтамасыз ету, өзін-өзі қамтамасыз етудің жоғары деңгейі); 4) орталықтандырудың төмен деңгейі; 5) ақша алмасу мен нарықтың дамымауы; 6) отбасылық байланыстардың, нормалардың таралуы; 7) ауылдық жерлерден қалаларға өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің біржақты ағыны тән [5, 137-138 бб.]. Бұл анықтама дәстүрлі қоғам сипатының экономикалық, әлеуметтік және рухани қырларын қамтығанымен оны саяси құрылымының ерекшеліктерін назардан тыс қалдырғандығы аңғарылады.

Негізінде модернизация туралы батыстың философиялық-социологиялық ойының бастапқы кезеңінде дәстүрлі қоғамның сипатты белгілерін анықтауда әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерге басымдық беріліп келді. Дәстүрлі қоғамдағы экономикалық қатынастардың негізі ретінде технологиялық дамуы төменгі деңгейдегі аграрлық өндіріс және әлеуметтік жіктелісі, әлеуметтік мобильдігі төмен, оның есесіне дәстүрлі патриархалды отбасының, рулық қатынастың рөлі жоғары, әлеуметтік қатынастар жүйесі бағалаудың басты критерийлеріне айналды. Ал дәстүрлі қоғамның рухани саласында дәстүрге негізделген ментальдық тәсілдер мен қондырғыларға басымдық беріледі.

Өркениеттер типологиясын жасаған С.Хантингтон дәстүрлі типтегі өркениетке қатысты «Шығыс» және «Дәстүрлі қоғам» деген ұғымдарды қолданады [12, 56 б.]. Бұл ұғымдар қазіргі заманғы модернизациялық зерттеулерде синонимдер болып қолданылады. Дегенмен, Хантингтон дәстүрлі қоғамның басты белгілерін қазіргі заманғы қоғамға қарсы қоя отырып, а) технологиялардың, өнертабыстар мен құрылымдардың бір қоғамнан екінші қоғамға берілу жылдамдығы мен дәрежесі өте төмен; б) негізі – ауыл шаруашылығы; в) табиғи ортаның әртүрлі жағдайлары ауыл шаруашылығының тиісті модельдерін, ал олармен бірге жерді иеленудің, әлеуметтік құрылымның және басқарудың әртүрлі нысандарын тудырады [12, 93 б.] деген схема ұсынады. Аграрлық қоғам өз болмысында барынша айқын иррационалды әрекеттерімен ерекшеленеді. Содан да аграрлық қоғамда күшті консервативтік тенденциялар сипатты белгіге айналады. Осы тенденция аграрлы қоғам мүшесінің психологиялық тұрпатын анықтайды. Ондай тұрпатты азаматтар жаңалық атаулыны жатырқайтын, өзі танымайтын тылсым құбылыстың алға тосатын тәуекелінен туындайтын қиыншылықтарға деген қорқынышқа бейім болып келеді.

Осы психологиялық комплекс аграрлық-дәстүрлі құрылымдардың басты мақсаты «кіріс алғашқы кезекте» деген формулаға жұмылдырылған өнім өндіруге емес, «алғашқы кезекте сенімділік» деген формулаға бағындырылған руханилыққа ұласады. Бұл жағдайлар дәстүрлі қоғамда нарықтық қатынастардың кең өріс ала алмау себептерінің бірі. Дәстүрлі қоғамның томаға-тұйық шаруашылыққа негізделген экономикасы қоғам мүшелерінің өзін-өзі қамтамасыз етуге жұмылдырылуы өндірістің шеңберін тарылта

түседі. Бұндай ахуал еңбек өнімділігін арттыруды қажет етпеді. Осыдан келіп айырбас саудаға басымдық берілді. Соған сай мемлекетте қаржы жүйесін жетілдіруді тежеді. Міне, осындай ерекшелік белгілері өркениеттік қоғам үшін экономикалық стагнация болып айқындалса, дәстүрлі қоғамда ол қалыпты жағдай саналатын еді.

Аграрлық қоғамға жоғары деңгейдегі корпоративтік тән болып келеді. Дәстүрлі қоғамның әлеуметтік құрылымында әлеуметтік корпоративтіктің басты белгілерінің бірін рулық-тайпалық топономия құрайды. Содан да қазақ халқының этникалық тұтастығы ру – тайпа – жүз схемасына бағындырылды. Бұл әлеуметтік корпоративтілік этникалық тұтастықты нығайтуға қызмет жасаумен бірге көбіне саяси сеператизмнің де тетігіне айналып кететін еді. Осы жерде саяси корпоративтілік көріністеріне де тоқталуға болады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси институттардың өзегін чингизидтер, қожалар, төлеңгіттер, билер, батырлар, ақын жыраулар т.б. сияқты саясиленген әлеуметтік корпоративтер құрайды. Біртұтас билік пирамидасын құраған бұл билік институттарының мәні орталық биліктің қалыптасуына тікелей де, жанама да ықпал ететін тетіктер.

**Зерттеу нәтижесі:** отандық тарих ғылымында этноцентристік бағыттағы зерттеулерде дәстүрлі қоғам тарихын мифологизациялау дәстүрі байқалады. Дәстүрлі қоғамның тарихын объективті түрде ғылыми қалпына келтіруде жүргізілетін зерттеулер методологиялық тұрғыда жаңа көзқарастарды қажет етеді. Біздің пікіріміз, дәстүрлі қоғам тарихына модернизация теориясының тәсілдерімен трактовка жасау Қазақстанның жаңа заман тарихы бойынша тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік берер еді. Қазірге дейінгі европоцентристік тұжырымдарға балама ретінде этноцентристік бағыт ұстанған зерттеулерде модернизация теориясы қолданылмағандығын айта кетуімізге болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында модернизациялануы тиіс басты нысандардың бірі болғанымен рулық-тайпалық құрылым барынша өміршең болып шықты. Отарлық билік алғашқы кезде рулық бірліктерден болыстарды жасақтады. Кейін бұл қағидадан бас тартып, бірнеше рудан бір болыс жасау әрекеті де қазақтардың тарихи жадынан рулық-тайпалық идентификациялық кодын жою алмады. Модернизациялық әрекетте жер қатынастары мәселесі де өткір қойылды. Дәстүрлі қоғамда жерге жеке меншік мүлдем болған жоқ. Жазғы жайлау, қысқы қыстау бір адамға немесе ауылға емес, тұтас руға тиесілі болатын.

Отарлық биліктің дәстүрлі қазақ қоғамындағы жер қатынастарын модернизациялаудағы ең басты әрекеті қоғамдық меншікті алмастырып, жерді мемлекеттің меншігі деп жариялады. 1822, 1824 жж. қабылданған Жарғылар негізінде жерге жеке меншік институты енгізілді.

Қазақ хандығы құрылған кезде айқын танылған күшті орталықтанған мемлекеттік билік XVII ғасырдың соңынан бастап әлсірей бастайды. Есім ханның абсолюттік биік орнатуға қатысты жасаған (Есім ханның ескі жолы) әрекеті нәтиже бермеді. Көшпелі өмір салтында орталықтанған биліктің деңгейі барынша төмен болғаны сияқты сыртқа тебу тенденция басым болып келетін еді. 1780 жылдың күзінде Абылай ханның қайтыс болуынан соң оның жақын туыстары мен оған бағынған басқа қазақ хандары өз қарамағындағылармен бірге Ресейдің, Қоқан хандығының, Хиуаның және Цин империясының геосаяси мүддесінің ықпалына тартылуы салдарынан үш ғасырға созылған орталық биліктің кепілі саналған аға хан институты жойылды. Осы кезден бастап Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының дәстүрлі билік жүйесі Ресейдің мемлекеттік институттарының ықпалымен трансформациялануы басталды.

Дәстүрлі қоғам тарихын модернизация теориясының тәсілдерімен қарастырғанда оның асқынған түрі этнодеформацияға ұласатындығына көз жеткіземіз. «...модернизация ұлттық жаңарудың қозғаушы күші бола отырып, қоғамдағы оң өзгерістерді бастаса, онда этнодеформация, керісінше, ұлтты дәстүрлі мәдени, рухани, әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінен бөліп, эволюциялық дамуын апатты бағытқа бұрып жіберетіндігі» [13, p.148] отарлық биліктің қысымы күшейген сайын айқын көрініс бере бастады. Демек, Ресейлік ықпалмен дәстүрлі қоғамды модернизациялаудың тетіктері әркезде мүлтіксіз іске аса бермеген екен.

**Қорытынды:** Мемлекет пен билік институттарының арасында адамзат қоғамын ұйымдастыруда (бұл жерде ру-тайпалық топтар әңгіме болып отыр – авт.) айтарлықтай айырмашылықтар болатындығы ескерілуі керек. Билік жекелеген индивидтерге немесе әлеуметтік топтарға ықпал жасайтын болса, мемлекеттің табиғаты одан мүлдем басқаша. Мемлекет үшін территория басты маңызға ие болады, сол территорияны мекендеген адамдар қосалқы мәнге ие болады. Дәстүрлі қоғамның ру-тайпалық құрылымының нақты территориялық локализациясын реттейтін ішкі тетіктері трансформация жағдайында өте әлсіз болып шықты. Содан да осы әлсіздікті пайдаланған отарлық билік қазақ қоғамына қатысты модернизациялық әрекеттерді ең алдымен территориялық-әкімшілік жүйе (әскери шептер, форпосттар, бекіністер және т.б.) қалыптастыру, басқару аппараты, күштеу аппаратын құру арқылы іске асырды.

Дәстүрлі қоғамның саяси, әлеуметтік, шаруашылық институттарының қазіргі заманғы өркениетке сай модернизациялануының тарихы жан-жақты және терең зерттеуді қажет етеді. Тарих ғылымының қазіргі

заманғы теориялық-методологиялық әдіс-тәсілдері Отан тарихының осы күрделі кезеңінің шынайы бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Левшин А.И. Қырғыз казактарының немесе қырғыздардың Қайсақ ордасы мен даласының сипаттамасы. – Алматы. Сана, 1996. – 152-б.
2. Каппелер А. Две традиции по отношениям России к мусульманским народам Российской империи // *Отечественная история*. – № 2. 2003. – 135 с.
3. Лукьянов М.Н. «Россия – для русских» или «Россия – для русских подданных»? Консерваторы и национальный вопрос накануне первой мировой войны // *Отечественная история*. №2. 2006. – 46 с.
4. Сарсенбаева З.Н. Этнос и ценности. – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы, 2018. – 316 с.
5. Побережников В.И. теория модернизации // *Теория и методология истории: учебник для вузов* / Отв. Редактор В.В. Алексеев, Н.Н. Крадин, А.В. Коротаев, Л.Е. Гринин. – Волгоград, 2004.
6. Самохин К.В. Традиционная общества как концепт модернизационной парадигмы // *Социодинамика*. – 2016. – №11. – 80 с.
7. Қозыбаев М. Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. – Алматы, 1998. – 146 б.
8. Тойнби А. Постижение истории / Пер. с англ. и сост. Огурцов А.П., вступит. статья Умолловой В.И., закл. статья Рашковского Е.Б. – М., 1991. – 736 с.
9. Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV-XVIII вв. – М., 2007. *Весь мир*. - Т. 1: Структуры повседневности: Возможное и невозможное. – 592 с.
10. Артықбаев (2005). Артықбаев Ж.О. Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий). – СПб.: Мажар. – 320 с.
11. Семенов Ю.И. Переход от первобытного отношения к классовому: пути и варианты развития // *Этнографическое обозрение*. №2. 1993.
12. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / пер. с англ. Т. Велимеева. – М., 2003. – 571 с.

*List of literature used:*

1. Levshin A. I. description of the kaisak Horde and steppe of the Kyrgyz Cossacks or Kyrgyz. - *Almaty. Consciousness*, 1996. -P. 152.
2. Kappeler A. two traditions in relation to Russia to the Muslim people of the Russian Empire // *domestic history*. - No. 2, 2003 – 135 P.
3. Lukyanov M. N. "Russia – for Russian" or " Russia – for Russian underpants"? Conservative and national issue on the first World War // *domestic history*. No. 2. 2006 – 46 p.
4. Sarsenbayeva Z. N. Ethnos and value. - 2nd ed., pererab. and the ball. - *Almaty*, 2018. - 316 P.
5. Poberezhnikov V. I. theory of modernization // *theory and methodology of history: textbook for universities* / OTV. Editor V. V. Alekseev, N. N. Kradin, A. V. Korotaev, L. E. Grinin. *Volgograd*, 2004.
6. Samokhin K. V. traditional society as a concept of the modernization paradigm // *Sociodynamics*. - 2016. - No. 11 – - 80 P.
7. Kozybaev M. K. study of history (pass of time). Book 1. *Almaty*, 1998. - 146 P.
8. Toynby A. History of the position /per. from England, and more. Oгуртсов А. П., insert the article of the Order Of V. I., spell. article Rashkovsky E. B.-M., 1991. - 736 P.
9. Brodel F. material civilization, economy and capitalism, XV-XVIII VV. *Moscow*, 2007. *VES Mir*. - Vol. 1: capacity and impossibility structures. - 592 P.
10. Artykbayev (2005). Artykbayev zh. O.Kochevniky of Eurasia (in the kaleidoscope of vekov and foreign affairs). "No," I said.: *Hungarian*. - 320 hours.
11. Semenov Yu.I. transition from the first relation to the Class: ways and options of development // *ethnographic representation*. №2. 1993.
12. Huntington S. table of civilization / per. from the English. T. Velimeeva. *Moscow*, 2003-571 P.

МРНТИ 03:20  
ӘӨЖ 93/94

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.07>

С.С. Қалдыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.м., Тарих кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## **XIX АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ОРЫС ШАРУАЛАРЫН ҚОНЫСТАНДЫРУЫ**

*Аңдатпа*

XIX ғасырдың II-ші жартысында Қазақ хандығының толық саяси билігінен айрылуымен Ресей патшалығы Қазақстанда қоныстандыру саясатының іс-шараларын жүзеге асыра бастайды. Патша үкіметінің бекіністері ретінде Қазақстанда пайда болған алғашқы қалашықтарда Орал мен Сібір казак-орыстарының әскері тұрақтанды. Бұл әскер империяның шекаралық аймағын қорғайтын пункттер ретінде және Орта Азия мен Сібірге Ресейдің ықпалын орнықтыратын бірден-бір тірек қызметтерін қоса атқарды.

Ресейдің ішкі аудандарында аграрлық мәселенің шиеленісуіне байланысты және қуаңшылық пен ашаршылық, шаруалардың өлкеге қоныс аудару екінін күшейтті.

Қазақстан территориясындағы «артық» жерлерді анықтау үшін «Қоныстандыру басқармалары» мен арнайы статистік партиялары (бөлімдері) құрылып, «Азиялық Ресейдің» көшпелі халқының жерді пайдалануы мен шаруашылығын зерттеу Бағдарламасы құрастырылады. Зерттеу карточкаларына жергілікті халықтың саны, жасы мен жынысы және айрықша белгімен орыс тілін білуі сияқты мәліметтер жиналды.

Қоныстандыру саясатының нәтижесінде қазақ жерлеріне орыс шаруаларын қоныстандырумен қатар, мемлекеттік қазына қарауына тиесілі орман саяжайлары мен хуторларды және т.б. мемлекеттік нысандарды салуға алынды. Бұл іс-шаралар қазақтарды шөл және шөлейт жерлерге көшірумен және дәстүрлі мал шаруашылығы жүйесін жүргізуге нұқсан келтіруіне әкелді.

**Кілт сөздер:** қоныстандыру, отарлық саясат, артық жер, Қоныстандыру басқармасы, статистік партиялар.

*Калдыбаева С.С.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>м.и.н., ст.преподаватель кафедры История,

Казахская национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

## **ПЕРЕСЕЛЕНИЕ В КАЗАХСТАН РУССКИХ КРЕСТЬЯН ЦАРСКИМ ПРАВИТЕЛЬСТВОМ В КОНЦЕ XIX-НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

*Аннотация*

Утрата всей полноты политической власти Казахского ханства во второй половине XIX века привела к реализации мер политики расселения Русского царства в Казахстане. В первых городах, появившихся в Казахстане в качестве укреплений царского правительства, была стабилизирована «Армия Уральских и Сибирских казачьих русских». Эта армия служила опорным пунктом обороны приграничного региона Империи, а также единственной опорой для установления русского влияния в Средней Азии и Сибири.

В связи с обострением аграрной проблемы во внутренних областях России, засухой и голодом усилился акцент на переселении крестьян в край.

В целях выявления «излишков» земли на территории Казахстана будут созданы Переселенческие отделы и специальные статистические партии (отделы), а также разработана программа изучения землепользования и хозяйства кочевого населения «Азиатской России». В учетных картах собирались такие данные, как численность, возраст и пол местного населения, а также знание русского языка с отличительной заметкой.

В связи с обострением аграрного вопроса во внутренних районах России засухой и голодом усилились темпы переселения крестьян в край.

Для выявления «лишних» земель на территории Казахстана будут созданы «Переселенческие управления» и специальные статистические партии (отделы), разработана программа изучения землепользования и хозяйства кочевого населения «Азиатской России». В исследовательских карточках

были собраны такие данные, как численность местного населения, возраст и пол, а также знание русского языка с отличительной заметкой.

В результате переселенческой политики, наряду с расселением русских крестьян на казахских землях, было взято на себя строительство лесных дач и хуторов и т. д., находившихся в собственности государственной казны. Эти меры привели к переселению казахов на пустынные и полупустынные земли и нанесли ущерб традиционной системе животноводства.

**Ключевые слова:** переселение, колониальная политика, избыточная земля, управление расселением, статистические партии.

S.S. Kaldybayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup> magister of history, senior lecturer of the Department of History,  
Kazakh national women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan

## THE SETTLEMENT OF RUSSIAN PEASANTS IN KAZAKHSTAN BY THE TSARIST GOVERNMENT IN THE LATE XIX-EARLY XX CENTURY

### Abstract

The loss of full political power of the Kazakh Khanate in the second half of the XIX century led to the implementation of measures of the policy of settlement of the Russian Kingdom in Kazakhstan. In the first towns that appeared in Kazakhstan as fortifications of the Tsarist government, the army of the Ural and Siberian Cossack Russians was stabilized. This Army served as a point of defense of the border region of the Empire, as well as the only support for establishing Russian influence in Central Asia and Siberia.

Due to the aggravation of the agrarian problem in the inner regions of Russia, drought and famine increased the emphasis on the resettlement of peasants to the region.

In order to identify «surplus» land on the territory of Kazakhstan, «Resettlement departments» and special statistical parties (departments) will be created, and a program of study of land use and economy of the nomadic population of «Asian Russia» will be developed. The study cards collected data such as the number, age and gender of the local population, and knowledge of the Russian language with a distinctive feature.

As a result of the settlement policy, along with the settlement of Russian peasants on Kazakh lands, the construction of forest dachas and farms, etc., which were owned by the state treasury, was taken over. These measures led to the resettlement of Kazakhs to desert and semi-desert lands and damaged the traditional system of animal husbandry.

**Keywords:** settlement, colonial policy, surplus land, settlement administration, statistical parties.

**Кіріспе.** Қазақ хандығы саяси билігінен айрылып, қазақ жерінің Ресей патшалығының құрамына еніп, әкімшілік – территориялық бөлшектенуі және басқарудың дәстүрлі жүйесінің бұзылуымен Қазақстанда отарлық саясаттың жаңа сипаттағы көрінісі – қоныстандыру басталды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымы екі фактормен анықталады: капиталистік қатынастардың енуі және қазақ даласында жаңаша бағыт алған отарлық саясаттың күшеюі.

Патша үкіметінің орыс шаруаларын қазақ даласына көшіру саясаты 1861 жылы ақпандағы «Ресейдегі крепостнойлық правоны жою туралы манифест» қабылдануымен басталды. Орыс шаруалары биліктің рұқсатын күтпестен «бос» жерлерге ағылып көше бастады. Билік жағдайды бақылауға алу мақсатында «Қоныс аудару басқармаларын» құра бастайды.

Бұл мәселені шешуді тездету үшін патша үкіметі үш міндет қойды: біріншісі - Ресейдегі орталық аудандардағы шаруалардың толқуын әлсірету; екіншісі - шалғай аудандарда қалған шаруаларды құнарлы жерлермен қамтамасыз ету; үшінші міндет – қазақ даласындағы қоныстанушылардың санын көбейту. Яғни, олардың ішінен патшалық империяның мүдделерін қорғауға дайын қызмет жасауға ерікті қолшоқпарларды дайындау болды. Бұл саясат 1866 жылғы 20 қазанда Батыс Сібір Бас басқармасының қаулысында да атап көрсетілген: «...Моральдық қасиеттері мен материалдық мүмкіндіктері бар шаруалардың көпшілігіне Қырғыз даласында қоныстануға рұқсат етіледі...»

**Мақсаты.** Мақалада XIX аяғы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыруы теориялық негізде жан-жақты зерттеліп сипатталған. Зерттеудің мақсаты - Патша үкіметінің отарлық саясатының мақсатын айқындау, Қазақстанға қоныстандырудың саяси, әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын анықтау, Қазақстанға қоныс аудару мәселесін талдау.

**Материалдар мен әдістер:** Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихи қағидаттарға, дереккөздік талдауға және зерттелетін процестерге объективті көзқарасқа негізделген. Тарихты зерттеудегі ұлттық мүдде авторға объективті тұжырымдар қалыптастыруға жағдай жасады. Сонымен қатар зерттеу әдістері ретінде нақты, салыстырмалы талдау, жүйелеу, салыстыру, хронологиялық, ретроспективті әдістер қолданылды. Зерттелетін оқиғалардың толық сенімділігін қалпына келтіру үшін дереккөздік әдіс қолданылды.

**Нәтижелерді талқылау.** П.А. Столыпин империяның шығысындағы жерлерді шетелдіктердің басып алуынан қорғау деген желеумен қоныстандыру саясатын «ұлттық» маңызы бар мемлекеттік саясат ретінде қарастыруды ұсынып, Қытаймен шектесіп жатқан халқы «аз» елді мекендерді Ресей билігіне бағындыру қажеттілігін ұсынды. Және шұрайлы қара топырақта «орыс халқының жаңа ұрпақтарын өсіруге болады» деген мемлекеттік маңызы бар «ішкі» мәселені қозғады.

Патша үкіметінің бұл отарлық саясатының алдыңғы екпіні ХҮІ ғасырдың аяғында Жайық бойына ерікті казак-орыстардың қоныстануынан бастау алады. Кейінірек, ХҮІІ ғасырда казак-орыстар Ертіс өзенінің бойында қалашықтар (бекіністер) сала бастауымен «Орал мен Сібір казак-орыстарының әскері» құрылды. Бұл әскер патша үкіметінің шекаралық аймағын қорғайтын пункттер ретінде және Орта Азия мен Сібірге Ресейдің ықпалын орнықтыратын бірден-бір тірек қызметтерін қоса атқарды. Сондықтан, казак даласына келген казак-орыстар патшалықтың қолдауымен шексіз биліктер мен жеңілдіктерге ие болды.

Қоныс аудару казак халқына үлкен зиянын келтірді. Мысалы, егер Қазақстанда егіншілікке жарамды 50 млн. гектар жер болса, онда қоныс аударушыларға жергілікті тұрғындардан іріктелген 40 млн. гектар құнарлы жерлер берілді. Нәтижесінде, қазақтар шаруашылық көзі болып отырған жерлерінен ығыстырылды. Жетісуға инспекциямен келген сенатор Х.Пален патша үкіметіне өз есебінде былай деп жазды: «Қоныс аудару басқармасының шенеуніктері Жетісу өлкесінде 30 мыңнан астам өмір сүретін 5100 отырықшы қыстақты жойды. Ең құнарлы жерлер казактарға алынып берілді».

Осылайша, патша үкіметі орыс шаруаларын Қазақстанға көшіру кезінде өз мақсаттарына толық жетті. Қазақ жерлері «мемлекеттік меншік» деп жарияланып және оларды отарлық саясат мақсатында басқаруға алынды.

**Зерттеу нәтижесі:** Шаруалардың өлкені өз еріктерімен биліктің рұқсатынсыз қоныстануы 1866 жылдан басталады. Сол уақыттарда Ақмола облысында алғашқы еріктілер поселоктары құрылды. Алғашында шаруалар жерді казактардан жалға алса, кейіннен отарлық саясаттың күшеюімен, жалға алынған жерлерді басыбайлы меншіктеріне алуымен аяқталады. Кейіннен Сібір генерал-губернаторлығына Казнаковтың келуімен (1870 ж.) бұл аймақта да ресми қоныстанушылар поселкелері пайда болды. [1]

Орыс шаруаларының казак даласын қоныстануымен 1869 жылы Қапал уезінде – Гавриловское және Луговое, 1870 жылы – Маловодное және Зайцев, 1871 жылы – Михайловское, Николаевское, Қарасу және басқа шаруалар қоныстары пайда болды.

1873 жылы Түркістан генерал-губернаторы К.Ф. фон Кауфман Қазақстанды отарлаудың жаңа жоспарын ұсынды. Шаруалардың қоныстанған поселкелері Орынбордан Ташкентке, Ташкенттен Верный қаласы арқылы Семейге қарай негізгі жолды қамтуы тиіс болды.

Нәтижесінде, орыс поселкелері казак даласын теңдей төртке бөліп, Орынбордан Ташкентке, Ташкенттен Жетісу арқылы Алтай өлкесіне дейін кесіп өтеді делінді.

Алайда, қоныстандыру іс-шаралары қарқынды дамымады. Себебі, помещиктер Ресейдің ішкі аудандарынан шаруалардың жаппай көшірілуін қолдамады. Жер өндейтін арзан-қол шаруалар күші помещиктерге де қажет еді.

Тек, 1881 жылы Ресейде шаруалар қозғалысының жиілеуі, аштық пен холера ауруының таралуына байланысты патша үкіметі Қазақстанға қоныс аудару туралы «тыйым» салынған шешімін өзгертіп, «Уақытша ережелерді» қабылдайды. Ережеге сәйкес қоныстанушы - шаруаларға жан басына 45 десятина мен әр түрлі жеңілдіктер берілді. Алайда, 1883 жылы Ресейден орыс шаруаларын казак даласына қоныстандыру мәселесі «уақытша» тоқтатылады. [2]

Қолда бар тарихи мәліметтер бойынша казак даласына қоныстанушылар туралы кестеде төмендегідей мәліметтер келтіріледі. Бұл мәлімет түпнұсқасында беріліп отыр. [3]

Таблица 7. Размещение переселенцев в областях Казахстана (1870—1896 гг.)\*

Место размещения	Место выхода переселенцев								Итого	
	Европейская Россия		Привислинские губ., Кавказ, Финляндия		Сибирь, области Степного и Туркестан. генерал-губернаторства		Иностранное государства			
	чел.	%	чел.	%	чел.	%	чел.	%		
Акмолинская	116594	80,8	1684	1,3	25759	17,8	143	0,1	14418	100
Семипалатинская	16126	52,4	270	0,9	14123	45,9	244	0,8	39763	100
Семиреченская	26746	28,8	441	0,6	22230	23,9	43424	46,7	92846	100
Сырдарьинская	30001	63,6	3639	7,8	9904	21	3611	7,6	47155	100
Тургайская	30194	96,0	150	0,5	834	2,6	281	0,9	31459	100
Уральская	57687	94,7	390	0,7	2705	4,5	85	0,1	60867	100
Итого:	277348	68,1	6574	1,7	75555	18,5	47788	11,7	407265	100

Ескерту: мәлімет алынды Алексеенко, Н.В. Население дореволюционного Казахстана : (Численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.) - Алма-Ата : Наука, 1981. 68б.

Қазақстанға келген қоныстанушылардың барлығы – 407265 адам. Оның ішінде: Еуропалық Ресейден келгендер саны – 277348; Привислинский губерниясы, Кавказ, Финляндиядан – 6574; Сібір, Дала және Түркістан генерал-губернаторлығынан – 75555; Шетел мемлекеттерінен – 47788 адам. Яғни, ең жоғары пайыздық үлесі Ресейдің ішкі аудандарынан – 68,1%, Сібірден – 18,5%, шет елден – 11,7% және қалған 1,7% үлесі Привислинский губерниясы, Кавказ, Финляндиядан келгендерге тиесілі екенін көруге болады.

Қазақстанға қоныс аударудың жаңа екіні XIX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында Ресейде аграрлық мәселенің шиеленісуімен қайта жандандырылды. 1889 жылы патша үкіметі Қазақстанға Ресейден шаруаларды қоныстандырудың тәртібі мен шарттары туралы жаңа заң қабылдайды. Бұған 1891-1892 жылдардағы Ресейдегі қуаңшылық пен ашаршылық шаруалардың қазақ даласына екінін одан әрі күшейтті. Шаруалар қазақтардан 1 десятина жерді 7 тиыннан жалға алса, ал Жетісуда 1 рубльден 7 рубльге дейін сатып алған. Мұндай мәмілелерді патша үкіметі қолдап отырды.

Осы кезеңдерде қоныс аударушылар мен қазақ халқының экономикалық жағдайын, қоныс аударушыларға шаруашылықты табысты жүргізу үшін қажетті жер «нормаларын» анықтау үшін Қазақстанға бірқатар экспедициялар жіберіледі. Бұл Половцев экспедициясы (1895-1896), Ф.А. Щербин экспедициясы (1896-1901).

Щербин экспедициясының нәтижелері бойынша қазақ шаруашылығына (18-ден 24 бірлікке дейін) әр мал басына 5-тен 8 десятинаға дейін қабылданды. Бұл бір шаруашылыққа 90-192 десятинаны құрады, оған әр шаруашылыққа 25 пайыздық үстеме қосу керек (1 шаруашылыққа 22-ден 43 десятинаға дейін). Қоныс аудару басқармасы бұл норманы ұзақ уақыт пайдаланбады. Столыпин реформасынан кейін 25 пайыздық үстеме ақы алынып тасталды. Ал, Дала генерал-губернаторы Надаров уақытша комиссиялардың қоныс аударушыларға бөлінген учаскелерді «алдын ала қарау» туралы құжаттың күшін жойды. Бұл қазақтардың тартып алынған жерлерін қайтарып алу және қоныс аударушыларға жерді әділетсіз бөлуге шағымдану құқығынан айырды. [4].

Экспедиция 8 уезді зерттей келе, қазақтарда «артық жер» телімдері барын анықтайды. Бұл «артық» жерлер «Қоныстандыру қорларын» құрады.

Нәтижесінде, 1895-1901 жылдар аралығында қазақтардан Орал және Торғай облыстарынан - 20 млн; Жетісу облысынан – 3,3 млн; Сырдария облысынан – 0,5 млн десятина шұрайлы жерлер тартып алынды. [5]

Сонымен қатар, Қазақстан территориясындағы «артық» жерлерді анықтау мақсатымен Қоныстандыру басқармаларының арнайы статистік партияларымен (бөлімдерімен) 1896 және 1901 жылдар аралығында 13 уезд зерттеледі. Ал, 1904-1912 жылдары 17 уезді, оның ішінде 10 уездге қайтара тексеру зерттеу-жұмыстарын жүргізді. Қазақтармен бірге қоныстандырылған орыс поселкелері де санаққа кірді. Осылайша, Қоныстандыру басқармасы «Азиялық Ресейдің көшпелі халқының жерді пайдалануы мен шаруашылығына экономикалық-статистикалық зерттеу жүргізу» Бағдарламасын құрастырады.

Бұл Бағдарлама бойынша «жекелеген қауымдардың (халықтардың) шығу тегі, жер мен суды пайдалану, жекелеген ауыл шаруашылықтарының көші-қоны, астық пен жем-шөп дайындықтары, мал қыстаулары мен жайылымдары туралы» мәліметтерді сауалнама жүргізу арқылы ақпарат жинау көзделді.

Үй шаруашылығын зерттеу карточкаларына қосымша төмендегідей мәліметтер алынды: жергілікті тұрғындардың саны мен жынысы бойынша, жас құрылымдары бойынша: бала, жасөспірім (жұмысқа жарамды), жұмысқа жарамды жастағылар және қарттар деп белгіленді. Оған қоса орыс тілін білетін – білмейтіндігі туралы қосымша айрықша белгілер қойылған мәліметтер тіркелген. [6]

Шаруаларды қоныстандырудың ең белсенді кезеңі 1906-1909 жылдар аралығын қамтиды және осы жылдарда патша үкіметі қоныс аудару ағынын жан-жақты қолдайды.

Келесі кезең, 1910-1914 жылдары үкіметтің орыс шаруаларын жерге орналастыруда, яғни 1906 жылғы 9 қарашадағы Жарлықтың негізгі ережелерін Қазақстан мен Сібір аудандарына таратуда жаңа міндеттер қоятындығымен сипатталады. Жарлыққа сәйкес, әрбір шаруа өз үлесін жеке меншікке бекітуге, ауылдық қауымдастықтан шығуға құқылы болды.

XX ғасырдың басында империяның «азиаттық» аймағы бірнеше бөліктен тұрды. Оларға: Батыс Сібір, Шығыс Сібір, Қиыр Шығыс, Орынбор аймағы, Далалық аймақ және Түркістан. [7]

1906 жылы 24 тамызда жарияланған үкімет бағдарламасы Столыпиннің аграрлық реформасы - Министрлер Кеңесінің төрағасы П.А. Столыпиннің есімімен аталған революцияға дейінгі Ресейдің Ауыл шаруашылығын қайта құру жөніндегі заңнамалық шаралар бағдарламасы еді. Ол екі бөліктен тұрды:

біріншіден, елді төтенше шаралар арқылы тыныштандыру және Ресейдің кейбір аудандарында әскери-далалық сот жүйесін енгізе отырып, соғыс жағдайын жариялау;

екінші бөлімінде, II-ші Думаның шақырылуын күтпей, аграрлық реформаны бастау ұсынылды.

Ресми түрде Столыпин аграрлық реформасы Сенаттың 1906 жылғы 9 қарашадағы «Шаруа жерін иелену мен жерді пайдалануға қатысты қолданыстағы заңның кейбір ережелерін толықтыру туралы» жоғары Жарлығымен жарияланды. Дума мен мемлекеттік Кеңес мақұлдағаннан кейін бұл Жарлық 1910 жылғы 14 маусымдағы Заң деп аталды. Бұл заңның негізгі мақсаты - Ресейде революцияның жаңа толқынын болдырмау еді.

Реформа «қоныс аудару» қозғалысын жандандыра отырып, орыс шаруаларына шығысқа, атап айтқанда Қазақстанға еркін қоныс аудару құқығын беруі. Себебі, Столыпиннің аграрлық реформасын жүзеге асыруда империяның азиялық аймағы Қазақстан – егін шаруашылығына қолайлы және аз қоныстандырылған аймақтардың бірі болды.

Жапшай қоныс аудару іс-шараларының басталуымен әкімшілік – территориялық бірліктерден тыс әкімшілік - ведомстволар құрыла бастады. Азиялық аймақтар картасында қоныстандыру аудандары мен қоныстандыру учаскелері пайда бола бастады. Аталған ұйымдар әкімшілік және қаржылық автономия құқығын иеленді. [7]

Ішкі істер министрлігі жанынан 1895 жылы ашылған «Қоныс аудару басқармасы» 1905 жылы мамыр айында жаңадан құрылған «Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігі» қарамағына өтіп, Ресейдегі қоныс аудару мәселесіне қатысты іс-шаралар жүктелді. Мұның артынша үкімет орындары Қазақстан жерін қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар, Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары еді. [8]

«Қоныс аудару қорын» анықтау мақсатында XX ғасырдың басында Қазақ өлкесін «зерттеу» үшін арнайы экспедициялар жіберілді.

1906-1912 жылдары П.Скрыплев пен П.Румянцев басқарған статистикалық экспедициялар Сырдария және Жетісу облыстарындағы қазақ шаруашылықтарын, ал 1904-1911 жылдары П.Хворостинский, В.Кузнецов және А.Переплетчиков басқарған экспедиция Торғай, Ақмола, Семей облыстарында Статистикалық зерттеу жүргізді.

Тек Жетісу облысы бойынша, 1906-1914 жылдар аралығында қазақтардан тартып алынған жердің көлемі 2 708 226 десятина жер болды. Оның ішінде 1 миллион десятина жер мемлекеттік қазына қарауына тиесілі орман саяжайлары мен хуторларды және т.б. мемлекеттік нысандарды салуға алынды. Сонымен қатар, Семей, Ақмола, Торғай және басқа аудандардан ең шұрайлы жерлер тартып алынды. Бұл іс-шаралар қазақтарды шөл және шөлейт жерлерге көшірумен және дәстүрлі мал шаруашылығы жүйесін жүргізуге нұқсан келтіруіне әкелді. [9]

Қорыта келе, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында отарлаудың бір көрінісі ретінде жүрген қоныстандыру шаралары қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының жүйесін бұзды. Жалпы көлемі 45 млн га жерді еуропалық және басқа халықтардан құралған қоныстанушылар мен мемлекеттің пайдасына шешілді. Өз жерінде «түземдік» лақап атын иеленіп, дәстүрлі мекенінде «жатақтарға» айналды.

Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты көшпелі және отырықшы халық санының ара-қатынасының біртіндеп өзгеруіне әкелді. Орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы отарлау 1916 жылға қарай қазақтардың ауыл шаруашылығымен айналысуына мәжбүрледі.

1918 жылдың басында Петроградтағы егіншілік комиссариатының Отарлау бюросының құрылуымен, Мәскеу, Самара және Верныйда комиссариаттардың филиалдары ашылды. Отарлау бюросының міндеттеріне:

Біріншіден, Сібірге қоныс аударғысы келетіндерді, диқаншыларды қоныс аударудың тұрмыстық және шаруашылық жағдайлары туралы хабардар ету;

Екіншіден, Солтүстік, Орталық, Еділ облыстарынан басталған жаппай ағынды реттеу, оны белгілі бір жерлерге бағыттау;

Үшіншіден, көшуге жәрдемдесу;

Төртіншіден, Сібірге ағылған жұмыссыздарды: жұмысшылар, мамандар, қара жұмысшыларға жұмыс іздеудің мүмкіндігін анықтау;

Бесіншіден, Сібірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарында орналастыру мүмкіндігін анықтау және жәрдемдесу.

Яғни, отарлау бюросы ай сайын қоныс аударушылар мен қоныс аударушыларға қатысты барлық мәселелер бойынша Орталыққа хабарлауы керек еді. Алайда, қазақ даласындағы 1916 жылғы көтерілістен, содан кейін азаматтық соғыстан қорыққан көптеген шаруалар Украинаға, Кубанға және Орталық провинцияларға кері көшті. [10]

**Қорытынды.** Ресейдің ішкі аудандарынан Қазақстанға Ресей патшалығының жүргізген қоныстандыру саясаты қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасының өзгеруіне әкелді. Бірақ 1920 жылдардың аяғында үкімет көп көңіл бөлген шаруалардың қоныс аударуы өте қымбатқа түсетіні және елдің жаңа әлеуметтік-саяси міндеттеріне сәйкес келмейтіні белгілі болды, ол құлдырады және соңында жойылды. Алайда, қоныс аудару тарихын зерделеу және осы үдерісті кеңестік биліктің міндеттеріне ауыстыру Қазақстан Республикасының Көші-қон саясатын жүргізу үшін аса маңызды тәжірибе болып табылады. Капиталистік өндіріс пен капиталистік қатынастардың енуі Қазақстанның экономикалық өмірін түбегейлі өзгертті. Бұл өз кезегінде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында жаһандық өзгерістерге алып келді.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Рысқұлов, Т. Шығармаларының толық жинағы, Т.3. Мәдени мұра Мем.бағд. кітап сериялары. – А.: Қазығұрт, 2007. – 167 б.
2. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней (под ред. М.Абдыкалыкова, А.Панкратова, КазОГИЗ, 1943 г. – 290 б.
3. Алексеенко, Н.В. Население дореволюционного Казахстана : (Численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1981. – 68 б.
4. Отепова Г.Е. Политические процессы на территории К-на в нач. XX в.(на примере «Уш жуз»), Учеб.пособие. – Павлодар, 2005. – 15 б.
5. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. – 292-293 б.
6. Алексеенко, Н.В. Население дореволюционного Казахстана : (Численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1981. – 18-19 б.
7. Ремнев А.В., Суворова Н.Г. Управляемая колонизация и стихийные миграционные процессы на Азиатских окраинах Российской империи //Русский регионы, 2007 г. – 152-153 б.
8. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. -1917 ж., Елорда. – Астана, 2004. – 141 б.
9. Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907-194 годах. Сб. документов и материалов. /Под ред. Ф.Н. Киреев, Ф.И. Колодин, КазГосизд. – А., 1957. – 22 б.
10. Мұймамбаева Ф., Команджаев А. Советская власть и ее роль в руководстве процессом переселения крестьян в Семиречье в 20-х годах XXв. //№1, 2020 ж. ҚазҰУ Хабаршысы: Тарих сериясы. – 72-83 бб.

*References:*

1. Complete Collection of works of Ryskulov T., Vol. 3. cultural heritage of the state."no," he said. book series. - A.: Kazygurt publ., 2007-167 P.
2. History of the Kazakh SSR from ancient times to our days (Ed. M. Abdykalikova, A. Pankratova, Kazogiz, 1943-290 P.
3. Alekseenko, N. V. population of suburban Kazakhstan: (number, size, composition, 1870-1914 GG.). - Alma-Ata: Nauka publ., 1981. - 68 P.
4. Otepova G. E. political process in teritoriya at the beginning. XX V. (on the example of "Ush zhuz"), Ucheb."no," I said. - Pavlodar, 2005. - 15 p.
5. History of the Kazakh SSR from ancient times to our days. - P.292-293.
6. Alekseenko, N. V. population of suburban Kazakhstan: (number, size, composition, 1870-1914 GG.). - Alma-Ata: Nauka publ. – 1981. - pp. 18-19.

7. Remnev A.V., Suvorova N. G. *controlled colonization and spontaneous migration processes in Asian regions of the Russian Empire // Russian region, 2007 – pp. 152-153.*

8. Koigeldiev M. *Russian power in Semirechye (XIX century -1917, capital. - Astana, 2004. - 141 P.*

9. *working and agricultural movement in Kazakhstan in 1907-194. Sat. documents and materials. / Sub Ed. "I Don't Know," He Said. - A., 1957. - 22 p.*

10. Miymanbayeva F., Komandzhaev A. *Soviet power and its role in the management of the process of transition-Lenia krestyan in Semirechye in the 20th year of the XXV. // Bulletin of kaznu No. 1, 2020: History series. - PP 72-83.*

ӘОЖ:94(574) «20»  
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.08>

С.С. Сайфулмаликова<sup>1</sup>, М.Е. Қадырбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ-нің PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан

## АҚМОЛА, СЕМЕЙ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа

Мақалада авторлар Ақмола, Семей облыстарындағы көшпелі ауылдық мектептердің құрылу тарихын көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Ресей империясындағы бастауыш білім берудің қалыптасу үрдісі талданады. Көшпелі мектептердің құрылу ерекшелігі, оқу-үрдісінің мазмұны, материалдық-техникалық жағдайы анықталған. Ауылдық мектептердің саны көрсетіледі. Авторлар кең көлемдегі фактологиялық материалдар негізінде Батыс-Сібір округіндегі көшпелі ауылдық мектеп мәселесін Орынбор оқу округімен салыстырады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы, Ресей империясының бастауыш білім жүйесіндегі ауылдық мектептердің спецификалық ерекшелігі талданады.

**Кілт сөздер:** Ресей империясындағы бастауыш білім беру, көшпелі ауылдық мектептер, болыстық мектептер, Ақмола, Семей облыстары

Сайфулмаликова С.С.<sup>1</sup>, Қадырбаева М. Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>д.и.н., Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан.

<sup>2</sup> докторантка 3 курса Казахского Национального педагогического университета, по специальности «6D011400-История», г. Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ АУЛЬНЫХ ШКОЛ В АКМОЛИНСКОЙ, СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ (В НАЧАЛЕ XX ВЕКА)

Аннотация

В статье авторы рассматривают историю создания кочевых аульных школ в Акмолинской, Семипалатинской области. Анализируется процесс формирования начального образования в Российской империи во второй половине XIX - в начале XX века. Выявляется особенность создания кочевых школ, содержание учебного процесса, материально-техническое положение. Показана численность аульных школ. Также анализируются правила, которые были приняты об аульных школах. Авторы на основе обширного фактологического материала, изучая тему создания кочевых школ Западно-Сибирского учебного округа, сравнивают их с Оренбургским учебным округом. Научная новизна работы определяется тем, что в ней изучена специфическая особенность аульной школы в системе начального образования в Российской империи.

**Ключевые слова:** начальное образование в Российской империи, кочевые аульные школы, волостные школы, Акмолинская, Семипалатинская область.

S.S. Saifulmalikova<sup>1</sup>, M.E. Kadyrbayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctor of History, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Abai kazakh national pedagogical university Institute of History and Law PhD 3-course specialty

## FEATURES OF THE ORGANIZATION OF AUL SCHOOLS IN AKMOLA, SEMIPALATINSK REGION (AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY)

### Abstract

*In the article, the authors consider the history of the creation of nomadic aul schools in Akmola, Semipalatinsk region. The formation process of primary education in the Russian Empire in the second half of the XIX - early XX century is analyzed. The peculiarity of the creation of nomadic schools, the content of the educational process, the material and technical condition is revealed. The number of aul schools is indicated. Also in the article the rules that have been adopted on aul schools had analyzed. The authors, on the basis of extensive factual material, studying the topic of creating nomadic schools in the West Siberian educational district, compare them with the Orenburg educational district. The scientific novelty of the work is determined by the fact that it studies the specific feature of the aul school in the system of primary education in the Russian Empire.*

**Key words:** *primary education in the Russian Empire, nomadic aul schools, volost schools, Akmola, Semipalatinsk region.*

**Кіріспе.** Ресей империясы қазақтарды орыстандырудың ең тиімді жолы мектеп ашып, қазақ, орыс балаларын қатар оқыту қажет деген саясат ұстанды. Әрбір аймақта мектеп ашу ісіне генерал-губернатор, әскери губернатор, уез бастықтары араласты. XIX ғасырдың 50-90 жылдар аралығында орысша білім беретін старшиндық, жорықтық мектептер, бекініс жанынан, облыс басқармасы жанынан мектептер, бірекі сыныптық орыс-түзем мектептері, орыс-түзем училищелері, халықтық училищелер ашылды. Қазақ балалары үшін орысша білім беруге бағытталған барлық оқу орындарын ашу бірдей нәтижелі болмады. XIX ғасырдың 90-жылдарында Торғай облысындағы ауылдық мектептер ашу тәжірибесі оң нәтиже бергендіктен, бұл тәжірибе басқа облыстарда, яғни Ақмола, Семей облысында да жүргізілген еді. Мақалада Ақмола, Семей облыстарындағы ауылдық, болыстық мектептерді ашу тарихы талданады.

**Тарихнама.** Төңкеріске дейінгі тарихнамада А.Е. Алекторов (Алекторов,1905), А.В. Васильев (Васильев,1896) Г.Хохловтың (Хохлов, 1906) зерттеулерінде Торғай облысындағы болыс, ауылдық мектептердің тарихы қарастырылған. Орыс тарихшысы, этнограф, шығыстанушы, миссионер, Астрахан губерниясында, Торғай, Семей облысында халықтық училищелердің инспекторы, директоры болып қызмет жасаған А.Е. Алекторов қазақ өлкесіндегі білім беру жүйесімен өте жақсы таныс болды. Оның зерттеулерінде Торғай, Семей, Ақмола облыстарындағы ауылдық мектептердің тарихы жан-жақты талданады. Торғай облысындағы ауылдық мектептердегі қазақ мұғалімдеріне қатысты субъективті пікір жазған Г.Хохлов болды. Автордың көзқарасы бойынша ауыл мектептеріндегі қазақ мұғалімдерінің қонаққа барудан қолы босамаған, олар өз міндеттерін дұрыс орындамай, шәкірттерге тапсырманы беріп, өздері мектепте сұлап жатады деген сыңаржақты пікір береді. Керісінше, орыс мұғалімдері орыс халқының өкілдері болғандықтан, қазақтарды Ресейді жақсы көруге үйретіп, орыстармен біртұтас бірігуге ықпал етеді деген кертартпа тұжырым жасайды. Ауыл, болыстық мектептердің тарихы М.Г. Греховодов (Греховодов,1913), С.М. Граменицкийдің (Граменицкий, 1896) зерттеулерінде де қарастырылған. Кеңестік тарихнамадағы ауыл, болыстық мектептердің тарихы Т.Тажимаев (Тажимаев,1962), Г.М. Храпченков, В.Г. Храпченковтың (Храпченков,1998) еңбектерінде талданады. Жалпы зерттеушілер ауылдық мектептің құрылу тарихын жеке қарастырмайды, негізінен барлық бастауыш мектептер құрамында қарайды.

**Методология.** Зерттеу жұмысының методологиялық негізі объективтілік пен тарихилық принциптері. Нақты мақсатқа жетуде жалпы ғылыми әдістердегі талдау, салыстыру қолданылды. Тарихи-генетикалық әдістерді қолдану, Ресей империясының ауылдық мектептерді ашудағы саясатының негіздерін көрсетуге және бұл мектептердің бастауыш мектеп жүйесінде ашылған басқа мектептерден ерекшелігі мен тәжірибиенің нәтижелерін көрсетуге мүмкіндік берді.

**Негізгі бөлім.** Орыс тілінде оқытатын қазақ балаларына арналған алғашқы мектеп, 1841 жылы Жәңгір ханның бастауымен Бөкей Ордасында ашылды.1857 жылы Сібір қырғыздары (қазақтары) аймағында облыстық басқарма жанынан қазақ балаларына арналған мектеп ашу туралы Ереже қабылданды. Мектеп облыстық басқармаға қарады. Мектепті ашудағы негізгі мақсат, қазақ балаларынан болыс басқармасындағы сұлтанның іс-қағаздарын жүргізетін мамандарды дайындау болатын. Мектепке қазақтардың аса құрметті саналатын адамдардың 20 баласы қабылданды. Жалпы бұл мектеп барлық қазақ балаларын мектепке тарту мақсатын ұстанбады.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан, Ресей империясы қазақ өлкесінде орысша оқытатын мектептерді жаппай ашу үрдісін бастады. Бұл мектептерді ашу кезінде, 1857 жылғы Ережеге сәйкес мектепке аса құрметті қазақтардың балалары ғана қабылданады деген талаптар болмады. 1868 жылы Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын басқаруға арналған Уақытша Ереженің 262 бабына сәйкес, әрбір уездің басқарма жанында ұлтына қарамастан қабылдайтын жалпы мектеп ашылуға рұқсат берілді. Мектеп уез, облыс басшыларының бақылауында болды. 1867 жылы Сырдария, Жетісу облыстарын басқаруға арналған Уақытша Ережеде, аймақтағы мектептерге қатысты мұндай мәселе қарастырылмады.

1867-1868 жылы Уақытша ереже қабылданға дейін Ресей империясы бұрынғы және жаңадан қосылған Сыр бойы мен Жетісу аймағында мектептер аша бастады. Мысалы, Троицк (1860), Перовск (1860), Қазалы (1860) Түркістан (1873) Шымкент (1875), Әулиеата (1876) қалаларында. Троицкідегі ашылған мектептің мұғалімі Ы.Алтынсарин болса, қалған мектептердің барлығының да, мұғалімдері діни семинарияны бітірген, шіркеу қызметкерлері болатын. 1862 жылы 18 қазандағы бекіністегі мектепке қатысты қабылданған Уақытша Ережеге сәйкес мектеп мұғалімдері Орынбор кадет корпусының, немесе Орынбор шекара комиссиясы жағындағы мектептің түлектері болуға тиісті еді, бірақ негізінен мектепте шіркеу қызметкерлері сабақ берді. Ережеге сәйкес әрбір бекіністегі мектепке 25 қазақ баласы және бекіністегі орыс қоныстанушыларының балалары қабылдануы тиіс болды. Мектептерге орыс, қазақ балалары қатар қабылданғанымен, қазақ балаларының саны аз болды. Сабақ дұрыс жүргізілмеді, ерте көктемнен күзге дейін балалар оқымады. Перовск, Қазалы мектептеріндегі алғашқы қазақ балаларын оқыту тәжірибиесі өз нәтижесін бермеді. 1863 жылы Перовск мектебінде 43 ұл бала, 19 қыз бала оқыса, бітіргені 2 ұл, 2 қыз бала ғана болатын, өйткені оқу барысында балалардың көп бөлігі мектепті тастап кететін (Добросмыслов, 1912: 87)

Бекіністерде мектеп ашу тәжірибиесі сәтсіз жүзеге асқандықтан, XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан генерал губернаторлығының облыс, уез орталықтарында орыс-түзем мектептері, орыс қазақ мектептері, бір, екі сыныптық орыс-қазақ училищелері, халықтық училищелер және Бөкей Ордасында бөлімшелік, старшиндық мектептер, Торғай облысында жорықтық (походная) мектептер ашылды. Алайда бұл мектептер мұсылмандық мектеп, медреселердің ашылуына тосқауыл бола алмады. Сондықтан да мұсылмандық мектептерге ұқсас қазақ көштерінің ортасынан, яғни болыс, ауылдармен бірге көшіп жүретін мектептер ашу мәселесі көтерілді. Мұндай мектептер көшпелі ауылдық мектептер, болыстық мектептер деп аталды. Ауылдық мектептердегі оқу жылы 2-3 жыл болды. Болыстық мектептерде мүлдем хат танымайтындар үшін оқу жылы 4 жыл, ал ауылдық көшпелі мектептерді бітіргендер үшін 2 жыл еді. Көшпелі ауылдық мектептердің курсы бастауыш халықтық училищелердің бірінші, екінші бөліміне, ал болыстық мектептегі оқу приходтық училище бағдарламасына сәйкестендірілді.

Көшпелі ауылдық, болыстық бастауыш сынып мектептерін ашу тәжірибиесі, алғаш 1892 жылы Торғай облысында басталып, кейін басқа аймақтарда жалғасын тапты. 1895 жылы Бөкей Ордасында, 1899 жылы Орал облысында ашылды. 1892 жылы Торғай облысындағы 25 оқу орнының 5 көшпелі ауылдық мектеп болса, 1900 жылы облыстағы училище, мектептердің саны 161 жетіп, оның 83 көшпелі ауылдық мектеп болатын. 1900 жылы көшпелі ауылдық мектепте жалпы 1267 бала оқыды, оның 82 орыс, қалғаны қазақтар, яғни 1151 ұл бала, 34 қыз бала болатын [Обзор, 1902, V].

1899 жылдан - 1908 жылға дейін Орал облысында 38 көшпелі ауыл мектебі ашылып, оның 1 болыстық мектепке айналса, 8 мүлдем жабылып қалған (Миронов, 1910: 178). Орал облысында екі, бір сыныптық орыс-қазақ мектептеріндегі шәкірттің бір жылдық шығыны 57 рубль болса, ал ауыл мектебіндегі оның шығыны 17 рубльді құрады (Миронов, 1910: 188). Көшпелі ауылдық мектептегі бала оқыту шығыны орыс-қазақ түземдік мектептері, халықтық училищелерге қарағанда арзанға түсті. Көшпелі ауылдық мектеп, болыстық мектептердің шығыны тікелей қазақтардың земстволық салыққа төлеген салық есебінен қаржыландырылды. 1895 жылы Торғай облысындағы қазақтардан түскен земство салығының 38.871 рублі ауыл мектебіне бөлінді (Сборник, 1898: 1895)

Торғай облысындағы ауыл, болыстық мектептердің құрылу тәжірибиесінің жетістіктері, Дала генерал-губернаторының қызығушылығын туғызды. 1894 жылы М.А. Таубе Торғай облысының губернаторы Я.Ф. Барабаштан облыстағы көшпелі ауылдық мектептердің нәтижелері туралы сұрас-тырды. «Қазақтар мұсылман мектептерін қолдаумен бірге орыс біліміне де құрметпен қарайды. Орыс мектептерін интернатпен бірге ұстау өте қымбатқа түскендіктен, бұл мектептер қазақтардың 5% ғана қамтыды. Мұсылмандық мектептер ауылмен бірге көшіп жүргендіктен арзанға түседі, орыс билігі оның ашылуына қарсы тұра алмайды. Қазақтардың білімге деген сұранысын қанағаттандыру үшін, орысша оқытатын мектептер ашу қажет, кейін олар мұсылмандық мектептерді ығыстырып шығарады. Қазақтардың көшпелі тұрмысына ыңғайлы қарапайым, арзан көшпелі ауыл мектептерін аштық. 1892 жылы 15

маусымда Қостанай уезінде бірінші көшпелі ауыл мектебі ашылды. Қазақтарға орыс білімін бере алатын, осындай арзан көшпелі мектептерді ашуда алғашқы кезде сәтсіздіктер де болды, бірақ табандылықтың арқасында ғана, мұсылман фанатизіміне қарсы тұруға болады. Мұны тәжірибе ғана көрсетеді - деп жазды Я.Ф. Барабаш Дала генерал-губернаторына жазған хатында» (Алекторов,1905: 161).

Алғашқы кезде Ақмола, Семей облыстарында бағдарламасы ауыл шаруашылығы мектептеріне негізделген екі түрлі мектеп ашу жоспарланды: 1) көшпелі ауыл мектебі; 2) екі сыныптық орыс-қазақ училищелері. Ауыл мектебінің мұғалімдерін қалалық училище курстарында қазақ жастарынан дайындауды, ал екінші типтегі мектептің мұғалімдері мұғалімдер семинариясының түлектері болуы тиіс еді» (Алекторов,1905: 165). Алғашқы жасалынған жоба қолдау көрмеді. Семей облысының губернаторы Семейде мұғалімдер семинариясын ашу жөнінде ұсыныс жасады. Торғай облысындағы мектептердің жағдайымен танысу үшін, Дала генерал-губернаторы Таубенің арнайы тапсырмасымен Селицкий аттандырылды Торғайға аттандырылды» (Алекторов,1905:167).

Торғай облысындағы тәжірибеден өткен көшпелі ауыл, болыстық мектептерді ашу тәжірибиесі, 1901 жылы Ақмола, Семей облыстарында да жүргізу үрдісі басталды. 1901 жылы 11 қазанда Ақмола мен Семей облыстарындағы ауыл, болыстық мектептерге арналған «...Ереже» қабылданды. Оны Халық Ағарту ісінің министрі, сенатор И.В. Мещанин және Халық Ағарту департаментінің директоры Н.Дебольский бекітті (ҚРОМА,369:3761: 9).

Ақмола, Семей облыстарындағы көшпелі ауылдық мектептерді құру Ережесі төмендегідей баптардан тұрды:

1. Ақмола, Семей облыстарындағы ауылдық мектептерді ашудың басты мақсаты, қазақтар арасында бастауыш білім беруді кеңінен тарату.

2. Көшпелі ауылдық мектептер болыстық немесе екі сыныптық орыс – қазақ мектептерінің бөлімшелері ретінде құрылды және жақын жердегі сол мектептердің бақылауында болады:а) меңгеруші ауылдық мектепке бөлінген қаржыны бөліп отырды: мектеп мұғалімдері, күзетшінің айлық жалақысы, мектептің жалға алып отырған ғимаратының пәтер ақысын төлеу, оқушыларға қажетті оқу құралдары, дәптер және тағы да басқа қажеттерін сатып алу; б)мектеп инспекторы дәрежесінде көшпелі ауылдық мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін бақылауға алды; в)көшпелі ауылдық мектепке кеткен шығының есебі туралы есеп беріп отырды.

3. Ауылдық мектеп, ішкі құрылымы бойынша қазақтардың көшпелі өмір сүру салтына жақын болуы қажет, мысалы мектептің құрал-жабдықтары көшуге ыңғайлы, жиналмалы сынып тақтасы, 4 кіші жазу үстелі, саудалық есеп-шот, кітап, дәптерді сақтауға арналған сандық, киіз үй.

4. Оқу жылы сәуір мен қыркүйекте болатын демалысты есептемегенде, жыл бойы жалғасуы тиіс. Сабақ қазан мен сәуір аралығында – жалдамалы жер үйлерде, мамыр мен қыркүйекте киіз үйлерде өтеді. Ауыл мектептерінің оқушылары көктеуден жайлауға және жайлаудан күздеуге көшкенде демалысқа шығады (Греховодов,1913:12).

Мектепте сабақ Рамазан айы, Құрбан Айт күндерінде, 3 күн Пасха мейрамдарында, 24 желтоқсаннан-6 қаңтарға дейін қысқы демалыс күндерінде, әр аптаның жұма күндерінде болған жоқ. Сабақтағы демалыс күндері де мұсылмандардың мейрамдарына жақындатылды. Орыс-түземдік училищеде демалыс күні әр аптаның жексенбі күні болса, ауылдық мектептердегі апталық демалыс күні мұсылмандық оқу орындарындағыдай жұмаға қойылды.

5. Ауылдық мектепте оқытылатын пәндер мен оқу курсы бір сыныптық болыстық мектептің I және II бөлімдеріне сәйкестендіріледі.

6. Ауыл мектебінің мұғалімі жылына бір рет мектеп инспекторының шешіміне сәйкес, өз шәкірттерін болыстық мектеп қарамағындағы арнайы комиссияның сынағына жеткізуі тиіс болды, комиссия қанағаттанарлық пікір берсе, мұғалім бір рет сыйақы алды, оның көлемін оқу округінің попечителі белгілейді.

7. Ауыл мектептері жергілікті қаражат есебінен қаржыландырылды, қаржы жетпеген жағдайда облыстық қазынадан оқу ісіне бөлінетін қаражат есебінен көмек көрсетіледі. Жыл сайын әрбір ауыл мектебінің қаржыландыру шығынына 540 рубль бөлінді: а) мектеп мұғалімінің айлық жалақысына – 360 рубль; б) мектеп үйін жалға алуға (қыста жертөле, жазда киіз үй) және жылытуға, үй ішіндегі мұғалім бөлмесі мен күзетшіге қоса есептегенде шығын – 120 рубль; в) кітаптар мен оқу құралдарына – 20 рубль; г) мектептің жаздағы көшу шығыны мен сынып жиһаздарын көшіруге, жөндеу жұмыстарына – 40 рубль болды (Греховодов,1913:13).

Ақмола, Семей облыстарындағы ауылдық мектептің шығыны Торғай облысымен салыстырғанда жоғарырақ болды. Торғай облысындағы ауылдық мектеп мұғалімінің айлық жалақысы 180 рубль болатын,

шәкірттері емтихан сынығынан өткенде ғана олардың әрбірі үшін 5-10 рубль көлемінде үстемақы төленді. Жылына бір рет ауыл мектебінің оқушылары ерекше комиссия сынағынан өтіп, комиссия оң пікір берсе, мұғалімнің жылына бір рет сыйақы алуға мүмкіндігі болды. Сыйақыны белгілеу округ попечителінің құзырында болатын (Тажибаев, 1962: 475).

Көшпелі ауыл мектептерінде орыс тілі, арифметика, қазақ тілі, мұсылман діні пәндері оқытылды. Орыс тіліне аптасына 12 сағат бөлінді, оқушылар орысша оқыды, жазды, кітаптан мәтіндер көшірді, грамматикалық жаттығулар орындады, жатқа жазды, тақпақтар жаттады. Арифметика аптасына 6 сағат өтті, орыс тілінде сандарды білу, ауызша санай білуге, төрт амалдар бойынша есептер шығаруға үйренді. Мұсылман діні мен қазақ тілі және оның грамматикасына 6 сағат бөлінді. Ауыл мектептері міндетті түрде А.Алекторовтың «Русско-киргизская азбука. К мудрости ступеньки», «Қырғыз хрестоматиясы», «Первоначальный учебник русского языка для киргизов», «Практические уроки русского языка для киргизов» деген оқулықтарымен оқыды (Греховодов, 1913: 10).

1901 жылғы Ережеге сәйкес, Ақмола мен Семей облыстарында көшпелі ауыл мектептері ашылды. Ауыл мектептерін ашу үрдісінде мұғалім мектептердің ашылуына және жұмыс істеуіне жәрдемдесуге құқылы болды. Алғашқы жылдары мектеп ашуда үлкен қиындықтар болды, өйткені қазақтар орыс мәдениетіне оппозициялық тұрғыда қарады және мұсылман дінбасыларының әсері де басым болды. Сондықтан да көшпелі ауыл мектептерін қазақ балаларымен толтыру дұрыс жүзеге аспады. Бұл туралы 1902 жылғы Құдайберген көшпелі ауылының мұғалімі Ержан Аймановтың Ақмола қалалық үш сыныптық училищенің мұғалім-инспекторына жазған рапортында баяндалады: «жергілікті шіркеудегі дін қызметкерінің балаларынан басқа бірде-бір қазақ баласы болмады, әйтсе де ауылдың құрметті және белсенді азаматтарынан ауыл мектебінің ашылуына қатысуын сұрадым... Қазіргі таңда 22 оқушы бар, оның 5-еуі қазақ, (барлығы ұл балалар) және 17 орыс баласы, оның 8 ұл, 9 қыз бала» - деп жазды (ҚРОМА, 369:5091:7).

1902 жылы Ақмола облысында 6 көшпелі ауылдық мектеп ашылды: Ащыкөл, Тілепалған, Ескеней, Қызыл-ағаш, Тасбекет, Құдайберген. Ескеней мектебі Полуден болысындағы қазақтарға арналған алғашқы мектеп болатын. Ол Ербатыр ауылындағы, Ескеней шатқалында ашылды. Мектептің киіз үйі қолайлы, суы мөлдір, жерге тігілді. Жазғы киіз үй шығыны 10 рубль болса, қыстақтағы жылу, жарықпен қамтамасыз етілген үйге 80 рубль қажет болды. Қаражат жергілікті қазынадан алынды. Мектептің ашылуына жағдай жасаған Полуден болысының болыснайы Қуанышев болатын (ҚРОМА, 369:3761:57).

Дала генерал-губернаторы мектеп ашқан болыснайларды марапаттап отырды. Ақмола облысының әскери губернаторы мектеп ашу ісінде үздіксіз еңбек етіп және сол мектептердің ашылуына ықпал еткен болыснайларды «Үшінші дәрежелі» құрмет грамотасымен марапаттауды ұсынды. Терсаков болысының болыснайы Рахымбек Мейрамов өз болысындағы ауылдық мектепті ашқан көмегі үшін марапатталды (ҚРОМА, 369:3761:116). Болыснай, ауыл старшиндарынан басқа да азаматтар ауылдық мектеп ашу ісіне көмектескендері үшін арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

1903 жылдың аяғында Ақмола облысында 11 көшпелі ауылдық мектеп ашылды, олардың екеуі Омбыда уезінде (18 ұл, 3-қыз), үшеуі Петропавл уезінде үшеу (29 ұл), үшеуі Көкшетау уезінде (46 ұл), біреу Атбасар уезінде (44 ұл), екеуі Ақмола уезінде (37 ұл, 11 қыз) болды (Обзор, 1905:61). 1904 жылы 4 ауылдық мектеп ашылды: Айбас-Томар, Покровка, Көктерек, Қопа, 1905 жылы 5 мектеп ашылды: Нілді, Тасөткел, Қаратал, Қиялы, Арқалық (ЖМНП, 1909: 8).

1904 жылы Петропавл уезіндегі ашылған Көктерек мектебі 3 бөлмеден тұрды, оның 1 сынып бөлмесі, 1 мұғалімнің бөлмесі, қалған бір бөлме оқушылардың жатын бөлмесі болатын. Сонымен бірге тамақ дайындайтын асханасы да болды. Мектепке жергілікті басқармадан ақша бөлініп, мұғалімдікке Қостанай педагогикалық курсын бітірген Нұрсейітов тағайындалды (ҚРОМА, 369:3761:177).

Семей облысында 1902 жылы Қандығыатай, Бүйін, Нарым, Қалба, Себен, Маралды, Қараоба, Жарлы, Нарын, Қаракер, 1903 жылы Жалпақ, Бекбайлы, Шұбартау, Егінді-бұлақ, Ертіс-Қалжар, Шақшаю, 1904 жылы Шолдай, Сарыөзек, Мешіт, Үркер, Күршім, Ақкелі, Теренкөл, Баянауыл, Дашандыл мектептері ашылды (ЖМНП, 1909:10).

1907 жылы Ақмола облысындағы ауылдық мектептердің саны 15 болды. Кейде, көшпелі ауыл мектептерінің мәртебесі өзгеріп те отырды. Мысалы, Құдайберген көшпелі ауылдық мектебі, кейін Спасск орыс-қазақ училищесі болып қайта құрылды (ЖМНП, 1909:9). 1910 жылы Ақмола облысында 32 мектеп, 1915 жылы 74 көшпелі ауылдық мектеп болды. 1915 жылы Ақмола облысының Петропавл уезіндегі 17 көшпелі ауылдық мектебінде 301 ер бала, 44 қыз бала оқысы [17, 529-530 бб], Көкшетау уезінің 7 көшпелі ауылдық мектебінде 111 ер бала, 8 қыз бала оқыды (ПКЗСУО, 1916:534), 1916 жылы Ақмола уезінің 9 ауылдық мектебінде 131 ер бала, 8 қыз бала (ПКЗСУО, 1916:537), Атбасар уезінің 13 ауылдық мектебінде 343 ер бала, 34 қыз бала (ПКЗСУО, 1916:536-537), Омбы уезіндегі 28 ауылдық

мектебінде 430 ер бала, 48 қыз бала оқыды (ПКЗСУО, 1916: 523-524). Семей облысының Семей уезіндегі 17 ауылдық мектебінде 1916 жылы 361 ер бала, 11 қыз бала оқыды. Семей уезінің Александров болысының Афанасьевка селосында ашылған Бегеней ауылдық мектебі отырықшылыққа көшкен қазақтардың балалары үшін ашылды. Семейдің Заречная слободасында 1912 жылы ер балаларға арналған Кокон мектебі және 1914 жылы қыздарға арналған мектеп ашылды. Бұл мектептерде 1916 жылы 37 ер бала, 20 қыз бала оқыды (ПКЗСУО, 1916:541-542).

Ақмола облысындағы Атбасар уезіндегі көшпелі ауылдық мектептердегі оқушылар саны, басқа уездердегі ауылдық мектептермен салыстырғанда, 7-20 баладан аспады. Уездегі бала саны көп ауылдық мектеп Ұлытаудағы мыс кенішіндегі Жезқазған ауылдық мектебі завод басқармасының қаржысына салынған еді, мектеп завод үйінде орналасты. 1916 жылы бұл мектепте оқитын ер балалар саны 139, қыз балалар саны-28 болды (ПКЗСУО, 1916: 539).

1915 жылы Петропавл уезі Орта бөлік болысындағы 5 ауыл қазағы Қасымбек Жарылғапов өз болыстарының Көкшетау уезінің Аңырақай, Бәйімбет болыстарымен шекараласуына байланысты, шекаралас жатқан Петропавл, Көкшетау уездерінің қазақтары үшін көшпелі ауылдық мектеп ашуға өтініш білдіреді. Ол мектеп үйіне өзінің жаңадан қайыңнан тұрғызылған үйін беретінін, өз есебінен сыныпқа қажетті парта, тақта, мұғалім орындығын жеткізуге көмек беретінін, қазақ тілінде сабақ жүргізетін мұғалімді өз есебінен, ал орыс тілі мұғалімін қазақтардың салығы есебінен қаржыландыратыны жөнінде өтініш білдірген (ҚРОМА, 369:9498:3-4).

Ауыл мектептерін жергілікті қаражат көзінен қаржыландырды, жетпей жатқан қаражат шығынын Ақмола, Семей облысындағы халыққа білім беру ісінің қаражат қорынан қаржыландырды (ЖМНП, 1909:11). 1910 жылға дейін әрбір көшпелі ауыл мектебі үшін 540 рубль, 1914 жылдан кейін ашылатын жаңа мектептер үшін 500 рубльден бөлінді. Ауыл мектебіндегі әрбір шәкірттің жалпы оқу шығынының орташа ақысы 30 рубль болды.

Жалпы қазақтар көшпелі ауылдық мектептер үшін әр түрлі дәрежеде көмектер ұйымдастырып отырды. 1903 жылы Өскемен уезі Қалба болысының қазақ қауымы мектепті кеңейту және жөндеу жұмысына 300 рубль ақша бөлген. Күршім болысының қазақтары мектеп құрылысы үшін 500 рубль ассигнациялауға өтініш жасаған. Зайсан уезі Қара Ертіс болысының елуліктері Жарлы мектебі үшін берілген Сатыпалдиннің қыстауына жөндеу жұмыстарын жүргізуге, мектепті жылыту, жарықтандыруға және 8 старшин екі жағдайы төмен отбасынан шыққан балалардың азық-түлігін өздері қанағаттандыруға шешім қабылдаған. Ертіс-Қалжыр мектебін ашу кезінде ауыл қоғамы мектептің көш кезінде қашықтауына байланысты, шәкірттердің күнделікті ағарған ішуі үшін, мектепке 8 сиыр берген. 1903 жылы Бөген болысының болыснайы мен Нөркеменов құны 800, 350 рубль тұратын өз үйлерін берген. Павлодар уезі Шақшан ауылдық мектебі үшін Әмірхан Сейсенбаев екі бөлмелі үйін берген. Шақшан мектебі үшін Биеке Шиқымбаев 100 рубль, Л.Муллин 25 рубль көлемінде қайырымдылық жасаған (ЖМНП, 1909: 14).

Зайсан уезі Нарын болысының қазағы Тышқанкөз Хабибулин өзіне тиісті Ақсуаттағы үйін, жыл сайын мектепті жылытуға 60 рубль, мектеп салуға 1000 рубль ақша бөлген. Қазақтардың көшпелі ауылдық мектептерді ашуға көмегі үшін, Дала генерал-губернаторы генерал-лейтенант Сухотин қазақтарға алғыс жариялады (АОБ, 1902:2).

Көшпелі ауыл, болыстық мектепке түскендердің барлығы да мектепті бітірген жоқ, мектепті бітірмей шығып кетуі жиі болды. Мысалы, 1906 жылы Ақмола облысындағы оқушылар саны 386 болса, оның 23-ғана курсты аяқтап, 75 бала оқудан шығып кеткен, Семей облысында 518 оқушының 51 бітірсе, 175 бала оқудан шыққан (ЖМНП, 1909:12). Қазақ балаларының мектепті бітірмей шығып кетуінің әр түрлі себептері болды. Мысалы, мектептің қашықта орналасуы, бейімделудің қиындығы, қаражаттың жетіспеуі, науқасына байланысты және т.б.

Қазақтар негізінен көшпелі ауылдық мектепке жақын қоныстанғанда ғана балаларын берді. Мектептен үш-төрт шақырым жерде қоныстанған кезде, балалар күнделікті қатынап оқитын, ал мектептен он-он бес шақырым көшкенде мектепке жақын жерден айына 1 рубльден-3 рубльге дейін үй жалдап тұрып оқытты (ЖМНП, 1909:14). Әрине, үй жалдап баласын оқытуға барлығының да шамасы келе бермейтін.

**Қорытынды.** Ақмола, Семей облысындағы көшпелі ауылдық мектептер тарихын талдай келе мынадай қорытындыларға келдік. Көшпелі ауылдық мектептердегі балалардың ұлттық құрамы бойынша әр түрлі бөлінуі: қазақ-орыс балалары оқитын ауылдық мектептер, қазақ балалары ғана оқыған көшпелі ауылдық мектептер. Олар көшпелі ауылдық мектеп деп аталғанымен барлығының бірдей көшпегендігін көруге болады. Мектептер жазда көшсе, қыста тұрақты қоныстарға тұрақтанды. Барлық ауылдық көшпелі мектептердің қысқы тұрақтары ыңғайлы болмады, бөлме саны 2-4 бөлмеден аспағанды. Екі бөлмелі қысқы тұрақтар оқуға қолайсыз болды, бөлменің тарлығына байланысты толықтай сынып бөлмесіндей

жабдықталмады. Көшпелі ауылдық мектептердің ашылуын негізінен қолдағандар болыснайлар болатын, кей аймақтарда алғашқы кезде дін иелері қарсылық танытты.

Жалпы Ресей империясының Ақмола, Семей облысындағы көшпелі ауылдық мектептерді ашу тәжірибиесі, Торғай облысындағыдай сынақтан өтіп, өз нәтижесін берді деп айтуға болады. Әрине, бұл Дала генерал-губернаторы, Ақмола, Семей облысының әскери губернаторлары, уез бастықтарының және А.Е. Алекторовтың тікелей араласуымен, Ресей империясының саясатымен жүзеге асты.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Алектров А.Е. Из истории развития образование среди киргизов Акмолинской, Семипалатинской области. – ЖМНП. – 1905. – Ч.СССLXII. – С.154-191*

2 *Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург: Издание Тургайского Областного Статистического комитета. Типо-Литография П.Н.Жаринова. – 1896. – 72 с*

3 *Хохлов Г. Тургайская область. – Санкт-Петербург: Издание Санкт-Петербургского общества, 1906. – 96 с.*

4 *Греховодов М.Н. Народное образование среди киргизского населения Петропавловского уезда Акмолинской области. – Казань: Центральная типография. – 1913. – 32 с.*

5 *Граменицкий С. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. – Ташкент, 1896. – 86 с.*

6 *Тажимаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. – Алма-Ата, 1962. – 504 с.*

7 *Храпченков Г.М. Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана (Учебное пособие). – Алматы, 1998. – 168 с.*

8 *Добросмыслов А.И. Города Сырдарьинской области Казалинск. – Перовск: Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912. – 312 с.*

9 *Обзор Тургайской области за 1900 год. – Оренбург. Типо-литография Тургайского областного Правления. – 1902. – 80 стр.*

10 *Миронов Н.М. Очерк о русско-киргизских школах Уральской области. – Санкт-Петербург: Сенатская типография. – ЖМНП, Новая серия. – Ч. XXVIII. – 1910. – С. 177-200.*

11 *Сборник постановлений по Министерству Народного Просвещения. Т.13. Царствование Государей императоров Александра III и Николая II. – 1894-1895 годы. – Санкт-Петербург: Типография товарищества Общественная польза», 1898. – 1160 с.*

12 *Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві /ҚРОМА, 369-қор, 1-тізбек, 3761-іс*

13 *ҚРОМА, 369-қор, 1-тізбек, 5091-іс*

14 *Обзор Акмолинской области за 1903 год. – Омск: Типография Акмолинского Областного Правления. – 1905. – 107 с.*

15 *Народное образование в Западно-Сибирском учебном округе. – Санкт-Петербург: Сенатская типография. – ЖМНП, 1909. – Новая серия. – Ч.24. (11). – С. 1-39.*

16 *Обзор Акмолинской области за 1915 год. – Омск: Типография Акмолинского Областного Правления. – 1905. – 107 с.*

17 *Памятная книжка Западно Сибирского учебного округа на 1916 годы. Заключая в себе список учебных заведений с указанием времени открытия, источников, содержания, размера платы за учение, числа учащихся личного состава служащих. – Томск: Издание 8, 1916. – 569 с.*

18 *ҚР ОМА, 369-қор, 1-тізбек, 9498-іс.*

19 *Акмолинские областные ведомости. – 1902. – № 42.*

*References in English*

1 *Alektrov A.E. From the history of the development of education among the Kyrgyz of Akmola, Semipalatinsk region. – ZHMNP. – 1905. – CH.SSSLXII. – 154-191pp.*

2 *Vasiliev A.V. Historical outline of Russian education in the Turgai region and its current state. Edition of the Turgai Regional Statistical Committee. – Orenburg: P.N. Zharinov's Typo-Lithography. – 1896. – 72 p*

3 *Khokhlov G. Turgai region. St. Petersburg: Publication of the St. Petersburg Society. – 1906. – 96 p*

4 *Grekhovodov M.N. Public education among the Kyrgyz population of the Petropavlovsk district of the Akmola region. – Kazan: Central Printing House, 1913. – 32 p.*

- 5 Gramenitsky S. An outline of the development of public education in the Turkestan Region. – Tashkent.-1896. – 86 p.
- 6 Tazhibaev T. Enlightenment and schools of Kazakhstan in the second half of the 19th century. – Alma-Ata,1962. – 504 p.
- 7 Khrapchenkov G.M. Khrapchenkov V.G. History of the school and pedagogical thought of Kazakhstan (Textbook) . – Almaty,1998. – 168 p.
- 8 Dobrosmyslov A.I. The cities of the Syrdarya region Kazalinsk, Perovsk, Aulie-Ata and Chimkent.-Tashkent, 191. – 312 p.
- 9 Review of the Turgai region for 1900.-Orenburg:Type-lithography of the Turgai Regional Boar,1902. – 80 p.
- 10 Mironov N.M. An outline about Russian-Kyrgyz schools of the Ural region. - Saint Petersburg. Senate printing house.-ZhMNP, New series, part XXVIII. – 1910. – 177-200 p.
- 11 Collection of resolutions on the Ministry of Public Education. T.13. The reign of the Emperors Alexander III and Nicholas II. -1894-1895 years - St. Petersburg: Printing house of the partnership Public benefit . – 1898. – 1160 p.
- 12 Central State Museum of the Republic of Kazakhstan // CSMRK, collection 369, 1-chain, case 3761
- 13 CSMRK, collection 369, chain 1, case 5091.
- 14 Review of Akmola region for 1903. – Omsk: Akmolinsk printing house Regional Board,1905. – 107 p.
- 15 Public education in the West Siberian educational district // ZhMNP, 1909, New series. Part 24. (11). 1-39 pages.
- 16 Review of Akmola region for 1915.-Omsk: Printing house of Akmola Regional Boar,1905. – 107 p
- 17 Memorial book of the West Siberian School District for 1916. It contains a list of educational institutions with an indication of the opening time, sources, content, the amount of tuition fees, the number of students and the staff of employees. Tomsk: Edition, 1916. – 569 p.
- 18 CSMRK, collection 369, chain 1, case 9498.
- 19 Akmola regional gazette. –1902. – № 42.

ГРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.09>

Б.С. Сайлан<sup>1</sup>, Ә.Т. Құрбанбай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих,  
археология және этнология факультетінің профессоры

<sup>2</sup>тарих, археология және этнология факультетінің I курс магистранты. Алматы қ., Қазақстан

## ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР ЖАҒДАЙЫ

### Аңдатпа

Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде әртүрлі еуропалық және азиялық халықтардың өкілдері, неміс және жапон әскерінің бұрынғы сарбаздары әскери тұтқын ретінде КСРО еңбекпен түзету лагерлеріне түсті. Әскери тұтқындар өнеркәсіптік және құрылыс бөлімдерінде, сондай-ақ КСРО қорғаныс кәсіпорындарында ақысыз еңбек әскері ретінде қабылданды. Лагерь жүйесінің қызметі барысында әскери тұтқындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемалары туындады, қолайлы тұрғын үй жағдайлары жасалмады, бұл әскери тұтқындардың өліміне әсер етті. Негізгі қозғалған мәселе Қазақстан аумағындағы лагерьлерде жұмыс істеген әскери тұтқындардың жағдайы жайында.

**Кілт сөздер:** Ұлы Отан соғысы, Кеңес Одағы, әскери тұтқындар, тұтқын лагерлері, ГУЛАГ, мәжбүрлі жұмыс.

Сайлан Б.С.<sup>1</sup>, Курбанбай А.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>профессор кафедрасы тарихи, археология және этнография КазНУ им. Аль-Фараби,

<sup>2</sup>магистрант факультеті тарихи, археология және этнография КазНУ им. Аль-Фараби,  
Алматы, Қазақстан

## ПОЛОЖЕНИЕ ВОЕННОПЛЕННЫХ В КАЗАХСТАНЕ ПОСЛЕ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

### Аннотация

*В результате Второй мировой войны представители различных европейских и азиатских народов, бывшие солдаты немецкой и японской армий были отправлены в трудовые лагеря СССР в качестве военнопленных. Военнопленных вербовали в качестве неоплачиваемого труда на промышленных и строительных предприятиях, а также на оборонных предприятиях СССР. Во время эксплуатации лагерной системы возникали проблемы с обеспечением продовольствием военнопленных, отсутствием надлежащего жилья, что приводило к гибели военнопленных. В данной статье основным поднятым вопросом является положение военнопленных, работавших в трудовых лагерях на территории Казахстана.*

**Ключевые слова:** Великая Отечественная война, Советский Союз, военнопленные, концлагеря, ГУЛАГ, принудительный труд.

B.S. Sailan<sup>1</sup>, A.T. Kurbanbay<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Professor of the department of history, archeology and ethnography Al-Farabi KazNU,

<sup>2</sup>master's student of the faculty of history, archeology and ethnography Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

## THE SITUATION OF PRISONERS OF WAR IN KAZAKHSTAN AFTER THE SECOND WORLD WAR

### Abstract

*As a result of the Second World War, representatives of various European and Asian nations, former soldiers of the German and Japanese armies were sent to the USSR labor camps as prisoners of war. Prisoners of war were accepted as unpaid labor in industrial and construction units, as well as in the defense enterprises of the USSR. During the operation of the camp system, there were problems with the provision of food to prisoners of war, the lack of adequate housing, which led to the deaths of prisoners of war. The main issue raised was the situation of prisoners of war working in camps on the territory of Kazakhstan.*

**Keywords:** Great Patriotic War, Soviet Union, prisoners of war, concentration camps, Gulag, forced labor.

**Кіріспе:** Ұлы Отан соғысы, біз бұл туралы бәріміз білеміз бе? Соғыстың қайғылы салдарының бірі Кеңес Одағының Үкіметі 1965 жылға дейін ұстаған әскери тұтқындар болды. Ресми түрде кеңес заманының тарих ғылымында әскери тұтқындар мәселесі жарияланбады. Қайта құру кезеңінде ғана ел 1945-1956 жылдар аралығында Кеңес лагерлерінде ондаған мыңнан астам әскери тұтқындардың қайтыс болғанын білді.

**Материалдар мен әдістер:** 1929 жылғы Женева конвенциясына сәйкес, соғыс тұтқындары санатына жаудың қарулы күштерінен, сондай-ақ милиция мен еріктілер топтарынан соғысатын немесе соғыспайтын адамдар (әскери тілшілер, жеткізушілер және т.б.) кірді. Сонымен қатар, қылмыс үшін емес, әскери сипаттағы себептермен бас бостандығынан айырылған кез келген адам [1, 1012 б.].

Орталық атқарушы комитет және КСРО халық комиссарлар кеңесі "әскери тұтқындар туралы ережені" қабылдады, Женева конвенциясына қол қойылмағанына қарамастан, Кеңес Одағы өзінің ішкі саяси мүдделеріне ғана сүйене отырып, оның жекелеген ережелерін ел ішінде іске асырғанын атап өткен жөн. КСРО-да әскери тұтқындар мен тұтқындарды ұстау үшін ГУЛАГ (Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының Бас басқармасы) лагерлерінің кең жүйесі құрылды.

Қайта құру кезеңіндегі мұрағаттық революция Екінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындары мәселесі бойынша тарихи жарияланымдардың пайда болуына серпін берді.

Қазақстандық тарихнама соншалықты қызықты проблемадан тыс қалған жоқ, бұл оның аумағында әскери тұтқындар мен тұтқындарды ұстауға арналған арнайы лагерьлердің болуына байланысты. Ресей тарихшылары арасында В.Галицкийді, С.Кузнецовты, М.Спиридоновты, С.Букинді және А.Долголюкті бөліп көрсетуге болады. С.Букин мен А.Долголюктің есептеулері бойынша "ГУЛАГ тұтқындары 4 млн. астам адам болды, оның ішінде 2 млн. 389 мың неміс, 637 мың адам. жапондықтардың, 514 мың венгер, 157 мың Австрия өкілдері, сондай-ақ басқа да көптеген еуропалық және азиялық халықтардан тұрды" [2, 8 б.].

КСРО ішкі істер халық комиссариаты мәліметтері бойынша кеңес тұтқынында 30 ұлттың түрлі-түсті қоспасы болған Вермахттың 3,5 миллион сарбазы мен офицері болғанын көрсетеді. Майдан шебінен Сахалин мен Якутияға дейін таралған 5 мыңға жуық кеңестік ГУЛАГ лагерьлер архипелагы қалыптасты.

1945 жылғы кеңестік-неміс және кеңестік-жапон соғысы нәтижелерінің бірі Қазақстан аумағында неміс және жапон армияларының әскери тұтқындарының пайда болуы болды. Неміс армиясының тұтқындар саны Сталинград шайқасынан кейін ұлғая бастады, бұл ГУЛАГ лагерлік жүйесін кеңейтті. Қазақстан аумағында алғашқы неміс әскери тұтқындарын қабылдау үшін №99 Спасск лагері, №222 Ақтөбе лагері пайда болды. Шығыс Қазақстан аумағында немістер №347 және №45 екі лагерьдің құрылуымен бір уақытта пайда болды. Жалпы, Қазақстан аумағында 50 лагерь бөлімшелері бар 7 лагерь басқармасы болды.

**Талқылау:** Әскери тұтқындарға арналған алғашқы лагерьлер КСРО-ның еуропалық бөлігінде орналасқан. Қазақстан аумағы, өңірдің белсенді игерілуі мен өнеркәсіптік құрылыстың салдарынан лагерь жүйесінің "торабына" түскен. Әскери тұтқындар, ең алдымен, еркін еңбек армиясы ретінде қарастырылды, оны пайдалану үшін КСРО өнеркәсіптік және құрылыс департаменттері мен министрліктері бәсекелесті. Бір жағынан құрылыс кәсіпорындары министрлігінің, түсті металлургия, ауыр индустрия министрлігінің, екінші жағынан ішкі істер министрлігінің және жергілікті басқару құрылымдарының хат-хабарлары Қазақстан аумағында, оның ішінде Шығыс Қазақстан аумағында әскери тұтқындарды қабылдауға дайындық 1946 жылдың қысында-көктемінде басталғанын көрсетеді.

Тегін еңбек әскери кәсіпорындарды қанағаттандырды, бірақ олар лагерьлерді ұстауға кететін шығындарға қанағаттанбады, яғни кейде әскери тұтқындарды ұстауға керекті жағдай жасалған жоқ. Әскери тұтқындарды әртүрлі тәртіппен алған кәсіпорындарға тән типтік көрініс байқалды. Кәсіпорындардың барлық дерлік басшылары әскери тұтқындарға арналған лагерьлерді жайластырумен тек бірінші партиялар келгеннен кейін ғана айналысты, бұл ретте лагерьді абаттандыру үшін әскери тұтқындардың өздерінің еңбегін пайдаланды [3, 24 б.].

Әскери тұтқындарға арналған лагерьлер мен аймақтарды жабдықтауға қойылатын талаптар КСРО ішкі істер халық комиссариатының нұсқауларымен анықталды және барлық лагерьлер үшін бірдей болды. Әр лагерьдің биіктігі 2,5 метр болатын дуалмен қоршалуы керек және пішіні дұрыс тіктөртбұрышқа немесе шаршыға ұқсайды. Тікенді сым бүкіл периметр бойымен дуалдың үстіне бірнеше қатарға созылды. Қоршаудан бес метр қашықтықта ішінен және сыртынан жеті қатардан тұратын тікенді сымнан жасалған ескерту аймақтары болды. Аймақтың әр бұрышында лагерьдің штабымен байланысуға арналған телефондармен жабдықталған күзет мұнаралары орналасқан. Бүкіл қоршау дабылмен жабдықталған және жарықтандырылған. Әскери тұтқындарға арналған үй-жайлар және құрылыстардың көп бөлігі (амбулатория, монша, кір жуатын орын, наубайхана, дүкен, шеберханалар және басқа да шаруашылық құрылыстар) лагерь аймағының ішінде болған. Лагерь әкімшілігі мен сарбаздарына арналған казармалар лагерьден тыс жерге шығарылды. Әскери тұтқындардың лагерьден тыс жерде тұруына қатаң тыйым салынды [4, 68 б.].

Әрине, бірқатар себептерге байланысты барлық лагерлерде нұсқаулар сақталмады және талаптар сақталмады, көбінесе олар өрескел бұзылды. Өлке аумағындағы лагерьлердің көпшілігі асығыс жабдықталды және белгіленген жадынамаларға толық сәйкес келмеді.

Лагерь бөлімшелерінің орналасуының негізгі өлшемдері, ең алдымен, жол айрықтарының жақындығы болды. Лагерь бөлімшелерінің көпшілігі тікелей қала шегінде және оның айналасында, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен теміржол станцияларына жақын жерде болды. Лагерь бөлімшелері өткен ғасырдың 1940-шы жылдарының екінші жартысында стратегиялық маңызы бар екі ірі өнеркәсіптік қаланың аумағында орналасқан. Өскемен және Лениногорск. Лагерьлердің басқармалары Өскемен мен Лениногорскіде орналасқан, онда өнеркәсіп пен көлік жүйесі дамыған. ГУЛАГ басқармасы ережелері мен нұсқауларына сәйкес лагерь дирекциясына мыналар кіруі керек: саяси бөлім, қаржы-шаруашылық, жедел-тексеру, жоспарлау, өндіріс, санитарлық бөлімдер, жабдықтау, көлік және есеп бөлімдері [5, 28 б.].

Лагерь басқармасы жұмысының маңызды бағыттарының бірі саяси және жедел-чекістік болды. Неміс және жапон әскери тұтқындары лагерьге келгеннен кейін 21 күндік карантиннен өтті, ол әрдайым сақталмады, кейде әскери тұтқындар тек 10 күн карантинде болды, осылайша лагерь бөлімшелерінің басқармасы ішкі істер халық комиссариатының 1945 жылғы №00675 бұйрығын бұзды. 21 күндік карантин кезінде саяси және жедел-чекістік бөлім келген әскери тұтқындарды тексеріп, есепке алды. Бұл тексеру бір жағынан әскери қылмыскерлерді, неміс және жапон барлау офицерлерін, жандармдар мен жазалаушы және арнайы (бактериологиялық) отрядтарда қызмет еткен адамдарды, сондай-ақ ПХК органдарымен ынтымақтасуға дайын адамдарды анықтауға, екінші жағынан КСРО-ға қарсы неміс және

жапон әскери тұтқындарының дұшпандық әрекеттерін болдырмауға, диверсиялық әрекеттерді, қашуды болдырмауға бағытталған.

Жедел-чекістік бөлім барлау, қарсы шаралар қабылдау және т.б.; саяси бөлім кеңестік өмір салтының артықшылықтарын насихаттаумен, идеологиялық өңдеумен және әскери тұтқындардың санасына мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізу әдісімен әсер етумен, антифашистік үйірмелер құрумен айналысты.

Жоспарлау және өндіріс бөлімінде бірдей маңызды міндет болды. Өндіріс бөлімінің негізгі функциясы лагерді кәсіпорындармен және ұйымдармен шарттар жасасу арқылы әскери тұтқындар контингентін еңбекке пайдалану арқылы қамтамасыз ету, сондай-ақ өндірістік нормалардың орындалуын жоспарлау және бақылау, күрделі өндірістік объектілерде қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету болды. Көбінесе кейбір кәсіпорындардың басшылары мен құрылыс учаскелерінің басшыларының жұмыс күшін ұйымдастырушылық-техникалық басқаруға немқұрайлы қарауына және әскери тұтқындардың еңбегін барынша пайдалану ұмтылысына байланысты жекеленген жұмыс орындарындағы әскери тұтқындар арасында өндірістік нормалардың орындалмауы және еңбек тәртібінің әлсіреуі орын алды. Соңғы факт кәсіпорындардың мемлекеттік жоспарының орындалуына және лагерьлерді басқаруға әсер етті, бұл, әрине, жоспарлау және өндіріс бөлімінің қызметін бағалауға әсер ете алмады.

Ресей мемлекеттік әскери мұрағатының мұрағаттық материалдары бойынша 1945-1951 жылдары КСРО ПХК-ПМ әскери тұтқындар және тұтқындар істері жөніндегі Бас басқармасының бөлімінде Лениногорск маңындағы №347 лагерь арқылы КСРО ПМ ерекше анықтамалық бюросының қорында 1945 жылдың мамырынан 1948 жылдың тамызына дейін 7693 әскери тұтқын өтті, оның ішінде 2948 бұрынғы жапон армиясының сарбаздары және 4745 неміс сарбаздары. Өскемен қаласында орналасқан № 45 лагерь арқылы 5466 әскери тұтқын өтті, оның ішінде 4926 бұрынғы жапон және 540 бұрынғы неміс армияларының өкілдері. Жалпы алғанда, Шығыс Қазақстандағы екі әскери тұтқындар лагері арқылы 13159 әскери тұтқын, оның ішінде 7874 жапон және 5285 неміс сарбаздары өтті.

Кеңес әскері бас штабының 1 қыркүйектегі шифрына сәйкес жапон әскери тұтқындары Кеңес Одағының әртүрлі нүктелеріне жіберілді, оның ішінде Қазақ ССР – не 50 мың адам жіберілді, оның ішінде: Қарағанды облысына – Қазақ металлургия зауытының, машина жасау зауытының құрылысына, Ақшатас вольфрам комбинаты үшін – 10 мың адам, "Қарағанды көмір" үшін – 10 мың адам, түсті металлургия халық комиссариаты қарамағына – Жезқазған үшін - 3 мың адам, Шығыс Қазақстан облысы құрылыс комитетіне және түсті металлургия халық комиссариаты қарамағына Риддер, Өскемен және Зырянда жұмыс істеу үшін - 15 мың адам, Оңтүстік Қазақстан облысы және түсті металлургия халық комиссариаты қарамағына үшін - 3 мың адам [6. 15 б.].

Келтірілген статистикалық көрсеткіштер №347 лагерьдегі неміс әскери тұтқындарының саны жапондық әскери тұтқындарының санынан екі есе көп екенін айқын көрсетеді. Лагерьдегі әскери тұтқындардың жалпы саны 3000 мыңнан 5100 адамға дейін болды.

№45 лагерьде статистикалық көрініс керісінше болды, жапон армиясының әскери тұтқындарының саны неміс армиясының әскери тұтқындарының санынан 9 есе көп болды. Жапондық әскери тұтқындардың № 45 лагерьге белсенді келуі 1946 жылдың көктемінде №10 зауыттың құрылысын жеделдету мақсатында басталды.

Өскеменде стратегиялық маңызы бар объектілер санының көп болуына байланысты жапондардың әскери тұтқындарының басым бөлігі №45 лагерлердің басқаруында орналасты, бұл лагерь әскери тұтқындарының жалпы сомасының 88%-ын құрады, №347 лагерьде олардың саны әскери тұтқындардың жалпы санының 27%-ын құрады. 8497 адам көлемінде архивтік санды есепке алғанда және екі жыл ішінде орташа санды шартты түрде 1,5 есе ұлғайтып, біз ортақ бөлгішке, яғни 8497 адамға келе аламыз. Неміс армиясының әскери тұтқындарының санына келетін болсақ, олардың орташа қатынасы №45 лагерьде 12%, №347 лагерьде 73% құрады, жүргізілген есептеулерге сәйкес олардың жалпы саны шамамен 7500 мың адамды құрады.

Кеңес Одағы лагерлерінде жапон әскери тұтқындарының өлімі туралы мәселе ең қиын мәселелердің бірі болып табылады. Ресей мемлекеттік әскери архивы материалдарына негізделген А.Михееваның есебі №347 лагерьлерді басқару бойынша 1945 жылғы мамырдан 1948 жылғы тамызға дейін 248 әскери тұтқын қайтыс болғанын, №45 лагерьлерді басқару бойынша 1946 жылғы қаңтардан 1947 жылғы қазанға дейін 198 әскери тұтқын қайтыс болғанын көрсетеді. Шығыс Қазақстан аумағында екі лагерьден өткен әскери тұтқындардың жалпы санын ескерсек, бұл 2,7%-ды құрайды. Әскери тұтқындар өлімінің негізгі себептері әртүрлі аурулар және бұрын алған жарақаттар, сонымен қатар тасымалдаумен байланысты өлімдер, сапасыз нашар тамақтану, Шығыс Қазақстанның қатал климаттық жағдайларындағы ауыр дене еңбегі

жиынтығында әскери тұтқындардың ағзасын сарқып тастады, және тиісінше бұл кейде өлім жағдайларына алып келді.

**Кіріспе.** Қазақ елінде жоғары білім ордасының «қара шаңырағы» атанған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2020 жылы 1 қыркүйекте жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын іске асыру барысында жоғары мектептерде білім беру сапасын арттыруға бағытталған игі іс-шаралар ұйымдастырып жатыр. Әлемдік үздік университеттеріне қатарына еніп, QS рейтингінде 165-орынды иеленген, ұлттық рейтингтік лидері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде елімізде жүргізіліп жатқан инновациялық жобаларға сәйкес сандық технологиялар жүйесіне толықтай көшу, қашықтықтан білім беру саласының бірегей платформасын құру, соны ғылыми-практикалық жобаларды, технологияларды білім мен өндірістің бар салаларына енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Еңбектің өзектілігі біздің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы да Ұлт жоспары мен университеттің стратегиясына сай кафедра тыңдаушыларына – шетелдегі этникалық қазақ жастарына қашықтықтан оқыту саласында сапалы білім беруді, ғылыми-инновациялық зерттеу жұмыстарын қамтамасыз ету барысында нәтижелі де табысты жұмыстар атқару шараларын жүргізуді жоспарлап отыруында. Осы бағытта онлайн оқыту жүйесі күндізгі оқу саласына, толыққанды оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін қажетті барлық функцияларды, оқу-өндірістік, материалдық базаны онлайн білім беру платформасына бейімдеу шаралары алдын ала жүргізілді.

**Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты** отандық білім беру саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу аясында, шетелдегі этникалық қазақ жастарына дайындық курсы бойынша қашықтықтан білім беру платформасын дамыту жолдарын талдау болып табылады.

**Ғылыми зерттеу жұмысының міндеттері** – дайындық курсы қашықтықтан оқыту мәселелерін талдау асыру барысында Қазақстан Республикасында білім алғысы келетін шетелдік қазақ жастарына мемлекеттік тілде оқытудың қысқа мерзімді дайындық курсы ашу, академиялық топтар мен қашықтықтан білім берудің дербес сайты құру.

**Ғылыми зерттеу жұмысының басымдығы** әлемдік және отандық қашықтықтан білім беру саласының озық үлгілерін ғылыми және практикалық тұрғыдан сараптай отырып, шетелдік этникалық қазақ жастарына қашықтықтан білім берудің инновациялық технологиясын қалыптастыруында болып табылады. Жұмыстың ғылыми маңызы мен тәжірибе жүзінде әлемдік деңгейге сәйкестігіне тоқталсақ, дүниежүзінде сарапшы мамандар қашықтықтан білім беру саласының болашағы зор екендігін айтып отыр. Пандемия кезінде дәстүрлі оқу үдерісімен білім беру мүмкіндігі болмаған тұста, онлайн оқуға көмекке келді. Ағылшынша EdTech немесе білім беру саласындағы технология бұл мәселенің қанша-

лықты өзекті екенін көрсеткендей. Қазір мамандар онлайн оқыту саласының қарқынын 165 млрд долларға бағалап отыр, ал бес жылдан кейін бұл көрсеткіш екі есе өсетінін алға тартады. Жалпы онлайн курстар нарығы көптеген елде қатар дами бастады.

**Зерттеу жұмысының әдістемесі** отандық білім беру саласындағы қашықтықтан оқыту жүйесі алыс және таяу шет елдердің озық тәжірибелерін салыстыру, саралау, зерделеу, жинақтау әдістеріне сүйене отырып, осы бағытты іске асыру үшін оқу үдерістерін талдау жасап көрсету арқылы жүргізіледі. Мәселен, 2012 жылы АҚШ-та Coursera платформасы пайда болды. Сол жылдары көршілес Ресейде де қазір халықаралық дәрежеде мойындаған жобалар іске қосылды. ...Қытай Мен Үндістанның технологиялық жетістіктеріне әлем таңғалуда. Электрондық оқытуға Африка елдері де бет бұра бастады. Бұл әлемдік үрдіс біздің елімізді де айналып өтпеді. Биылғы оқиғалар елдегі онлайн оқыту саласының төмен деңгейін ашық көрсетті [1, 4]. Елімізде дайындық курсынан жылдық, тілдік курстардан қысқа мерзімді арнайы онлайн оқыту платформасын құру қажеттілігі туындап отыр. Ғылыми зерттеу жұмысының *өзектілігі* – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың таяу және алыс шетелдердегі қазақтарды атамекеніне қайтарып, оларды еліміздің демографиялық ахуалын жақсартуға, еліміздің тәуелсіздігін тұғырлы ету үшін, адал қызмет етуге, экономикалық әлеуметтік әлеуетін арттыруға қатысты көтерген кемел бастамасын жүзеге асыруда тиімді жолдардың бірі – оларға тарихи отанында ана тілінде білім алу үшін мемлекеттік стандартқа сай жалпы орта білім деңгейін меңгертетін қарқынды оқытудың онлайн дайындық курстарын ұйымдастыруды ұсынады. Сапалы білімді саналы тәрбие ісімен ұштастырып, тарихи Отаны туралы жағымды оң азаматтық-әлеуметтік көзқарасты қалыптастыра отыра, атамекенін тарихи Отаным деп танып, Қазақстан Республикасының интеллектуальдық әлеуетінің артуына, экономикасының дамуына оларды өз үлестерін қосуға баулуды көздейді.

Қашықтықтан оқыту жүйесі отандық білім беру саласындағы инновациялық бағыт болып табылады. Алайда бүгін ғана пайда болған үдеріс емес. Қашықтықтан оқыту үдерісі қазіргі уақытта қанатын кең жайып келе жатқан жаңа бағыт. Осы бағытта біздің университет те қарқынды жұмыс істеуде. Арнайы департамент құрылған. Бұл департамент әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, MOOK-тің өзіндік бағдарламасын жасаған. «MOOK – это новый способ удовлетворить потребности в образовании» [2,1] атты айдармен әртүрлі мамандық салалары және жекелеген пәндер бойынша ашық онлайн курстар жүйесі университет сайтында ұсынылған. Онлайн курсты ұйымдастырушылар, қашықтықтан оқу бағдарламасын жасау жұмысы 2013 жылдан басталған, оқу үдерісіне 2015 жылы енгізілді дей келе, онлайн курстарды дайындауға тілек білдірген, оқуға сұраныс білдірген адамдарға техникалық және әдістемелік көмек көрсетуге және келелі кеңес беруге әзір екендігін мәлімдеп, мекенжайларын көрсетіп қойған. Онлайн жүйеге географиялық мекенжайына тәуелсіз кез келген жерден тіркеліп, қалаған курсын оқи алады. Қашықтықтан оқыту жүйесі – бұл бұрынғы сырттай оқу бөлімін толықтай алмастыра алатын және мазмұнды білім бере алатын қолайлы жүйе. Сондықтан да уақытын ағымынан қалмау үшін біздің факультетке өте қажетті жүйе. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту жүйесі қарқынды түрде дамып келеді. Себебі оқу орындарынан қай жерде, қандай шалғайда тұрсаң да, кез келген пән бойынша толыққанды білім алу үлкен мәселе емес. Онлайн оқыту саласының дәстүрлі оқыту жүйесінен өзіндік артықшылықтары бар. Мысалы, білім алушы жеке дара оқи алады, белгіленген уақытта, қатып қалған сабақ кестесі бойынша емес, қалаған кезінде, бос уақытында оқи алады, тілек білдірушілердің – оқығысы келетіндердің бәрінің қол жететін оқу жүйесі, әлеуметтік жақтан өзге білім алушылармен бірдей тең құқыққа ие. Біріншіден, тыңдаушы шалғайда тұрып та, білімнің қажетті ресурстарын пайдалана алады, сонымен қатар оқытушымен тікелей байланыса алады, оқу барысында түсінбеген сабақтың тұстарына қатысты сол сәтте-ақ сұрақтарын қоя алады, оқуға қатысты туындаған түйткілді мәселелерді бірлесе отырып шеше алады. Сабақты онлайн және офлайн түрде ұйымдастыруға болады. Мысалы, қыс кезінде еліміздің кейбір аймағында табиғаттың қаталдығына байланысты және тағы да басқа себептермен мектептерде оқу кейде уақытша тоқтатылып қалатыны баршамызға аян. Осындай кездерде де сабақты үзбей онлайн жүйесімен оқытуға болар еді. Әрине, бұл үдеріс, мемлекет пен билік тарапынан материалдық-моральдық тұрғыдан қолдауды қажет ететін шара.

Онлайн оқыту жүйесін тиімді түрде пайдаланып жүрген білім ордаларын, мен, Наралиева Р.Т. (жұмысты зерттеу барысында «Өрлеу» орталығында мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында дәріс оқығанмын және осы орталық ұйымдастырған ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысқанмын) атап айтсам, мысалы, республикалық «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы мен оның филиалдары болып табылады. Мұғалімдердің біліктілікті арттырудың үш айлық курстың екі айы күндізгі оқыту үдерісі және бір айы қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша жүзеге асырылса, қазіргі карантин кезінде тек қашықтықтан оқыту үдерісі бойынша ұйымдастырылуда. Сонымен қатар Ресейдің технологиялық

университетінің Қазақстандағы филиалы да оқу барысын қашықтықтан оқыту жүйесімен жүзеге асырады. Студенттер апта немесе ай сайын не апта сайын бір рет онлайн жүйеде алған білімдері бойынша тапсырма орындайды, сынақтар тапсырып отырады. Сынақ және бақылау жұмыстары, тапсырмаларға белгілі бір мерзімде мөлшерленген уақыт беріледі. Оқу курсы толық аяқталған соң емтихан тапсырады.

**Зерттеу жұмысының нәтижесі.** Бұл оқу үдерісінде жекелеген және жалпы пәндерден білім алумен қатар білім алушы өзінің білімін тереңдете отырып, өзін-өзі өсіру, жеке тұлға ретінде дамыту мүмкіндігіне қол жеткізе алады. Онлайн оқытудың басты ерекшеліктері: 1) оқытудың онлайн форматы, 2) практикаға бағытталуы, 3) өзіндік ізденіске жетелейтін бағдар беруі болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда тәжвирусына байланысты төтенше жағдай жарияланды. Еліміздегі жоғары және арнайы орта білім беру мекемелері мен жалпы орта білім беретін мемлекеттік және шағын жинақты мектептер қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Мектептер ағымдағы 6 көкектен бастап ҚОЖ бойынша балаларға білім беру үдерісін бастады. Бұл жүйеге толықтай көшер алдында елімізде байқау сабақтары жүргізіліп, білім ордаларының дайындығы алдын ала тексерілді. Тексеру нәтижесіне байланысты ғаламтор жүйелері, мессенджер арқылы ұстаздар оқушыларды оқыта бастады. Сонымен қатар теледидарда белгіленген кесте бойынша дәрістер көрсетіледі. Және «bilimland», «aimekter», «daryn» секілді республикалық порталдар да онлайн, оффлайн өз қызметтерін ұсынып, ұстаздарға көмекке келді. Мынадай карантиндегі күрделі жағдайда мен өзімнің ғана емес, білім алушыларымның да көңіл-күйі көтеріңкі болуына әсер ететін логикалық тапсырмалар мен жұмбақтарды уатсап арқылы ортақ чатқа жіберіп отырамын. Бұл қашықтықтан оқыту жүйесінде ZOOM бағдарламасы мен уатсапты пайдаланамын. ZOOM бағдарламасы балалармен онлайн сабақты жүзбе-жүз экран алдында кездесу арқылы жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту жүйесі кейде бүкіл топ тыңдаушыларының көзінше тақта алдына шығуға қысылатын білім алушыларға өзін еркін ұстауына қолайлы болды. Кәдімгі сабақта енжар отыратын білім алушы онлайн режимінде белсенділік танытып жүр. Қашықтықтан оқыту жүйесінің басты артықшылығының бірі – уақытты үнемдей алатын болдым. Осы үнемдеген уақытымды өзімнің кәсіби деңгейім мен шеберлігімді арттыруға жұмсаймын. Сабақтың қызықты болуына көңіл аударамын. Сабақтың тақырыбына қарай қосымша тың мәліметтерді таныстырып, оқушылардың қызығушылығын ояту үшін білім сайысын, пікір алмасу, пікірталастар ұйымдастыру арқылы олардың белсенділігін арттыруға тырысамын.

Онлайн оқыту жүйесінің дәстүрлі оқыту саласынан артықшылықтарына тоқталсақ, адам жас ерекшелігіне қарамастан өзінің мүмкіндігіне қарай және қалауына қарай таңдаған пәні, мамандығы бойынша білім ала алады.

Қашықтықтан оқыту жүйесі басты екі сала бойынша жүзеге асырылады. Онлайн және оффлайн жүйелері бойынша оқу бағыты ұйымдастырылады. Енді осы екі оқу жүйесінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталсақ. «Онлайн» термині ағылшын тілінің «to be on line» – желіде болу деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан [3,52]. Бұл термин ғаламтор жоқ кезде-ақ, яғни компьютер коммутаторлық телефонмен немесе желілік модем қосылатын уақытта пайда болған. Бұндай электронды (BBS) тақтаға осылайша қосылып, өздеріне жіберілген хабарламаны оқып, оған жауап беретін және пікір алмасатын еді. Байланыс үзілген жағдайда (BBS) тақтасын пайдаланушылар оффлайн жағдайына ауысатын.

«Онлайн» термині барлық жағдайда екіжақты тікелей байланысуы, пайдаланушылардың ғаламторда ашық қарым-қатынасқа түсуі болып табылады, ал оффлайнда бұндай мүмкіндік жоқ. Онлайн оқытуда адам бойындағы әлдебір ерекшеліктеріне қарамастан шектеусіз білім ала алады. Меңгере алмаған тақырыбын өз қалауынша бірнеше рет қайталап оқиды.

Онлайн оқыту. Адам қалауына қарай: кез келген уақытта, кез келген жерде оқи алады, тек ғаламтор ғана қажет. Арнайы бейімделген сайт ресурсы білім алушының қондырғысының рұқсатымен орналастырылады және сан алуан дидарлармен/дисплейлермен қолайлы жұмыс істеуді жүзеге асыра алады.

«Оффлайн» термині де ағылшындардың «off line» сөзінен шыққан, мағынасы желіден үзілген, автономды деген мағынаны білдіреді. Мысалы, оффлайн – перифериялық қондырғы, ол пайдаланушының компьютеріне қосылмаған. Бірақ сайттың қажетті ақпаратын, парағын өз компьютеріне сақтау арқылы, ғаламторға кірмей-ақ, автономды – оффлайн жүйеде қолдануға болады. Арнайы оффлайн-браузерлер бар, бұндай браузерлер сайтты толығымен жүктеп алуға мүмкіндік береді. Оффлайн түрінде оқыту дегеніміз – сабақты алдын-ала жазып дайындап, сайтқа, білім порталына салып қою.

Онлайн жүйесі әрқашан ғаламтордың болуын қажет етеді. Ғаламтор жоқ жерде оқи алмайсыз. Оффлайнның артықшылығы ғаламтордың үнемі болуын қажет етпейді. Оффлайн сабақ алдын-ала дайындалады, сондықтан ұйымдастырудың барлық сәттерін ұтымды ету мүмкіндігіне ие, алайда, байланыс тікелей емес.

Қашықтықтан оқытудың онлайн мен оффлайн салаларымен толық танысқан соң, сабақты ұйымдастырушылар мен білім алушылар өздеріне оқудың қолайлы түрін таңдай алады.

Онлайн оқыту жүйесін салыстырмалы түрде қарастыру бағытында көрші ел – ресейлік ресурстарымен толығырақ танысып, оқыту жүйесі туралы ақпаратты тереңірек білгілеріңіз келсе, «[Разработка → 27+ ресурсов для онлайн-обучения](#)» сайтына кіріп танысуға болады.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда ЖОО-ға шетелдегі этникалық қазақ жастарын дайындайтын ұлттық университеттерде дайындық бөлімдері жұмыс істеуде. Дайындық бөлімдерге мектепті аяқтаған құжаттар арқылы қабылданады. Дүние жүзі бойынша елімізден сырт жерлерде 5,5 млн-ға жуық қазақ өмір сүрсе, жыл сайын дайындық курсына бар-жоғы 1 мыңға жуық қазақ жастары келеді. Ал ана тілінде білім алғысы келетін шетелдегі қандастарымыздың бәрінің бірдей тарихи отанында білім алуға мүмкіндігі жоқ. Отандық білім беру саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу аясында шетелдегі этникалық қазақ жастарына дайындық курсы бойынша қашықтықтан білім беру платформасын қалыптастыру қазіргі кезеңде кезек күттірмейтін негізгі мәселе болып табылады.

Мемлекеттік білім беру стандартына сай жасалған дайындық курсының типтік оқу жұмыс бағдарламалары, оқу жоспары бойынша әрбір пән бойынша академиялық онлайн сабақтың дедлайны белгіленеді. Сабақтың жаңартылған мазмұны даярланады, оқытушы құрамының бекітілген санақ жазбалары жасау үшін отандық және әлемдік білім беру саласындағы жетістіктер мен оққылықтарға сараптама жұмысын жүргізу, зерделеу керек. Қашықтықтан сапалы да қолжетімді білім беру жолында оқу саласының методикасы мен жұмыс мазмұны инновациялық технологиялық жүйеге бойынша жаңа структура бойынша құрылуы тиіс.

ЖОО-ға дейінгі білім беру курстары бойынша қашықтықтан оқыту үдерісін тәзірлеудің алғышарттарын талдау барысында зерттеу мүшелері ең алдымен отанымыздағы қазақтар мен шетелдегі этникалық қазақтардың ұлттық мүддесінің, мәдениетінің сабақтастығы уақыт пен кеңістіктің аясында айқындап, шетелдегі этникалық жастардың зияткерлік-интеллектуальдық әлеуеті, елімізге қосар үлесі, тек демографиялық өсуімізге ғана емес, Қазақстанның экономикасының дамуына және интеллектуальдық әлеуетінің артуына қосатын олардың өзіндік үлестері ғылыми-теориялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылып, ғылыми негізде практикалық тұрғыда негізделді, дәйектелінді. *Елбасымыздың бастамасына* орай оларды атамекенге тартудың тиімді механизмі анықталып, ғылыми-теориялық талдаулар жасалып, шетелдік қазақ жастарын туған еліне тартудың, туған халқына қызмет етуге шақырудың ұтымды жолы – оларды атамекенінде білім алуға шақыру екені анықталды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінде «...Мен әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенге оқуға және қазақ еліне қызмет етуге шақырамын! Қазір жаңа дәуірге қадам басқан Қазақстанға отаншыл, білімді жас мамандар аса қажет. Жас қыздар мен жігіттер келіп оқитын болса, осында оқу бітіріп, мамандық алып, кейін ата-аналарын шақырып алатын шығар. Ол да қажет....» [4, бб.2-9] деген еді. Сонымен қатар кафедрада тұрақты түрде «Жас талант» атты студенттер бизнес инкубаторы (ары қарай – СБИ) жобасы жұмыс істеп келеді. Жоба жетекшілері филология ғылымдарының кандидаты Ж.Ибраимова мен М.Ибрагимованың жетекшіліктерімен СБИ жоба аясында тыңдаушылар бірнеше ғылыми жобалар жасап, университет және республика көлемінде жүзделі орындарға ие болды. Мысалы «Көпмедиялы құлып», т.б. жобалар жасалды. Кафедрамызда білім алушы жастарға болашақ мамандығы туралы кәсіби бағдар, кеңес берудің тиімді жолдары қарастырылады. Қазіргі уақытта М.Ибраимова «ЖанатБақыт» сән үйімен бірлесе отырып, «Meruertbrend» атты шағын бизнес кәсіпкерлігі құру бағытында жұмыс істеп жүр. «Бүгінгі білімді студент – ертеңгі білікті маман» ұранымен Жоба аясында «Мамандығың – өмірлік серігің», Кәсібің – нәсібің», «Мың түрлі мамандық» атты кәсіби-танымдық шаралар және «Білім жәрмеңкесін», көрме өткізу істері ұйымдастырылады. Өз мамандығын дұрыс таңдау жастарға үдкен өмір жолын сәтті бастауына себеп болары айқын. Әрбір білімді де білікті маман еліміздің экономикасының артуына, еліміздің гүлдене беруіне өзіндік үлесін қосатыны абзал.

Еңбекте әлемдік және отандық қашықтықтан білім беру саласының озық үлгілерін ғылыми және практикалық тұрғыдан сараптай отырып, шетелдік этникалық қазақ жастарына қашықтықтан білім берудің инновациялық технологиясын қалыптастыру жолдары – қазіргі ақпараттық құралдардағы деректер мен әртүрлі қоғамдық пікірлерді [5, 16] саралай отыра, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеп, талдап, мүмкіндіктерді қарастырып, шетелдегі этникалық қазақ жастарының менталитетін ескере отырып, оларға атамекенінде білім алудың жеке тұлғаға бағытталған білім берудің бейімделген оңтайлы әдісін, виртуальды саяхат жасату арқылы отандық ғылыми әлеуетін таныту, қашықтықтан білім беру мен кәсіби бағдар туралы онлайн кеңес беруді ұсынуында болып табылады.

Отандық онлайн оқу-әдістемелік бағытының республикада, таяу және алыс шетелдердегі маңызы, күтілетін нәтиженің әлемдік деңгейге сәйкестігіне тоқталсақ, *оқшаулану кезеңінде қашықтықтан оқыту үдерісінің ғылыми және практикалық маңызы зор*. Әлем елдеріндегі, Германия, Ресей, Израиль [6, Р. 31-60] секілді мемлекеттердің этникалық топтарына қатысты тәжірибелері мен өз еліміздегі атқарылып жатқан шараларды саралай отырып, таяу және алыс шетелдегі этникалық қазақ жастарын атамекенге тартудың маңызы зор екендігін теориялық тұрғыдан талдап зерттей отыра, практикалық мәнін айқындады. Мысалы, елімізге келіп, туған халқына қалтқысыз қызмет етіп, Тәуелсіздігіміздің рәмізі – мемлекеттік нышандарымыздың авторларының бірі – Ж.Мәлібеков және қазақтың ән өнерін әлемге паш етіп, Еуропада, Ла-Скалада ән шырқап жүрген Майра Керей, қазақ халқының ұлттық би өнерін дамытуға өз үлесін қосқан биші Шұғыла, «Қара жорға» биін Гиннестің кітабына енгізіп, ұлттық брендіміз еткен Қытайдан және тағы да басқа шетелдерден келген шетелдегі этникалық қазақ жастарымыз бен туған халқына аянбай қызмет етіп жүрген, қоғам қайраткері Бекболат Тілеухан сынды жеке тұлғалармен қатар, «Гүлбахар», т.б. секілді кәсіпорындарды ашқан шетелден келген қандастарымыз жеке кәсіпкерлікпен шұғылданып, отандық өндірістің, ұлттық қолөнерімізді, ұлттық бұйымдарымыздарды шығарып, мемлекетіміздің экономикасы мен интеллектуальдық әлеуетінің артуына өзіндік үлестерін қосып жатыр. Болашақта елімізде білім алған шетелдегі этникалық қазақ жастары тәуелсіз де жас Қазақстан Республикасын тарихи отаным деп танып, атамекенге оралып, олар да еліміздің өркендеп өсуіне өз үлестерін қосады деген мақсатпен шетелдегі этникалық қазақтарын тарихи отанында білім алуды ұйымдастырады.

**Жұмыстың перспективасы** заманауи ақпараттық технологиялық құралдарды пайдаланып, жиналған мәліметтерді, деректер мен әртүрлі қоғамдық пікірлерді талдап, жиналған материалдарды [7,79-81; 8, Р.79-816; 9, Р.80] ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырып, тұжырымдар жасау арқылы, таяу және алыс шетелдерде, әсіресе Еуропа елдерінде өмір сүріп жатқан қазақ жастарының менталитетін ескере отырып, оларға атамекенінде білім алудың жеке тұлғаға бағытталған [10, 82-89] білім берудің бейімделген оңтайлы және отандық жастарға қашықтықтан ЖОО-ға дейінгі білім берудің қарқынды оқыту әдістерін [11, 63-69] ұсынуында болып табылады.

Елбасымыздың шетелдегі этникалық қазақ жастарын атамекеніне қайтаруға шақырған парасатты бастамасын жүзеге асыру жолында Тәуелсіз Қазақстан Республикасының интеллектуальдық әлеуетін арттыруға шетелдік қазақ жастарын тартудың тиімді жолдарының бірі – оларға тарихи отанында ана тілінде білім алу үшін мемлекеттік стандартқа сәйкес жалпы орта білім беру бойынша дайындықтан өткізетін қашықтықтан қарқынды оқыту курстарын ұйымдастыруды ұсынады. Қазақтың дәстүрлі төл тарихымен, жәдігерлерімен, мәдениетімен, әдебиетінің негіздерін [13, стр.82-89] анықтап бойларына сіңірту, сырттан келген басқа да діни ағымдардың ұлт болмысына ықпалының қаншалықты зиянды екенін көрсету, таным мен зерттеудің ғылыми тәсілдерін қалыптастыра отырып, шығармашылық-кәсіби ойлау дағдысын қалыптастыру керек.

**Қорытынды.** Осы мақалада қашықтықтан оқыту үдерісін жүзеге асыруға қатысты онлайн білім беру саласын кешенді түрде іске асыру технологиясы мен әдістемесі ұсынылады. Отандық және әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибелерге сүйене отырып, авторлар мысалы, Германия мемлекетінің неміс диаспорасын, Израиль елінің еврей диаспорасын тарихи отанына тарту жолында қолданылған және өз елімізде атқарылып жатқан әртүрлі игі шараларды сараптап отырып, қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асыруда 1-кезеңде теориялық мәселелерді, оқу жұмыс жоспарын, оқу бағдарламаларын жасау, қашықтықтан қарқынды оқыту дайындық курсына қажетті материалдармен жабдықтау істерін ұйымдастыру қарастырылады. Жұмыстың 2-кезеңінде практикалық жағын – мемлекеттік стандартқа сай қашықтықтан жалпы орта білім беру шараларын, кәсіби бағдар беру, оқу үдерісін ұйымдастыру, академиялық дайындық курстарын, Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік жағдайына бейімдеу мақсатында тәрбиелік мәні зор мәдени-танымдық шараларды ұйымдастырып, жүзеге асыру қолға алуды ұсынады.

Адамдардың жемісті табысқа жетуінің басты кілті – білім. Бақыттың басты кілтіне ие болудың негізгі оқу десек, қайда болсаң да қалаған мамандығың бойынша білім алу мүмкіндігіне қол жеткізетін қолайлы жол – онлайн оқу жүйесі. Біздің кафедрада шетелдегі этникалық қазақ жастарымен қатар, қалауы бойынша отандық жастарға да дайындық курсының қашықтықтан оқыту платформасы құру жоспарланып отыр. Дайындық курсының мақсатты тұтынушылары: *ҰБТ сынағын тапсыратын* еліміздің мектеп бітіруші жастары, отандық талапкерлер, отанында білім алғысы келетін шетелдегі этникалық қазақ жастары, тыңдаушылар, мемлекеттік тілде ісқағаздарды жүргізуді меңгергісі келетін еліміздің азаматтары, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері жалпы білім беру деңгейін меңгергісі келетін білім алушылар болып табылады. Шетелдегі этникалық қазақтарды тарту мүмкіндіктерінің тиімді жолының бірі – шетелдік қазақ жастарын атамекенінде білім алуға шақыру, туған халқын құрметтеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан осы салада елімізде және әлемде атқарылып жатқан шараларды, деректерді жан-

жақты талдап, жүйелі түрде қарауға мүдделі болды. Ағымдық оқу жылдарында білім мониторингі жүргізіледі, аралық бақылау сынақ жұмыстары мен семестрлік, жылдық емтиханның қорытындысы бойынша дайындық курсы оң нәтижемен тәмамдаған тыңдаушыларға сертификаттар табыс етіледі. Бұл сертификаттар оларға ҰБТ тапсырып, отандық Жоғары оқу орындарының гранттарын иелену барысында шетелдегі этникалық қазақ жастарына бөлінген жеңілдіктерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Мақала авторлары, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушылары Наралиева Р.Т., Бегалиева А.К., ғылыми еңбекті зерттеп, жинақтап, жазу барысында бізге қажетті кеңес беріп, жұмыс барысында өз сын-пікірлерін білдірген ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздар ұжымына және өз тараптарынан осы ғылыми жұмысты нақты іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін біздің университетіміздің басшылығына алғысымызды білдіреміз.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1 Меруерт Бүркітбай. Жастарға керек заманауи білім. / «Egemen Qazaqstan», №186(29915)/2020, 30 қыркүйек – 14 б.; [Http://www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz). сайты. Б.І.; Мир науки и техники / 3-06, 2013. – 19-52 бб.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы. / Алтын бесік. Еларалық қоғамдық-саяси, әдеби-көркем журнал. №3, 2011. –2-9 б.

3 Ахметова Г.К. Современное образование Казахстана в поисках идеала./ Творческая педагогика. Информационно-методический журнал. №2, 2012. – 16 с.

4 English as a Second Language. School and Education Resources / International Education, 2012. – 31-60 p.

5 IELTS with answers./ Examination papers from University of Cambridge ESOL examinations: English for Speakers of Other Languages, Cambridge University Press, UK, 2007. – 79-81 p.

6 Egexcel IGCSE English as a Second Language./School and Education resources. / International Education: Cambridge University Press, 2012. – 79-80 p.;

7 Сәрсенбаева А.А. Мобильное обучение иностранным языкам как одно из основных направлений в системе автономного образования. / Научный мир Казахстана. №1(29), 2010. – 82-89 с.

8 Қиябаева З.Н. Интерактивті тақтамен жұмыс әдістемесі. – Алматы: «Арман-ПВ», 2011. – 63-69 бб.

10

иргизов М.Р. Педагогические аспекты использования интернет-технологий при обучении студентов-юристов. Научный ми

11

Казахстана. №1 (29), 2010. – 82-89 с.

10 Шильченко О. Образование: качество, качество и еще раз качество. / Современное образование. 4(80), 2010. – С.8-12 с.

11 С.Сәтенова. Мәдениаралық байланыс және оның тілге ықпалы. / Тіл және Қоғам. Альманах. №4 (28), 2011–19 б.

*References:*

1 Meruert Burkitbay. Modern education is necessary for young people. / "Egemen Qazaqstan", №186(29915)/2020, 30 September-14 p.; [Http // www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz). website. P.1. ; the world of Science and technology / 3-06, 2013. - pp. 19-52.

2 Nazarbayev N. A. Kazakhstan is a sacred phenomenon of every Kazakh in the world. / Golden Cradle. International socio-political, literary and artistic magazine. No. 3, 2011. –2-9 p.

3 Akhmetova G. K. modern education of Kazakhstan in search of ideals./ Creative pedagogy. Information and methodological Journal. No. 2, 2012. - 16 p.

4 English as a Second Language. School and Education Resources / International Education, 2012. - 31-60 P.

5 IELTS with answers./ Examination papers from University of Cambridge ESOL examinations: English for Speakers of Other Languages, Cambridge University Press, UK, 2007. – 79-81 P.

6 Egexcel IGCSE English as a Second Language./School and Education resources. / International Education: Cambridge University Press, 2012. – 79-80 P.;

7 Sarsenbayeva A. A. mobile training of foreign languages as one of the main directions in the system of autonomous education. / Scientific world of Kazakhstan. №1(29), 2010. – 82-89 C.

8 Kiybaeva Z. N. methods of working with an interactive whiteboard. - Almaty: "Arman-PV", 2011. – PP 63-69.

10 Kirgizov M. R. pedagogical aspects of using internet technologies when training students-lawyers. Scientific brain

11 p Kazakhstan. №1 (29), 2010. – 82-89 С.

10 Shilenko O. education: quality, quality and yet again quality. / Modern education. 4(80), 2010-pp. 8-12.

11 S. Satenova. Intercultural communication and its impact on language. / Language and society. The almanac. No. 4 (28), p.2011-19.

ГРНТИ 03.01.17

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.28>

А.Е. Шаикова<sup>1\*</sup>, А.Н. Жолдасбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің халықаралық қатынастар факультетінің докторанты,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, \*e-mail: a.shaikova@yandex.kz

<sup>2</sup>саяси ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

## «БІР БЕЛДЕУ - БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕР

### Аңдатпа

2017 жылғы 14-15 мамырда Бейжіңде өткен «Бір белдеу – Бір жол» форумында ҚХР көшбасшысы Си Цзиньпин «жаһанданудың қытайлық жаңа көзқарасының» негізгі принциптерін тұжырымдады. Бұл егемендікті, аумақтық тұтастықты, әлеуметтік жүйені құрметтеу және жол бойындағы барлық елдердің мүдделерін сақтау принциптері. Қарама-қайшылық емес диалог, бәсекелестік емес серіктестік. Жоба аясында қытай ынтымақтастық үшін ашық платформа, қолайлы инвестициялық орта құруда. Жаһандану мен экономикалық өсудің маңызды құрамдас бөлігі сауда болып табылады. Дәл осы алғышарттарға сүйене отырып, Қытай көпжақты сауда қатынастарын қорғауға, кедендік және транзиттік рәсімдерді жеңілдетуге шақырады. «Сырттан» салынған инвестициялар Қытайға экспорт нарығын едәуір кеңейтіп қана қоймай, Қытай валютасын интернационалдандырудың дәлелді дәлелі болуға мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, әңгіме еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процесстерді Қытайдың ұлттық экономикасын дамыту үшін барынша пайдалану туралы болып отыр.

Сонымен бірге, Қытай алғаш рет құрлықтағы сауда жолын құрудың стратегиялық бағдарламасын ұсынды, ол құрлықтағы сауда процесстерін толығымен қайта форматтауға, мүлдем жаңа геосаяси және геоэкономикалық байланыстарды құруға бағытталған.

Жаһандану процесстері біртіндеп «теңізге шыға алмайтын ел» ұғымын «құрлықтағы көлік артерияларымен байланысқан ел» анықтамасына айналдырады.

**Түйін сөздер:** «Бір белдеу, Бір жол» бастамасы, Жаһандану және өңірлендіру, Еуразиядағы сауда қатынастарын дамыту, халықаралық көлік дәліздері, ұлттық жобалармен ұштасу.

A.Shaikova<sup>1\*</sup>, A.Zholdasbekova<sup>2</sup>

<sup>1</sup> PhD Student, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  
\*e-mail: a.shaikova@yandex.kz

<sup>2</sup> PhD in Pedagogy, Professor, L. N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

## KEY TRENDS DURING THE IMPLEMENTATION OF THE "ONE BELT AND ONE ROAD" INITIATIVE

### Abstract

At the "One Belt and One Road" forum held in Beijing on May 14-15, 2017, Chinese Leader Xi Jinping formulated the basic principles of the "Chinese new vision of globalization". These are the principles of respect for sovereignty, territorial integrity, social order and respect for the interests of all countries along the way. Dialogue, not confrontation, partnership, not rivalry. Within the framework of the project, China is creating an open platform for cooperation and a favorable investment environment. The most important component of globalization and economic growth is trade. It is on the basis of these assumptions that China calls for protecting multilateral trade relations and facilitating the simplification of customs and transit procedures. Investment "outside" will allow China not only to significantly expand the export market, but also to become a strong argument for the internationalization of the Chinese currency. In general, we are talking about maximizing the use of integration processes in the Eurasian space for the development of China's national economy. At the same

time, China for the first time provided a strategic program for the creation of a land trade route, aimed at completely reformatting trade and economic processes on the continent, creating completely new geopolitical and geo-economic ties.

The ongoing processes of globalization are gradually transforming the very concept of "landlocked country" into the definition of "country connected by land transport arteries".

**Keywords:** "One Belt, One Road" initiative, Globalization and regionalization, development of trade relations in Eurasia, international transport corridors, integration with national projects.

Шаикова А.Е.<sup>1\*</sup>, Жолдасбекова А.Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> докторант, факультета международных отношений ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан, \*e-mail: a.shaikova@yandex.kz

<sup>2</sup> к.п.н., профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

## ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ПЕРИОД РЕАЛИЗАЦИИ ИНИЦИАТИВЫ «ОДИН ПОЯС И ОДИН ПУТЬ»

### Аннотация

На форуме «Один пояс и Один путь», состоявшемся в Пекине 14-15 мая 2017 года лидер КНР Си Цзиньпин сформулировал основные принципы «китайского нового видения глобализации». Это принципы уважения суверенности, территориальной целостности, социального строя и соблюдения интересов всех стран вдоль пути. Диалог, а не противостояние, партнёрство, а не соперничество. Китай в рамках проекта создаёт открытую платформу для сотрудничества, благоприятную инвестиционную среду. Важнейшей составляющей глобализации и роста экономики является торговля. Именно исходя из данных предпосылок, Китай призывает защищать многосторонние торговые отношения, способствовать упрощению таможенных и транзитных процедур. Инвестиции «вовне» позволят Китаю не только значительно расширить рынок экспорта, но и стать веским аргументом интернационализации китайской валюты. В целом речь идёт о максимальном использовании интеграционных процессов на евразийском пространстве для развития национальной экономики Китая. При этом, Китай впервые предоставил стратегическую программу создания сухопутного торгового пути, направленную на полное переформатирование торгово-экономических процессов на континенте, создание совершенно новых геополитических и геоэкономических связей.

Происходящие процессы глобализации постепенно трансформируют само понятия «страна, не имеющая выхода к морю» в определение «страна, связанная сухопутными транспортными артериями».

**Ключевые слова:** Инициатива «Один пояс, Один путь», Глобализация и регионализация, развитие торговых отношений в Евразии, международные транспортные коридоры, сопряжение с национальными проектами.

**Кіріспе.** «Бір белдеу – Бір жол» (БББЖ) – сауда, көлік, мәдени халықаралық байланыстарды дамытуға, инвестициялық ағындарды жандандыруға қатысты жаһандық стратегиялық мегажоба. Ертеден келе жатқан Жібек жолының дәстүрлі бағыттары Еуразиялық кеңістіктің жаңа көліктік болмысын құрудың негізі болды. БББЖ бастамасы «Жібек жолының экономикалық белдеуі» ретінде белгіленген құрлық магистральдарын құруды және «21 ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» шеңберінде жаңа су бағыттарын құруды қамтиды.

Бастаманың мәні Еуразия құрлығында ынтымақтастықтың жаңа модельдерін құру және «саяси байланыстарды ұлғайту, бірыңғай жол желісін, сауда байланыстарын, валюта ағындарын және халықтық байланыстарды салу арқылы» Батыс Қытай мен Еуропаны байланыстыратын өнімді көлік дәліздерін қалыптастыру болып табылады.<sup>17</sup> Бұл ретте әңгіме тек көлік инфрақұрылымын дамыту туралы ғана емес. Басым салалар ретінде энергетика (оның ішінде ресурс өндіруші және құбыр желісі салалары), ауыл шаруашылығы (оның ішінде қайта өңдеу өндірістерін құру), тұрғын үй және коммуналдық инфрақұрылым құрылысы аталады. Білім беру мен медицинаға, шағын және орта бизнесті қолдауға ерекше көңіл бөлінеді.

«Бір белдеу – Бір жол» бастамасы қазірдің өзінде Азия, Африка және Еуропаның 60-тан астам елін қамтиды. Елдердің басым көпшілігі дамушы елдер санатына жататындығына қарамастан, Қытай

<sup>17</sup> Жаңа Ұлы жібек жолындағы ауқымды ынтымақтастық // «Жэньминьжибао» онлайн. 2013. Қыркүйек. URL: <http://russian.people.com.cn/95181/8393331.html>

инвестициялары арқылы даму перспективаларын сарапшылар оң бағалайды. БББЖ бастамасының ашық форматы кез келген елге кез келген кезеңде және кез келген ынтымақтастық нысанында осы жобаға қосылуға мүмкіндік береді. «Бір белдеу – Бір жол» бастамасының тағы бір маңызды бөлігі-Қазақстандағы «Нұрлы жол», Түркиядағы «Орталық дәліз», Моңғолиядағы «Даму жолы», Вьетнамдағы «Екі дәліз, бір шеңбер», Польшадағы «Янтарь жолы», Ресейдегі Еуразиялық экономикалық одақ, Ұлыбританиядағы «Northern Powerhouse» стратегиясы және т. б. қатысушы елдердің ұлттық жобаларымен саяси және экономикалық ұштасу болып табылады. БББЖ бастамасын іске асыру аясындағы түйісу процестері Еуразия үшін бұрын-соңды болмаған геосаяси феномен болып табылады. Бастапқыда саяси мүдделердің қарама-қарсы полюстерінде болған ЕАЭО мен Қытай саяси және экономикалық өзара іс-қимылда мейлінше көп түйісу нүктелерін және барынша перспективалы бағыттарды табуға. Қытайдың Еуропаның ішкі нарықтарына экспансиясына қатысты белгілі бір алаңдаушылық бар. Қытайда, өз кезегінде, бірыңғай кедендік тарифті енгізу кезінде ЕАЭО құру кезінде шиеленіскен сәттер болды, онда Қытай билігі ҚХР-мен еркін саудадан жабу әрекеттерін көрді. Бұл қарама-қайшылықтар көп жағдайда ЕАЭО пен БЖБ-ның (белдеу жол бастамасы) түйісу туралы декларациясына қол қойылғаннан кейін еңсерілді, бұл өңірдегі экономикалық процестердің тұрақтануына едәуір дәрежеде әкелді.

Қаржылық және институционалдық қолдауды Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі мен Жібек Жолы Қоры жүзеге асырады.

Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі ресми жұмысын 2016 жылдың қаңтарында бастады. Оны құру туралы шешім 2013 жылдың қазан айында АТЭБ (Азия тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы) саммиті кезінде жарияланды, сол кезде 21 ғасырдағы Теңіз Жібек жолы жобасының басталуы туралы жарияланды. Оның негізін қалаушылардың пікірінше, оның басты мақсаты - Азия өңірі елдерінің де, одан тысқары елдердің де экономикасын дамытудағы инфрақұрылымдық кедергілерді еңсеру. Банк экономиканың инфрақұрылымдық дамуына, оның ішінде энергетика, көліктік қамтамасыз ету, логистика және қалалық даму саласындағы жобаларға қаржылық қолдау көрсетуге ниетті. Қазіргі уақытта қатысушылар саны 57 елді құрайды<sup>18</sup>. Өз жұмысы барысында АИИБ (Азия инфрақұрылымдық Инвестициялар банкі) қажетті ұйымдық құрылымды қалыптастыра алды, жеті елдің аумағында бірнеше инфрақұрылымдық жобаларды мақұлдады және көпжақты халықаралық даму ұйымдары арасында салмақты имиджді қалыптастырды, бұл оны Қытай жүзеге асыратын ең перспективалы жобалардың біріне айналдырды.

Жібек жолы қорын 2014 жылғы 29 желтоқсанда ҚХР валюталық бақылау мемлекеттік басқармасы Қытай инвестициялық корпорациясымен, Эксим Банкімен және Қытай даму банкімен бірлесіп құрды. Шетелдік және халықаралық инвестициялауды тарту үшін Қор жобаларды қолдауды тек шетел валютасында (еуро, доллар) жүзеге асырады. Қордың басты міндеті – «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы аясында ірі ауқымды жобаларға инвестициялық және қаржылық қолдау көрсету. Қолдау негізінен инфрақұрылымды дамытуға, ресурстық кен орындарын игеруге және Қытайда өндірілетін жоғары технологиялық өнімдерді сатуды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұдан басқа, қор құрылтайшыларының өтініші бойынша салымдар орташа немесе ұзақ мерзімді перспективада ақша қаражатын қайтаруға кепілдік беретін жобаларды дамытуға ғана жүзеге асырылатын болады<sup>19</sup>.

Қытай дереккөздеріне сүйенсек, *бастаманың негізгі мақсаттары*: өңір мемлекеттері арасындағы саясатты үйлестіру, өзара іс-қимылды кеңейту үшін инфрақұрылымдық мүмкіндіктер жасау, сауда және инвестициялық ағындарды ұлғайту, өңірлер арасындағы қаржылық және мәдени интеграцияға жәрдемдесу болып табылады<sup>20</sup>.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу барысында теориялық зерттеу әдістері қолданылды: жүйелік тәсіл, талдау, шегеру әдісі, жіктеу, нақтылау және нақтылау. Зерттеу нысаны ретінде Қытайдың «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы таңдалды.

Тарихи және хронологиялық фактілерді жүйелеу жүргізілді. Қытайдың «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы туралы ғылыми және медиа басылымдарға әдеби шолу жасалды.

**Нәтижелерді талқылау.** «Бір белдеу – Бір жол» бастамасының бастапқы мақсаты Орталық Азия өңірі елдерінің транзиттік проблемаларын жою және посткеңестік елдер арқылы көлік маршруттарының жетіспейтін буындарын салуды қамтамасыз ету, қазіргі заманғы порт құрылыстарын құру және интер-

<sup>18</sup> Overview Asian Infrastructure Investment Bank URL: <https://www.aiib.org/en/about-aiib/who-we-are/our-work/index.html>

<sup>19</sup> Overview Silk Road Fund URL: <http://www.silkroadfund.com.cn/enweb/23775/23767/index.html>

<sup>20</sup> Vision and Actions on Jointly Building the Silk Road Economic Belt and the 21st Century Maritime Silk Road // National Development and Reform Commission, Ministry of Foreign Affairs, and Ministry of Commerce of the People's Republic of China, March 28, 2015. URL: [http://en.ndrc.gov.cn/newsrelease/201503/t20150330\\_669367.html](http://en.ndrc.gov.cn/newsrelease/201503/t20150330_669367.html)

модальдық тасымалдар жүйесін жетілдіру болып табылады. Қортындылай келгенде, бастаманы іске асыру жоғары сапалы теміржол қатынас жолдарын, автомобиль магистральдарын, инфрақұрылымдық нысандарды, телекоммуникациялық жүйелерді, мұнай және газ құбырларын, теңіз және өзен порттарын құруды қамтамасыз етті. Бірақ Қытайдың Синьхуа ақпарат агенттігінің мәлімдеуінше, жобаның мақсаттары жылдам және тиімді көлік дәліздерін құрудан әлдеқайда асып түсті. Бейжін негізгі салалардағы жобаға қатысушы елдерге, олардың көпшілігімен экономикалық үйлесімділігін баса көрсете отырып техникалық көмек ұсынады. Қытай тарапынан сауда және инвестициялық кедергілер мен шығындарды азайту, ақша-кредит саясатын үйлестіруді жақсарту және қаржылық ынтымақтастықты тереңдету үшін белсенді іс-шаралар жүргізілуде. Қытай тарапынан сауда және инвестициялық кедергілер мен шығындарды азайту, ақша-кредит саясатын үйлестіруді жақсарту және қаржылық ынтымақтастықты тереңдету үшін белсенді іс-шаралар жүргізілуде. Басқа нақты мақсаттардың ішінде Қытайдың Еуропалық Одақ елдерімен экономикалық ынтымақтастығы мен интеграциясын кеңейтуге жәрдемдесу де ерекше орын алады.

2014 жылы Еуропаға сапары кезінде, Си Цзиньпин БББЖ-ның мақсаттарының бірі еуропалық және азиялық нарықтардың интеграциялық ынтымақтастығы және Қытай мен ЕО-ны жаһандық экономикалық өсу қозғалтқыштарына айналдыру екенін атап өтті<sup>21</sup>.

Ресми айтылған, Қытай БББЖ бастамасын жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге тырысатын көптеген басқа (көбінесе одан да маңызды) мақсаттары бар.

Ең алдымен, бұл энергетикалық қауіпсіздік. Тұтынылатын энергияның үнемі өсуіне байланысты Қытай Ресейде, Таяу Шығыста және Африкада энергияның балама көздерін іздеуге мәжбүр.

«Бір белдеу - Бір жол» бастамасы сонымен қатар қытайлық өнеркәсіптік тауарлар үшін жаңа нарықтардың ашылуына, қытайлық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, Қытайдың қатаң және жұмсақ күшін арттыруға, Қытайдың экономикалық және геосаяси ықпалын кеңейтуге, Азиядағы күштер тепе-теңдігін өзгертуге және Қытайды Ұлы мемлекет мәртебесіне көтеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, жоба Қытайдың шеткі аудандарын дамыту және жарылыс қаупі бар Батыс көршілерімен қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін үлкен ішкі әлеуетке ие.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы шеңберінде іске асырылатын бағыттар, қазіргі уақытта жиынтығында әлем халқының шамамен 63%-ы, ЖІӨ-нің 30%-ы және әлемдік сауда ағынының 35%-ы тиесілі Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік, Орталық және Батыс Азия, Таяу Шығыс және Еуропа өңірлеріндегі 60-тан астам елді қамтиды<sup>22</sup>.

**Зерттеу нәтижесі.** Жобаны жүзеге асыру үшін қазірдің өзінде белгілі бір іргетас бар: біріншіден, Қытайдың экономикалық, ғылыми-техникалық, инвестициялық артықшылығы; екіншіден, еуразиялық елдердің экономикалық өрлеуге нық ұмтылысы; үшіншіден, экономикалық жаһандану және өңірлік интеграция нәтижесінде пайда болған жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер.

«Бір белдеу – Бір жол» бастамасы әлемдік қоғамдастықтың барған сайын қомақты қолдауына ие болуда. Орталық Азия елдері (Қазақстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан), Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік Азия және Таяу Шығыс елдері, Ресей, ЕО, Белоруссия, Түркия БББЖ бастамасы шеңберінде жобаларды іске асыруға жәрдемдесуге өздерінің дайындығы туралы ресми түрде мәлімдеді.

Оңтүстік-Шығыс Азия бірқатар себептер бойынша Жаңа Жібек жолы құрылысының негізгі өңірлерінің бірі болып табылады: бұл географиялық жағынан Қытайға ең жақын өңір; оның елдері мен ҚХР арасында ежелден келе жатқан сауда, қаржы және іскерлік байланыстар белсенді дамуда; өңірде порт инфрақұрылымы іс жүзінде жоқ (Сингапур мен Малайзияны қоспағанда) және елдер оны құру үшін қажетті қаржылық және техникалық ресурстарға ие емес. Одан өзгеде, Оңтүстік-Шығыс Азия - бір жағынан Қытай, екінші жағынан Жапония мен АҚШ арасындағы геосаяси бәсекелестік аймақ.

Орталық Азияның «Бір белдеу - Бір жол» бастамасын іске асыру үшін бұдан кем емес маңызы бар. Қытай мен Орталық Азия елдері ежелден бері тек географиямен ғана емес, тарихымен, мәдениетімен және сауда қатынастарымен өзара байланысқан. Орталық Азияда орналасқан мемлекеттердің теңізге шығу жолы жоқ, бұл өңір елдері экономикаларының дамуын айтарлықтай тежейді. Жаңа Жібек жолын құру Орталық Азияны Азия-Тынық мұхиты өңірі мен Еуропаны жалғайтын ыңғайлы көлік хабына айналдырып қана қоймай, ОА елдерінің теңіз порттарына шығуды қамтамасыз ете отырып, сыртқы әлеммен байланысын кеңейтеді. Өз кезегінде, энергия тасымалдаушыларға бай Орталық Азия Қытай

<sup>21</sup>Jinping Xi. Speech At the College of Europe, April 2014, Bruges. // Mission of the People's Republic of China to the European Union. URL: <http://www.chinamission.be/eng/jd/t1143591.htm>

<sup>22</sup>GaoHucheng. Deepening trade collaboration, creating new successes // People's Daily, July 2, 2014.

үшін өзінің географиялық жақындығына байланысты ғана емес, сонымен қатар Таяу Шығыстан келетін су бойымен экспорттың (Ормуз бұғазының жабылуы) және тұрақсыз жеткізілімдердің (Малакка бұғазындағы қарақшылық) саяси тәуекелдерінің болмауына байланысты ерекше қызығушылық тудырады.

Оңтүстік Азияда Қытайдың мүдделері Пәкістанмен дипломатиялық, ядролық және экономикалық қатынастарды дамыту саласында жатыр. Гвадар портына Қытай инвестициялары құбыр мен көлік магистралінің құрылысына инвестициялық құюмен қатар Таяу Шығыс мұнайын Қытайға жеткізу үшін құрылық бағытын құруды қамтамасыз етуге арналған. Мьянмадағы инфрақұрылымды дамытуға да аз емес көлемдегі инвестиция түсіп жатыр. Үнді-Қытай қатынастарына келетін болсақ, шешілмеген аумақтық дауларға байланысты олар шиеленісті болып қала береді, дегенмен кейінгі уақытта екі ел де жақындасуға ұмтылуда екендігінің нышандары көбірек байқалады.

Көптеген жылдар бойы Қытай екі жақты негізде де, Қытай-Африка ынтымақтастығы форумы аясында да ресурстарға бай Африка елдерімен экономикалық және саяси байланыстарды белсенді түрде дамытып келеді. Сонымен қатар, Қытай бүгінгі таңда Африканың ең ірі сауда серіктесі және сыртқы инвесторы болып табылады, бұл осы өңірде ББЖ үшін үлкен әлеует береді. Қытай 2013 жылы ЕО-дан озып, оның ең ірі сауда серіктесі бола отырып, Таяу Шығыспен қарым-қатынасты сәтті дамытуда. Негізгі мүдделер сондай-ақ энергетика саласымен де байланысты. Мұнай әзірлемелерінен басқа, қытайлық компаниялар Таяу Шығыста порт және жер үсті инфрақұрылымын құруға, Израильде, сондай-ақ Суэц каналы аймағында темір жолдар мен порттарды дамытуға белсенді қатысады. Орталық және Шығыс Еуропа Қытайдан Еуропаға жер үсті бағыттарының қосылу нүктесі болып табылады.

**Қорытынды.** Жаңа Жібек жолы бастамасы елдердің өзара байланыстылығы мен инфрақұрылымдық дамуын дамытуға, нақты ережелерді құруға емес, жекелеген жобаларды іске асыруға негізделген. Негізгі басымдықтар ретінде Тұжырымдаманың бес негізгі құрамдас бөлігін бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, Орталық Азия мемлекеттері мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты ұлғайтуды, сондай-ақ өңірлік экономикалық интеграцияның стратегиясы мен тактикасын бірлесіп әзірлеуді (саяси және құқықтық аспектілер) көздейтін саяси келісімді жетілдіру. Екіншіден, Шығыс, Батыс және Оңтүстік Азияны қосатын бірыңғай жол желісін салу, ал одан әрі перспективада Шанхай Ынтымақтастық Ұйымымен белсенді ынтымақтасу арқылы Тынық мұхитынан Балтық теңізіне дейін үлкен көлік магистралін салу. Үшіншіден, «сауда кедергілерін жою, сауда мен инвестициялар шығындарын азайту, өңірдегі экономикалық операциялардың жылдамдығы мен сапасын арттыру»<sup>8</sup> әдісімен сауда байланыстарын күшейту. Төртіншіден, ұлттық валюталарда есептеу тактикасын қолдану географиясын кеңейту арқылы валюта ағынын күшейту. Әрине нәтижесінде, халықтық қолдау алу, серіктес елдер халықтарының достық байланыстарын жандандыру, басқаша айтқанда, аймақтық ынтымақтастық үшін берік әлеуметтік және қоғамдық база құру мақсатында халықтық байланыстарды нығайту<sup>9</sup>.

Жобаның өзегі – көлік магистральдарын төсеуге келетін болсақ, Қытайды, Орталық Азияны, Ресей мен Еуропаны (Балтиканы) бірге байланыстыратын; Қытайды Орталық және Батыс Азия арқылы Парсы шығанағы және Жерорта теңізімен қосатын; Қытайды Оңтүстік-Шығыс Азиямен, Оңтүстік Азиямен және Үнді мұхитымен біріктіретін «Жібек жолы» Экономикалық белдеуін (ЖЖЭБ) іске асыру көзделеді. ЖЖЭБ-дан басқа, 21 ғасырдағы Теңіз Жібек жолы бастамасы аясында Қытай жағалауынан Еуропаға дейін Оңтүстік Қытай теңізі мен Үнді мұхиты арқылы көлік дәлізін құру жоспарлануда.

Құрлықта жаңа Еуразиялық құрлық көпірін салу және «Қытай – Моңғолия – Ресей», «Қытай – Орталық Азия – Батыс Азия» және «Қытай – Үндіқытай түбегі» экономикалық дәліздерін дамыту жоспарлануда.

Теңізде бастаманы дамыту қауіпсіз және тиімді көлік дәліздерін: Қытай мен Пәкістан арасындағы экономикалық дәлізді және Бангладеш – Қытай – Үндістан – Мьянма экономикалық дәлізін құруға бағытталатын болады<sup>7</sup>.

Жібек жолы Экономикалық белдеуінің идеологиялық құрамдас бөлігіне мынадай қағидаттар кірді: ұжымдық, үйлесімді және ғылыми дамуды жүзеге асыру; қосымша саяси алғышарттарсыз әлеуметтік-экономикалық дамуды ынталандыру; интеграциялық жоба шеңберінде алынған пайданы бірлесіп пайдалану және нәтижесінде «нөлдік ойынсыз» орнықты дамуға ұмтылу<sup>7</sup>.

Сарапшылардың пікірінше, бұл Қытайдың «үлкен мемлекеттен күшті мемлекетке» көшу кезеңіндегі алғашқы нақты сыртқы саясат тұжырымдамасы. Кейбір мамандардың айтуынша, Бейжің тәсілінің бірегейлігі ұзақ мерзімді жоспарлау және саяси сипаттағы мәселелерді толығымен жою болып табылады<sup>8</sup>.

«Бір белдеу – Бір жол» бастамасы Қытайдың жаңа сыртқы саяси стратегиясының маңызды құралы болып табылады. Ол үйлесімді әлем құру және Қытай арманына қол жеткізу идеяларына сәйкес қалыптастырылған және барлық деңгейлерде барлық қатысушы елдермен экономикалық өзара іс-қимылды нығайтуға және жан-жақты ынтымақтастықты, ең алдымен, сауда-экономикалық ынтымақтас-

тықты бүкіл әлемге кеңейтуге бағытталған. «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы шеңберіндегі жобаларды іске асыру Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етіп қана қоймай, ҚХР-ның әлемдік экономика мен саясаттағы жаһандық процестерді басқаруға қатысуы үшін орнықты негіз жасайды.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. GaoHucheng. *Deepening trade collaboration, creating new successes* // *People's Daily*, July 2, 2014.
The article considers the topographic location, chronology, economy and excavations of the medieval site of Koskuduk, located in the Shui Valley. Although the first information about this site entered scientific circulation in the late 1980-th, accurate and scale excavations were not carried out. The Shui archaeological detachment (head Y.Sh. Akymbek) of the Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan in 2018 in the eastern corner of the medieval site of Koskuduk was organized the test pit, shurf and in 2019 on the site of the North-Eastern gate excavates and receives valuable information about the periodization, fortification, the economy of medieval city. The authors of the article draw the special attention to the etymology of the names of the gates in general, medieval gate structures in the Shui Valley, based on researched of other city gates. The radiocarbon analysis of charcoal from pit was carried out in 2018, and it was established that the site dates back to the XI-XII centuries (1043-1104 (41.1%) calAD; 1117-1211(54.3%) calAD). The ceramics complex, discovered at the gate site, is dominated by tableware. The X-ray diffractometric analysis of one instance of kitchen and dining utensils was carried out in order to determine which minerals are contained in the clay of the detected ceramic products. As the result, although the minerals and other impurities in the clay composition of the dishes are generally the same, there are significant differences in percentages. There are number of whole buried skeletons of dogs and partially entire preserved skeletons of horses were found at the gate zone. In addition, archaeozoological analysis of other osteological materials identified in the excavations was carried out, as well as comparative studies of the external forms of pets (cattle and dogs).

**Keywords:** Shui Valley, Middle Ages, Koskuduk settlement ruins, topography, fortification, gate, moat, ceramics, osteology, archaeozoology.


**Кіріспе.** Шу өзенінің бойы – орта ғасырларда қалалық мәдениеттің қалыптасып, дамыған өңірлердің бірі болып есептеледі. Өңірде ірі саяси-экономикалық дәрежеде қызмет еткен бірнеше ортағасырлық үлкен қалалардың қиранды орындарының қалдықтары сақталған. Тіпті, Шу өзеніне жақын орналасқан ескерткіштер де бар. Олардың қатарында үлкен үйінді төбелер болып жатқан қалалар – Сортөбе, Қысмышы, Қақпатас, Қорғаншы, Бірлік ескерткіштері және т.б. бар. Бірқатар ортағасырлық ескерткіштер Шу өзеніне құятын өзендердің бойында болса, келесі бір тобы ескі арналарына жақын орналасқан. Сондай бірнеше ескі арналардың бойында Ақтөбе деп аталатын ескерткіштер тобы жатыр. Аталған ескерткіштердің барлығы да Шу өзенінің қазіргі немесе бұрынғы арналарына өте жақын жайғасқан. Су көздерінен біршама қашықтау орналасқан ортағасырлық ескерткіштер де кездеседі. Сондай ескерткіштің

бірі, Шу өзенінің сол жағасынан 4,5 км қашықта орналасқан – Қосқұдық қаласы. Ескерткіштің құмды далада, өзеннен біршама жырақта орналасуы және орта ғасырларда қандай кәсіппен немесе шаруашылықтың түрімен айналысқандығы қызығушылық тудырады.

### Ескерткіштің сипаттамасы

Қосқұдық қаласы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылынан 9 км оңтүстік-батыста, Шу ауданы Ақтөбе ауылынан 17 км солтүстік-батыста, Қарақатты (Қорағаты) өзенінің Шу өзеніне құяр жеріне жақын, Шу өзенінен сол жағасынан 4,5 км жерде құмды алқапта орналасқан (сурет 1).

Қосқұдық деген атау осы маңға қазылған екі құдықпен байланысты шыққан сөз. Кейінгі уақыттарға дейін қызмет етіп келген бұл құдықтар бүгінде көміліп қалғанымен, орындары сақталған.



Сурет 1. Қазақстан картасы. Қосқұдық қаласының орналасқан жері

Көлемі 200x200 м келген, бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған қаланың қатты шөгіп кеткен қабырғаларынан қалған жалының биіктігі, сыртындағы орынан есептегенде 0,8-1,8 м, ішкі жағынан – 0,1-0,5 м биік жатыр. Бұрыштары мен қабырғаларының бойынан мұнара іздері байқалады. Мұнаралардың ізі солтүстік-шығыс қабырға бойынан анық көрінеді. Қабырға сыртын айнала ор қоршап жатыр. Ордың ені 15-20 м, тереңдігі 0,2-0,4 м. Ескерткіштің солтүстік-шығыс қабырғасы басқа жақтарына қарағанда биіктеу және қабырғасының орта жағы сай болып жатыр. Бұл сай ескерткіштен солтүстік-шығыс бағытта, Шу өзеніне қарай, дәлірек айтсақ, Шу өзенінің оң жағасындағы жарқабақтың үстінде орналасқан ортағасырлық Бірлік қаласы бағытында кеткен. Осы солтүстік-шығыс қабырғасы ортасындағы сай ішкі бөлігін оңтүстік-батыс қабырғасы бағытында қиып өтеді. Ескерткіштің орта тұсында да көлденеңнен жатқан болмашы сай білінеді. Бұл сай орта ғасырлардағы көшенің орны болуы мүмкін деп есептесек, онда екі қабырғаның ортасында қақпа болғандығы анық. Жалпы ескерткіштің тегістеу алаңды болып келген орта жағы барлық жағына қарағанда төмендеу жатыр. Кеңес уақытында ескерткіштің маңайына бақша шаруашылығын жүргізу барысында, ескерткіштің үстінен шығыс бұрышынан оңтүстік-батыс қабырғасының орта тұсын қиып өтетін арық қазылған. Жүргізілген арықты биіктету үшін екі жағындағы мәдени қабатты сүріп, арықтың екі жағына үйген.

Ескерткіштің үстінде сырсыз қыш бұйымдардың сынықтары, біршама мөлшерде металл бұйымдардың қалдықтары кездеседі. Сонымен қатар, кей бөліктерінен шлактар мен кождардың қалдықтарын да кездестіруге болады.

### Зерттелу тарихы

Қосқұдық қаласын алғаш болып 1987 ж. бұрынғы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетінің 3-курс студенті Жұмағұлов Серік анықтап, университеттің археология және этнография кафедрасының оқытушыларына хабар берген [1, с. 21-22].

1988 ж. аталған кафедраның археологиялық экспедициясының мүшесі М. Елеуов басқарған барлау тобы Қосқұдық қаласына зерттеу жүргізеді. Қаланың схемалық жоспарын түсіріп, сол кездегі жай-күйі

бойынша толық сипаттамасын беріп, үстінен жиналған археологиялық материалдар нәтижесінде ескерткішті VIII–XII ғ.ғ. мерзімдейді. Қаладан шығысқа қарай 4,5 км жердегі, Шу өзенінің оң жағасында орналасқан Бірлік қаласымен жоспарлануы өте ұқсас екенін де айтып өтеді [1, с. 21-22].

М.Елеуовтің ескерткіштің көлемі, өлшемдері және мерзімделуі туралы мәліметтері Жамбыл облысының 2002 ж. шыққан Тарих және мәдениет ескерткіштері жинағында Шу ауданы көлеміндегі ескерткіштердің тізімінде беріледі [2, с. 321].

Ескерткіштің жанынан Мойынқұм және Шу аудандарының шекарасы өткенімен, территориялық жағынан Мойынқұм ауданы аумағында орналасқан. Бірақ 2012 ж. қайта жарыққа шыққан Жамбыл облысының Шу және Мойынқұм аудандарының жекелеген Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағында екі ауданның да тізіміне енбей қалған.


2018 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шу археологиялық отряды (Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шағырбаев) Қосқұдық қаласына барлау жүргізіп, ескерткіштің схемалық жоспарын түсіріп, қазіргі жай-күйін анықтап, өлшемдерін алып, бетіндегі қыш сынықтары мен металл бұйымдардың қалдықтарын жинастырады. Үлкен көлемді алып жатқан қаланың мәдени қабатына назар аударып, қаланың шығыс бұрышына таман шурф-қазба салады [3, б. 322-334].

Көлемі 1×1 м шурф 1,35 м тереңдікке, табиғи жерге дейін қазылады. Қалыңдығы 1,35 м болатын мәдени қабатынан бір ғана құрылыс горизонты анықталады. Шурф қазылған орын құрылыстың үстіне емес, бос жерге немесе жолдың шетіне түсуін біркелкі қатпарлы топырақ қабаты дәлелдейді. Тек материктің үстінен көкшіл тартқан саз ғана шығады. Қазба барысында анықталған керамикалар IX–XII ғ.ғ. жатса, барлау кезінде табылған қытайлық тиын X ғ. аяғымен (995-997 жж.) мерзімделеді [3, б. 327-328].

2018 ж. далалық маусымда жүргізілген зерттеу жұмыстарында қаланың орналасқан жері, топографиялық құрылымы көңіл аудартатындығы, ал үстінен табылған және қазылған шурфтан алынған материалдар зерттеу керектігін айқындап берді. Себебі, жазық далада орналасқан ескерткіштің қорғаныс жүйесінен қалған қалдықтарына қарап қандай қызмет атқарғандығын, қандай кәсіппен немесе шаруашылықтың қандай түрімен айналысқандығын анықтау тек кешенді зерттеу жұмыстарынсыз мүмкін еместігін көрсетті.

### Қазба жұмыстары

2019 ж. далалық маусымда жоғарыда аталған Шу археологиялық отряды ескерткіштің арнайы аспап арқылы топографиялық жоспары мен әуеден фотосуретін түсіреді (суреттер 2-3) және қазба жұмыстарын жүргізеді.



Сурет 2. Қосқұдық қаласы. Топографиялық жоспары. Е.Ақымбек түсірген




Сурет 3. Қосқұдық қаласы. Әуеден түсірілген суреті. М.Шағирбаев түсірген

Археологиялық қазба жұмыстары солтүстік-шығыс қабырғасының орта жағындағы сай болып жатқан жердегі қақпа орнын, жоспарын және құрылыс материалын анықтау мақсатында жүргізіледі. Алғашында қақпа орны болуы мүмкін деген тұсына қабырға бойымен, сайдың орта жағына ұзындығы 10,5 м, ені 1 м траншея-қазба жүргізіледі. Нәтижесінде, шым қабатының астынан, яғни 0,2-0,3 м тереңдіктен сайдың екі жағынан қабырға қалдықтары, 0,5-0,6 м тереңдіктен жолдың табаны анықтала бастайды. Осыған байланысты қақпа орнын толық ашу мақсатында қазба жұмыстары жалғасып, көлемі кеңейтіледі. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында, сайдың бойымен салынған қазбаның көлемі: 10,5x4,5-5 м. Нәтижесінде қала ішіне қарай өткен жол және оның екі жағынан пақсадан тұрғызылған қақпа қабырғалары мен қақпа тіреулерінің орны толығымен анықталады (сурет 4).



Сурет 4. Қосқұдық қаласы. Солтүстік-шығыс қақпасы. М.Шағирбаев түсірген

Қақпаның екі жақтауындағы қабырғалар бірдей дәрежеде болмашы ирелендеп орналасқандықтан, жол да соған қарай икемделіп, қиғаш өткен. Қабырғаларының қалыңдығы, оңтүстік-шығысындағысы – 4,5 м, солтүстік-батысындағысы – 5 м, қабырғаларының сақталған биіктігі 0,25-0,35 м (сурет 5). Жолдың ең тар тұсының ені 1,9 м. Қақпаның екі жағындағы, өртеніп кеткен қақпа тіреулерінің орны жолдың ішкі жағынан, қабырғаларының бұрышына таман анықталды. Өртенген екі қақпа тіреуінің ізі қабырға бұрыштарынан ойық күйінде байқалса, өртенген ағаш қалдықтары айналасында және қақпа жолының ортасына таман жатыр. Қабырғаға жартылай кіріп тұрған қақпа тіреулерінің арасы 2,6 м. Солтүстік-батысындағы тіреу орнының диаметрі – 30x34 см, қабырғадағы ізінің сақталған биіктігі 28 см, оңтүстік-шығысындағысының диаметрі – 28x30 см, сақталған ізінің биіктігі 20 см. Қақпаның екі жақтауындағы тіреулер, шамасы жуан бөренелер болған, бірақ олар қозғалмай бір орнында тұрған секілді. Себебі тіреудің астына ешқандай қатты зат қойылмаған. Бөренелер қабырға ішіне, жалпы толықтай кіріп тұрған болуы керек. Қақпа есігі топса арқылы бекітілгенге ұқсайды. Дегенмен, қақпаның айналасынан темір бұйымдар шықпады.



Сурет 5. Қосқұдық қаласы. Қақпаның жоспары. Е.Ақымбек сызған

Қақпаның солтүстік-батыс қабырғасының сыртқы бұрышынан анықталған шұңқырдың диаметрі – 1,05 м, тереңдігі 0,4 м. Шұңқырдың іші болмашы күл аралас бос топыраққа толып қалған.

Қақпаның алдынан, еден деңгейінен иттің қаңқа қалдығы, қақпа жолының орта тұсынан жылқының қаңқа қалдықтары шықты. Иттің яяқтары қақпа сыртына қарай созылып жатыр. Жылқының негізінен омыртқа сүйектерінің басым бөлігі ретімен жатуы да қызық жағдай (сурет 6).



Сурет 6. Қосқұдық қаласының солтүстік-шығыс қақпасы. Ит пен жылқының қаңқа сүйектері. Фотосуретті Е.Ақымбек түсірген

Қосқұдық төрткүлінен жалпы саны 359 дана әртүрлі материалдар табылды. Оның ішінде 85 дана керамика сынықтары, 250 дана жануар сүйектері, 19 дана тандыр ошақ бөлшектері, 1 дана металл сынығы және 3 дана шлак сынықтары анықталды.

**Табылған заттар кешені.** Табылған қыш бұйымдары негізінен асүйлік, асханалық және аз шаруашылық мақсатта пайдаланылған ыдыстардың сынықтарына жатады (сурет 7). Сынықтар өте ұсақ немесе маңызды емес бөлшектері болғандықтан, ешқандай ыдыстың толық пішінін алу мүмкін болмады. Ыдыс сынықтары: қақпақ, ернеу, түп, тұтқа және қабырға бөлшектері. Тек бір ғана сынапкөзенің ұсақ қабырға сынығы анықталды.

Керамикалардың көзеші шарығында жасалынғандары 36 дана, қолмен жапсырылып жасалғандары 49 дана.

Асүйлік ыдыс сынықтары 21 дана, оның ішінде 8 ернеу, 1 қақпақ, 3 түп, 1 тұтқа және 8 қабырға сынықтары.

Асханалық ыдыс сынықтары 59 дана, оның ішінде 2 ернеу, 2 тұтқа, 54 қабырға сынықтары және 1 ангоб жағылған ыдыс сынығы.

Шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы ыдыс сынықтарының жалпы саны 5 дана, оның ішінде 1 ернеу, 1 қақпақ және 3 қабырға сынықтары.



Сурет 7. Қосқұдық қаласы. Қақпа. Қыш кешені

**Ернеулер.** Ернеулердің жалпы саны 11 дана. Жоғарыда көрсетілгендей 8 дана асүйлік ернеу қазанға тиесілі. Сыртында оттың күйген іздері сақталған. Жақсы иленген саздан жасалып, сапалы күйдірілген. 2 дана ернеу асханалық және шаруашылық мақсатта пайдаланылған. Қазан ернеулерінің диаметрлері 21-22 см аралығында ауытқиды. Қабырғаларының қалыңдықтары 0,5-0,6 см аралығында. Саптыаяқ ернеуі көлденең қимасынан сынып, жартылай сақталған. Тұтқасы ернеуден 2,2 см төменнен тік шыққан. Тұтқаның сақталған ұзындығы 3 см, жалпақтығы 2,6 см, қалыңдығы 1,2-2,2 см аралығында ауытқиды. Хүмның ернеуі жартылай сынып сақталған. Ернеуінде саусақпен батырылған іздер байқалады. Отта сапалы күйдірілген. Қабырғасының қалыңдығы 2 см.

**Қақпақ.** Асүйлік қыш ыдыстың қақпағы, саздан қолмен жапсырылып жасалынған. Отта сапалы күйдірілген. Қақпақтың қалыңдығы 0,9-1,1 см құрайды.

**Сынапкөзе (сфероконус)** 1 дана. Тек түп қабырға жағы ғана сақталған. Жалпы Қосқұдық төрткүліне жүргізілген барлау және қазба жұмыстары барысында сынапкөзенің кездесуі бірінші рет орын алып отыр. Түсі көкшіл сұр болып келген сынапкөзе отта сапалы күйдірілген. Сыртында ешқандай оймышты немесе бедерлі сызықтар байқалмайды.

**Түптер.** Түптердің жалпы саны 3 дана, оның 2-інің сыртында күйе сақталған. Осыған қарағанда асүйлік ыдыстардың түбі болғанға құсайды. Түптердің жасалу әдістерінде бірқатар айырмашылықтар

байқалады. Қабырғасы сақталмаған түптің шеті 90°-та қайтарылған, қалыңдығы 1,7 см құрайды. Екінші отта сапалы күйдірілген түптің шеті аздап ішке қарай иіліп кірген. Үшінші түптің шеті аздап сыртқа қайтарыла шығарылған. Алғашқы екі түптің өлшемдері бір-біріне жақын. Үшінші түптің қабырға қалыңдығы мен түбінің қалыңдығы 1,1 см құрайды.

*Тұтқалар.* Тұтқалардың екеуі асханалық ыдысқа тиесілі. Біреуі қазанға тиесілі. Қазанға тиесілі тұтқаның шетіне өткір құралмен сызықты өрнек түсірілген. Асханалық ыдысқа (құмыра) тиесілі тұтқалардың көлемі үлкен.

Ангоб жағылған ыдыс сынығы 1 дана. Түсі сарғыш-қоңыр келген, шарықта жасалынған. Асханалық ыдысқа (құмыраға) тиесілі. Сыртында аққан қызыл түсті ангоб сақталған. Сазы тығыз, әрі отта сапалы күйдірілген. Қабырғасының қалыңдығы 0,6-0,7 см аралығында ауытқиды.

Қыш ыдыстың қабырға сынықтары. Жалпы саны 65 дана. Жоғарыда атап көрсеткендей 8 данасы асүйлік ыдысқа тиесілі. Ас үйлік ыдыс сынықтарының көпшілігінің сыртында аздаған күйе іздері сақталған. Асханалық ыдыс сынықтарының саны 54 дана. Қолмен жапсырылып жасалғандары 37 дана, шарықта жасалғандары 28 дана. Қабырға сынықтарының ішінде 18 дана қазан сынығы бар. Оның ішінде 10 данасы бір қазанға тиесілі. Қалған 8 данасы әртүрлі қазандардың сынығы. Қазан сынықтарының ішінде 15 данасы қолмен жапсырылып жасалған, 3 данасы арнайы шарықта жасалған.

*Тандыр ошақ сынықтары.* Қазба барысында жалпы 19 дана тандыр ошақтың сынықтары, көпшілігі шұңқырдың ішінен табылды. Барлық бөлшектер қазба аумағынан табылғандықтан, бір тандыр ошаққа тиесілі болуы мүмкін. Кейбір бөлшектерінің ішкі жағында қатты затпен батырылып сызылған сызықтар бар.

*Металл сынығы.* Жалпы қазба барысында табылған бір дана металл сынығының пішіні жалпақ әрі аздап қайтарылып келген. Қабырға қалыңдығы 0,5-0,9 см аралығында ауытқиды.

*Шлак.* Шлак қалдықтарының саны 3 дана. Түстері көкшіл-сұр келген шлақтың біреуінің құрамында ауа көпіршіктері көп, әрі салмағы да жеңіл. Қалған екі шлақтың салмағы ауыр, мүмкін қандай да бір металл қорыту үдерісінен қалуы мүмкін. Жалпы Қосқұдық қаласынан металл сынықтары өте жиі кездеседі.

Қазба барысында табылған қыш бұйымдардың сазының құрамында қандай минералдар барын анықтау мақсатында асүйлік және асханалық ыдыстардың бір-бір данасына рентгенодифрактометриялық талдау жұмыстары Геологиялық ғылымдар институтының зертханасында жүргізілді. Нәтижесінде екі түрлі мақсатта пайдаланылған ыдыстар сазының құрамына қосылған минералдар анықталды (кестелер 1-4, суреттер 8-9).

Асүйлік және асханалық ыдыс сынықтарының сазының құрамдарындағы минералдар мен басқа да қоспалар жалпы бірдей болып келгенімен, проценттік үлестерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Асүйлік ыдыс (қазан?) сынығының құрамындағы минералдардан кварц 49.8%, тальк 17.9%, ПШ (альбит) 12.1%, КПШ (дала шпаты) 7.0%, кальцит 7.9%, слюда 5.3% құраған болса (кестелер 1-2; сурет 8), асханалық ыдыстың (құмыра?) сынығындағы минералдардан кварц 35.3%, тальк 23.4%, ПШ (альбит) 13.6%, КПШ (дала шпаты) 12.7%, кальцит 8.0%, магнетит 6.9% (кестелер 3-4; сурет 9) құрап отыр. Екеуінде де минералдар бірдей болып келгенімен, асүйлік ыдыс сынығында слюда, ал асханалық ыдыс сынығында магнетит бар. Екі сынықтағы қалған минералдар проценттік үлесі бойынша бір-біріне жақын болса, кварцтың проценттік үлесінде айтарлықтай айырмашылық бар. Асүйлік ыдыста 49.8%, асханалық ыдысты 35.3%. Асүйлік ыдысқа арнайы басқа да қоспалар қосқандығы анық. Себебі, кварц ыдыстың отқа беріктігін арттырады. Бұл орта ғасырлардағы көзешілердің қыш жасау технологиясын жетік меңгергендігін көрсетеді.

Кесте 1. Асүйлік керамика 1. Үлгінің жазықтық аралық қашықтығы мен фазалық құрамы


<i>d</i> , Å	<i>I</i> %	минерал
10.07805	8.2	слюда
9.34795	10.4	тальк
6.42411	6.7	ПШ
4.51348	10.5	слюда
4.26155	23.9	кварц
4.03591	7.6	ПШ
3.77243	11.6	КПШ
3.67477	10.0	ПШ
3.34697	100.0	кварц

3.24368	20.7	КПШ
3.19436	29.1	ПШ
3.03223	16.3	кальцит
2.45798	10.7	кварц
2.28321	11.3	кварц
2.23738	8.7	кварц
2.12636	11.8	кварц
1.98163	9.0	кварц
1.81887	13.4	кварц
1.67333	8.2	кварц



Кесте 2. Асүйлік керамика 1. Кристалдық фазаға жүргізілген жартылай сандық рентгенофазалық талдаудың нәтижелері

минерал	формула	концентрация, %
кварц	SiO <sub>2</sub>	49.8
талык	Mg <sub>3</sub> (OH) <sub>2</sub> Si <sub>4</sub> O <sub>10</sub>	17.9
ПШ (альбит)	Na(AlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub> )	12.1
КПШ (дала шпаты)	KAlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub>	7.0
кальцит	Ca(CO <sub>3</sub> )	7.9
слюда	KAl <sub>2</sub> (AlSi <sub>3</sub> O <sub>10</sub> )(OH) <sub>2</sub>	5.3



Сурет 8. Асүйлік керамика 1. Үлгінің дифрактограммасы


Кесте 3. Асханалық керамика 1. Үлгінің жазықтық аралық қашықтығы мен фазалық құрамы

$d, \text{Å}$	$I\%$	минерал
9.33940	16.5	талық
6.44689	18.9	ПШ
4.25942	31.6	кварц
3.34489	100.0	кварц
3.23516	50.4	КПШ
3.19762	45.8	ПШ
3.10691	19.8	талық
3.03000	23.7	кальцит
2.51710	19.9	магнетит
2.45815	20.5	кварц
2.28125	17.3	кварц
2.23533	13.7	кварц
2.12524	16.6	кварц
1.81870	19.8	кварц



Кесте 4. Асханалық керамика 1. Кристалдық фазаға жүргізілген жартылай сандық рентгенофазалық талдаудың нәтижелері

минерал	формула	концентрация, %
кварц	SiO <sub>2</sub>	35.3
талық	Mg <sub>3</sub> (OH)2Si <sub>4</sub> O <sub>10</sub>	23.4
ПШ (альбит)	Na(AlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub> )	13.6
КПШ (дала шпаты)	KAlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub>	12.7
кальцит	Ca(CO <sub>3</sub> )	8.0
магнетит	Fe <sub>0.65</sub> Fe <sub>1.81</sub> Mg <sub>0.42</sub> Al <sub>0.1</sub> Ti <sub>0.03</sub> O <sub>4</sub>	6.9



Сурет 9. Асханалық керамика 1. Үлгінің диффрактограммасы

### Остеологиялық материалдар

Остеологиялық материалдардың барлығы ортағасырлық Қосқұдық қаласының қақпасына жүргізілген қазба барысында табылды. Материалдардың жалпы саны 250 дана<sup>23</sup>. Остеологиялық материалдарды жануар түрлеріне қарай ажыратуда ірі қара, қой, ешкі, жылқы, ит және құс сүйектері анықталды. Жануар сүйектерінің симметриялы элементтерін салыстырмалы талдау нәтижесінде остеологиялық материалдар орташа 10 бас жануар мен 1 құсқа тиесілі екендігі анықталып отыр (кесте 5).

### Материал және зерттеу әдістері

Материалдарды зерттеуде стандартты археозоологиялық әдістері басшылыққа алынды. Остеологиялық материалдар жануар түрлеріне және қаңқа элементтеріне қарай ажыратылып, әрбір жануардың бүтін сақталған бөліктеріне остеометриялық зерттеулер жүргізілді. Жануар түрлерін және қаңқа элементтерін өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне қарай ажыратуда А.И. Акаевскийдің жануарлар анатомиясына арналған әдістемелік еңбегі [4, с. 103-124], сүтқоректі жануарлардың сүйек қалдықтарының сақталу дәрежесі мен бөлшектену үдерісін сипаттауда Н.Г. Ерохин және О.П. Бачураның әдіснамасы [5, с. 62-69] пайдаланылды. В.И. Цалкиннің зерттеу әдістері негізінде жануар сүйектерінің эпифиздерінің жетілу үдерістері бойынша жануарлардың жасы [6, с. 114-121], ірі қараның метаподиясы негізінде жота биіктігі [7, с. 119] анықталды. Қосқұдық қақпасынан табылған иттің бүтін элементтерін салыстырмалы түрде талдап, жота биіктігін анықтауда Е.П. Секерскаяның зерттеулері негізге алынды [8, с. 149.]. Жылқы сүйектерінің остеометриялық өлшемдерін салыстырмалы талдау жасауда, В.О. Виттің Пазырық обаларынан табылған жылқы сүйектерін зерттеудегі әдіснамасы мен коэффициенттері пайдаланылды [9, с. 173-174].

Кесте 5. Қосқұдық қаласынан табылған жануар сүйектерінің сан және түр бойынша құрамы

Жануар түрі	Сүйек саны	Жануар саны
Ірі қара – <i>Bos taurus L.</i>	28	4
Уақ мал – <i>Ovis aries L.</i>	38	2
Ешкі – <i>Capra hircus L.</i>	1	1
Жылқы – <i>Equus caballus L.</i>	29	1
<i>Canis sp.</i>	54	2
Құс – <i>Aves indet.</i>	1	1
Сүтқоректілер (анықтауға келмейтін)	99	-
Барлығы:	250	11

### Жануар түрлеріне сипаттама

Ірі қара – *Bos taurus L.*

Ірі қараға жалпы 28 дана сүйек тиесілі. Қаңқа элементтерінің ішінде қабырға және омыртқа сүйектері басым. Ірі қара сүйектерінің 21 данасы бөлшектенген, жеті данасы бүтін күйінде кездесті. Бүтін сүйектерге куб тәріздес аралық (*ossa tarsi*), тілерсек (*calcaneus*) және фалангалар (*phalanx 1-3*) жатады. Ірі қараның бүтін сақталған бөліктеріне жүргізілген биометриялық зерттеулер келесі нәтижелерді көрсетіп отыр: жамбас (*os coxae*) сүйегінің ұршық ойығының сыртқы ернеуімен қоса алғандағы ұзындығы (LA) – 65,6 мм, ұршық ойысының ұзындығы (LAR) – 56,1 мм. Тілерсек (*calcaneus*) сүйегінің жалпы ұзындығы (GL) – 129,5 мм және 133,3 мм, тілерсектің өсіндісінің (*tuber calcanei*) ені (GB) – 34,6 мм. Дистальды бөлігі сақталған метаподияның ені (Bd) – 64,4 мм. 1-ші фаланганың (*phalanx proximalis*) саггитальды ұзындығы (GLpe) – 60,9 мм, жалпы ұзындығы (GL) – 63,1 мм. 2-ші фаланганың (*phalanx media*) саггитальды ұзындығы (GLpe) – 39,2 және 37,7 мм, жалпы ұзындығы (GL) – 49,3-36,7 мм.

Сиырлардың жасы біркелкі емес, екі дана тілерсек сүйегінің (*calcaneus*) проксимальды өсіндісі (*tuber calcanei*) біреуінде толық жетілген, екіншісінде синостоз жағдайы аяқталмаған. Жартылай бүтін сақталған метаподияның дистальды эпифизінде синостоз жағдайы аяқталған. Ал, сан жіліктің (*femur*) проксимальды және дистальды эпифиздері бөлініп қалған. Сүйектердің синостоз жағдайының осындай сипатына қарап, ірі қаралар орташа 2-3 жас аралығында сойылғандығын байқаймыз. Ірі қара сүйектерінің ішінде кәрі жануарларға тиесілі сүйектердің кездеспеуіне байланысты, жоғарыда сипатталған сиырларды бірінші кезекте ет өнімін алу мақсатында шаруашылықта пайдаланғанын көруге болады. Дегенмен, бұл тұжырым қолда бар материалдардың негізінде жасалып отырғанын ескертеміз. Ірі қараға тиесілі сүйек материал-

<sup>23</sup> Қақпаның аузына жерленген жылқы мен ит қаңқасының сүйектері жалпы сүйектердің тізіміне енгізілген жоқ.

дардың ішінде бас сүйек элементтерінен бастап, ұсақ фалангаға дейін кездесуіне қарап, жануарларды қала аумағында сойып, пайдаланған деп тұжырым жасауға болады. Мақала авторларының 2018 ж. Қосқұдық қаласына жүргізілген барлау жұмыстары барысында, ескерткіштің шығыс бұрышына салынған шурфтан анықталған ірі қараға тиесілі метаподияға (*плюсна-metatarsus*) жүргізілген остеометриялық зерттеулер, ірі қараның жота биіктігін (*высота в холке*) анықтауға мүмкіндік беріп отыр (кесте 6).

Кесте 6. Қосқұдықтан табылған сиыр метаподиясының өлшемі мен пропорциясы

№	Белгі атауы	Сиыр (n-1)
		(мм)
1	Метаподияның ( <i>metatarsus</i> ) жалпы ұзындығы (GL)	226
2	Жоғарғы бөліктің ені (Bp)	48,38
3	Диафиз ені (SD)	25,8
4	Индекс 2:1	21,4
5	Индекс 4:1	11,4

Ескерту: өлшем бірліктердің аббревиатурасы – А.Дриш еңбегінен алынды

Жоғарыдағы өлшемдерді белгілі палеозоолог В.И. Цалкиннің шөлейтті далада кеңінен таралған қалмақ тұқымдасына жататын сиырлардың сирақтарына сәйкес жасаған тәжірибелік зерттеулері барысында анықтаған мәліметтермен [7, с. 119] салыстыру арқылы, Қосқұдық сиырының жота биіктігі (*высота в холке*) – 120≈125 см болатыны анықталды.

Қой – *Ovis aries L.*

Қой сүйектері басқа жануарларға қарағанда аздаған артықшылыққа ие. Қазба барысында анықталған жануар сүйектерінің жалпы саны 38 дана. Оның ішінде жартысынан астамын жекелеген тістер құрайды. Остеологиялық материалдардың құрылымына қарап, барлық сүйектер кемінде екі жануардан тарайтынын көруге болады.

Қойдың жамбас (*os coxae*) сүйегінің ұршық ойығының сыртқы ернеуімен қоса алғандағы ұзындығы (LA) – 36,1 мм, ұршық ойысының ұзындығы (LAR) – 28,6 мм. Жауырынның (*scapula*) буын ойысының ұзындығы (LG) – 27,9 мм, буын ойысының ені (BG) – 26,6 мм. Тоқпан жіліктің (*humerus*) төменгі блогының ені (BT) – 31,4 мм, дистальды эпифиздің ені (Bd) – 33,9 мм. 1-ші фаланганың (*phalanx proximalis*) саггитальды ұзындығы (GLpe) – 34,2 мм, жалпы ұзындығы (GL) – 38,1 мм.


Қойдың сүйектерінің құрамында қаңқа элементтерінің бас сүйектен бастап, ұсақ тірсек (*calcaneus*) сүйектеріне дейін кездесуіне қарап, аталған жануарларды қала аумағында сойып, пайдаланғанын байқай аламыз. Қойлардың жас мөлшерінде ортақ заңдылық байқалмайды. Мысалы, қойдың сан жіліктерінің (*femur – 2 дана*) проксимальды эпифиздері (*ұршық сүйегі – caput ossis femoris*) толық жетілген, синостоз жағдайы аяқталған. Бір дана асықты (*tibia*) жіліктің дистальды эпифизінің синостоз жағдайы толық аяқталмаған. Егер В.И. Цалкиннің зерттеулеріне сүйенетін болсақ [6, с. 114-121], онда сан жіліктегі эпифиздерге қарап, қойлардың жасын үш жастан жоғары деп айтуға негіз бар. Ал, асықты жіліктің эпифиздерінің ерекшеліктері, осы сүйек тиесілі қой 15-20 ай аралығында сойылғанын көрсетеді.

Ешкі – *Capra hircus L.* Қосқұдық табылған уақ мал сүйектерінің арасында ешкі сүйектері аса көп емес. Оның үстіне остеологиялық материалдардың барлығы да ас үй қалдықтары болғандықтан, жануар түрлеріне қарай ажыратуда біршама қиындықтар туындады. Біздің мысалымызда қаңқа элементтерінің ішінде 2018 жылы бір дана, 2019 жылы бір дана ешкіге тиесілі тоқпан жіліктің дистальды эпифиздері анықталды.

Жылқы – *Equus caballus L.*

2019 ж. қақпаға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында қақпаның аузынан жартылай бүтін жерленген жылқы қаңқасы анықталды. Жануар сүйектері шамамен 50-60 см тереңдікте, басы (*ростральды – тұмсық жағы*) батысқа қаратылған және омыртқа жүйесі солтүстік-оңтүстік бағытында созылған қалпы табылды. Қаңқа элементтері толық емес, бас сүйектің тек төменгі жақ сүйектері ғана бар. Тірек-қимыл жүйесінде артқы бөлігінен жамбас (бір дана), асықты жілік және артқы сирақтың бір дана элементтері, алдыңғы бөліктен тоқпан жіліктен бір дана, кәрі жіліктен бір дана және метаподия мен фалангалар табылды. Жалпы жылқының элементтерінің бірқатарының (бас сүйек - *skeleton capitis*, мойын омыртқалары – *vertebrae cervicales*, кеуде омыртқалары – *vertebrae thoracicae*, жауырын – *scapula*, сан жілік – *femur*, сирақ сүйектерінің симметриялы элементтері – *metacarpus-metatarsus*, фалангалардың симметриялы элементтері – *osso digitorum manus-pedis*, құйрық сүйектері –

*vertebrae caudalis*) болмауы бізге түсініксіз қалпында қалып отыр. Жылқыға тиесілі жалпы элементтердің саны 32 дана, оның 14 данасы бүтін, 18 данасы бөлшектенген (кесте 7-10). Сүйектердің ішінде бір дана ірі қараға тиесілі сан жілік (*femur*) табылып отыр. Жылқы сүйектерінің бірқатарының проксимальды және дистальды эпифиздері толық жетілмегені анықталды. Анатомиялық қалпына орай сипаттайтын болсақ, төменгі жақ сүйектері толық, бел омыртқалары, алдыңғы аяқтарының бір жағы толық, артқы аяқтың бір жағы толық күйінде сақталған. Сүйектердің арасында тоқпан жілікте және асықты жілікте кесуден қалған сызықтық іздер сақталған (сурет 10).



Сурет 10. Қақпадан табылған жылқы қаңқасының элементтері

Кесте 7. Қақпадан табылған жылқы және ит қаңқасының элементтері

Сүйек атаулары	Ит		Жылқы	
	Б*	Ф**	Б	Ф
Бас сүйек	0	9	0	0
Төменгі жақ сүйек	0	0	0	0
Тіс	0	0	1	0
Омыртқа	0	13	0	6
Эпистрофей	0	1	0	0
Қабырға	0	1	0	4
Төс	0	0	0	1
Тоқпан жілік	2	0	0	1
Шынтақ сүйегі	2	0	0	0
Кәрі жілік	2	0	0	2
Метаподия	0	0	2	0
Жамбас	0	1(4)	0	1
Құйымшақ	0	0	0	2
Сан жілік	2	0	0	0
Асықты жілік	2	0	0	1
Аралық сүйек	0	0	2	0
Тілерсек	2	0	1	0
Асық	2	0	2	0
Фаланга 1	16	0	2	0
Фаланга 2	20	0	1	0
Фаланга 3	0	0	2	0
	50	41	14	18
	91		32	
БАРЛЫҒЫ (экз.):	124			

Ескерту: Б\* - бүтін сүйектер, Ф\*\* - фрагменттер

Кесте 8. Қақпадан табылған жылқының төменгі жағының остеометриялық өлшемдері

Төменгі жақ сүйек										
3	5	6	6а	7	8	19	20	22с	22b	22a
98,86	22,91	144,40	140,63	67,91	55,61	175,11	160,09	49,88	66,42	86,88
Төменгі жақ сүйек альвеолярлындағы тістер										
р 1		р 2		р 3		m 1		m 2		m 3
L	B	L	B	L	B	L	B	L	B	L
25,68	13,95	23,25	16,66	21,78	16,12	21,77	14,70	20,86	13,69	25,26

Ескерту: Аббревиатуралар – А.В. Дриш әдісі бойынша

Кесте 9. Қақпадан табылған жылқы сүйектерінің морфометриялық өлшемдері

Аралық сүйек (ossa tarsi)				
GB (1)	GB (2)			
44,62	47,37			
Метаподия				
GL	Bd	Dp	CD	Жіңішкелік индексі
200,61	46,61	54,09	33,35	16,67
Метаподия				
240	44,63	46,64	26,85	11,18
Фаланга 1				
GL	SD	Bd	Bp	Сагитальды ұзынд.
77,99				
77,94	39,79	38,82	50,94	70,47
Фаланга 2				
45,02	38,71	43,65	46,94	41,88
Фаланга 3				
LF	GL	BF	GB	Ld
23,25	60,11	42,49	58,18	51,90
24,07	53,04	40,88	59,19	46,76
Асық (talus)				
GH	LmГ	GB	BFd	
57,41	55,82	56,91	49,13	
50,98	52,34	51,73	43,30	

Ескерту: Аббревиатуралар – А.В. Дриш әдісі бойынша

Кесте 10. Қосқұдық жылқысының метаподиясының биометриялық өлшемдері

№	БЕЛГІ АТАУЫ	Жылқы (n-1)
		Алдыңғы сирақ – metacarpus (мм)
1	Сирақтың жалпы ұзындығы (GL)	218
2	Жоғарғы бөліктің ені (Bp)	54,20
3	Төменгі бөліктің ені (Bd)	46,78
4	Диафиз ені (SD)	33,20
	Индекс 2:1	24,86
	Индекс 3:1	21,45
	Индекс 4:1	15,22
	Жота биіктігі (высота в холке)	132 см
БЕЛГІ АТАУЫ		Артқы сирақ – metatarsus (мм)
1	Сирақтың жалпы ұзындығы (GL)	251
2	Жоғарғы бөліктің ені (Bp)	46,33
3	Төменгі бөліктің ені (Bd)	43,90
4	Диафиз ені (SD)	26,55
	Индекс 2:1	18,45
	Индекс 3:1	17,49
	Индекс 4:1	10,57
	Жота биіктігі (высота в холке)	132 см

Ескерту: Аббревиатуралар – А.В. Дриш әдісі бойынша

Қосқұдық қақпасынан табылған жылқының алдыңғы және артқы сирақтарының остеометриялық өлшемдерінің салыстырмалы талдаулары, жануардың жота биіктігі (высота в холке) 132 см болатынын көрсетіп отыр. Егер белгілі ипполог В.О. Виттің талдауларына сүйенсек, Қосқұдық жылқысы бойы кіші жылқыға (малорослые) жататынын көреміз [9, с. 173-174]. Ал артқы сирақтың жіңішкелік индексі В.О. Витт көрсеткішінен төмен болып шықты. Яғни Қосқұдық жылқысы жіңішке сирақты (тонкокостность) болғанын байқаймыз.

Ит – *Ganis familiaris L.*

Қазба барысында итке қатысты жалпы 145 дана сүйек элементтер табылды. Сүйектердің симметриялық қаңқа элементтері екі жануарға (54/91 экз.) тиесілі екендігін көрсетіп отыр. Оның біріншісі қазба барысында әртүрлі тереңдіктен, шашылған қалпы және өте қатты ұсақталған күйінде кездесе, екіншісі бүтін анатомиялық қалыпта кездесті. Толық анатомиялық қалыпта жерленген иттің басы оңтүстік-батысқа қаратылған, тұмсығы (*простральды бөлігі*) солтүстік-шығысқа қаратылып, аяқтары созылған қалпы (буындарынан аздап бүгілген) жерленген. Иттің кәрі жілігі (*radius*), асықты жілігі (*tibia*) және шынтақ сүйектерінің (*ulna*) ұзындықтарын археозоологиялық зерттеулерден белгілі бірқатар коэффициенттер арқылы талдау негізінде орташа жота биіктігін анықтауға мүмкіндік туды. Дегенмен, мәліметтер шартты түрде алынып отыр және бір иттің бірнеше сүйектерін салыстырмалы түрде алып қарағанда, өзара ауытқушылықтар бар екендігін көреміз (кесте 11-12).

Кесте 11. Қосқұдық қақпасынан табылған иттің жота биіктігі

Сүйек	Radius	Ulna	Tibia	M
Ең үлкен ұзындығы (GL) мм	165	195	185	
Браунер коэффициенті	3,6	3,0	3,0	
Кудельки коэффициенті	3,22	-	2,92	
Браунер бойынша жота биіктігі (см)	59,4	58,5	55,5	57,8
Кудельки бойынша жота биіктігі (см)	53,1	-	54,0	53,5

Ескерту: (GL) өлшемі – А.В. Дриш әдісіне сәйкес

Кесте 12. Қақпадан табылған ит сүйектерінің морфометриялық өлшемдері

Эпистрофей			Асықты жілік				
LAPa	LCDe*	H	Bp	Bd	Dd	SD	GL
51,20	40,85	35,44	36,01	21,79	16,31	11,53	18,51
Тоқпан жілік			36,256	21,90	15,70	11,65	18,52
SD	Bd	BT	Асық	Тілерсек	Жамбас		
11,92	20,43	29,51	GL	GL	LA		
12,43	20,30	29,43	26,35	45,51	22,73		
Шынтақ сүйегі			26,13	45,54			
SDO	DPA	GL	Фаланга I				
19,31	25,15	19,61	GL	SD	Bp	Bd	
20,27	24,97	19,62	71,04	5,56	8,00	7,31	
Кәрі жілік			70,15	5,88	7,38	7,40	
BP	Bd	SD	GL	70,36	5,70	7,08	7,92
16,06	23,27	12,64	16,90	68,01	5,54	5,19	7,23
16,27	23,81	12,42	16,62	78,97	5,51	7,35	7,13
				75,68	6,66	9,12	7,45
				75,76	10,68	13,04	12,31

Ескерту: Аббревиатуралар – А.В. Дриш әдісі бойынша

Ескерту: \*LCDe – белгісіндегі сүйек шеміршегі сынған. Өлшем шартты түрде алынды.

*Ganis sp.* Қақпа аузындағы қазба барысында табылған ұсақ сүйектердің арасында жыртқыш жануарға тиесілі фрагменттер көп кездеседі (54 дана). Кейбір эпифиздері сақталған сүйектерге сәйкес, остеологиялық материалдар екі жануарға тиесілі болуы мүмкін. Өкінішке орай, сүйектердің нашар сақталуы, нақты жануар түрін анықтауға кедергі келтіріп отыр. Дегенмен, сүйектердің көлемі ит сүйектеріне

қарағанда екі есе кішкене болуына орай, түлкі (*Vulpes vulpes L.*) немесе қарсақ (*Vulpes corsac L.*) секілді дала жануарына тиесілі болуын жоққа шығармаймыз.

Құс – *Aves indet.* Құсқа тиесілі бір дана проксимальды эпифизи нашар сақталған, дистальды эпифизи жоқ сан жілігінің диафизи анықталды. Өкінішке орай сүйектің үй құсы не жыртқыш құсқа тиесілі екендігін анықтау мүмкін болмады.

#### **Остеологиялық материалдардың қорытындысы**

Қосқұдық қақпасына жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде, ескерткіш тұрғындарының көне дәуірдегі шаруашылығы мен ғұрыптық жоралғылары туралы қызықты мәліметтер алып отырмыз. Остеологиялық материалдардың құрамына сәйкес, тұрғындардың шаруашылығында төрт түліктің ішінде түйеден басқа жануарлардың барлығының болғаны анықталып отыр. Бірақ бұл түйе шаруашылықта болмады деген сөз емес. Себебі, Шу өңірінде орналасқан басқа ескерткіштерден (Маханды, Уақыт төрткүлдері) түйе сүйектері кездескен [10, б. 56-58]. Уақ мал шаруашылықта саны жағынан басым болған. Қосқұдық төрткүлінен табылған қой сүйектерінің ерекшеліктері, аталған жануарлардың жасы орташа 15 айдан басталып, үш жастан жоғары кезеңге дейін ауытқитынын көрсетіп отыр. Бұл қала тұрғындарының ет өніміне бір жастан асқан қойларды (тоқты) пайдаланғандығын растайды. Ешкі малы шаруашылықта болғанымен, саны жағынан әлдеқайда аз болған секілді. Себебі, уақ мал сүйектерінің арасында ешкіге тиесілі сүйектер өте аз мөлшерде кездесіп отыр (уақ малдың ішінде шамамен 4% құрайды). Зерттеу жұмыстарының барысында кәрі сиырға тиесілі сүйектер мүлдем кездеспеді. Шамасы ірі қара шаруашылықта көбіне ет өнімін алу мақсатында пайдаланылған секілді. Жалпы материалдардың ішінде жылқы сүйектері аз кездескенімен, жеке табылған жылқы сүйектері қызықты мәліметтер беріп отыр. Қақпа аузындағы жылқы қаңқасының омыртқаларының (*бел омырта – vertebrae lumbales*) анатомиялық қалыпта жатуы, алдыңғы және артқы тірек-қимыл сүйектерінің симметрия бір бөлігінің толықтай анықталуына қарап, жылқыны қақпаның аузына жерлеген деген болжам жасаймыз. Ал жылқы қаңқасының симметриялық екінші бөлігінің тірек-қимыл жүйесіндегі сүйектер, қабырғалары, мойын және кеуде омыртқалары толықтай, бас сүйектің болмауы – жануардың белгілі бір бөліктерін ғана қоятын ғұрыппен байланысты болуы мүмкін.

Қақпа аузынан жылқымен бірге табылған иттің бүтін қаңқасы да итті жерлеумен байланысты ғұрыптың болғанын растайды. Итті жерлеу ғұрпы және Қосқұдық қақпасынан табылған ит туралы зерттеулеріміз бұдан бұрын да жарияланғандықтан [11, б. 347-358], ол туралы арнайы тоқталмауды жөн санадық. Үй жануарларынан бөлек табылған жабайы жыртқыш жануар мен құс сүйектері әзірге нақты бір тұжырымдар жасауға жеткіліксіз болып отыр. Аталған жыртқыш жануар мен құсқа тиесілі сүйектер кейінгі уақытта ін қазып мекендеумен немесе басқа да табиғи жағдайларда тап болуы да мүмкін.

#### **Талдау**

Ортағасырлық қалалардың өмір сүруінің алғашқы шарты фортификация, яғни қорғаныс жүйесі болғандығы, соған орай қалаларды мүмкіндігінше, кемінде бір жағы табиғи қалқаға салуға тырысқандығы анық [12, с. 93]. Мұны Қосқұдық қаласына жақын орналасқан Бірлік қаласының оңтүстік бұрышы Шу өзеніне қараса, қалған жақтарын ор қоршап жатқандығынан да көруге болады. Шу өзенінің ескі арналарының бойында орналасқан ортағасырлық ірі қалалардың көбісі арнасының жағаларына орналасқан. Ал, Қосқұдық қаласы жазық жерде, батыс жағы сексеуіл өскен қалың құмның шетінде орналасса да, қабырғаларын айнала ор қоршап жатыр.

Орта ғасырларда қорғаныс құрылыстарын салуда негізінен пақса пайдаланылғандығы белгілі [12, с. 94]. Бұл қарапайым қам кірпішке қарағанда анағұрлым берік болды. Қосқұдық қаласының да қақпасының екі қапталындағы қабырғалардың пақсасы өте тығыз, берік әрі қабырғаларының қалың болып келуі және сыртындағы орына қарағанда фортификациясы мықты болғандығы анық.

Ортағасырлық жазба деректерде Қазақстан аумағындағы қалалардың қақпасы туралы жазылған мәліметтер өте сирек кездеседі. Тек белгілі бір аймақтың орталығы ретінде саналған үлкен қалалардың қақпасы туралы айтылып өтеді. Ибн Хаукаль мен әл-Макдисидің шығармаларында Исфиджаб қаласы орталығында (мәдина) төрт қақпаның бары және олардың әрқайсысының атауы аталады [13, с. 79-80]. Сонымен бірге әл-Макдисидің шығармасында Талас өңірінің орталығы болған Тараз қаласының төрт қақпасы, оры айтылады [13, с. 81]. Соған қарағанда орта ғасырларда қақпа және сыртындағы ордың болуы қорғаныс жүйесінің басты құрылысы болғандығын көреміз.

«Қақпа» туралы жазбалар көне руна жазба ескерткіштерінде де кездеседі. С.Маловтың еңбегінде Моңғолия жерінен табылған Кули-чур ескерткішінің шығыс бетіндегі жазуларда мынандай жолдар бар: «(16) . . . анта кәрү барып јінчү үтүзүт кәчә Тәмір қапығқа тәзікка тәгі сү . . . ä казбанды токуз оғузқа јәті сүнүс сүнүсдүкдә», аудармасы «(16) . . . затем пойдя на запад и перейдя реку Жемчужную до Железных ворот и до тезиков (мусульман), сража . . . приобрел; семь сражений дали токуз-огузам» [14, с.27-29]. Мұндағы «қапығ» сөзі «қақпа» болып тұр. Бүгінде түркі халықтары «қақпа» сөзін әртүрлі атап жүр:

Түркиялық түріктер «қарыс, қары» [15, с. 58], түрікмендер «дервезе» [16, с. 75], әзірбайжандар «дарваза», өзбектер «дарвоза, қопқа», қырғыздар «дарбаза, қапка» [17, с. 66], ұйғырлар «دمرؤازا» («дарваза») [18, с. 176].

Көне түркі сөздігінде де «қақпа» сөзі бірнеше нұсқада берілген:

«Қарау» – қақпа, есік (ворота, дверь) [19, с. 420].

«Қарғу» – қақпа, есік (ворота, врата, дверь) [19, с. 420].

«Қаруа» – қақпа (ворота) [19, с. 420].

«Қару» – есік, қақпа (дверь, ворота, врата) [19, с. 421].

Барлық нұсқаның негізгі түбірі бір екенін және көбі қақпа мен есік мағыналарында айтылғандығын көруге болады. Тек «қаруа» сөзі ғана «қақпа» мағынасында жазылған. Бүгінгі қазақ тілінің сөз қоры бойынша «қақпа» мен «есік» екеуінің қолданылуы бір мақсатта болғанымен, көлеміне қарай ажыратылып айтылады.

Ортағасырлық қалалар мен қоныстардың сыртында көп жағдайда ордың болуын өңірдегі бірқатар ескерткіштерден көруге болады. Сондықтан да «ор» сөзі де көне түркі тілінде кездесетіні анық.

«Qaḡam» – ор (ров) [19, с. 424].

«Oḡu» – шұңқыр, зындан (яма, темница) [19, с. 371-372].

Ортағасырлық ескерткіштердің сыртындағы оры ескерткіштің көлемі мен орналасқан жеріне қарай кең және терең болып келетіндігін далалық зерттеу жұмыстары көрсетіп келеді. Шу өңіріндегі көптеген ортағасырлық үлкенді-кішілі ескерткіштердің сыртында оры болғанымен, онда судың болған-болмағандығын тек зерттеу жұмыстары ғана көрсетеді. Қосқұдық қаласының да орында судың болған-болмағандығы бізге әзірге белгісіз. Бірақ, Кеңестік уақытта ескерткіштен 5,2 км оңтүстік-шығыстан, қала орналасқан жерге қарай Қорағаты (Қарақатты) өзенінің сол жағасынан тартқан арықтың ізі бүгінгі күнге дейін сақталған. Соған қарағанда қалаға орта ғасырларда да аталған өзеннен су жеткізілген. Сыртындағы орды сумен толтыруы да мүмкін.

Құрылысы үлкен келген кейбір ортағасырлық ескерткіштердің қақпа орындары да біршама күрделеніп келгенін көруге болады. Ескерткіштің қабырғасына қақпа жолы түзу емес орналасқан, алдында қосымша құрылыстар арқылы біршама күрделі жасалынған қақпалары бар, жоспары бойынша төртбұрышты келген төрткүлдерді Талас өңірінен кездестіруге болады. Осындай күрделі қақпа құрылыстары бар ескерткіштер басқа да аймақтардан кездеседі.

1937 ж. Г.Ф. Миллердің Орталық Азияға жасаған саяхатында Аргунь өзенінің бойындағы аласа келген таудың оңтүстік етегінен ежелгі бекіністің орнын анықтайды. Ескерткіш туралы былай деп жазады: «Укрепление окружено валом (вышиною в рост человеческого), обнимающим четырехугольное пространство приблизительно в 300 сажень, и рвом. По середине каждой линии вала – ворота, к которым можно пройти не прямо, а сбоку, так как они защищены полукруглой насыпью, которая с другой стороны соединяется с валом. По углам, а кое-где и по протяжению вала, находятся, несколько похожие на аши бастионы» [20, с. 514].

Өңірдегі зерттеу жұмыстары жүргізілген Жазық төрткүлінің қақпа жолы қабырғасына көлденеңінен, ешқандай кедергісіз түзу орналасқан [21, б. 464]. Қосқұдық қаласынан көлемі бойынша 2,6 есе кіші болса да, қақпа жолының ені 2,5 есе үлкен.

1982 ж. М.Елеуов Шу өңіріндегі төртбұрышты келген құрылыстардың ең үлкені – Жаңа жол (Новый путь) қаласының батыс қақпасының сол қанатына қазба жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде қорғаныс қабырғасының қалыңдығы 7 м екендігі анықталды [22, с. 29].

Қақпа мен оның жолының үлкен-кішілігі және қабырғаларының қалыңдығы мен қақпа алды құрылыстардың болуы ескерткіштің орта ғасырларда атқарған қызметтерімен тікелей байланысты болған секілді.

### **Қорытынды**

XI-XII ғғ. Орта Азияның бірқатар қалаларының құрылысында екі негізгі көшенің крест тәрізді қиылысына негізделген тұрақты жоспарлау схемасы және сәйкесінше дәл немесе біршама тіктөртбұрышты жоспары болғандығы белгілі [23, с. 23]. Осыған байланысты әр көшенің басында, сыртқы қорғаныс қабырғада қақпа болғандығы анық. Қосқұдық қаласының ғарыштан немесе әуеден түсірілген суреттері және топографиясы бойынша, ескерткіштің ортасынан крест тәрізді сайды байқауға болады. Бірақ солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс қабырғаларының ортасы сай емес. Соған қарағанда крест түріндегі көшелер қаланы төртке бөліп тұрғанымен, екі қақпа ғана болған секілді.

А.М. Беленицкий, И.Б. Бентович және О.Г. Большаковтың «Средневековый город Средней Азии» атты еңбектерінде Шу өңіріндегі қалалардың дамуына қатысты төмендегідей мәліметтерді береді: «Возникнув в VI-VII вв. на международном торговом пути из Средней Азии в Центральную и далее на восток, города Чуйской долины к X в. превратились в значительные торгово-ремесленные центры»

[24, с. 209]. Сонымен қатар, Шу өңіріндегі қалалардың ерекшелігі олардың егіншілікпен тығыз байланысты болғандығын, қалалардың өсуі XI-XII ғғ. байқалғандығын айтып өтеді [24, с. 209].


2018 ж салынған шурфтың 0,6 м тереңдігінен алынған ағаш көміріне ескерткіштің жасын анықтау мақсатында Канаданың Оттава қаласындағы «A.E. Lalonde AMS Laboratory» зертханасында радио-көміртекті талдау жүргізілді. Нәтижесінде қаланың шурфтан анықталған ағаш көмірі бойынша XI-XII ғғ. жататындығы анықталды (кесте 13, сурет 11).

Олай болса, Қосқұдық қаласының өмір сүрген уақыты Шу өңіріндегі қалалардың өсіп, дамыған кезіне тура келіп тұр. Ескерткіш орналасқан өңірде де, осы уақытта қалалардың сауда-қолөнер ісімен дамығандығын көреміз. Әсіресе мұны 1948 ж. Ә.Х. Марғұлан зерттеу жүргізген, Қосқұдық қаласына жақын орналасқан Бірлік қаласын металлургия ісімен байланысы бар деп есептеуімен түсіндіруге болады [25, с. 8-11].

Қорытындылай келсек, Қосқұдық қаласының топографиялық жоспары, қорғаныс жүйесі, ондағы қақпа құрылысы, орналасқан аумағы, табылған материалдары XI-XII ғғ. сауда-қолөнер орталығы болғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, қала тұрғындары егіншілік және мал шаруашылығымен айналысқандығын табылған материалдар көрсетіп отыр. Қаланың ірі орталықтың бірі болғандығын, қала өмір сүруін тоқтатқаннан кейін итті жерлегендігі және жылқының кейбір бөлшектерін арнайы жерге қойғандығы немесе көмгендігі растайды. Себебі, қала өмір сүруін тоқтатқаннан кейін де, қаланың орнын киелі жер деп есептеуінде жатыр.

Кесте 13. Қосқұдық қаласы. Ағаш көміріне жүргізілген радиокөміртекті талдау нәтижелері

Lab ID	Submitter ID	Material	Mat. Code	14C yr BP	±	F14C	±	cal AD/BC
UOC-9464	JKaz-20	Charcoal	AAA	896	23	0.8945	0.0026	1043-1104(41.1%)calAD 1117-1211(54.3%)calAD



Сурет 11. Қосқұдық қаласы. Радиокөміртекті мерзімі

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Елеуов М.Е. Паспортизация средневековых памятников Меркенского, Чуйского районов Джамбулской области. Отчет. Археологическое исследование Чуйской долины (1988). – Алма-Ата, 1989. – С. 21-22.
- 2 Елеуов М.Е. Городище Коскудык // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы, 2002. – С.321.
- 3 Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С. 2018 жылы Шу өңіріндегі Қосқұдық төрткүліне жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2019. – №1(60). – Б. 322-334.

- 4 Акаевский А.И., Юдичев Ю.Ф., Селезнев С.Б. *Анатомия домашних животных*. – Москва, ООО «Аквариум-Принт». 2005. – 640 с.: ил.
- 5 Ерохин Н.Г., Бачура О.П. *Новый подход к компьютерной формализации раздробленности костных остатков млекопитающих в археологических исследованиях // Методика междисциплинарных археологических исследований: сб. науч. ст. и метод. рекомендаций*. – Омск: Омский государственный университет, 2011. – С. 62-69.
- 6 Цалкин В.И. *Домашние животные Золотой Орды // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел биологии*. – 1967. – Т. 72 (1). – С. 114-121.
- 7 Цалкин В.И. *Изменчивость метаподий и ее значение для изучения крупного рогатого скота древности // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел биологии*. – Москва, 1960. – Т. 65. (1). – С. 109-126.
- 8 Секерская Е.П. *Особенности палеоэкономической стратегии населения Нижнего Дуная в эпоху позднего энеолита – ранней бронзы // Культурное пространство между Балканами и Великой степью в эпоху камня – бронзы. Материалы по археологии Северного Причерноморья*. – Одесса: «СМИЛ», 2010. – Вып. 11. – С. 141-162.
- 9 Витт В.О. *Лошади Пазырыкских курганов // Совесткая археология*. – М.-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1952. – Вып. 16. – С. 163-205.
- 10 Ақымбек Е. Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдер (топографиясы, стратиграфиясы, хронологиясы) // Ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі есеп. – Алматы, Ә.Х.Марғұлан ат. Археология институты. 2020. – 107 б.
- 11 Шағирбаев М.С., Ақымбек Е.Ш. *Итті жерлеу гұрпы (2019 ж. ортағасырлық Қосқұдық қаласының материалы негізінде) // Ғалым-этнограф Б.К. Қалибаеваның 60 жасқа толуына арналған «Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Р.С. Жұматаев*. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 562 б.
- 12 Воронина В.Л. *Раннесредневековый город Средней Азии // Совесткая археология*. – 1959. – №1. – С. 84-104.
- 13 Волин С. *Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ИИАЭ*. – 1960. – Т. 5. – С. 72-92.
- 14 Малов С.Е. *Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии*. – М.-Ленинград: «Изд-во АН СССР», 1959. – 111 с.
- 15 *Большой русско-турецкий словарь. 250 000 слов и словосочетаний*. – М.: ООО «Дом Славянской книги», 2009. – 608 с.
- 16 *Краткий русско-туркменский словарь*. – Ашхабад: Ылым, 1968. – 526 с.
- 17 *Русско-киргизский гнездовой словарь*. – Фрунзе: Мектеп, 1979. – 526 с.
- 18 *Русско-китайско-английско-уйгурский словарь наиболее употребительных слов*. – Пекин, 1994. – 1958 с.
- 19 *Древнетюркский словарь*. – Ленинград: «Наука», 1969. – 677 с.
- 20 Миллер Г.Ф. *О древних памятниках в уездах Селенгинском и Нерчинском / История Сибири*. – М.-Ленинград: «Изд-во АН СССР», 1937. – Т.1. – 607 с.
- 21 Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С. *Ортағасырлық Жазық төрткүлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы*. – 2020. – №2 (65). – Б. 460-472.
- 22 Шалекенов У.Х. *Научный отчет об археологических исследованиях кафедры археологии и этнографии за 1982 г. // Архив Института археологии им. А.Х. Марғұлана КН МОН РК*. – Алма-Ата, 1983. – Офис 2, дело 1957. – 117 с.
- 23 Хмельницкий С. *Между саманидами и монголами Архитектура Средней Азии XI – начала XIII вв.* – Берлин-Рига, 1996. – Часть I. – 336 с.
- 24 Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. *Средневековый город Средней Азии*. – Ленинград: Наука, 1973. – 389 с.
- 25 Марғұлан А.Х. *Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане // Известия АН КазССР. Серия археологическая*. – 1951. – Вып. 3. – С. 3-53.

#### References:

- 1 Eleuov M.E. *Pasportizasia srednevekovykh pamiatnikov Merkensкого, Chuiskого raionov Djambul'skoi oblasti [Certification of medieval monuments of the Merke and Chui districts of the Dzhabul region]. Otchet. Arheologicheskoe issledovanie Chuiskoi doliny (1988)*. – Alma-Ata, 1989. – S. 21-22. [in Russian].

- 2 Eleuov M.E. *Gorodise Koskudyk [The Settlement Koskudyk] // Svod pamiatnikov istorii i kultury Respubliki Kazahstan. Jambylskaia oblast. – Almaty, 2002. – S.321. [in Russian].*
- 3 Aqymbek E.Ş., Şagirbaev M.S. 2018 jyly Şu öjirindegi Qosqūdyq törtküline jürgizilgen zertteu jūmystarynyñ qorytyndysy [Results of research of tortkul Koskuduk in the Shu region for 2018] // Abai atyndağy QazĪPU-niñ Habarşysy, «Tarih jāne saiasi-āleumettik ġylymdar» seriiasy. – 2019. – №1(60). – B. 322-334. [in Kazakh].
- 4 Akaevskii A.I., Ydichev Y.F., Celeznev C.B. *Anatomia domaşnih jivotnih [Anatomy of domestic animals]. – Moskva, OOO «Akvarium-Print», 2005. – 640 s.: il. [in Russian].*
- 5 Erohin N.G., Bachura O.P. *Novyi podhod k kompiuternoġ formalizatsii razdroblennosti kostnyh ostatkov mlekopitaychih v arheologicheskikh issledovaniiah [A new approach to the computer formalization of the fragmentation of mammalian bone remains in archaeological research] // Metodika mejdissiplinarnykh arheologicheskikh issledovaniġ: sb. nauch. st. i metod.rekomendatsii. – Omsk: Omskii gosudarstvennyi universitet, 2011. – S. 62-69. [in Russian].*
- 6 Salkin V.I. *Domaşnie jivotnye Zolotoi Ordy [Pets of the Golden Horde] // Blleten Moskovskogo obestva ispytatelei prirody. Otdel biologii. – 1967. – T. 72 (1). – S. 114-121. [in Russian].*
- 7 Salkin V.I. *Īzmenchivost metapodii i ee znachenie dlia izucheniia krupnogo rogatogo skota drevnosti [Metapodia variability and its significance for the study of ancient cattle] // Blleten Moskovskogo obestva ispytatelei prirody. Otdel biologii. – Moskva, 1960. – T. 65. (1). – S. 109-126. [in Russian].*
- 8 Sekerskaia E.P. *Osobennosti paleoekonomicheskoi strategii naseleniia Nijnego Dunaia v epohu pozdnego eneolita – rannei bronzy [Features paleoecological strategy of the population of the Lower Danube in the period of late Eneolithic – early bronze] // Kulturnoe prostranstvo mejdu Balkanami i Velikoi step v epohu kamnia – bronzy. Materialy po arheologii Severnogo Prichernomoria. – Odessa: «SMĪL», 2010. – Vyp. 11. – S. 141-162. [in Russian].*
- 9 Vitt V.O. *Loşadi Pazyrykskikh kurganov [Horses of Pazyryk mounds] // Sovestkaia arheologia. – M.-Leningrad: Īzd-vo AN SSSR, 1952. – Vyp. 16. – S. 163-205. [in Russian].*
- 10 Aqymbek E. *Şu öjirindegi ortağasyrlyq törtkülder (topografiiasy, stratigrafiiasy, hronologiiasy) [Medieval tortkul Shuy valley (topography, stratigraphy, chronology)] // ġylymi-zertteu jūmysy jōnindegı esep. – Almaty, Ā.H.Marğūlan at. Arheologiia instituty. 2020. – 107 b. [in Kazakh].*
- 11 Şagirbaev M.S., Aqymbek E.Ş. *Ītti jerleu ġūrpy (2019 j. ortağasyrlyq Qosqūdyq qalasyynyñ materialy negizinde) [The rite of burial of a dog (based on the materials of the medieval city of Koskuduk 2019)] // Ėalym-etnograf B.K. Qalşabaevanyñ 60 jasqa toluyna arnalğan «Īly dala kenjistigindegı etnoarheologiialyq zertteuler men etnosaralyq qatynastar māselesi» atty halyqaralyq ġylymi-ādistemelik konferensiia materialdary / jauapty red. R.S. Jumataev. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 562 b. [in Kazakh].*
- 12 Voronina V.L. *Rannesrednevekovyi gorod Srednei Azii [Early Medieval city of Central Asia] // Sovestkaia arheologia. – 1959. – №1. – S. 84-104. [in Russian].*
- 13 Volin S. *Svedeniia arabskikh istochnikov ĪH–ĪVI vv. o doline reki Talas i smejnykh raionakh [Information from Arab sources of the IX–XV centuries about the Talas River valley and adjacent areas] // Trudy ĪĪAE. – 1960. – T. 5. – S. 72-92. [in Russian].*
- 14 Malov S.E. *Pamiatniki drevnetrkskoi pismennosti Mongolii i Kirgizii [Monuments of ancient Turkic writing in Mongolia and Kyrgyzstan]. – M.-Leningrad: «Īzd-vo AN SSSR», 1959. – 111 s. [in Russian].*
- 15 Bolşoi russko-tureskii slovar. 250 OOO slov i slovosochetaniġ [A large Russian-Turkish dictionary. 250,000 words and phrases]. – M.: OOO «Dom Slavianskoi knigi», 2009. – 608 s. [in Russian].
- 16 Kratkii russko-turkmenskii slovar [Short Russian-Turkmen Dictionary]. – Aşhabad: Ylym, 1968. – 526 s. [in Russian].
- 17 Russko-kirgizskii gnezdovoi slovar [Russian-Kyrgyz Nest Dictionary]. – Frunze: Mektep, 1979. – 526 s. [in Russian].
- 18 Russko-kitaisko-angliisko-ugurskii slovar naibolee upotrebitelnykh slov [Russian-Chinese-English-Uyghur dictionary of the most common words]. – Pekin, 1994. – 1958 s. [in Russian].
- 19 Drevnetrkskii slovar [Ancient Turkic Dictionary]. – Leningrad: «Nauka», 1969. – 677 s. [in Russian].
- 20 Miller G.F. *O drevnykh pamiatnikakh v uezdah Selenginskom i Nerchinskom / Īstorii Sibiri [On the ancient monuments in the counties of the Selenga and the Nerchinsk]. – M.-Leningrad: «Īzd-vo AN SSSR», 1937. – T.1. – 607 s. [in Russian].*
- 21 Aqymbek E.Ş., Şagirbaev M.S. *Ortağasyrlyq Jazyq törtküli [Medieval tortkul Zhazyk] // Abai atyndağy QazĪPU-niñ Habarşysy. «Tarih jāne saiasi-āleumettik ġylymdar» seriiasy. – 2020. – №2 (65). – B. 460-472. [in Kazakh].*
- 22 Şalekenov U.H. *Nauchnyi otchet ob arheologicheskikh issledovaniiah kafedry arheologii i etnografii za 1982 g. [Scientific report on the archaeological research of the Department of Archaeology and Ethnography for*

1982] // *Arhiv Instituta arheologii im. A.H. Margulana KN MON RK. – Alma-Ata, 1983. – Ofis 2, delo 1957. – 117 s. [in Russian].*

23 Hmel'niskii S. *Mejdu samanidami i mongolami Arhitektura Srednei Azii XI – nachala XIII vv. [Between the Samanids and the Mongols, the architecture of Central Asia in the XI-early XIII centuries.] – Berlin-Riga, 1996. – Chast I. – 336 s. [in Russian].*

24 Beleniskii A.M., Bentovich I.B., Bolşakov O.G. *Srednevekovyi gorod Srednei Azii [Medieval city of Central Asia]. – Leniengrad: Nauka, 1973. – 389 s. [in Russian].*

25 Margulan A.H. *Tretii sezon arheologicheskoi raboty v Sentralnom Kazahstane [The third season of archaeological work in Central Kazakhstan] // Izvestiia AN KazSSR. Serii arheologicheskaja. – 1951. – Vyp. 3. – S. 3-53. [in Russian].*

МҒТАР 03.41.91  
ӘӨЖ 902.035

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.36>

Қ.Арынов<sup>1</sup>, М.Елеуов<sup>2</sup>, Б.Сиздиқов<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан. e-mail: kuanish\_85@mail.ru

<sup>2</sup> т.ғ.д., профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. e-mail: madiareleyov@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, аға ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан. e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫШҚАЛА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ ҚЫШ КҮЙДІРЕТІН ПЕШ ОРНЫ

### Аңдатпа

Мақалада ортағасырлық Қышқала қалашығында осы күнге дейін жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне тоқтала отырып, тарихи құндылықтарымыздың арасындағы алар орны қарастырылады. Сондай-ақ қаланың тарихи топографиялық құрлымы сипатталып, орталық бөлігі мен шаруашылық аймақтары жайында мағлұматтар берілді.

Ортағасырлық Қышқала қалашығының шаруашылық аймағы, соның ішінде қыш күйдіруге арналған пеш орнының аз зерттелуіне байланысты, аталмыш тақырып аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, анықталған пештің өзіндік ерекшелігін анықтап, ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық. Мақалада Қышқала қалашығында 2019 жылы жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне тоқтала отырып, ескерткіштің шаруашылық аймағынан анықталған пештің архитектуралық ерекшелігіне, жасалу технологиясы мен құрлыс материалдарына талдау жасалынды. Сонымен қатар, ортағасырлық қалалардан анықталған қыш күйдіруге арналған пештермен салыстырмалы талдау жасалынып, қосымша ғылыми тұжырымдар айтылды. Қазба жұмысы барысында алынған заттай деректер негізінде Қышқала қалашығынан анықталған пештің мерзімі анықталды.

**Түйінді сөздері:** Ортағасырлық Қышқала, пеш, археология, мәдени қабат, кесінді, керамика, аркалы қабырға, оттық камерасы, күйдірілген қыш.

Арынов Қ.<sup>1</sup>, Елеуов М.<sup>2</sup>, Сиздиқов Б.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Научный сотрудник, МКТУ имени А.Ясауи, г. Туркестан. e-mail: kuanish\_85@mail.ru

<sup>2</sup> д.и.н., профессор, КазНУ имени әл-Фараби, г. Алматы. e-mail: madiareleyov@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, старший научный сотрудник, МКТУ имени А.Ясауи, г. Туркестан. e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

## ПЕЧЬ ДЛЯ ОБЖИГА КИРПИЧЕЙ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА ҚЫШҚАЛА

### Аннотация

В статье рассматривается роль средневекового городища Кышкала среди наших исторических ценностей, затрагивая результаты археологических исследований, проведенных по сей день. Также была описана историческая топографическая структура города, даны сведения о центральной части и хозяйственных зонах.

В связи с малой изученностью хозяйственной зоны средневекового городища Кышкала, в том числе места печи для обжига керамики, в рамках данной темы мы решили провести научно-исследовательскую работу, выявить специфику выявленной печи и ввести ее в научный оборот. В статье рассмотрены результаты археологических научно-исследовательских работ, проведенных в Городище Кышкала в 2019 году, проанализированы архитектурные особенности, технология изготовления и строительные материалы печи, выявленные в хозяйственной зоне памятника. Кроме того, был проведен сравнительный анализ с гончарными печами, обнаруженными в средневековых городах, и были сделаны дополнительные научные выводы. На основании вещественных данных, полученных в ходе раскопок, был определен срок нахождения печи в Городище Кышкала.

**Ключевые слова:** Средневековый Кышкала, печь, археология, культурный слой, разрез, керамика, арычная конструкция, камера для обжига, жженный кирпич.

K.S. Arynov<sup>1</sup>, M.Eleuov<sup>2</sup>, B.Sizdikov<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Researcher, H.A. Yasavi İKTU. Kazakhstan, Turkestan. e-mail: kuanish\_85@mail.ru

<sup>2</sup> Dr. Professor, al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty.  
e-mail: madiareleyov@mail.ru

<sup>3</sup> PhD. Senior Researcher, H.A. Yasavi İKTU. Kazakhstan, Turkestan.  
e-mail: [bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz](mailto:bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

## FURNACE FOR BURNING BRICKS OF THE MEDIEVAL TOWN OF KYSHKALA

### Abstract

The article examines the role of the medieval settlement of Kyshkala among our historical values, touching upon the results of archaeological research carried out to this day. Also the historical topographic structure of the city was described, information about the central part and economic zones was given.

Due to the lack of knowledge of the economic zone of the medieval settlement of Kyshkala, including the place of the kiln for firing ceramics, within the framework of this topic, we decided to conduct research work, identify the specifics of the identified kiln and introduce it into scientific circulation. The article discusses the results of archaeological research work carried out in the Kyshkala Settlement in 2019, analyzes the architectural features, manufacturing technology and building materials of the furnace, identified in the economic zone of the monument. In addition, a comparative analysis was carried out with pottery kilns found in medieval cities and additional scientific conclusions were drawn. On the basis of material data obtained during the excavations, the period of the stove's location in the Kyshkala Settlement was determined.

**Keywords:** Medieval Kyshkala, furnace, archeology, cultural layer, section, ceramics, irrigation ditch structure, kiln, burnt brick.

### Кіріспе

Ортағасырлық Қышқала қалашығы Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Қоғалыкөл ауылдық округінің жерінде, ауылға жақын жерде, Томарөткелге іргелес орналасқан. Бұл қаланы алғашқы рет 1889 жылы Перовск уезінде барлау жұмыстарын жүргізген В.А. Каллаур ашып, оны Кыс – қала (Гыш - қала) немесе Тасқала деп атап, оның Перовскден шығып Хиуа мен Бұқараға баратын жолдың 25 – 30 верстінде орналасқаны туралы жазған [1, 211].

1946 жылы С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық – этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) Қышқалада (С.П. Толстов бойынша Кыш - төбе) болып оның үстінде шашылып жатқан ыдыс сынықтарын, заттарды жинап, картада Қыштөбенің ортағасырлық Асанаспен Женттің аралығында орналасқанын көрсеткен [2].

1960 жылы Ә. Қоңыратбаев, Ғ.Мұсабаев Қышқалада зерттеу жұмыстарын жүргізген, ол туралы Ә.Қоңыратбаев былай деп жазған: «Қышқала демектің мағынасы онда қыштан салынған кішігірім Сарай (орда) болған.... 1960 жылы біздер (ішінде Ғ.Мұсабаев бар) бірер метр жерін қазып, күйдірілген кірпіштен жасалған бармақтай сырлы құмыра таптық. Ішіне 25 грамм су кетеді, тұтқасы сынған. Осы төбенің астынан күміс ақша табылған. Сол жерден 1960 жылы мен сор бетіне шығып қалған алтын теңге таптым» [3, 336: 4, 151]. Сонымен қатар, Ә.Қоңыратбаев Қышқаладағы моладан адамның, аттың сүйектері, сырланған көзелер сынығы табылғанын айта келіп: «Бірақ бұл жерде (Қышқаланы айтып отыр) қамалдың


ізіжоқ... «Қышқала» деген атау ел аузында жүрген кейінгі сөздер болса керек. Сыр бойында ондай қаланың аты жоқ» – дейді [3,336].

Қышқала (Т.Мәмиев бойынша Баршынкент) қаласында алғашқы археологиялық қазба жұмыстарына 1990 жылы Қызылорда мемлекеттік пединститутың Т.Мәмиев басқарған студенттер тобы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен арнайы шақырылған М.Елеуов пен Д.Талеев келіп қатысты [5, 27].

1990-жылдарда Қышқалада жүргізілген қазба жұмыстарының барысы, онан ашылған құрлыстар, табылған археологиялық заттар Т.Мәмиевтің «Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғғ.)» тақырыбына тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациялық жұмысында қысқаша жазылған [6, 64-69].

Жұмыста Баршынкенттің қолдан сызылған жобасы, жүргізілген қазбалардың жобалары, кесінділері және олардан табылған сырлы қаптаманың суреті берілген [6, 64- 69].

2018 жылдан бастап ортағасырлық Қышқаладағы зерттеу жұмыстарын «Археолог» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС (директоры, профессор М.Елеуов) Қышқала археологиялық экспедициясы Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының, Қызылорда облысының тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаржыландыруы бойынша жүргізе бастады (директоры С.Күзейбаев).



Сурет 1. Қышқала қалашығының топографиялық жобасы.

2019 жылы ортағасырлық Қышқала қалашығының 2018 жылы басталған жобасын түсіру жұмыстары жалғастырылды, оның нәтижесінде қалашықтың алып жатқан жер көлемі, топографиялық құрлымы, қорғау аймағы, құрлысты реттеу аймағы және табиғи ландшафты қорғау аймағы анықталды (Сурет 1).


Ортағасырлық Қышқала қалашығының тарихи топографиялық құрлымы орталық бөліктен және шаруашылық аймағынан тұрады. Қаланың орталық бөлігінің көлемі 450 x 350 м, биіктігі 0,5 – 2,5 м. Орталық бөліктің шығыс шетінде орналасқан су қоймасының көлемі 18x21 м. Орталық бөліктен шығыста, батыста солтүстік – батыста әр – түрлі құрлыс қалдықтары сақталған, олардың көлемі 30 x 30 м, 40 x 40 м, 40 x 50 м, 60 x 150 м. Биіктігі 0,5 x 2 м, қалашықтың қорғау аймағы бойынша алып жатқан жер көлемі бойынша 70 га. Құрлысты реттеу аймағы 110 га. Табиғи ландшафты қорғау аймағы 180 га.



Сурет 2. Қышқала қалашығындағы №4 қазбаның топографиялық жобасы.

### Қышқала қалашығындағы пештің анықталу барысы

Қазба жұмысы жобаның техникалық талаптарына сәйкес қалашықтың шығыс бөлігінде орналасқан құрлыс нысандарын анықтау мақсатында 2018 жылы ашыла бастаған 2- қазбаның, яғни, сегіз қырлы кесененің солтүстік шығыс жағасында 30 м аралықта орналасқан аумағы 18x21 м, биіктігі 1,8 м төбенің үстінен салынды (№4 қазба). Қазбаның жалпы көлемі 14x16 м. Таңдап алынған төбенің қазбаға дейінгі суреті мен топографиялық жобасы түсірілді (Сурет 2).



Сурет 3-4. Пештің жалпы көрінісі мен жобасы.

Аталмыш нысанда жүргізілген қазба жұмысы барысында, сыртқы ұзындығы 5,6 м, ені 4 м қыш күйдіруге арналған пеш анықталды (Сурет 3-4). Пеш қазба 2 – ден 30 м солтүстік – шығыста орналасқан аумағы 18x21 м, биіктігі 1,8 м құм төбенің үстінен қазылған көлемі 4x5,2 келетін шұңқырға салынған. Пештің сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 1 м, олар көлемдері 44-46x24-26x8 см күйдірілмеген кесектен қаланған, сақталған биіктігі 1,8 – 2 м. Ашылған пеш оттық пен күйдіру камераларынан тұрады. Оттық камераның қабырғалары тік оның үстін жауып тұрған сегіз арканың иығына дейінгі биіктігі 1,2 м. Осы камераның табанында қалыңдығы 0,2 м күл жатыр, ал оның үстінде жатқан құландының құрамында бүтін, сынған қыш кесектер, шлаққа айналған қыш кесектер және бос топырақтың орналасқандығы анықталды.

Оттық камераның үстін жауып тұрған аркада ыстық ауа жүруге арналған 7 қуыс (канал) орналасқан, олардың табаны төменнен жоғары қарай (сыртқа) қиғаш етіп қаланған. Жүргізілген қазба жұмыстарының барысында, ыстық ауа жүретін қуыстың (каналдың) арасын бөліп тұрған қабырғалардың сақталған бөліктері ашылды (Сурет 5).





Сурет 5. Пеш камересындағы ауа айналатын қуыстар.

Пеш құрылысының солтүстік қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Қабырғаның жоғарғы бөлігіндегі ұзындығы 3,5 м, еден деңгейіндегі ұзындығы 2 м, күйдірілген кесектен қаланған қабырғаның қалыңдығы 20 см, биіктігі 2 м. Қабырға сыртындағы сылағы жақсы сақталған және қалыңдығы 4-5 см. Қабырғаны бірнеше рет жөндеу жұмыстары жүргізген. Қабырғаның еденнен жоғары қарай 1-1,2 м биіктікте қатты күйіп шлакқа айналып кеткен. От қызуымен осы аралықта төмен қарай сылақтың аққан іздері анық байқалып тұр. Ал жоғарғы бөлігі ақшыл көк түсте сақталған.

Қабырғаның дәл ортасында көлемі 50x50 см болып келетін есігі бар. Есіктің төбесінен қыштарды тігінен қалап, арка етіп қалаған. Есіктің астыңғы бөлігі еденнен 1 м биіктікте орналасқан. Есіктің аузын күйдірілген кесектермен қалап, жауып қойған.

Жобасы мен көлемдері жағынан Қышқала қалашығынан анықталған пешке ұқсас пештер ортағасырлық Сарайшық [13, 111-114], Жайық [14, 29-30], Отырар, Құйрықтөбе (Сурет 6) [15, 178-184], Ақтөбе, Сортөбе [17, 134-140] және Күлтөбе [18, 278-281] қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған. Сонымен қатар, 2019 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің М.Тұяқбаев басшылығындағы Түркістан Археологиялық Экспедициясы Түркістан маңындағы Қарашы өзенінің бойында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында бұзылу қаупінде тұрған кірпіш күйдіруге арналған пешті ашып зерттеген. Жоғарыда аталған ескерткіштерден анықталған пештердің барлығы төр бұрышты пішімді болып келуде және аркалы күмбезден және оттық камераларынан құралуда. Сонымен қатар, аталмыш пештердің барлығының құрлымы мен құрлысы бір-біріне өте ұқсас болып келуде.



Сурет 6. Отырар және Құйрықтөбе қалаларынан анықталған пештің жобасы.

Жоғарыда аталған Сарайшық [13, 111-114], Жайық [14, 29-30], Отырар, Құйрықтөбе [15, 178-184] және Күлтөбе [18, 278-281] қалаларынан анықталған пештердің XIII - XV ғғ. жататындығы анықталды. Ал, Шу өңіріндегі ортағасырлық қалаларды жылдар бойы зерттеп келген Е.Ш. Ақымбек, Сортөбе қаласынан анықталған пешті XII-XIII ғғ, Ақтөбе қаласынан анықталған пешті XI-XII ғғ жататындығын анықтаған [17, 134-140]. Біз мақалады Қышқала қалашығынан анықталған пештен ішінен алынған саздан жасалған ыдыстарға салыстырмалы талдау жасай отырып, аталмыш пештің XIV-XV ғғ жататындығын анықтадық.

Ортағасырлық Қышқала қалашығындағы қыш күйдіретін пешті қазу барысында сүйектен жасалған бұйымдар мен саздан жасалған ыдыс сынықтары көптеп табылды. Табылған заттай деректердің хронологиясын өзге өңірлерден табылған ыдыстармен салыстыра келе XIV-XV ғғ жататындығы анықталды [16, 103,130]. Сондай-ақ, тұрмыстық жағдайда пайдаланған керамикалық ыдыстар шарықта жасылып, бірқалыпты күйдірілгі анықталды.

### Қорытынды

Қыш күйдіретін пештер ортағасырлық қалалардағы маңызды шаруашылық нысандар болып табылуда. Себебі, қаладағы жекелеген құрлыс нысандарда аталмыш шаруашылық аймақтарындағы пештерде күйдірілген кірпіштер пайдаланылған. Пайымдауымызша ортағасырлық қалаларда қыш күйдіруге арналған пештер көптеп шоғырланған болуы мүмкін. Өйткені, аталмыш кезеңге жататын қалаларда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында, күйдірілген кірпіштен қаланған құрлыс нысандар көптеп анықталуда. Дегенмен, осы күнге дейін жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында ортағасырлық ескерткіштерден қыш күйдіруге арналған пештердің орнындары аз анықталған. Алдағы уақытта ортағасырлық ескерткіштердің маңында барлау жұмыстарын күшейте отырып, қыш күйдіретін пеш орындарын анықтап зерттеудің арқасында қаладағы құрлыс нысандардың нақты уақытын анықтауға қосымша мүмкіндік туғызары әбден анық.

Ортағасырлық Қышқала қалашығынан анықталған қыш күйдіретін пеш өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрлыс болып табылады. Қышқала қалашығынан анықталған аталмыш пешті ортағасырлық Сарайшық, Жайық, Отырар, Құйрықтөбе, Ақтөбе, Сортөбе және Күлтөбе қалаларынан анықталған пештермен салыстырмалы талдау жасай отырып, пеш құрылымдарының ұқсастығы анықталды. Аталмыш қалалардан анықталған пештердің төр бұрышты пішімді болып келуі, пештердегі аркалы күмбездер мен оттық камераларының пішіндері аталмыш пештердің бір-бірімен ұқсастығын көрсетуде.

Қышқала қалашығынан анықталған пештің хронологиясына келер болсақ, қазба жұмыстары барысында алынған археологиялық деректерге сүйене отырып, пештің қолданыста болған уақытын анықтадық. Пеш орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында алынған саздан жасалған ыдыстарды негізге ала отырып, аталмыш пештің XIV-XV ғғ жататындығы анықталды.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Аинас или Эинас (Асанас) в Перовском уезде, разрушенные Чингиз-ханом 1219 г. / ПТКЛА. Приложения к протоколу от 7 февраля 1900.
2. Елеуов М., Бахтыбаев М. М. Историко – культурные памятники Казахстана. –Туркестан, Туран, 2011. – С.447.
3. Толстов С. П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – Москва, 1948. – С.323.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және Туркология. – Алматы, 1987. – 368 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Жент және Баршынкент // Қоңыратбаев Ә. Көп томдық ыңғармалар жинағы. –Алматы, Мер Сал Баспа үйі, 2004. Т. 2. – 518 б.
6. Мәмиев Т. Қызылорда облысының археологиялық ескерткіштері. – Алматы, ЖАҚ-тың редакциялық баспа орталығы. 2000. 48 б.
7. Мәмиев Т. Кейінгі орта ғасырлардағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғғ.) // 07.00.06. Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1999. – 151 б.
8. Хмельнский С.Г. Между арабами и тюрками. Раннеисламская архитектура Средней Азии. – Берлин, 1992. – С.243.
9. Зиливинская Э.Д. Архитектура Золотой Орды. Часть I. Культурное зодчество: Монография. – Казань, Отечество, 2014. – С.228.
10. Hillenbrand R. Islamic Architecture. – New – York, 1994. – P.173
11. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Москва, 1941. Т. 2. – С.308.
12. Болдырев А.Н. Зайнабдин Васифи. Таджикский писатель XVI в. (опыт творческой биографии). – Сталинабад. Таджикгосиздат, 1957. – С.356.

13. Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана // По материалам Южно – Казахстанской комплексной археологической экспедиции. Книга III. Часть 2. – Алматы, 2014.
14. Пацевич Г.И. Печь для обжига кирпича в древнем городе Сарайчике // Краткие сообщения, Института истории материальной культуры. Выпуск 69. – Москва, 1957. – С.111-114.
15. Байпаков К.М., Смағұлов Е.А., Ахатов Ф.А. Ортағасырлық Жайық қала жұрты. – Алматы Credo, 2005. – 29-30 бб.
15. Ақишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Оtrar в XIII – XV вв. – Алма-Ата, 1987. – С.178 -184.
16. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мурғабайев С. Сығанақ жәдігерлері. – Түркістан, Тұран, 2016. – 183 б.
17. Ақымбек Е.Ш. Шу өңіріндегі ортағасырлық кірпіш күйдіретін пештер // Археология ғылыми зерттеу институтының 20 жылдығына орна «Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Түркістан, 2017. – С.134-140.
18. Хазбулатов А., Ақылбек С.Ш. Күлтөбе қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. – Түркістан, 2019. – С.278-281.

#### References:

1. Kallaur V. A. The Drevny city of Saganak (Sunak), Ashnas or Ashnas (asanas) in Perovsky district, destroyed by Chingiz-Khanom 1219. / PTKLA. Application to the protocol from February 7, 1900.
2. Eleuov M., Bakhtybaev M. M. historical and cultural monuments of Kazakhstan. Turkestan, Turan, 2011. - P. 447.
3. Tolstoy S. P. on the path of military-patriotic civilization. Moscow, 1948. - P. 323.
4. Konyratbayev A. Kazakh epic and Turkology. Almaty, 1987. - 368 P.
5. Konyratbayev A. Zhent and Barshynkent // collection of multi-volume works of Konyratbayev A.. - Almaty, Mer Sal publishing house, 2004. Vol. 2 -- - 518 P.
6. Mamiev T. archaeological sites of Kyzylorda region. - Almaty, editorial and publishing center of CJSC. 2000. 48 p.
7. Mamiev T. cities of the Aral region in The Late Middle Ages (XIII-XVIII centuries.) / / 07.00.06.dissertation for the degree of candidate of Historical Sciences. Almaty, 1999. - 151 P.
8. Khmelinsky S. G. between Arabs and turkeys. Ranneislam architecture in Middle Asia. - Berlin, 1992. - P. 243.
9. Zilivinskaya E. D. Architecture Of The Golden Trench. Part I. cult zodiac: monograph. - Kazan, Otechestvo, 2014. - P. 228.
10. Hillenbrand R. Islamic Architecture. – New – York, 1994. – P.173
11. Tizenhausen V. G. Sbornik material related to the history of the Golden Horde. Moscow, 1941. Vol. 2 -- - P. 308.
12. Boldyrev A. N. Zainaddin Vasifi. Tajik writer XVI V. (experience of creative biography). - Stalinabad. Tajikgosizdat, 1957. - P. 356.
13. Baypakov K. M. Drevnyaya and secondary urbanization of Kazakhstan // on the material of the South – Kazakhstan complex archaeological expedition. Book III. Part 2. - Almaty, 2014.
14. Patsevich G. I. Pechzhig kirpich in the ancient city of Saraychik // Kratkiye shazh, Institute of history of material culture. Issue 69. - Moscow, 1957. - Pp. 111-114.
15. Baipakov K. M., Smagulov E. A., Akhatov G. A. medieval zhaiyk settlement. Almaty Credo, 2005. - pp. 29-30.
15. Akishev K. A., Baipakov K. M., Erzakovich L. B. Otrar in XIII-XV VV. - Alma-Ata, 1987. - P.178 -184.
16. zholdasbayev S., Zhetybayev K., Bakhtybayev M., Murgabayev S. syganak relics. - Turkestan, Turan, 2016. - 183 P.
17. Akymbek E. Sh. medieval brick-burning furnaces in the Shu region // materials of the international scientific and theoretical conference "continuity of archaeological monuments in the Turkestan region" dedicated to the 20th anniversary of the Research Institute of Archaeology. - Turkestan, 2017. - Pp. 134-140.
18. Khazbulatov A., Akylbek S. Sh.report of archaeological excavations carried out in the kultobe settlement. - Turkestan, 2019. - Pp. 278-281.

С.С. Бекешов<sup>1</sup>, А.А. Бекенжанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан

<sup>2</sup>6M011400-Тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

## ДӘСТҮРЛІ АҒАШ БҰЙЫМДАРДАҒЫ ОЮ-ӨРНЕКТИҢ БЕДЕРЛЕНУІ

Аңдатпа

Дәстүрлі ағаш ою өнері халқымыздың заттық және рухани мәдениетінің негізгі элементі болып табылады. Зерттеуде ағаш бұйымдардың көнеден сақталған түп нұсқалары мен ағаш шеберлердің XVIII және XX ғасыр басындағы қол өнер бұйымдары сараланады. Олардың шығармашылық мұралары – үй жиһаздары, ыдыс-аяқтар, арбалар, күймелер, ер-тұрмандар мен әдет-салтқа қатысты бұйымдар да көрініс тапқан. Осы жәдігерлер арнайы ізденіс пен ғылыми талдауға негіз болды. Маңызды зерттеу нысандарымен қатар ол бұйымдарда белгілі бір қалыпта сақталған ағаш оймыштаудың әдістері мен тәсілдері, шеберлердің құрал-саймандарын зерделеуден де туындап отыр.

Мақалада ағаш оймыштау өнері тұтас, қазақтың дәстүрлі мәдениеті ауқымында, оның дамуының басты салалары шаруашылық-тұрмыстық және өрнектеу, оймыштау тұрғысында қаралады.

**Кілт сөздер:** ағаш, өрнектеу, оймыштау, қазақтар, қолөнер бұйымдары

Бекешов С.С.<sup>1</sup>, Бекенжанова А.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Кандидат исторических наук, доцент,  
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,  
Ақтау, Казахстан

<sup>2</sup>магистр педагогических наук по специальности 6M011400-История

## ТИСНЕНИЕ ПО ТРАДИЦИОННЫМ ИЗДЕЛИЯМ ИЗ ДЕРЕВА

Аннотация

В данной статье рассматриваются традиции казахского народа в древней резьбе по дереву. Речь идет о смысловой трактовке искусства орнамента и значимости в истории. В состав деревянной интерьерной мебели входят жастық ағаш, джукайак, кебеже, сандык, абдире, яглан, улдырык, абажа, а также техника (способ) обработки домашней утвари.

Историческая справка, философское осмысление символического значения каждой линии орнамента, обозначенного на фоне предмета художественной ценности деревянных изделий. Эта статья также важна для понимания генезиса всего казахского традиционного искусства резьбы по дереву, а также эволюции орнаментов, общего искусства ткачества (ковроткачество, украшения из дерева, кости и т. д.).

Научно проанализировано, что домашняя мебель и хозяйственный-бытовой орудия представляют собой целостную систему, полностью основанную на стилистической композиции.

**Ключевые слова:** дерево, орнаментация, резьба, казахи, изделия ремесла.

Bekeshov S.S.<sup>1</sup>, Bekenzhanova A.A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of historical sciences, associate professor, Yessenov University, Aktau, Kazakhstan,  
<sup>2</sup> the academic degree of Master in speciality 6M011400-History

## ORNAMENTS ON TRADITIONAL WOODEN PRODUCTS – EMBOSSEMENT PATTERN

Abstract

This article examines the traditions of the Kazakh people in ancient woodcarving. It is about the semantic interpretation of the art of ornamentation and its significance in history. The composition of wooden interior furniture includes bed linen, pillows made of wood, dzhukayak, kebezhe, sandyk, abdire, yaglan, uldyryk, abazha, as well as a technique (method) for processing household utensils.

Historical background, philosophical understanding of the symbolic meaning of each line of the ornament, indicated against the background of the object of artistic value of wooden products. This article is also important for understanding the genesis of the entire Kazakh traditional art of wood carving, as well as the evolution of

ornaments, the general art of weaving (carpet weaving, jewelry made of wood, bone, etc.).

*It has been scientifically analyzed that home furniture and household appliances represent a holistic system entirely based on stylistic composition.*

**Keywords:** wood, ornamentation, carving, Kazakhs, handicrafts.

**Кіріспе.** Дәстүрлі ағаш ою өнері халқымыздың заттық және рухани мәдениетінің негізгі элементі болып табылады. Зерттеуде ағаш бұйымдардың көнеден сақталған түп нұсқалары мен ағаш шеберлердің XVIII және XX ғасыр басындағы қол өнер бұйымдары сараланады. Олардың шығармашылық мұралары – үй жиһаздары, ыдыс-аяқтар, арбалар, күймелер, ер-тұрмандар мен әдет-салтқа қатысты бұйымдар да көрініс тапқан. Осы жәдігерлер арнайы ізденіс пен ғылыми талдауға негіз болды. Маңызды зерттеу нысандарымен қатар ол бұйымдарда белгілі бір қалыпта сақталған ағаш оймыштаудың әдістері мен тәсілдері, шеберлердің құрал-саймандарын зерделеуден де туындап отыр.

**Әдістемесі.** Мақалада ағаш оймыштау өнері тұтас, қазақтың дәстүрлі мәдениеті ауқымында, оның дамуының басты салалары шаруашылық-тұрмыстық және өрнектеу, оймыштау тұрғысында қаралады.

**Тақырыптың зерттелуі.** Ұсынылып отырған мақала ең негізінен авторлық ізденістердің бірегей материалдарына, ең алдымен Алматы, Астана, Ақтау, Ақтөбе, Қарағанды, Көкшетау, Тараз, Орал, Форт-Шевченко, Шымкент, Өскемен, Семей, т.б. тарихи-өлкетану мұражайларының қорынан алынған, қалалық аудандық және басқа мұражайлардың қорлары мен жинақтарынан алынған материалға, сонымен бірге Батыс Қазақстанға жүргізілген этнографиялық экспедициялық материалдар (1998 ж.) негізделген. Мұражай қорында жинақталған көне бұйымдарды фотофиксация, бұйымдар өлшемдері, сақталу жағдайы катерге алынды, сонымен бірге долбарлау (зарисовка) жұмыстары, бұйымдардағы ою-өрнек, оймыш түрлері қағазға сызылып алынды. Кейбір мәліметтерді музей қызметкерлерінің сұрап-жауап жүргізу арқылы таспа жазылды.

Мақаланы дайындауда профессор С.Е. Әжіғали, өнертанушы ағаш шебері Д.Шоқпарұлының материалдары, суретші Жалаледин Шайкен еңбектері алынды.

Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Востров В.В., Кауанова Х.А. Материальная культура казахского народа на современном этапе. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Осы аталған еңбектерде қазақ халқының ықлым заманнан келе жатқан ағаш өңдеу, ұқсату, оймыштау, ою-өрнектің мән-мағынасына ғылыми тұрғыда, дәйекті материалдармен зерттей отырып құнды еңбектер жариялаған.

**Зерттеу нәтижелері:** Қазақстандағы дәстүрлі ағаш оймыштау өнерін күнделікті тұрмыста қолданылған бұйымдарына қарай саралап, зерттеу тәжірибесі төмендегідей қорытындылар жасауымызға мүмкіндік берді.

Қазақ жерінде ағаш ұқсату көне дәуірден бастап-ақ қалыптасқан. Орасан зор аймақты мекен еткен қазақтың көшпелі тұрғындары алғаш көшіп-қонып жүруге қолайлы баспана - ағаш үйлерді ұқсата білді. Сыртқы тұрқы қарапайым болып келетін мұндай үйлерді өңдеуі де, оны ұқсату да, пайдаланған құрал-саймандары да тұрпайылау болған. Өз бастауын қола дәуірінен алатын киіз үйлер уақыт өте келе өңделіп, көркемделе түсті. Соған орай ұқсату, оймышта әдіс-тәсілдері мен құрал-саймандары түрлері кеңейіп дами түскен.

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысындағы біз жинаған ғылыми материалдар мен иллюстративті фактілер, ғылыми тұжырымдар өз кезегінде этнографияның заттық мәдениет жөніндегі бөлімдеріне, тарих және басқа да ғылымдар үшін танымдық, ғылыми проблемаларды зерттеп, талдауға, сондай-ақ зерттеуші әріптестерге де қосымша дерек бола алады.

Халқымыздағы ағаш ұқсату өнері бүгінгі таңда біршама үзілістен соң қайта жаңғыруда. Сол себепті бұл мәселені қазақтың қолданбалы өнер жүйесінде кешенді зерттеуге мол мүмкіндік туып отыр.

Біздің зерттеуіміз ағаш оймыштау өнерінің қазақ халқы тарихының жарқын беттері екенін көрсетті. Ағаш оймыштау өнеріндегі образдар, олардың шығу тектері, типологиясы алдағы уақытта жалпы ғылыми, мәдени міндеттерді шешуге, тарихи-мәдени мұраларды сақтауға, халық өнерін қолдану мен насихаттауға үлкен ықпал етпек.

Қазақ халқының қолөнерінде ою-өрнек түрлері ғасырдан ғасырға сақталып келе жатқан асыл мұралардың бірі. Әсіресе қазақтың дәстүрлі ою-өрнек түрлері Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында күні бүгінге дейін сақталған. Мұны біз тоқталып отырған үй жиһаздары мен ыдыс-аяқ, шаруашылық бұйымдарынан айрықша аңғаруға болады. Көне заманнан бүгінгі дейінгі қазақ даласында ою-өрнектің; геометриялық, зооморфтық, өсімдік және космогониялық түрлері кең таралған [1, 31-б.].

Ою-өрнек сан ғасырлар бойы халықпен бірге жасап келе жатқан бейнелеу өнерінің бір саласы болып табылады. Ою-өрнек негізгі бастапқы элементтері көне заманнан бастап-ақ пайда болған. Оған дәлел

археология қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыстарда, қару-жарақ, жауынгерлердің бас киімдерінде, күзелерде кездесетін "тарақ", "сызық", "ноқат" түрлері ою-өрнектердің алғашқы нұсқалары деп түсінеміз. Қазіргі таңда да, ою-өрнектің шығу тарихы, мән-мағынасы және қолдану аясы ғалымдардың зерттеуінен тыс қалған жоқ. Мәселен, Л.Я. Штернберг бұл жөнінде мынадай пікір айтады: "Ою-өрнек адам баласының сана-сезімі, еліктеу, ойлау қабілетінің жоғары дәрежеде екендігінің белгісі. *"Первичный смысл орнаментальных мотивов приходится искать... в мотивах религиозных"* [2, 242 б.].

Бұл жөнінде В.Б. Мириманов өзінің *"Алғашқы және дәстүрлі өнер"* еңбегінде мынадай тұжырымдарға келеді: *"Хотя указанные инстинкты "игры", "подражания", "украшения" и имеют связь с биопсихологическими корнями художественного творчества, однако ссылка на них не может решить проблему происхождения искусства, а указание на наличие подобных инстинктов у животных служит доказательством недостаточности инстинктов для проявления искусства"* [3,95-111 сс.].

Ою-өрнек мән-мағынасына қарай бес топқа бөлінеді. В. Ванслов өз еңбегінде оны мынадай топтарға бөледі: *"Анализируя взаимосвязь содержания и формы в искусстве, выделил пять форм орнамента геометрический, растительный, животный, предметный и смешанный"* [4,371 с.].

Т.К. Бәсенов қолөнер шеберлеріне арнайы көптеген ою-өрнектердің үлгілерін жинақтай келе, олардың қолөнер бұйымдарда қолданылуы аясына кеңінен тоқталады. Соңғы кезде ою-өрнектерді қолданудың мән-мағынасы жойылып кеткендіктен ою-өрнектерді орналастыру, қолдану "бес топқа" бөлінеді.

1-ші топқа — бұйымның жиегін және жолақатты көркемдеуге арналған ою-өрнектерді,

2-ші топқа — дөңгелек ыдыс-аяқтарға, сонымен қатар розеткелі үлкен ауқымды бұйымдарды көркемдеуге арналған ою-өрнектерді,

3-ші топқа - үлкенді кішілі жазықтықты (плоскостей) сәндеуге арналған ою-өрнектерді,

4-ші топқа — күміс және алтын жіптермен барқытты кестелеуге арналған ою-өрнектерді,

5-ші топқа — зергерлік бұйымдарға, тас және ағаш, басқа да бұйымдарды оймыштауға арналған ою-өрнектерді [5,35 б.] жатқызуға болады.

Енді өзіміздің Қазақстан мұражайларынан жинақталған ағаш бұйымдардағы ою-өрнектердің қолданылуына келейік.

*Геометриялық ою-өрнек* үй-жиһаздарында көбірек кездеседі. Бұл ою-өрнек жүкаяқ, сандық, кебеже, әбдіре, асадал, төсекағаш, абажа, киіз үйдің босағаларында көбірек көрініс табады. Геометриялық элементтер түзу, қисық, толқын сызық, штрих, торкөз, спираль, ромбы және розетка түрінде оймышталып түрлі-түсті бояулармен әрленеді.

Геометриялық ою-өрнек зооморфтық және өсімдік тектес өрнектермен қабаттасып күрделі композиция құрайды. Үй жиһаздарында аталған ою-өрнек элементтері тұтастырушы немесе бос тұстарын толықтырушы түрінде кездеседі. Сызықтар кейде әр бағытта орналасқан бір-бірін 40°-45° сүйір-ромбы, ирек, зиг-заг, тұмарша, үшбұрыш түрінде беріліп отырады. Геометриялық ою-өрнек басқа да қазақ халқының қолөнерінде, соның ішінде сырмақ, текемет, алаша, бау-басқұр, аяққап, тоқу өнерінде қисық сызық, сынық сызық түрінде кездеседі.

Б.Э. Петридің жорамалдауынша, ромбы "жебеге" көбірек ұқсас [6,135-171 сс.] - "Жебе" түріндегі ою-өрнекті жүк аяқтарда кездестіруге болады.

*Зооморфтық ою-өрнек.*

Осы ою-өрнектердің ішінде халық арасындағы белгілісі зооморфтық (жануарлар бейнесі) түрі. Зооморфтық ою-өрнегі бейнеленген бұйымдарда көбіне-көп жануарлардың сыртқы пішіні яғни мүйізі, тырнағы, тұмсығы, жиырылған бейнесі, табандарының іздері беріліп отырған. Мұны біз әр аймақтардағы мұражайларда сақталған үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтардан көруге болады.

Ою-өрнек үй жиһазының бетінде, соның ішінде кебеже, асадал, әбдіре, адалбақанның жиектері мен босағаларында және дәл орталықтарында "розетка" түрінде беріліп отырады. Сондай-ақ аталған бұйымдарда жүрекше, қошқар мүйіз, қырық мүйіз, сыңар мүйіз, текемет ою, бітпес, арқар мүйіз, су, толқын бейнесінде беріліп отырады. Үй жиһаздарына қарағанда ыдыс-аяққа ою-өрнек түсірудің өзіндік ерекшелігі бар. Шеберлер трафаретті кеңінен пайдаланады. Трафарет қатты қағазға немесе теріге ойылған ою-өрнек үлгісі [7,102 б.]. Мәселен бізге жайпақ табақтың сырт қабырғасына оймышталған ою-өрнек кездесті. Мұны біз әр аймақтардағы мұражайларда сақталған үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтардан кездестірдік. Мәселен, аталған ою-өрнектер кебеже мен жастық ағаштың босағаларында көбінесе тігінен оймышталып, бос аралықтарды толтырып отырса, ал төсекағаштарда белгілі бір ырғақпен біркелкі орындалған. Кейде шеберлер зооморфтық ою-өрнекті "розетка" түрінде бұйымның дәл ортасына болмаса қатарластырып беріп отырған.

Пішіні өте ұсақ болып келетін жануарлардың іздері жастық ағаш, кебеже, асадалдың көрнекті тұстарына беріліп отырған. Сондай-ақ бұл өрнекті үй жиһаздарының жиектері мен аралықтарынан кездестіруге болады.

Зооморфтық ою-өрнектерінде төрт түлік малдың абстракциялық пішіні де ерекше орындалады. Әсіресе бүгінде көпшілікке "қошқар мүйіз", "төртқұлақ", "түйетабан", "ботамайын", "түлкібас", "құсқанат және тағы басқалары мәлім. Төрт түлік малдың бейнелерінің бірі "қошқар мүйіз" ол қазақ халқының бүкіл тыныс-тіршілігінде көрініс тапқан. Соның ішінде жиһаздарында "қошқар мүйіз", "қырық мүйіз", "сыңар мүйіз", "арқар мүйіз" түрлері кеңінен қолданылған [8,24-23 сс.].

Үй жиһаздарында бейнеленген "қошқар мүйіз" өрнегі төрт тармақтан құрылып, кейде розетка түрінде тігінен я болмаса бұрышталып бейнеленеді. Ал "төрт құлақ" өрнегі үй жиһаздарында кебеже безендіруде кеңінен орын алған. Жалпы наным-сенімге байланысты "қошқар мүйіз" молшылық, мал басының аман-дығы тұрғысында кеңінен қолданыс тапқан. Зооморфтың ою-өрнегінде - "Бота мойын" өрнегі топтан мойны оза иілген бота" бейнесінде. Мұндай өрнек ағаш бұйымдарының дәл ортасында иіліп беріледі. Кейде осы өрнекті "жүрекше" деп атайды [9, 9 б.]. "Бота мойын" өрнегі жеке-дара ұзына шұбатылып бірін-бірі қуалай беріліп белгілі ырғақты сақтайды, мұндай ырғақты композиция көбіне бұйымның жиектерінде я болмаса ыдыстардың ернеуінде көрініс табады. Маңғыстау қазақтары мұны кейде текемет, бау-басқұр, жел-бау да әрдайым қолданып отырады. Оны кейде "сынық мүйіз" деп те атайды.

Зооморфтық ою-өрнектің тағы бір белгілі түрі мысық, түлкі, иттің бас бейнесіне ұқсас сопақша, дөңгелек, кейде алмұрт іспеттес "түлкі бас" ою-өрнек. Ағаш бұйымдарда "ит табақ", "ит емшек", "қарақұс", "құс тұмсық", "көбелек", "шыбынның қанаты" деп аталатын түрлері кездеседі [10, 10-13 сс.].

Бұл аталған ою-өрнек элементтері ағаш бұйымдарда тілік, аласа шұқырлы, биік шұқырлы, оймыш түрімен қашалады.

Аталған ою-өрнек түрлі ыдыс-аяқтар, шаруашылық бұйымдарда да көрініс табады. Әсіресе "қошқар мүйіз" өрнегі астаудың, саптыаяқтың, ожаулардың тұтқалары есебінде аумақты оймышпен бедерленсе, оның сыртқы бетіне биік бедермен айшықталған.

*Өсімдік тектес ою-өрнек.*

Өсімдік тектес ою-өрнектері кейде "ағаштың мотиві", "бұтақ", "жапырақ", "гүл", "сабақ", "өткізбе", "шиыршық", "тамыр" түрінде ағаш бұйымдарда, оның ішінде киіз үй есіктерде, жақтауларда, адалбақан, шаңырақтың шеңберінде, босағаларда тігінен түсіріледі.

"Ағаш үндес" ою-өрнек мәңгі тіршілік, өмірдің жалғасы деген наным-сенімнен туған. "Ағаш мотиві" элементтері көбіне тілік, үшқырлы оймыштармен түсіріліп, түрлі-түсті боялған [11, 30 б.].

Өсімдік өрнегінің ағаш бұйымдарда кең таралған келесі бір түрі "сабақ" деп аталады. Бұл өрнек элементтері тігінен, көлденең түрінде симметриялы беріліп отырған. Кейде шиыршықталып, ұшында жаңа бүр жарып келе жатқан "жауқазын" бейнелі осы элементтерді Маңғыстаудағы қорымдарда "құлпы тас", "сандық тас" беттерінде көруге болады [12,165 с.].

Өсімдік ою-өрнегінің тағы бір белгілі "гүл". Гүл өрнегі жұкаяқтың негізгі бөлігінде ұшырасса, ал адалбақандардың көбіне бетінде бояумен ақ, сары түстермен беріліп отырған. Бұл ою-өрнек түрі ыдыс-аяқтарда мольнан кездеседі. Бізге ұшырасқан екі қатарлы және аласа бедерлі оймышпен әшекейленген күбіндегі "жүрекше" өрнегі оның ернеуінде шауып түсірілген. Жалпы өсімдік тектес ою-өрнегі табиғат тынысын, қоршаған ортаны бейнелеген [13, 104 б.].

Қазақ халқының арасында кең таралған ою-өрнектің тағы бір түрі *космогониялық өрнек*. Шеберлер өз көркем өнер туындыларында аспан әлемімен тікелей байланыста болған. Жұлдыз, ай, күн элементтері наным-сенімге байланысты жол сілтеуші, ауа райын бағдарлаушы рөлін атқарған.

Үй жиһаздарында "жұлдыз", "ай" элементтері бұйымның дәл ортасында беріліп отырған. Кейбір аймақтарда осындай ою-өрнектің "жұлдыз", "балға мен орақ" түрлері орын алған.

Үй жиһаздарында космогониялық ою-өрнектің "шұғыла", "бітпес", "төрт құлақ", "шимай" түрлері де кеңінен қолданылған. Әсіресе жарты ай, жұлдыз, күн символы ретінде, "дөңгелек" дүниенің төрт-торабы ретінде "төртқұлақ" басым бейнеленеді.

Ортасында күннің нұр шашуы, жұлдыз, жарты ай белгілері бейнеленіп, сырт жағынан гүл жапырақтармен өрнектелген "шұғыла оюы" - өмір сүрудің қайнар көзі осылар деген ұғымды меңзейді.

Аталған ою-өрнектер үй жиһаздарында, ыдыс-аяқтарда бірнеше рет қайталанатын "ырғақ" заңдылығы сақталынып, тіпті кейде негігі сұлбаны екі-үш қайтара 1,3-1,5 см аралықта терең тілік оймышпен жүргізілген.

Сонымен, біз қорыта келе ағаш бұйымдарда ою-өрнектердің қалай орналасатынына кеңінен тоқталдық. Ағаш бұйымдарда ою-өрнек белгілі бір тәртіппен "сырмақ өрнегі", "текемет өрнегі", "тұс киіз"

іспетті болып келеді.

Өкінішке орай, ою-өрнектің байырғы түрі бұзылып, көрші елдердің ою-өрнектерінің кейбір элементтері қолданыс аясында жүр. Қазіргі сән әлемінде ою-өрнекті бей-берекет, қалай болса солай ұлттық киімдерде қолдануда. Бұның өзі халқымыздың төл өнеріне қауіп төндіреді.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Джанибеков У. *Культура казахского ремесла*. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – С. 142.
2. Штернберг Л.Я. *Первобытная религия в свете этнографии*. – Иссл., статьи, лекции. – Л.: Институт народов Севера, 1936. – С. 573 с.с илл.
3. Мириманов В.Б. *Первобытное и традиционное искусство*. – М.: Искусство, 1973. – С. 319 с. с илл.
4. Ванслов В.В. *Содержание и формы в искусстве*. – М.: Искусство, 1956. – С. 371с.
5. Басенов Т.К. *Прикладное искусство Казахстана*. – Алма-Ата, 1958. – 47 с.: илл. 29.
6. Шнейдер Е.Р. *Казахская орнаментика. Казаки. Антропологические очерк*. – Л., 1927. – С.171.
7. Бекназаров Р.А. *Традиционное камнерезное искусство казахов. Дисс...канд.ист.наук*. – Алматы, 1998. – С. 159.
8. Қасиманов С. *Қазақ халқының қолөнері*. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б., суреттермен
9. Әбдіғаліева Ұ.М. *Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. (Оқу құрал)*. – Алматы. Өнер. 1999. – 152 б.
10. Жәнібеков Ө. *Жолайырықта. Көкейкесті тақырыпқа сұқбат*. – Алматы: Рауан, 1995. – 112 б.
11. Қасиманов С. *Қазақ халқының қолөнері*. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240-б., суреттермен
12. Муканов М.С. *Казахская юрта*. – Алма-Ата: Қайнар, 1981. – С. 122.
13. Аджигалиев С.И. *Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм)*. – Алматы: Ғылым, 1994. – С. 249.:

*References*

1. Janibekov U. *Kul'tura kazahskogo remesla [Culture of Kazakh craft]*. – Alma-ata: Art, 1982. – p. 142 [in Russian].
2. Sternberg L.Y. *Pervobytnaya religiya v svete etnografii [Primitive religion in the light of ethnography]*. – L: Institute of the North Folks, 1936. - p. 573 [in Russian].
3. Mirimanov V.B. *Pervobytnoe i tradicionnoe iskusstvo [Primitive and traditional art]*. – M: Art, 1973. – p. 319 [in Russian].
4. Vanslov V.V. *Soderzhanie i formy v iskusstve [Content and forms in art]*. – M: Art, 1956. – p. 371 [in Russian].
Привлечение широкого круга источников показывает, что у казахов и других степных народов Центральной Азии в средние века существовала традиция собираться для обсуждения различных вопросов на возвышенных местах. Проведение съездов казахской элиты в Мартобе и Культобе не является нововведением хана Тауке. Анализ данных археологии и сообщений представителей казахской интеллигенции XIX- нач. XX в. отвергают предположение о нахождении Культобе – места принятия Жеты Жаргы в районе Ханабада. Указанные источники и информация российских исследователей, результаты исследований современных историков позволяют более аргументировано локализовать местонахождение Культобе вблизи позднесредневекового г. Туркестана и Мартобе вблизи г. Сайрама. Скорее всего, собрания с участием Тауке и биев трех жузов на Мартобе проводились в 70-ые гг. XVII в. Позже в связи с вторжением джунгар и состоянием здоровья Тауке собрания казахской элиты начали проводить на холме Культобе вблизи г. Туркестана.

#### *Использованная литература:*

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996.
2. Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып. 1. – Алматы, 2011. – С.12-71.
3. Гавердовский Я.П. Обзорение Киргиз-кайсацкой степи или Описание страны и народа киргиз-кайсацкого // ИКРИ-5. – Алматы, 2007. – С.283-495.
4. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Выпуск I. – Омск, 1886.
5. Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргиз Малой орды // Труды Оренбургской Ученой архивной комиссии. Вып.15. – Оренбург, 1905.
6. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент, 1889.
7. Тынышбаев М. Великие бедствия... (Актабан-Шубырынды). – Алма-Ата, 1992.
8. История Казахстана (История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. издание 1943 г.). Алматы, 2011.
9. История Казахской ССР. Второе издание; исправленное и дополненное. Т. I. – Алма-Ата, 1949.
10. Аполлова И.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. – Алма-Ата, 1948.
11. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Т.II. – Алма-Ата, 1979.
12. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. – Москва, 1982.
13. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т 2. – Алматы, 1997. С.10.
14. Жолдасбаев С. Култөбе // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.5. – Алматы, 2003. – 120 б.
15. Фебр Л. Бои за историю. М., 1991.
16. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в двух томах. Т. II. Составитель и ответственный редактор Е.И. Ерофеева. – Алматы, 2014.
17. Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. Введение, пер. с персидского А.Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Ташкент, 1996.
18. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. Алматы, 2006.
19. Павлова Т.Г. О структуре и семантике киргизских топонимов // Ономастика Востока. – М., 1980. С.102-106.
20. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2 том. – Алматы, 1977.
21. Құдайберды-ұлы Ш. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. – Алматы, 1990.

22. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 8 т. – Алматы, 2008.
23. Жанаев Б.Т. Казахстан в колониальный период (вторая половина XIX-начало XX в.) // Историко-культурный атлас казахского народа. – Алматы, 2011. – С.59-65.
24. Массон М.Е. Ахангеран. Ташкент, 1953.
25. Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. – Туркестан, 2012.
26. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. – Алма-Ата, 1972.
27. Подушкин А.Н. Поселение Культобе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – С.102.
28. Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. – Алма-Ата, 1968.
29. Смагулов Е.А. Городище Культобе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – С. 268-271.
30. Елеуов М. Городище Культобе // Свод памятников истории и культуры РК. Жамбылская область. – Алматы, 2002. – С. 268.
31. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1821 гг. Т.1. Составитель и ответственный редактор Е.И. Ерофеева. – Алматы, 2014.
32. Султанов Т.И. «Семь установлений» - памятник права казахов XVII в. // Страны и народы Востока. Вып. 22. – М., 1980. – С. 252-262.
33. Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. – Алматы, 1999.
34. Туякбаев М. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.). – Алматы, 2009.
35. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
36. Майлықожа. Шығармалар. Жинап, зерттеп, жариялай жүріп құрастырған әдебиетші Ә.Оспанұлы. – Алматы, 2005.
37. Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия среднеазиатского комитета по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. 3. – Ташкент, 1928.
38. Қожа М. «Сіздерде де фараондар болған екен ғой» дегіздірген Кемел Ақышев // Диалог культур Евразии в археологии Казахстана. – Астана, 2014. – С. 45-47.
39. Акишев К.А. Древние и средневековые государства на территории Казахстана. – Астана, 2013.
40. Бекназаров Р. Мәртөбе // Жібек жолы, 1990, желтоқсан. – 6-7 бб.
41. Ергөбеков Қ. «Мәртөбе» ме, Нартөбе ме? // Жібек жолы, 1992, №1-27 – 9 б.
42. Төрқұлов Н., Қазыбеков М. Қазақстанның би-ешендері. – Алматы, 1993.
43. Подушкин А.Н. Городище Мартөбе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – С. 208.
44. Бекмұхаметов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Түсіндірме сөздік. – Алматы, 1977.
45. Беркінбаев Е., Мірхалдаров М. Сайрамда бар сансыз бап. – Алматы, 2000.
46. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III т. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Ежанханұлы. – Алматы, 2006.
47. Қожа М.Б., Байсариева Г.О. Замандастары хан санаған Төле би // Төле би – қазақтарихының бийгінде. – Шымкент, 2013. – 112-132 бб.
48. Байболұлы Қ. Төлебидің тарихы // Төле би. 2 т. – Алматы, 2013. – 139-287-бб.
49. Государственный каталог географических названий республики Казахстан. Т.8. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 2007.
50. inform.kz [http://www.inform.kz/ru/sobranie-aksakalov-na-holme-martobe-proshlo-v-yuko\\_a](http://www.inform.kz/ru/sobranie-aksakalov-na-holme-martobe-proshlo-v-yuko_a); : <http://e-history.kz/ru/publications/view/2267>

#### References:

1. Levshin A. I. Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaisat, hordes and steppes. - Almaty, 1996.
2. Spassky G. I. Kirghiz-kaisaks of the Great, Middle and Small Horde // The history of Kazakhstan in documents and materials. Almanac. Vol. 1. – Almaty, 2011. – S. 12-71.
3. Potentials] J. P. review of the Kirghiz steppe kisikkoy or a description of the country and the people Kirghiz kazakskogo // ICRI-5. – Almaty, 2007. – Page 283-495.
4. Materials for the study of the legal customs of the Kyrgyz people. Issue I. - Omsk, 1886.

5. Slovkhotov L. A. *Narodny sud uslovnogo prava kirghiz Maloy ordy* [People's Court of Customary Law of the Kirghiz Maloy Orda]. Issue 15. - Orenburg, 1905.
6. Grodekov N. I. *Kirghiz and karakirgiz of the Syrdarya region. T. I. Yuridicheskiy byt* – - Tashkent, 1889.
7. Tynysbayev M. *Great disasters...* (Aktaban-Shuburyndy). - Alma-Ata, 1992.
8. *History of Kazakhstan (History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day. edition of 1943).* Almaty, 2011.
9. *History of the Kazakh SSR. Second edition; revised and supplemented. Vol. 1.* - Alma-Ata, 1949.
10. Apollonova I. G. *The accession of Kazakhstan to Russia in the 30s of the XVII century.* - Alma-Ata, 1948.
11. *History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day. Vol. II.* - Alma-Ata, 1979.
12. Sultanov T. I. *Nomadic tribes of the Aral Sea region in the XV-XVII centuries.* - Moscow, 1982.
13. *History of Kazakhstan from ancient times to the present day in five volumes. T 2.* - Almaty, 1997. p. 10.
14. Zholdasbayev S. *Kultobe // Kazakhstan. Ul'tyik encyclopedia. Vol. 5.* - Almaty, 2003. - 120 b.
15. Febr L. *Boi za istorii. M., 1991.*
16. *Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite. 1675-1821. Collection of historical documents in two volumes. Vol. II. Compiled and edited by E. I. Erofeeva.* - Almaty, 2014.
17. Mirza Muhammad Haidar. *Tarikh-i Rashidi. Introduction, translated from the Persian by A. Urumbayev, R. P. Jalilova, and L. M. Epifanova.* Tashkent, 1996.
18. Zhandarbek Z. *Yasaui zholy zhane kazak kogamy.* Almaty, 2006.
19. Pavlova T. G. *On the structure and semantics of Kyrgyz toponyms // Onomastika Vostoka.* - M., 1980. pp. 102-106.
20. Kunanbayev A. *Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhinagi. 2 vol.* - Almaty, 1977.
21. Kudaiberdy-uly Sh. *The genealogy of the Turks, Kirghiz, Kazakhs, and Khan dynasties.* - Almaty, 1990.
22. Kopeyuly M. Zh. *Kop tomdyk shygarmalar zhinagi. 8 t.* - Almaty, 2008.
23. Zhanaev B. T. *Kazakhstan in the colonial period (the second half of the XIX-the beginning of the XX century) // Historical and cultural atlas of the Kazakh people.* - Almaty, 2011. - p. 59-65.
24. Masson M. E. *Akhangeran.* Tashkent, 1953.
25. Zholdasbayev S. *Late medieval cities on the northern slopes of Karatau.* - Turkestan, 2012.
26. Akishev K. A., Baipakov K. M., Erzakovich L. B. *Ancient Otrar.* - Alma-Ata, 1972.
27. Podushkin A. N. *Poselenie Kultobe [Settlement of Kultobe]. South Kazakhstan region.* - Almaty, 1994. - p. 102.
28. Maksimova A. G., Mershev M. S., Vainberg B. I., Levina L. M. *Antiquities of Chardary.* - Alma-Ata, 1968.
29. Smagulov E. A. *Gorodishche Kultobe // The code of monuments of history and culture of Kazakhstan. South Kazakhstan region.* - Almaty, 1994. - p. 268-271.
30. Yeleuov M. *Gorodishche Kultobe // Svod of monuments of history and culture of the Republic of Kazakhstan. Zhambyl region.* - Almaty, 2002. - p. 268.
31. *Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite. 1675-1821, Vol. I. Compiled and edited by E. I. Erofeev.* - Almaty, 2014.
32. Sultanov T. I. "Seven institutions" - a monument to the law of the Kazakhs of the XVII century. // *Countries and peoples of the East. Vol. 22.* - M., 1980. - p. 252-262
33. Smagulov E. A., Grigoriev F. P., Itenov A. *Essays on the history and archeology of medieval Turkestan.* - Almaty, 1999.
34. Tuyakbayev M. *Historical topography and development of cities and settlements of the Turkestan oasis (XIII-XIX centuries).* - Almaty, 2009.
35. *XV-XVII gasyrlardagi kazak poeziyasi.* - Almaty, 1982.
36. Mailykozha. *Shygarmalar. Zhinap, zerttep, zhariyalai zhurip kurastyrgan adebiyetshi A.Ospanuly.* - Almaty, 2005.
37. Masson M. E. *Sary Sairam // Izvestiya sredneaziatskogo komitet po delam muzey i okhraneniya pamyatnykh stariny, iskusstva i prirodnosti. Issue 3.* - Tashkent, 1928.
38. Kozha M. "Sizderde de faraondar bolgan eken goy" degizdirgen Kemel Akyshev // *Dialog of cultures of Eurasia in the archeology of Kazakhstan.* - Astana, 2014. - p. 45-47.
39. Akishev K. A. *Ancient and medieval states on the territory of Kazakhstan.* - Astana, 2013.
40. Beknazarov R. *Murtobe // Zhibek zholy, 1990, zheltoksan.* - 6-7 bb.
41. Ergobekov K. "Murtobe" me, Nartobe me? // *Zhibek Zholy, 1992, No. 1-27-9 b.*
42. Torekulov N., Kazybekov M. *Kazakstannyn bi-sheshenderi.* - Almaty, 1993.
43. Podushkin A. N. *Gorodishche Martobe // The code of monuments of history and culture of Kazakhstan. South Kazakhstan region.* - Almaty, 1994. - p. 208.

44. Bekmukhametov E. B. Kazak tilindegi arab-parsi sozderi. Tusindirme sozdik. - Almaty, 1977.
45. Berkinbayev E., Mirkhaldarov M. Sairamda bar sansyz bap – - Almaty, 2000.
46. Kazakhstan tarikhly turaly kytay derektemeleri. III vol. Qin patshalyk dauirinin muragat kuzhattary. Kytai derektemelerin audargan, tusindirmeleri men eskertulerin zhazgan B. Yezhankhanuly. - Almaty, 2006.
47. Kozha M. B., Baysarieva G. O. Zamandastary khan sanaganTole bi // Tole bi – kazaktarihynyn biiginde. - Shymkent, 2013 – - 112-132 bb.
48. Baiboluly K. Tolebidin tarikhly // Tole bi. 2 vol. - Almaty, 2013. - 139-287-bb.
49. State catalog of geographical names of the Republic of Kazakhstan. Vol. 8. South Kazakhstan region. - Almaty, 2007.
50. inform.kz [http://www.inform.kz/ru/sobranie-aksakalov-na-holme-martobe-proshlo-v-yuko\\_a](http://www.inform.kz/ru/sobranie-aksakalov-na-holme-martobe-proshlo-v-yuko_a); : [http:// e-history.kz/ru/publications/view/2267](http://e-history.kz/ru/publications/view/2267)

УДК 902/904  
МРНТИ 03.41.01

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.43>

Г.Б. Саргизова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының кіші ғылыми қызметкері  
Алматы қ., Қазақстан

## ТАЛДЫСАЙ ҚОНЫСЫНЫҢ ТЕРІ ӨңДЕУ КӘСІБІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада 1994 жылдан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының қорында жиналып келген сүйек және мүйіз индустриясы қарастырылады. Талдысай қонысынан көптеген ірі қара және ұсақ малдың сүйектерінен жасалған құралдар мен бұйымдар табылған және олардың пайдалану мақсаттары да әртүрлі болған. Олар металл өңдеуде, қыш ыдыстарды өңдеуде, тері өңдеу кәсібінде кеңінен қолданылған.

Талдысай қонысы шаруашылық түрлері көп болғаны белгілі. Соның ішінде, тері өңдеу ісі де ежелгі тұрғындардың маңызды кәсібі болған. Мақалада тері өңдеу кәсібінде қолданылған сүйек құралдардың негізгі түрлері көрсетіліп, оларға жүргізілген трасологиялық зерттеу нәтижелері берілген. Трасологиялық зерттеу нәтижесінде қоныста табылған құралдардың басты түрлері мен сипаттамалары анықталды. Олар езгіштер, өңделген асықтар, қырғыштар мен біздер. Анықталған құралдар тобының жалпы және жекелеген сипаттамалары беріліп, олардың қолдану барысында функционалды қызметтері көрсетілді. Сүйек құралдардың типтеріне қарап, қола дәуіріндегі Талдысай тұрғындарының тері өңдеу әдісі бірнеше үрдістен тұрғандығын және олар сапа жағынан өте мықты тері өнімдерін дайындағанын байқауға болады. Ежелгі Талдысай мекендеушілер сойылған малдың етін жеп, сүйегін өңдеп, тұрмыстық жағдайда өз қажеттіліктеріне пайдалана білген.

**Түйін сөздер:** Орталық Қазақстан, Талдысай қонысы, кейінгі қола дәуірі, сүйек және мүйіз индустриясы, тері өңдеу кәсібі.

Саргизова Г.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>МНС Института археологии им. А.Х. Марғұлана

## КОСТЯНЫЕ ОРУДИЯ КОЖЕВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА ПОСЕЛЕНИЯ ТАЛДЫСАЙ

Аннотация

В статье рассматривается костяная и роговая индустрия поселения Талдысай. В поселении Талдысай обнаружено много орудий и изделий из костей крупного рогатого скота и мелкого рогатого скота, и цели их использования были разными. Они широко применялись в металлообработке, в обработке керамики, в кожевенном производстве.

В бронзовом веке в поселении Талдысай было много видов хозяйств. В частности, обработка кожи было важным производством древних людей. В статье описаны основные типы костяных орудий, используемых в кожевенной производстве и результаты трасологической исследований. В результате трасологического исследования выделены и охарактеризованы основные группы обнаруженных на

памятнике орудий: тупики, шлифованные астрагалы мелкого рогатого скота, скребки и проколки. Определены общие и специфические черты изготовления каждого из выделенных типов изделий, их функциональная принадлежность и особенности использования. Рассматривая типы костяных орудий, мы видим, что способ обработки кожи население Талдысай в эпоху бронзы состоял из нескольких процессов, и они производили кожаные изделия очень высокого качества. Древние жители Талдысай питались мясом забитых животных, обрабатывали их кости и использовали их для собственных нужд в повседневной жизни.

**Ключевые слова:** Центральный Казахстан, поселение Талдысай, эпоха поздней бронзы, костяная и роговая индустрия, кожевенное производство.

G.B. Sargizov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Junior Researcher at the Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan

## BONE TOOLS OF TANNING PRODUCTION OF TALDYSAY SETTLEMENT

### Abstract

The article describes the bone and antler industry in the Taldysay settlement. In the settlement of Taldysai many tools and products from the bones of cattle and small ruminants were found, and the purposes of their use were different. They were widely used in metalworking, ceramics processing, and leatherworking.

In the late Bronze Age, there were many types of farms in the Taldysai settlements. In particular, leather processing was an important production of ancient people. The article describes the main types of bone tools used in the leather industry and the results of trasological research. The trasological (use wear analysis) analysis allowed the authors to distinguish and characterize the groups of the tools found in the settlement: puffins, polished astragals of small cattle, prosplitting, and scrapers. The general and specific features of each of the hand-made tools, their functions and applications. Considering the types of bone tools, we see that the method of leather processing by the Taldysai population in the Bronze Age consisted of several processes, and they produced leather goods of very high quality.

**Keywords:** Central Kazakhstan, Taldysay settlement, the Late Bronze Age, bone and antler industry, tanning production.

**Кіріспе.** Талдысай – Орталық Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіші, ежелгі кеншілер мен металлургия өмір сүрген елді мекен, металл балқыту ісі мен басқадай колөнерлер өркендеген өз заманының ірі шаруашылық-өндіріс орталығы. Қазіргі уақытта шұңқыр пештері, металл өнімдері, құюшы-ұсталардың құралдары кеңінен зерттеліп, ғылыми айналымға енген [1, 127-б.; 2, 8-б.]. Талдысай қонысында археологиялық зерттеулер бірнеше жылдар бойы жүргізіліп келеді. Қоныстың ежелгі тұрғындарының шаруашылығын, тұрмыстық жағдайларын анықтауда сүйек және мүйіз құралдарын зерттеу маңызды болып табылады.

**Материалдар және әдістеме.** Мақалада 1994 жылдан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының қорында жиналып келген сүйек және мүйіз индустриясы, оның ішінде тері өңдеу кәсібінде пайдаланылған құралдар мен бұйымдар қарастырылады. Қазіргі күнде көлемі 284 дм<sup>3</sup> болатын материалдар қаралып, сұрыпталды. Өңделген іздері сақталған құралдар саны 495 дана болды [3, 19-б.]. Құралдарды, жартылай дайындалған бұйымдарды, дайындамаларды және сүйек, мүйіз өңдеу жұмыстарының жабдықтарын жүйеленіп, классификациясы жасалынды.

Талдысай қонысының тері өңдеуге арналған құралдары мен бұйымдары С.А. Семеновтың трасологиялық әдістемесі бойынша зерттелді. Сүйектен жасалған өнімдер Levenhuk DTX 700 LCD сандық микроскопында қаралып, фотоға түсірілді. Нәтижесінде адам қолымен өңделген және пайдалану барысында пайда болған іздерді анықталды.

**Талқылау.** Орталық Қазақстанның қола дәуіріне жататын сүйек құралдары жөнінде Ә.Х. Марғұлан, М.Қ. Қадырбаев, Ж.Қ. Құрманқұлов, А.З.Бейсенов, В.В. Варфоломеевтің еңбектерінде сипаттама берілген. М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұловтың еңбегінде Атасу, Мыржық, Ақ Мұстафа, Ақмая ескерткіштері сүйек құралдары егіншілікте, тері өңдеуде, үй шаруашылығында пайданылғаны және әшекей бұйымдары ретінде қолданыста болғандығы жөнінде мәліметтер береді. Ескерткіштерден табылған құралдар мен бұйымдарға типологиялық сипаттама берген [4, 200-б.].

Сонымен қатар, Орталық Қазақстан кейінгі қола дәуірінің көрнекті ескерткіші болып табылатын Кент қалашығының сүйектен және мүйізден жасалған бұйымдарына трасологиялық сараптама

жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде, ескерткіштің сүйек бұйымдары сипатталып, функционалды қызметтері анықталды [5, 25-б.].

**Зерттеу нәтижелері.** Жалпы, Талдысай қонысы шаруашылық түрлері көп болғаны белгілі. Соның ішінде, тері өңдеу ісі де ежелгі тұрғындардың маңызды кәсібі болғандығын қоныстан табылған көптеген қырғыштар (езгіштер), біз, тескіштер және т.б. бұйымдар дәлелдейді.


Талдысай қонысында көптеген қола дәуірі ескерткіштеріндегідей, малдың жақ сүйектерінен дайындалған тері қырғыштары (езгіш, орысша «тупик», «мялка») көптеп кездеседі (1-сурет).



Сурет 1 Талдысай тері қырғышы

Бүтіндей және бөлшектенген түрлерін қоса алғанда, жалпы саны 150-ден асады. Тері өңдеуге арналған қырғыштар Талдысай қонысының сүйек және мүйізден жасалған жабдықтарының классификациялық матрицасында өндірістік әрекеттердің жабдықтары класына жатады [6, 164-б.]. Тері өңдеуде негізгі өңдеуші құрал ретінде ірі қара (жылқы, сиыр) және ұсақ малдың (қойдың) астыңғы жақ сүйектері пайдаланылған. Жақ сүйектер бүтіндей және сынық, бөлшек түрінде де кездеседі. Олардың көпшілігі тері өңдеуде қолданыста болған, дайындама түрінде өте аз кездеседі. Қырғыштың технологиялық дайындалуы, жақ сүйектің табиғи қалпын өзгерту арқылы, яғни артық бөліктерін, тістері, сүйектер және т.б. бөліктерінен тазартылып, жұмыс аймағы дайындалуынан басталады. Одан кейін тазартылған құралдың жұмыс аймағын жону, үшкірлеу жұмыстары жүргізілген. Қола дәуірінің кейбір ескерткіштерінде астыңғы сол жақ сүйектері көптеп кездеседі.

Микроскопиялық зерттеулер негізінде малдың астыңғы жақ сүйектерінен жасалған езгіштер теріні шелдеу, жұмсарту, терісін сыпыру секілді үрдістерді орындауда пайдаланылған. Қырғыштардың жұмыс аймақтары теріні шелдеу барысында үнемі терімен жанасып, үйкелгеннің салдарынан жылтырланған, теріні қыру барысында әр бағыттағы сызықты іздер қалған. Мұндай белгілер бүтін сақталған езгіштерде кездеседі және олар ұзақ қолданыста болғандықтан, жұмыс аймағы бірте-бірте мүжіліп, кішірейе берген. Теріні жұмсартуға арналған қырғыштар (езгіштер) жұмсақ терімен жанасқандықтан жылтырланған және олардың жұмыс аймағынан бір бағытты, көп жағдайда түзу іздері кездеседі (2-сурет).



Сурет 2. 10-300х. Езгіштің жұмыс аймағындағы микроіздер

Талдысай қонысынан табылған сүйек құралдары көршілес аймақта орналасқан Кент қонысынан табылған тері өңдейтін құралдарға ұқсас. Жасалу технологиясы, пайдалану мақсаты да бірдей. Әртүрлі аймақтардағы көптеген кейінгі қола қоныстарында ірі қара малдың сол астыңғы жақ сүйектерінен дайындалған. Кент сүйек құралдары коллекциясында оң жақ сүйектердің ішкі (медиялды) бөлігі алынбай, сыртқы (латералды) бөлігі алынған. [4, 64-б.] Талдысайдың сүйек езгіштері Кент қонысының құралдары секілді бірдей шамада кездеседі, яғни сол, оң жақ сүйектері де қолданыста болған. Бір қызығы, аталған езгіш құралдар Талдысай қонысында көп жағдайда ошақ маңынан табылған және олардың бірқатары күйген. Мұндай езгіштер өте қатты жылтыр келеді, яғни ұзақ қолданыста болған және олар жартылай сынық күйде, бөлшектенген күйде табылған.

Бірқатар ғалымдардың тәжірибесінде ежелгі кезеңде тері өңдеу үрдісінің бірнеше әдістері болғандығы анықталып отыр [7, 144-б.; 8, 79-б.]. Соның бірі терінің ағаш негізге қойылатын жасалатын нұсқасы. Ағаш жерге 45° орнатылады. Жаңа сойылған малдың тері ағаш негізге орналастырылып, арнайы қоспаларды пайдалана отырып, теріге шелдеу, қыру жұмыстары жүргізіледі. Мұндай үрдіске жұмыс аймағы тік және шығыңқы келген құралдар қолданған. Кейін теріні кергілеу (керу) үшін төрт жағынан арнайы ағаш рамаға бекітіп, қосымша тазалау және беріктеу процестері жасалған. Барлық үрдістерді орындауда бірдей құралдар қолданылған, яғни теріні шелдеуде қолданылған құрал, тазарту, қыру жұмыстарына да қолданылған. Теріні су өткізбес үшін күйік қабаты пайда болғанша отқа күйдірген.

Тері өңдеудің тағы бір әдісі өте қарапайым болып келген. Жаңа сойылған малдың терісін жерге жайып қойып арнайы малманы дайындап, тазалап өңдейді. Бұл үрдіс киім дайындау, көрпеше, жамылғы дайындау үшін жеткілікті болған. Пайланылған құралдар тік, шығыңқы келген, көп жағдайда адам бір қолымен ұстауға ыңғайлы ұсақ құралдары пайланылған [8, 80-б.].

Талдысай жағдайында тері қырғыштарының пайдаланылуы осы тері өңдеу әдісінің бірінші нұсқасы тері өңдеу құралдарының сипатына сәйкес келеді. Өйткені жақ сүйектері ағаш негізде екі қолмен жұмыс жасауға өте ыңғайлы. Жақ сүйектердің қоныстағы тері өңдеу үрдісінің негізгі құралдары болғанын санының көптігі дәлел бола алады. Сонымен қатар, бұл құралдардың біршамасы ошақ жанынан табылған және өте қатты күйген. Сондықтан, қола дәуіріндегі Талдысай тұрғындарының тері өңдеу әдісі бірнеше үрдістен тұрады және олар сапа жағынан өте мықты тері өнімдерін дайындаған деген тұжырым жасауға болады.

Талдысай қонысынан көптеген ірі қара және ұсақ малдың асықтары табылған және олардың пайдалану мақсаттары да әртүрлі болған. Олар металл өңдеуде, қыш ыдыстарды өңдеуде, тері өңдеу кәсібінде кеңінен қолданылған. Сондай-ақ, ойынға арналған асықтар да сақталған.

Тері өңдеу кәсібінде асықтың орны ерекше болған. Орталық Қазақстан жеріндегі қола дәуірі қоныстарында тері өңдеуде асықты көп жағдайда терінің беткі қабатын шелдеуде, тегістегіш, жылтырлатқыш ретінде пайдаланған. Талдысай қонысында жылтырлатқыш ретінде ұсақ малдың асықтары қолданылған. Тері өңдеуге арналған асықтар медиальды және латеральды жақтары абразивтің көмегімен тегістелген, нәтижесінде анық сызықты іздер қалған. Осылайша дайындалған асық теріні асықпен өңдеу барысында,


асықтың жұмыс аймағында әркелкі сызықты іздер қалған. Осындай белгілердің болуы және майлылықтың әсерінен болған жылтыр іздерінің болуы асықтың тері өңдеу ісінде, оның ішінде киім дайындау үшін қолданылған болуы мүмкін. Мұндай асықтар Атасу, Мыржық, Ақмұстафа қоныстарынан табылған. Сонымен қатар Алтай өңірінде орналасқан Жарково-3 кейінгі қола дәуірі ескерткішінде табылған асық сүйектері сипаттары, қолданылуы жағынан өте ұқсас [9, 233-б.].

Талдысай қонысында асық әмбебап бұйым болған. Қоныс коллекциясында түрлі жағдайда, өңделген, өңделмеген кездеседі және трасологиялық зерттеулер ежелгі тұрғындар асықты түрлі мақсатта пайдаланғандығын көрсетіп отыр. Тері өңдеу ісінде асық қосалқы, көмекші құрал ретінде пайдаланған және кейбір жағдайларда бір реттік қолданыста болған.

Талдысай қонысының тері өңдеу кәсібіне арналған бұйымдардың ішінде біздер (тескіштер, орысша «проколка») және қырғыштар өте аз көлемде кездеседі. Тері өңдеу кәсібінде бұл құралдар тас құралдармен бірге қосалқы құралдар қызметін атқарған. Орталық Қазақстан жеріндегі бірқатар ескерткіштерде (Атасу, Мыржық, Кент) біздер көптеп кездеседі. Олар жілік сүйектің диафизді сынық бөлігінен жасалынған [4, 171-б.; 5, 65-б.].

Ал қырғыштар жілік сүйектің сынық бөлігінен, малдың (ірі қара және ұсақ малдың) қабырғаларынан дайындалған. Бұл құралдар көп жағдайда арнайы шикізатты дайындамай, кездейсоқ сынған сүйек сынықтарына қосымша өңдеу жұмыстарын жүргізіп, пайдаланылған. Талдысай қонысынан табылған қырғыштардың жұмыс аймақтарында тісті іздер көп кездеседі. Бұл теріні қыру барысында тері қылдарынан болуы мүмкін. Ал қолдың ұстаған бөлігінде жылтырлау келген үйкеліс орны бар. Мұндай белгілер құралды шебер ұзақ, мақсатты пайдаланғаннан пайда болуы мүмкін. Жалпы, қырғыштар киім-кешек, үй жабдықтарын дайындауда кеңінен пайдаланылғандығын экспериментальды жұмыстар дәлелдеп отыр [10, 163-б.; 7, 81-б.]. Сондықтан, қырғыштар тері өңдеуде маңызды рөл атқарған.

Талдысай қонысынан табылған біздер ұсақ малдың жіліктің диафизді сынығынан дайындалған. Металдың көмегімен біздің бір жақты ұшы ғана үшкірленген, кейін ұзақ қолданыста болғандықтан ұшының диаметрі дөңгеленген. Ұшындағы іздер бір бағытты, ұзынша келген, яғни жұмсақ затты (тері) өңдеуде қолданған (3-сурет). Жұмыс аймағында (ұшы) жылтырланған, яғни майлылықтың белгісі бар. Талдысай қонысындағы біздердің қатарында жілік сүйектің сынықтық бөлшектері өте аз кездеседі. Осындай біздер өте аз және жұмыс аймақтарында сызықты іздері анық емес немесе аз болып келеді. Мұндай құралдар дайындама түрінде де кездеседі. Дайындалған біздер өте аз қолданыста болған болуы мүмкін. Біздер тері өңдеу кәсібінде теріні тесу үшін пайдаланылған. Мұндай құралдар Оңтүстік Орал маңындағы Устье I қонысында кездескен [11, 342-б.].



Сурет 3. 10-300х. Қырғыштың жұмыс аймағындағы микроіздер

**Қорытынды.** Талдысай қонысынан табылған сүйек құралдармен бұйымдардың бірсыпырасы осындай сипатта кездеседі. Құралдардың сипаттары басқа кейінгі қола дәуірі ескерткіштерінен табылған құралдарға өте ұқсас. Сондықтан, кейінгі қола дәуірінде Талдысай қонысының тұрғындары мал шаруашылығы, металл өңдеу, қыш өңдеу секілді шаруашылықтармен қатар, тері өңдеу кәсібінде жетік меңгерген және тұрмыста қолданған деп тұжырым жасауға болады. Қолдағы бар шикізаттарды тиімді пайдалану жолдарын білген. Сойылған малдың етін жеп, сүйегін өндеп, тұрмыстық жағдайда құралдарға айналдыра білген.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Ермолаева А.С. Петровско-нуртайские жилища-мастерские на поселении Талдысай // Актуальные проблемы археологии Евразии: матер. Междунар. науч.-практ. конф. (г. Алматы, 18-19 октября 2016 г.) / ред. Б.А. Байтанаев. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2016. – С. 126-141.
2. Курманкулов Ж., Ермолаева А.С., Ержанова А.Е. Талдысай – поселение древних металлургов. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2012. – 130 с.
3. Саргизова Г.Б. Трасология-сүйектен және мүйізден жасалған бұйымдарды зерттеу әдісі. «Қазақ тарихы» журналы. №4 (181) сәуір, 2020. – 19-21 б.
4. Панковский В.Б., Саргизова Г.Б. Кейінгі қола дәуіріндегі Талдысай қонысының сүйек және мүйіз индустриясын жүйелеу. Марғұлан оқулары – 2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 17-18 қыркүйек 2020 ж.). – Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2020. 1 том. – 504 б. 163-168 б.
5. Варфоломеев В., Ломан В., Евдокимов В. Кент-город бронзового века в Центре казахских степей. – Астана. 2017. 337 с.
6. Семенов С.А., Коробкова Г.Ф. Технология древнейших производств. // Ленинград, «Наука» 1983. – 252 с.
7. Бейри С., Васильев С.А., Давид Ф., Карлен К., Дьяченко В.И., Чесноков Ю.В. Опыт реконструкции процесса обработки шкур (по материалам верхнепалеолитической стоянки Уй 1 на Енисее и этноархеологическим данным). // Археология, этнография и антропология Евразии. №2 (10) 2002. – 79-86 с.
8. Федорук А.С., Вальков И.А. Орудия кожевенного производства поселения Жарково-3 // Известия Алтайского государственного университета, (4/2(88)).
9. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата. 1992. – 246 с.
10. Семенов С.А. Первобытная техника (опыт изучения древнейших орудий и изделий по следам работы). – Москва-Ленинград. 1957. – 239 с.
11. Усачук А.Н. Костяные изделия поселения Устье I. // Древнее Устье. Укрепленное поселение бронзового века в Южном Заурале. Коллективная монография. – Челябинск. 2013. – 482 с.

*References:*

1. Yermolaeva A. S. Petrovsko-nurtaysky dwellings-Masters in the settlement of Taldysai // actual problems of Archaeology of Eurasia: mater. "No," I said. "no," I said."practice. conf. (Almaty, October 18-19, 2016) / Ed. "I Don't Know," He Said. Almaty: Institute of Archaeology. A. H. Margulana, 2016. - Pp. 126-141.
2. Kurmankulov zh., Ermolaeva A. S., Yerzhanova A. E. Taldysay – settlement of drevnikh metallurgov. Almaty: Institute of Archaeology. A. H. Margulana, 2012 -- 130 P.
3. Sargizova G. B. Tracology-a method of studying bone and horn products. Journal "Kazakh history". No. 4 (181) April, 2020. - pp. 19-21.
4. Pankovsky V. B., Sargizova G. B. systematization of the bone and horn industry of the Taldysai settlement of The Late Bronze Age. Margulan readings-2020: materials of the international scientific and practical conference" within the framework of archaeological and interdisciplinary research of the Great Steppe " (Almaty, September 17-18, 2020). - Almaty: named after A. H. Margulan. Institute of Archaeology, 2020. Vol.1. - 504 P. 163-168 P.

5. Barfolomeev V., Loman V., Evdokimov v. *settlement of the Bronze Age in the center of the Kazakh steppe.* - Astana. 2017. 337 P.
6. Semenov S. A., Korobkova G. F. *technology of the oldest production.* // Leningrad, Nauka 1983. - 252 P.
7. Beyri S., Vasiliev S. A., David F., Karlen K., Dyachenko V. I., Chesnokov Yu.v. *experience of the reconstruction process of shkur (on materials of upper and upper floors of House 1 in the largest and ethnoarchaeological data).* // Archeology, ethnography and anthropology of Eurasia. No. 2 (10) 2002. - pp. 79-86.
8. Fedoruk A. S., Valkov I. A. *Orudia of leather production Zharkovo-3 settlement* // Izvestia Altai State University, (4/2(88).
9. Kadyrbayev M. K., Kurmankulov zh.K. *culture of drevnikh skotovodov and metallurgov Sary-Arki.* - Alma-Ata. 1992. - 246 P.
10. Semenov S. A. *First Technique (experience of studying the oldest discoveries and innovations in the course of work).* - Moscow-Leningrad. 1957. - 239 P.
11. Usachuk A. N. *Kostyanye izdelia settlement of Ustiye I.* // Drevnye Ustiye. Fortified settlement of the Bronze Age in Southern Zaural. Collective monograph. - Chelyabinsk.2013. - 482 P.

## ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ TEACHING HISTORY

ГРНТИ 03.01.07  
ӘӨЖ 930.2

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.44>

С.Н. Анашева<sup>1</sup>, С.Д. Мамраимов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Сырдария университетінің кафедра меңгерушісі тарих ғылымдарының кандидаты.

Қазақстан, Жетісай қ. Email: sabira66\_66@mail.ru

<sup>2</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, Жетісай қаласы.

Қазақстан, Жетісай қ. Email: s\_dauletuly@mail.ru

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Дәстүрлі білім беру жүйесі мен қазіргі Жаңартылған білім беру бағдарламасына негізделген бағалау жүйесінің айырмашылығы мен өзгешеліктері жер мен көктей екенін аңғарамыз. Дәстүрлі білім беру жүйесі бойынша білімділік пен үлгерім деңгейі ғана бағаланса, қазіргі білім беру жүйесінде оқушының өз бетінше білімді меңгеру, іздену, өзін-өзі білімдендіру деңгейі, талпыныстары да бағаланады. Сондықтан қазіргі заманауи білім беру жүйесіндегі бағалау үрдісі өте күрделі үрдіс, өйткені қазіргі педагогикалық мәдениетте өзін-өзі бағалау, өзін-өзі білімдендіру, өз бетінше іздену іспеттес, ең бастысы өзін-өзі бағалау ұғымдары туралы түсініктер қалыптаспаған.

Мақалада Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы Қазақстан тарихы сабағында оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың оңтайлы тәсілдері мен әдістері дәстүрлі білім беру жүйесіндегі 5-балдық (бағалық) жүйемен салыстыру арқылы жүзеге асырылып, жан-жақты қарастырылған.

**Кілтті сөздер:** бағалау, бақылау, интеграция, инновация, формативті бағалау, суммативті бағалау, критерий.

Анашева С.Н.<sup>1</sup>, Мамраимов С.Д.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Заведующий кафедрой университета Сырдария, кандидат исторических наук.

г. Жетісай, Казахстан Email: sabira66\_66@mail.ru

<sup>2</sup>Кандидат исторических наук, г. Жетісай, Казахстан

Email: s\_dauletuly@mail.ru

### ОПРЕДЕЛЕНИЕ ОПТИМАЛЬНЫХ СПОСОБОВ КОНТРОЛЯ И ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

Аннотация

Мы видим различия между традиционной системой образования и системой оценивания, основанной на современной обновленной образовательной программе. По традиционной системе образования оценивается только уровень знаний и успеваемости, в современной системе образования оценивается уровень самообразования, поиска, самообразования, стремлений ученика. Поэтому процесс оценивания в современной системе образования является достаточно сложным процессом, так как в современной педагогической культуре не сформированы представления о понятиях самооценки, самообразования, самостоятельного поиска, а главное-самооценки.

В статье подробно рассмотрены оптимальные подходы и методы контроля и оценки знаний учащихся на уроках истории в рамках обновленной образовательной программы путем сравнения с 5-балльной (оценочной) системой традиционного образования.

**Ключевые слова:** оценка, оценка, интеграция, инновация, формативное оценивание, суммативное оценивание, критерий.

S.Apasheva<sup>1</sup>, S.Mamraimov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Head of the Department at Syrdarya University, candidate of historical sciences.  
Zhetisay, Kazakhstan Email: sabira66\_66@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of historical sciences, Zhetisay, Kazakhstan Email: s\_dauletuly@mail.ru

## DETERMINATION OF OPTIMAL WAYS TO CONTROL AND EVALUATE STUDENTS' KNOWLEDGE IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN LESSONS WITHIN THE FRAMEWORK OF THE UPDATED EDUCATIONAL PROGRAM

### Abstract

We see differences between the traditional education system and the assessment system based on the modern updated educational program. In the traditional system of education is only the level of knowledge and progress in the modern education system evaluates the level of self-search, self-education, aspirations of the student. Therefore, the process of assessment in the modern education system is quite a complex process, since in modern pedagogical culture there are no formed ideas about the concepts of self-assessment, self-education, self-search, and most importantly-self-assessment.

The article describes in detail the optimal approaches and methods for monitoring and evaluating students' knowledge in history lessons within the framework of the updated educational program by comparing it with the 5-point (evaluation) system of traditional education.

**Keywords:** evaluation, evaluation, integration, innovation, formative evaluation, summative evaluation, criterion.

**Кіріспе.** Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану кезеңінде қазақстандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін дамытып, орта білім беруді түбегейлі жаңартудың қажеттілігі туындап отыр. Ол үшін «өмір сүру үшін білім алу» тұжырымынан «бүкіл өмір бойы білім алу» тұжырымына ауысудың да маңыздылығы зор.

Жаңартылған мазмұндағы білім беруді жүзеге асырудың нәтижесі ретінде жан-жақты «кемелденген» тұлғаны қалыптастырудағы білім беру ортасын құрастыру алға тартылады.

2015 жылдың 3 сәуіріндегі №159 «Жаңартылған білім беру контентін пилоттық енгізу туралы» бұйрығына сәйкес 2015-2016 оқу жылында 30 пилоттық мектептің 1-ші сыныбында бастауыш білім берудің мемлекеттік міндетті стандарты сыннан өтті. 2016-2017 оқу жылында барлық 1-сыныптарда Қазақстан Республикасы мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жаңартылған оқу бағдарламалары мен оқу бағдарламаларын енгізу басталып кетті.

Бағалау жүйесі оқыту мен кері байланыс мәселелерін диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады, сонымен қатар білім беру процесінің негізінде жатқан принциптерді жүзеге асырады. Оқушылардың оқу үлгерімі мен оқу жетістіктерін бағалаудың басты құралы болып табылатын бағалау жүйесі өзінің объективтілігі мен оқу үрдісін одан әрі жетілдіруі үшін оңтайлығымен көзге түседі. Бағалау жүйесінің маңызды сипаты бағалау жүйесінің тек бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар табысты білім беру үрдісін жүзеге асыру үшін оқушы мен мұғалім арасында, мұғалім мен ата-ана арасындағы бақылау-диагностикалық байланысты қамтамасыз етуінде болып табылады.

Қазіргі заманғы білім беру үрдісіндегі қарқынды өзгерістер мен жаңашылдықтар бағалау жүйесіне де өз әсерін тигізбей қоймайды. Қазірде бағалаудың жаппай әдістемесі мен принциптерін жасауға қатысты сұрақтар туындауда. Дәстүрлі білім беру жүйесінің мазмұны өзгеруде, егер дәстүрлі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты-оқушылардың пән бойынша білімі, қабілеттері мен икемділіктерін қалыптастыру болса, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-оқушының өз-өзін дамытуы мен өз бетінше тәуелсіздігін қамтамасыз ету, тәуелсіз оқу іс-әрекеттерінің ұйымдастырылуына жол ашу.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Ғылыми танымның 4 дәрежесін де қамтыған, оларға: арнайы-ғылыми философиялық, жалпы ғылыми, анық-пәндік.

Тарих сабақтарында оқушылардың білімін бақылаудың оңтайлы тәсілдерін анықтау тақырыбын талдауда біз негізгі материал ретінде тақырып аясындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын, мақалалар мен жариялымдарды, құжаттар мен Жаңартылған білім беру бойынша жарлықтар мен заңнамаларды, тақырып шеңберіндегі отандық, ТМД аумағындағы және де шетелдік зерттеушілердің еңбектерін негізге алдық.

Зерттеу жұмысын жазу барысында келесідей ғылыми әдістер қолданылды:

1) зерттеудің жалпы-логикалық әдістері: анализ және синтез, жүйелілік, аналогия;

2) эмпирикалық зерттеу әдістері: салыстыру, бақылау, сипаттама жасау. Сонымен қатар зерттеу жұмысында тарихи әдістерде қолданылды: Жаңартылған білім беру бойынша жарлықтардың орындалуын зерттеуде салыстырмалы-тарихилылық әдісі қолданылды.

Зерттеу жұмысында ғылыми әдебиеттерге талдау әдісі, анализ жасау әдісі, салыстыру, байыту әдістері де қолданылды.

Тақырыптың пәндік ерекшеліктері зерттеудің әдіснамалық негіздеріне жүйелі түрде әдістерді таңдап алуға ықпал етті. Зерттеудің әдістерін жүйелі түрде таңдап алу арқылы Қазақстан тарихы сабақтарында оқушылардың білімін бақылаудың оңтайлы тәсілдерін анықтау процесін біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Ғылыми зерттеу жұмысы барысында автор өзінің тұжырымдарымен бірқатарда бақылау, салыстыру, іспеттес педагогикалық тәсілдерді де қолданды.

**Талқылау.** Оқушыларға бағытталған ұстаным екі ұғыммен тығыз байланысты, ол білім беру мен оқытуды саналы тұрғыдан ұғыну, жүзеге асыру. Критерийлі бағалау жүйесінің әдіснамалық негізі ретінде В.П. Беспальконың критерийлі-бағытталған оқыту технологиясы алынған (Беспалько, 1989: 30).

Американдық психолог Дж. Керолл мен Б. Блум оқытудың нәтижелерін тіркейтін әдістеме ұсынды. Ол бойынша берілген нәтижелік-критерий бойынша оқушылардың оқудағы жетістіктеріне қол жеткізу мақсатында оқытудың шарттары да өзгеріп отырады. Американдық психологтар мен орыс ғалымы В.П. Беспальконың зерттеулері негізінде қазірде критерийлі-бағытталған оқыту технологиясы жүзеге асырылуда. Технологияның негізгі тұжырымдамасы-оқушылар өзіне қажетті оқу материалын игеруге жағдай жасау.

Нығметова Б.Д. формативті бағалаудың маңыздылығын айта келе, бұл бағалаудың ұйымдастырылу жолдарын сипаттау арқылы, оқушылардың кері байланысқа шығуы арқылы оқуға деген ықыласы артатындығына тоқтала кетеді. Сонымен бірге оқушылардың кері байланысы тек оқушы үшін ғана емес, оқушының ата-анасына да маңыздылығы зор екендігі мәлім (Нығметова, 2019: 31).

Сарбасов Н. Сөз зерттеуінде оқушылардың оқу жетістіктерінде объективтілікті ұстану туралы бірер сөз келтірген. Мұғалім оқушыға баға қоярда өзінің субъективті тұстарынан емес, жан-жақты объективтілікті ұстану арқылы оқушыларға «сырт көзбен» қарау негізінде баға қойылуы абзал (Сарбасов, 2018: 31).

Критерийлік бағалаудың көкейтестілігін өз еңбектерінде атап өткендердің бірі – А.А. Шарипбаева. Автор критерийлік бағалаудың қазақстандық білім берудегі алатын рөлін айта келе, критерийлік бағалаудың басты артықшылығы-оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланыстың болуында деп меңзеді және де сабақта өтілген материалдың оқушының қаншалықты деңгейде меңгергендігін анықтау үшін мұғалім-оқушылар-ата-ана арасында кері байланыстың өз деңгейінде жүзеге асырылуы қажеттілігін ескертеді.

А.А. Шарипбаева қазіргі заман қазіргі заманғы білім берудегі жоғарыда аталған мәселелерді шешуде мектептегі оқу үдерісін оқушының өмір бойы өз-өзіне білім беруге және де оқушының оқу-танымдық құзыреттілігін өзін-өзі дамытудың негізі ретінде бағыттау арқылы қол жеткізуге болатындығын айта кетеді (Шарипбаева, 2015:127).

**Нәтижелері.** Соңғы он жылдықта білім беру саласында, әсересе білім берудің мазмұнында көптеген өзгерістер жүруде, бұрындары оқытудың негізге мақсаты ретінде оқушының өз пәні бойынша білімділігін, дағдысы мен икемділіктерін қалыптастыру болатын болса, қазіргі білім беру мазмұны бойынша мақсат-оқушылардың жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсат етілуде. Нәтижесінде жүйелі түрде ұйымдастырылып жатқан реформалаудың аясында оқушылардың білімін бағалау жүйесі де бірқатар өзгерістерге ұшырады. Дәл осы тұста оқушылардың білімін бағалаудың дәстүрлі жүйесінің (5 баллдық баға) кемшіліктерін, сондай-ақ бұл жүйенің білім беру саласындағы қазіргі таңдағы сұраныстарға жауап бере алмайтындығын келесі жәйттер дәлелдейді.

- дәстүрлі 5 бағалық жүйе «сырттай бақылаушы» қызметін атқарады. Аталған бақылаушы қызметін мектеп мұғалімі мен мектепке жүктелетін, мектеп атқаратын.

- дәстүрлі 5 бағалық жүйе оқушының өз-өзін бағалауға мүмкіндік жасамайды, яғни оқушы әрдайым бағалану астында болып, өз-өзіне, өз білімділік деңгейіне, пәннен жинаған тұжырымдарына қатысты өзіндік бағамның қалыптасуына, өз-өзін объективті бағалай алу қабілеттілігін қалыптастыруда дәстүрлі 5 бағалық жүйенің мүмкіндігі шектеулі.

- дәстүрлі 5 бағалық бағалау жүйесінде оқушының жеке даралық қасиеттерін ескеру қиындық туындатады. 5 бағалық бағалау жүйесінде әрбір оқушыны жеке-жеке тұлға ретінде қарастырып, оқушының оқу үлгерімі мен жетістіктерін бағалау мұғалім үшін қиындық туындатады.

- дәстүрлі 5 бағалық бағалау жүйесі аз мағлұматтылығымен көзге түседі, бұл дегеніміз 5 бағалық бағалау жүйесі өзінің ресмилігі мен бағалау критерийлерінің жасырын болуына байланысты оқушының шынайы білімділік деңгейін анықтаумен бір қатарда сол оқушының білімділік деңгейі мен дағдысын одан

әрі жетілдіруі үшін қандай жағдай жасалынуы керек, оқушы немен жұмыс жасау керектігі туралы мағлұматтарды бере алмайды.

- дәстүрлі 5 бағалық бағалау жүйесі-өзінің «қысым көрсетушілік» сипатымен ерекшеленеді. Дәстүрлі бағалау жүйесі толығымен мұғалімнің құзыреттілігіне жүктеліп, көп жағдайда бұл жүйе бала мен оның ата-анасына қысым көрсетуші құрал ретінде де қолданылып кететіні белгілі. Осы жүйеде мұғалім «басқарушы» қызметін атқарып, оқушылармен кері байланыс тек басқару, бақылау мақсаттарында жасалынады және де оқушылардың оқу жетістіктерін одан әрі жетілдіру мақсат ретінде алға тартылмайды.

- дәстүрлі 5 бағалық бағалау жүйесі бойынша көбінесе оқушының тапсырмаларының көлемі мен сыртқы көрінісі бағаланатын, ал оқушылардың оқу жетістіктерінің сапалық жақтары ескерілмейтін.

- дәстүрлі 5 бағалық бағалау жүйесі бойынша оқушылар арасындағы оқу үлгерімі өзара салыстырылады, бұл салыстыру кейде жасырын түрде, кей жағдайда ашық түрде жүргізіледі. Өз кезегінде осы іспеттес салыстырулар «нашар» оқитын оқушылардың алға ұмтылыуын тежейді, оқуда үлгерімі жоғары оқушылардың одан әрі табысқа жетуіне кедергі келтіреді (Вагапова, 2014:150).

Жаңашыл білім беру технологияларға негізделген оқу үрдісіндегі білімді бағалау дегеніміз бұл:

- пән бойынша оқушының үлгерімін бағалау.

- сабақтың белгілі бір бөлігі ғана бағаланып қоймай бүкіл сабақтың әрбір кезеңі бойынша оқушының білімі мен дағдысы, икемділігін бағалануы.

- сабақ барысында оқу үлгерімі мен бір қатарда оқушының ұмтылыстары, сабаққа деген қызығушылығы мен өз бетінше мәселелерді шешудегі талпыныстары бір деңгейде бағаланады.

- сабақ барысында оқушы сабақтың қай кезеңіндегі өз бағасын біле алады, ең бастысы сабақ аяқталғанша өз бағасын өзгерту мүмкіндігіне иеленді.

- бағалау арқылы мұғалім де, оқушы да бағыт-бағдар алады. мұғалім өз шәкірттерінің деңгейін оқу үлгерімі туралы мағлұматтар жинақтайды.

- оқушының білімділік (үлгерімдік) деңгейі мен дәрежесі бойынша оқушыға оқу тапсырмалары ұсынылуы тиіс және де оқушы қай сыныпта болмасын өз оқу іс-әрекеттеріне қатысты өзіндік жауапкершілік болуы қажет.

- оқушы өз бағасын қадағалай алады, бағалау жүйесі «ашықтық» принциптеріне негізделген (Шағатаева, 2018:63).

Дәстүрлі білім беру жүйесі мен қазіргі Жаңартылған бағдарламаға негізделген бағалау жүйесінің айырмашылығы мен өзгешеліктері «жер мен көктей» екенін аңғарамыз. Дәстүрлі білім беру жүйесі бойынша білімділік пен үлгерім деңгейі ғана бағаланса, қазіргі білім беру жүйесінде оқушының өз бетінше білімді меңгеру, іздену, өзін-өзі білімдендіру деңгейі, талпыныстары да бағаланады. Сондықтан қазіргі заманауи білім беру жүйесіндегі бағалау үрдісі өте күрделі үрдіс, өйткені қазіргі педагогикалық мәдениетте өзін-өзі бағалау, өзін-өзі білімдендіру, өз бетінше іздену іспеттес, ең бастысы өзін-өзі бағалау ұғымдары туралы түсініктер қалыптаспаған.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде де, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша да бағалау мұғалімнің жеке түйсігіне тәуелді. Дегенмен мұғалімнің бағалауы оқушының білім алуындағы индивидуализациялануына кері әсерін тигізеді. Себебі оқушының ұмтылысы, қалауын мұғалім көп жағдайда байқамай қалады, сәйкесінше бұл ұмтылыстар бағаланбайды. Ең бастысы оқушы өз біліміне өзі баға беру, өзіне бақылау жасау мүмкіндіктерінен айырылады. Сондай-ақ оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласы мен танымдық белсенділігі де оқу үлгерімін бағалауға тікелей байланысты екенін ескерсек оқу абыстылығын оқушының өзі де бағалаудың маңыздылығы арта түседі.

Оқытылатын пән бойынша арнайы білімге ие болса да, дағды мен икемділікті меңгерсе де оқушының сол пән бойынша білімін диагностикалаудың мүмкіндігі аз.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тарих пәнінің мұғаліміне қойылатын талаптар төмендегідей:

- Оқу үрдісіне көрнекі құралдарына қатысты тез-шапшаңдылық, жан-жақтылық.

- Сабақ аяқталған соң сабаққа талдау жасау.

- Жоспарланған тапсырмалардың нәтиже бере бермейтіндігіне көз жеткізу (Абдыканова, 2016:77).

Бағалау-жинақталған мағлұматтарға негізделеді. Жаңартылған білім беру мазмұнына негізделген Тарих сабағы оқушылардың білімін бағалауда оқу іс-әрекетінде оқушылардың тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, оқу мотивациясын көтеретін, оқыту процесін индивидуализациялауға түрткі болатын, оқытудың жағымсыз жақтарын жоятын бағалау жүйесін құруды көздейді.

Дәстүрлі білім беру жүйесіндегі бес балдық бағалау жүйесі өзінің күшін жойды. Қазіргі Жаңартылған білім беру мазмұнындағы келесідей бағалау жүйелері енгізілуде:

- формативті бағалау.
- суммативті бағалау.

Формативті бағалау немесе қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау ХХ ғасырдың басынан бастап АҚШ пен Еуропа елдерінде сыннан өткізіліп, педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Формативті бағалау-білім алушының (оқушының) оқыту нәтижесіне емес, меңгерілмеген білімі мен қалыптаспаған қабілеттерін анықтау арқылы әрбір білім алушы үшін оңтайлы оқыту үдерісін ұйымдастыруға негізделген тұлғаға бағытталған және құзыреттілік қатынасқа сәйкес келетін бағалаудың түрі. Формативті бағалаудың мақсаты-оқушылардың өзін-өзі білімдендіруде, өз бетінше білім алу үдерісіне келесі қасиеттерді дамытуға түрткі болу, ол қасиеттерге жататындар:

- өз бетінше іс-әрекеттену.
- инициативалық.
- өз бетінше білім алуға жауапкершілік (Кохаева, 2014:66).

Оқыту үдерісінде дәл осы бағалау түрін көп қолдану арқылы оқушының өз бетінше өзін бағалауда жетістіктерге қол жеткізуге болады. қалыптастырушы бағалау бізге, яғни педагогикалық тәжірибеге шетелден кіріп, біздің түсінігімізде бұл «баға қоймай бағалау» ұғымымен теңестіріледі. Бұл бағалаудың түрі оқушы мен мұғалімнің бірлесе отырып қайсы кезеңде екендігін тоқтаусыз анықтап отырумен сипатталады. Сондай-ақ осы бағалау бойынша оқушының әрбір келесі қадамдары да айтылады.

Формативті бағалауды педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолдану мәселесін зерттегендер: П.Блек, Д.Вильям, М.Haritage, Е.Н. Землянский, О.Дудкин болатын (Землянская, 2016:58).

Қалыптастырушы бағалау:

- күнделікті сабақта қолданылады.
- оқушылар үшін де, мұғалім үшін де қол жетімді.

Қалыптастырушы бағалауды зерттеген қазақстандық авторлардың қатарына Адыканова С.А., Кохаева Е.Н. атап өте аламыз. Осылайша, формативті бағалау немесе ағымдағы бағалау күнделікті сабақ үстінде немесе үйде білім мен біліктіліктің меңгерілуінің ағымдық жағдайын анықтауға көмектесетін, оқыту үдерісіндегі оқушы мен оқытушы (мұғалім) арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде жүзеге асырылатын бағалаудың түрі. Бұл бағалау оқушылардың өз оқу үдерісіне қойған мақсаттарына жеткен не жетпегендігін, жаңа материалды меңгеру дәрежесін, сабақ барысында тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алатындығын көрсетеді. Қалыптастырушы бағалау күнделікті сабақ үстінде қолданылады. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқу үлгерімін қандай деңгейде екенін әрбір сабақ сайынғы көрсеткішті мұғалімнің бақылап отыруына мүмкіндік береді (Абдыканова, 2016:77). Ең бастысы бұл бағалау түрі өзіне келесі функцияны біріктірген:

1. Қалыптастырушы функция.
2. Мотивациялаушы функция.
3. Стимулдаушы функция.

Қазақстандық автор Көбенова А.М. өзінің мақаласында қалыптастырушы бағалауға тән басты маңызды белгілерді атап өтті.

1. Формативті немесе қалыптастырушы бағалау суммативті бағалаумен салыстырғанда жалпы қорытынды білім көрсеткішін бағалау үшін ұйымдастырылмайды, ол оқушылардың оқу іс-әрекеті үдерісін бағалауды мақсат етеді. Бір сөзбен айтқанда қалыптастырушы (ормативті) бағалауда оқытудың нәтижесі емес, оқушының қалай оқығаны (мағлұматты меңгергені) бағаланады.

2. Формативті бағалауды білім беру жүйесіне енгізу оқыту-үдерісіне өзгертуді, сонымен қатар оқытушының дүниетанымының толығымен өзгеруін талап етті, өйткені мұғалім оқушымен толассыз байланысқа түсуін қажет етеді.

3. Формативті бағалаудың соңғы нүктесі баға емес, балл да емес, керісінше мұғалім мен оқушының арасындағы ауызша және жазбаша байланысы соңғы нәтиже болып табылады. Оқушы мен мұғалім ауызша және жазбаша түрде кері байланысқа түседі, мұғалім оқушының оқудағы үлгерімін, оқу жетістіктерін, меңгерген дағдысын, пән бойынша білімділік деңгейін бақылап бағалайды. Бақылаумен бір қатарда балл немесе баға ретінде емес кері байланыс ретінде бағаланатын оқушылардың жазбаша жұмыстарын да бағалау жүргізіледі.

4. Мұғалім оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау, бағалау жүргізетін кері байланыстың маңызы өте зор, ол оқушылардың өз-өзін бағалауына, жоспар құруына жол ашады.

5. Мұғалімнің кері байланысы қызметін өз деңгейінде ұйымдастыру үшін бірнеше талаптар орындалуы қажет. Кері байланысқа қойылатын талаптар келесідей:

- кері байланыстың анықтылығы;
- кері байланыстың түсінікті болуы;
- өз уақытында болуы;

- кері байланыс оқыту үдерісі қалай өтіп жатқаны жөнінде түсінік беруі;
- кері байланыс оқушылардың жетістіктері мен олқылықтары туралы мағлұмат беруі;
- кері байланыс достық пен сыйластықта өтуі.

Кері байланыстан бөлек мұғалім оқушының өз жауабын өзгертуіне, дұрыс жауап беріп, бағасын ауыстыруына мүмкіндік беруі тиіс.

6. Кері байланыс жауап беретін басты сұрақтар:

- «Оқытудың қайсы кезеңіндемін?».
- «Олқылықтарды жөндеу үшін қандай жұмыс жасалуы, ненін үстінде жұмыс жасауым қажет?»

7. Қалыптастырушы бағалауды білім беру жүйесіне енгізу педагогикалық тәжірибесі бағалаудың бұл түрінің келесі артықшылықтарын көрсетеді:

- оқушылар өз білім алу жөнінде жауапкершілігі артады;
- оқушылардың білім алудағы жетістіктері жоғарылайды.
- оқу үлгерімі «нашар» және оқу үлгерімі «жоғары» оқушылардың арасындағы арақашықтықты қысқартады (Мансурова, 2017:76).

**Қорытынды.** Қорытындылайтын болсақ келесідей тұжырымдамалар беруге болады:

1. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы: оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді курс барысында қарастырылады.

2. Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау-оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге, іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Беспалько, В.П. *Слагаемые педагогической технологии Текст.* / В.П. Беспалько. – М.: Педагогика, 1989. – 199 с.
2. Ныгметова Б.Д., Сарбасов Н.С. *Суцность критериального оценивания в условиях обновления содержания школьного образования // Санкт-Петербургский образовательный вестник., №2., 31-33 стр.*
3. Шарипбаева А.А. *Оценка знаний обучающихся: новые подходы // Вестник «<Op.fiey»-kst., 1(7) /2015. – 127-131 стр.*
4. Вагапова, Н.Н., Бектурова З.К., (2014) *Критериальное оценивание учебных достижений обучающихся в 12-летней школе республики Казахстан, Международный журнал экспериментального образования, № 3. – С. 150-151.*
5. Шагатаева З.Ж., Шайхетдинова А.Б. *Подготовка специалистов в условиях обновления содержания образования // Теория и технология образования., 2(20)/2018. – 63-65 стр.*
6. Шакирова Р.Х., Буркитова А.А., Дудкина О.И. *Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство. – Б.: Билим, 2012. – 80 с.*
7. Абдыканова С.А. *Формирующее оценивание как средство повышения качества образования в школе // Современные инновации № 8(10) 2016. – 75-77 стр.*
8. Кохаева Е.Н. *Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие / Е.Н. Кохаева. Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 66 с.*
9. Землянская, Е.Н. *Формирующее оценивание (оценка для обучения) образовательных достижений обучающихся [Электронный ресурс] // Современная зарубежная психология. 2016. Том 5. № 3. – С. 50-58. doi: 10.17759/jmfr.2015050306.*
10. В.Х. Мансурова. *Проблема оценивания в мировом образовательном пространстве. Суцность формативного (формирующего) оценивания// теория и технология образования., 4(18)/2017. – 73-76 стр.*
11. Аскарлова М.А. *О системе критериального оценивания в обучении (из наблюдений опыта учителей на практике в школе) /М.А. Аскарлова // Молодой ученый. – 2014. – №20.1. – С. 34-36.*
12. Дудкин О.И. *Формативное оценивание в начальной школе. Практическое пособие для учителя [Текст]/Сост. О.И. Дудкина, А.А. Буркитова, Р.Х. Шакиров. – Б.: «Билим», 2012. – 89 с.*

13. Лосева С.В. *От формирующего оценивания к оценке качества обучения// Интерактивная наука | 4 (26), 2018. – 42-45 стр*

14. Адекенова А.Н. *Новая модель оценивания в сфере образования Республики Казахстан// Образовательный процесс., Выпуск №2, 2017.*

15. Сухомлинский В.А. *Сердце отдаю детям /В.А. Сухомлинский. – М.: Просвещение, 1987. – 346 с.*

1. Yermolaeva A. S. *Petrovsko-nurtaysky dwellings-Masters in the settlement of Taldysai // actual problems of Archaeology of Eurasia: mater. "No," I said. "no," I said."practice. conf. (Almaty, October 18-19, 2016) / Ed. "I Don't Know," He Said. Almaty: Institute of Archaeology. A. H. Margulana, 2016. - Pp. 126-141.*

2. Kurmankulov zh., Ermolaeva A. S., Yerzhanova A. E. *Taldysay – settlement of drevnikh metallurgov. Almaty: Institute of Archaeology. A. H. Margulana, 2012 -- 130 P.*

3. Sargizova G. B. *Tracology-a method of studying bone and horn products. Journal "Kazakh history". No. 4 (181) April, 2020. - pp. 19-21.*

4. Pankovsky V. B., Sargizova G. B. *systematization of the bone and horn industry of the Taldysai settlement of The Late Bronze Age. Margulan readings-2020: materials of the international scientific and practical conference" within the framework of archaeological and interdisciplinary research of the Great Steppe " (Almaty, September 17-18, 2020). - Almaty: named after A. H. Margulan. Institute of Archaeology, 2020. Vol.1. - 504 P. 163-168 P.*

5. Barfolomeev V., Loman V., Evdokimov v. *settlement of the Bronze Age in the center of the Kazakh steppe. - Astana. 2017. 337 P.*

6. Semenov S. A., Korobkova G. F. *technology of the oldest production. // Leningrad, Nauka 1983. - 252 P.*

7. Beyri S., Vasiliev S. A., David F., Karlen K., Dyachenko V. I., Chesnokov Yu.v. *experience of the reconstruction process of shkur (on materials of upper and upper floors of House 1 in the largest and ethnoarchaeological data). // Archeology, ethnography and anthropology of Eurasia. No. 2 (10) 2002. - pp. 79-86.*

8. Fedoruk A. S., Valkov I. A. *Orudia of leather production Zharkovo-3 settlement // Izvestia Altai State University, (4/2(88).*

9. Kadyrbayev M. K., Kurmankulov zh.K. *culture of drevnikh skotovodov and metallurgov Sary-Arki. - Alma-Ata. 1992. - 246 P.*

10. Semenov S. A. *First Technique (experience of studying the oldest discoveries and innovations in the course of work). - Moscow-Leningrad. 1957. - 239 P.*

11. Usachuk A. N. *Kostyanye izdelia settlement of Ustiye I. // Drevnye Ustiye. Fortified settlement of the Bronze Age in Southern Zaural. Collective monograph. - Chelyabinsk.2013. - 482 P.*

#### References

1. Bepalko, V. P. *Slava pedagogical technologies text. / V. P. Bepalko. Moscow: pedagogy publ., 1989-199 P.*

2. Nygmetova B. D., Sarbasov N. S. *The essence of Criterion assessment in the context of updating the content of school education // St. Petersburg educational bulletin. , No. 2, STR.31-33.*

3. Sharipbaeva A. A. *assessment of knowledge of students: new approaches // Bulletin «Op.fiey»-kst., 1(7) /2015. – 127-131 STR.*

4. Vagapova N. N., Bekturova Z. K., (2014) *Criterion assessment of educational achievements of students in the 12-year school of the Republic of Kazakhstan, International Journal of Experimental Education, No. 3, pp. 150-151.*

5. Shagataeva Z. zh., Shaikhetdinova A. B. *preparation of specialists in the conditions of updating the content of education // theory and technology of Education., 2(20)/2018. – 63-65 STR.*

6. Shakirova R. H., Burkitova A. A., Dudkina O. I. *assessment of educational achievements of students. Methodological guidance. B.: bilim publ., 2012. - 80 P.*

7. Abdykanova S. A. *formative assessment as a means of improving the quality of education in schools // Modern Innovations No. 8(10) 2016. – 75-77 STR.*

8. Kohaeva E. N. *formative assessment: methodological recommendations / E. N. Kohaeva. Astana: JSC "Nazarbayev Intellectual Schools" center of pedagogical mastery, 2014. - 66 P.*

9. Zemlyanskaya, E. N. *formative assessment (assessment for training) educational achievements of students [electronic resource] // modern foreign psychology. 2016. Volume 5. No. 3. – pp. 50-58. doi: 10.17759/jmfp.2015050306.*

10. V. H. Mansurova. *The problem of evaluation in the world educational space. The essence of formative*

assessment// theory and technology of Education., 4(18)/2017. – 73-76 STR.

11. Askarova M. A. on the system of Criterion assessment in training (from the experience of teachers in school) /M. A. Askarova // young teacher. – 2014. - No. 20.1 – - pp. 34-36.

12. Dudkin O. I. formative assessment in the beginning school. Practical benefits for a teacher [text]/last. In The Course Of The Study, Students Were Given The Opportunity To Study. - B.: "bilim", 2012. - 89 P.

13. Loseva S. V. from the formative assessment to the assessment of the quality of education // interactive science/ 4 (26), 2018. – 42-45 STR

14. Adekenova A. N. new model of evaluation in the field of education of the Republic of Kazakhstan// educational process., Issue #2, 2017.

15. Sukhomlinsky V. A. The Heart of our children / V. A. Sukhomlinsky. - M .: Prosveshch Enie, 1987 – - 346 P.

ӘОЖ 930:(574):[15/20]  
FTAMP 03.01.41

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.45>

А.Ә. Қабыл <sup>1</sup>, Н.А. Абдурахманов <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты,  
Шымкент қ., Қазақстан, Algabek-kabil@mail.ru

<sup>2</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, Шымкент университеті  
Шымкент қ., Қазақстан, nurmuhameda@mail.ru

## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада білімдік ортада XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқыту маңызы, ерекшеліктері туралы баяндалады. Тарихты оқытуда терең білім беріп ғана қоймай оқушылардың бойында патриоттық қасиетті қалыптастыруға ықпал ету мүмкіндіктері үлкен орын алатыны белгілі. Сабақ беру барысында Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын баяндай отырып, жас буын өкілдеріне ұлт - азаттық көтерілістердің отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәнін түсіндіру, күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлер мен қатысқан тұлғалардың ерлік істерін бағалау, зерттеулік ізденіс жүргізуге бағдар беру, қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде әдістемелік түрлерін қолданумен бірге заманауи кезеңдегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырудың маңызы зор.

**Кілт сөздер:** Қазақстан тарихы, тәуелсіздік, ұлт-азаттық күрестер тарихы, XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар, білім беру саясаты, тарихты оқыту мәселелері, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогика, оқыту тәсілдері, оқыту формалары, патриоттық қасиет.

Kabyll A.A<sup>1</sup>, N.A. Abdurakhmanov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctoral student of the South Kazakhstan state pedagogical university,  
Shymkent, Kazakhstan, Algabek-kabil@mail.ru

<sup>2</sup>Ph. D, Shymkent university  
Shymkent, Kazakhstan, nurmuhameda@mail.ru

## EFFICIENCY AND SIGNIFICANCE OF LEARNING THE HISTORY OF NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN KAZAKHSTAN THROUGH INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN THE PROCESS OF EDUCATION

Abstract

The article describes the peculiarities of teaching the history of the national liberation movement in the 18th-19th centuries using information and communication technologies. The history of the national liberation movement is a holistic process. The role of the history of the national liberation movement is closely intertwined with the national, socio-economic, political and spiritual formation of the Kazakh people and its role is very great.

*It is known that teaching history plays an important role not only in providing comprehensive knowledge, but also in fostering patriotic qualities in schoolchildren. In particular, to tell the history of national liberation movements in the 18th-19th centuries in Kazakhstan, to explain to the younger generation about the anti-colonial nature and historical significance of national liberation uprisings, to evaluate the exploits of historical figures and participants in movements, to introduce studies using methodological techniques explaining the essence of the uprising and the actions of leaders, etc.*

**Key words:** *History of Kazakhstan, independence, the history of the national liberation movement, the national liberation movement in the 18th-19th centuries, the problems of teaching history, pedagogy, information and communication technologies, teaching methods, forms of teaching, patriotic education.*

*Кабыл А.А.<sup>1</sup>, Абдурахманов Н.А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>докторант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета,*

*г. Шымкент, Казахстан, [Algabek-kabil@mail.ru](mailto:Algabek-kabil@mail.ru)*

*кандидат исторических наук, Шымкентский университет*

*г. Шымкент, Казахстан, [nurmuhameda@mail.ru](mailto:nurmuhameda@mail.ru)*

### **ЭФФЕКТИВНОСТЬ И ЗНАЧИМОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ЧЕРЕЗ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ ОБРАЗОВАНИЯ**

#### *Аннотация*

*В статье описаны содержание и особенности преподавания истории национально-освободительного движения в XVIII-XIX в.в. с помощью информационных и коммуникационных технологий. История национально-освободительного движения является целостным процессом. Роль истории национально-освободительного движения тесно переплетается с национальным, социально-экономическим, политическим и духовным становлением казахского народа и его роль очень велика.*

*Известно, что преподавание истории играет важную роль не только в предоставлении всесторонних знаний, но и в воспитании патриотических качеств у школьников. В частности, рассказывать историю национально-освободительных движений в XVIII-XIX веках в Казахстане, разъяснять подрастающему поколению об антиколониальном характере и историческом значении национально-освободительных восстаний, оценивать подвиги исторических деятелей и участников движений, знакомить с исследованиями, используя при этом методологические приемы, объясняющие суть восстания и действия предводителей и др.*

**Ключевые слова:** *История Казахстана, независимость, история национально-освободительной борьбы, национально-освободительное движение в XVIII-XIX в.в., особенности преподавания истории, педагогика, информационные и коммуникационные технологии, методы преподавания, формы преподавания, патриотическое воспитание.*

Қазақстан егемендік алып, тәуелсіздікке ие болғаннан кейін Қазақстан тарихы оқу пәні халықтың тарихи жадысын жаңғырту, ұлттық өзіндік танымын және бірлігін қалыптастыру, азаматтық пен патриотизмде тәрбиелеу болып табылатын негізгі міндеттері арқылы өлшеусіз өзектілікке айналды. Қазақстан тарихы - қазақ жерінде ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін орын алып, тарихи заң мен заңдылықтарды айқындайтын тарихи оқиғалар, құбылыстар, фактілер, үрдістерді тұтастай түрде зерттейтін ғылым ретінде заманауи тұрғыдан әлемдік тарих, еуразиялық континент тарихының, көшпелі өркениеттің, түрік халықтары мен орталықазия аймағының тарихы контекстіндегі интерпретациясында ұсынылады, сонымен қатар оның көпфункционалдық рөлі мен маңызы арта түседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылдың басында, 5-қаңтар күні «EGEMEN QAZAQSTAN» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Тәуелсіздік құндылығы жастардың жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек екендігін айта келіп, «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.» деп атап өткен болатын [1].

Мектеп оқушылары мен білім алушыларға Отандық тарихтағы елеулі де күрделі кезеңдер - XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы, отаршылдыққа қарсы жүргізілген күрес

басшылары, көрнекті тұлғалар жөнінде танымдық-зерттеулік сабақтар беру аса маңызды екені айқын. Басты мақсат - шәкірттерге терең білім берумен бірге төл тарихты құрметтей білуге бағыттау арқылы патриоттық қасиетті қалыптастыруға ықпал жасау. Оның бірнеше міндеттері бар, олар:

- ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы тұтас үдеріс ретінде үлкен рөл атқаратынын, мазмұны терең екенін білу.

- қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне үлкен назар аударып жүгіну керектігі.

- бүгінгі таңда ұлтымыздың ұлт-азаттық күрестері отаршылдыққа қарсы өз елінің ұлттық мүддесін қорғап, мемлекеттілікті қайта қалпына келтіру мұратындағы азаттық қозғалысы екенін түсіндіру.

- дербес ел жағдайында бұл тұрғыда әртүрлі зерттеулік кітаптар, оқу материалдары жарық көргенімен бірқатар күрделі мәселелер әлі анықтауды қажет ететіндігі.

Оқушылар мен білім алушылардың өздігінше шығармашылық түрде ізденіп, белгілі тақырыптар бойынша ой қорыта алуға ықпал ету - жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту болып табылады. Оқытудағы танымдық тұрғыдан зерделік ойлау әрекетін енгізу оқушылардың қызығушылықпен білім алуына, оқытушымен бірге ой бөлісуге, пікірлерін білдіруге, сонымен бірге топпен бірге жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Мәселені ашу барысында тың ойлар, келелі пікір білдіру маңызды орын алады, оқытудың тиімділігін арттырады.

Бүгінгі таңда мемлекеттің білім беру саясатының жүзеге асырылуы негізінде білім беру мен оқытудың әдістемелік жүйесін қайта қарау заман талабы болып отыр. Жас буын өкілдеріне терең білім беру ісінде жаңа міндеттер қойылуда. Сондықтан әрбір сабаққа озық тәжірибе үлгілерін, әдістерді, жаңа технологияны пайдалана отырып оқушылардың, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыра түсу аса қажеттілік екені айқын. Тарих пәні олардың асыға күтетін, үлкен көңілмен қабылдайтын білім көзі болуы тиіс ғой. XVIII-XIX ғасырларда Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы дәріс берілгенде жастардың тек тыңдап, біліп ғана қоймай, ұлттық рухты сезінетіндей дәрежеде оқыту басты назарға алынуы керек.

XXI ғасырдағы қоғамда компьютерлік технология меңгеріліп, елеулі жетістіктер арқылы жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесінде шәкірттерге ақпараттық - коммуникациялық және мультимедиялық технологияны қолданудың орны, маңызы үлкен. Оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оның тәжірибелік жағынан тиімді түрде ұсынылуына мүмкіндік жасау жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың мақсаты. Тарих сабағында ақпараттық технологияны қолдану өзекті, тарихты оқытуда компьютерлік бағдарламаны пайдалану оқушылармен дифференциалды әдісті қолданып жеке жұмысты ұйымдастыруға, топпен және өзіндік түрде жұмыс жасауға мол мүмкіндік береді, педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Бұл оқушылар мен білім алушыларды рухани тұрғыда дамыта түсіп, олардың өзіндік жұмыс жасау қабілетінің артуына мүмкіншілік жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңының 11-бабындағы білім беру жүйесінің міндеттерінің ішінде «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» атап көрсетілген [2].

Ақпараттық - коммуникативтік технология - электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу, оқу үдерісі барысында компьютерді пайдалану, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды пайдалану, интернетте жұмыс істей білу. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы [3].

Компьютер - қазіргі заманғы технологияға сай білім беруді ақпараттандыру бойынша дидактикалық және оқыту құралы болып саналады. Бүгінгі таңда кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары пайдаланылады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы оқытушы мен студенттің, мұғалім мен оқушының арасындағы қатынас формасын өзгертеді. Бұл өз кезегінде оқу мотивациясын күшейтеді, оқытудың қарқындылығын арттырады. Оқу мотивациясы дегеніміз – танып-білуге ұмтылдыратын қозғаушы күштерді дамытудың әдістері, құралдары мен тәсілдері [4]. Талай ғасырдың сын елегінен өткен, әлемді меңгерудің мейлінше бай тәжірибе-тағылымы небір тарихи дәуірлердің рухын жинақтаған, арман-ойларын уақыт сүзгісінен өткізген таным теориясының қазіргі педагогикадағы маңызы зор. Оқыту үрдісі екі жақты үрдіс болғандықтан

оқушының өзіндік жұмысы, дербес шығармашылық іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетке қызығушылығын қажет етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін ұстаздардың іс-тәжірибелерінде қолдануда оқушыға берер төмендегідей тиімділіктері аңғарылады:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан- жақты жетілдіреді, дамытады;

- өз бетінше сарамандық тапсырмаларды орындайды;

- тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;

- пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;

- ойлау, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;

- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізеді;

- түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;

- түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап өзінің алған білімін тексереді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар зерттелетін құбылыстардың, объектілердің, үдерістердің тек сыртқы сипатын ғана емес, олардың ішкі мәнін, сондай-ақ, табиғаттың және қоғамның жеке құбылыстары арасындағы байланыстарды ашып көрсетуге мүмкіндік береді, білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Ақпараттық білімді игертуде таным, қабылдау кезінде бейнелерді құру, ең алдымен, бейнелі ес, көрнекі-бейнелі ойлау, шығармашылық ойлау елесі, жан-жақты көріністер қабылдау, сөздік-логикалық ойлау, сөздік-ойлау, ес, сезім қатынастары қамтылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал ретінде пайдалану арқылы танымдық қызығушылықты арттырудың мүмкіндігі жоғары деп санауға болады. Осы негізде оқушылар тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше оқуға ынталануына қажеттіліктерін тудырады. Осы мәселелердің жүзеге асу жолдарына себепкер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әрқайсының өзіндік оқушыға беретін ықпалы жоғары.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларына өту, оларды жасау шарттарын құру, ендіру жаңа және дәстүрлі оқыту әдістерін үйлестіру психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік және басқа да мәселелердің біртұтас кешендерін шешуді талап етеді. Теориялық материалды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту процесі ұтымды болады [5]. Тақырыптарды өтуде компьютердің графикалық мүмкіндігіне сәйкес суреттермен бірге тірек сызбалар, кестелер арқылы меңгеруге мүмкіндік беріп, қосымша ақпараттармен көрнекі құрал ретінде пайдаланады. Бағдарламалық - техникалық кешен болып саналатын интерактивті тақтаны да қолданып сабақ өту тақырыптың мазмұнын кеңінен ашуға мүмкіндіктер береді. Белгілі бір материалды интерактивті тақтада орындау негізінде файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады және оқушылар мен білім алушыларға қайта түсіндіріп, келесі жолы тағы да қолдануға болады. Мысалы, Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы бойынша «Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс (1783-1797)», «Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1822-1825)», «Қасым Абылайұлы және Саржан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар (1825-1836)», «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтерілісі (1836-1838)», «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847)», «Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс (1856-1857)», «Есет Көтібарұлының бастауымен болған көтеріліс (1847-1858)» тақырыптарының мазмұндарын сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатына сәйкес түсіндіру, салыстырмалы сараптау, талдау сияқты әдістер негізінде интерактивті тақтаның көмегімен суретті-схемалы көрнекілік материалдарды слайд ретінде ұсыну жастардың сана-сезімдеріне мықтап бекітіліп, есте жақсы сақтауларына ықпал жасайды. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білім берудің қызметі педагогикалық шарттар жүйесі бойынша теориялық және практикалық оқытудың өзара байланысында жүзеге асады. Әр тарихи құбылыстарды кезеңіне байланысты оқып-білуде көтеріліс барысындағы айрықша оқиғаларға баға беру, тарихи фактілер мен құжаттарға талдау жасай алу, сондай-ақ ұлт-азаттық күрестердің, басқару жүйесінің себептері мен байланыстарын анықтауда шығармашылық тапсырмаларды, диаграмма, таблица, кескін, сызбаларды орындау тақырыптарды меңгеру мәселесін айқындайды. Тарихты оқыту кезінде ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдары арқылы оқушылардың білімдерін кеңейту үшін тақырыптар бойынша зерттеулік

жұмыстар жүргізу, презентациялардың түрлері мен мультимедиялық, сандық білім беру ресурстарын пайдалану тиімді болмақ.

XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын оқытудағы ерекшелік - мектептік білім жағдайында оқушылардың назарын максималдық түрде аудару, сонымен біруақытта оқушының ойтанымдық зердесіне отандық тарихтың күрделі мәселелерінің ғылыми көріністер негізін материалды түйсіну мен есте сақтау үрдісінің өзін күрделендірмей қалау қажет-ақ. Мұндағы негізгі айырмашылықтардың бірі формалары мен типтерінің көпжақтылығымен ерекшеленетін оқу анимацияларымен бірге жүруі болып табылады. Бұл анимациялық жобасының тізімінде – анимациялық тарихи карталар, графикалық схемалар, таблицалар, уақыт сызықтары, диаграммалар болады.

Жалпы «Қазақстан тарихы» бойынша оқу анимациясының міндеті отандық тарихты дүниетанымдық деңгейде кешенді қабылдау мүмкіндігін жасаумен байланысты. Тәжірибелік жағы да оқушылардың қажетті оқу ақпаратын алу шарттарын жасауды қамтамасыз ету мен тарихты оқытуда табысты, конструктивті нәтижелерге жетуден тұрады.

«Қазақстан тарихы» бойынша оқу анимациясы отандық тарихтың мәселелері мен сауалдарын игеруде дәстүрлі немесе дәстүрлі емес те, қашықтықтан оқыту ретінде де беріледі. Оқу анимациясының технологиясы ең әртүрлі пікірлерді, бір тарихи құбылыстар мен оқиғаларға қатысты нұсқаларды қайта қарауға мүмкіндік береді. Ақырында, оқу анимациясы сабақтың жекелей фрагменттері негізінде экрандағы өзіндік түрде көрсетілетін оқу үрдісінің дидактикалық функциясын орындау үшін ыңғайлы болуымен ерекшеленеді. Анимацияның жекелеген фрагменттері таратпалы материалдар ретінде мұғалімге алдын-ала баспалық түрде шығарылып берілуі мүмкін.

Оқу анимациясы арқылы тарихты оқытудың перспективасы электрондық оқулықтарды, оқу құралдарын, сондай-ақ оқу үрдісі үшін анимацияның тақырыптық блоктары сериалдарын құруды күнделікті енгізу қажеттілігімен көрінеді. Оны жасаушылардың барлық күші әр сабақ тақырыбына органикалық түрде тоқылуымен отандық тарихтың жекелеген блоктары мен фрагменттері бойынша бағытталады. Оқу анимациясын құру біздің ел тарихының дүниежүзілік тарихтағы орнын көрсетуге бағытталады деп болжанады. Жасаушылардың назарында оқу анимациясы орта арнайы оқу орындарымен қатар білімнің жоғары дәрежелерінде де орналасатын болады. Оқу анимациясы бойынша тарихты оқыту оқу үрдісіндегі барлық қатысушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыруға, оқу қызметінің белсенділігі мен мотивацияны (жігерлендіруді) мүмкіндігінше белсенді етуге бағытталған [6].

Оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тиімдірек болатыны және жас буын өкілдеріне білім беруде алға қойған мақсаттарға жақындата түсетінін байқаймыз. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылар мен білім алушылардың берілген тақырыпқа деген өз қызығушылықтарын арттырып, танымдық негіздегі оқу қабілеттерін дамыта түседі. Бұл тарихи кезеңдердегі құбылыстарға үлкен назар аударып, патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға және тұлғалық өрістеуіне септігін тигізеді.

Заманауи дамудағы оқыту технологиясы үлкен өзгерістерді көрсетіп отыр. Ұстаздар мен шәкірттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары көмекке келеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы құзіреттілікті кәсіби педагогикалық қызметтің басты шарты деп қарастырамыз.

Тарихты оқытудағы мақсат - нәтижеге бағытталған білім берумен қатар, баланы адам етіп тәрбиелеу, тұлғаның руханилығын қалыптастыру, яғни сөйлеу мен ойлау мәдениеті, ұлттық тәрбие, отансүйгіштік пен адамгершілік қағидаларын іске асыру. Жоғарыда баяндап өткеніміздей сабақ кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ жерінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы оқушылар мен білім алушыларға ұлттық рухты бойға дарытатындай дәрежеде оқыту басты назарға алынуы тиіс.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті. ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ // EGEMEN QAZAQSTAN № 2, 5 қаңтар, 2021 жыл. – Б.2
2. Интернет ресурс: <http://adilet.zan.kz> Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (Ескерту: ҚР 08.01.2021 №410-VI Заңымен II-бапқа өзгерістер енгізілді)
3. Р.Серікбаева. Ақпараттық - коммуникативтік технологияны әлеуметтік-құқықтық пәндерде қолдану. // Қазақ тарихы: әдістемелік журнал. 10 қазан, 2014. – Б.14
4. Қалтаева Г. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беруде қолданылуы // Қазақстан мектебі. № 2, 2016. – Б. 27

5. Интернет ресурс: <http://zkoipk.kz/kz/2015smart2/1160-conf.html> Займолдина Ж.Г., Култаева Л.А. Ақпараттық-коммуникациялық технология: проблемалары мен оларды шешу жолдары
6. Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития: Монография. – Алматы: Ассоциация издателей и книготорговцев Казахстана, 2013. – С.82.

*References:*

1. Kassym-Jomart Tokayev, President Of The Republic Of Kazakhstan. Independence is the most precious // EGEMEN QAZAQSTAN No. 2, January 5, 2021. - P. 2
2. Internet resource: <http://adilet.zan.kz> law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319 (Note: The Law of the Republic of Kazakhstan dated 08.01.2021 No. 410-VI amended Article 11)
3. R. Serikbayeva. Application of information and communication technologies in social and legal disciplines. // Kazakh history: methodological Journal. October 10, 2014. - P. 14
4. Kaltayeva G. application of Information and communication technologies in Education // School of Kazakhstan. No. 2, 2016-P. 27
5. Internet resource: <http://zkoipk.kz/kz/2015smart2/1160-conf.html> Zaimoldina zh. G., Kultaeva L. A. information and communication technologies: problems and ways to solve them
6. Mazhitov S. F. historical science of Kazakhstan: modern state and tendencies of development: monograph. - Almaty: Association of authors and authors of Kazakhstan, 2013. - С.82.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ PERSONALITY

ӘОЖ 94(574):9-05  
FTAMP: 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.46>

Н.А. Абдурахманов<sup>1</sup>, Р.М. Купбаева<sup>2</sup>, Қ.М. Шекербекөв<sup>3</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.к., Шымкент университет

<sup>2</sup>аға оқытушы, Шымкент университеті

<sup>3</sup>аға оқытушы, Шымкент университеті

Шымкент қ., Қазақстан, nurmuhameda@mail.ru

### МЫРЗА НАУРЫЗБАЙҰЛЫ – ӨМІРІНІҢ БЕЙМӘЛІМ БЕТТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада түркістандық тұлға, Алаш қайраткері Мырза Наурызбайұлының талайлы тағдыры мен рухани мұрасы мұрағат деректері мен сол кезеңдегі баспасөз материалдары негізінде зерттелгені зерттелгені.

Негізінен 1920 жылдың 7 желтоқсанынан 1925 жылға дейін Ташкент қаласында шығып келген «Ақ жол» газетінде жарық көрген қайраткердің мақалаларын талдау арқылы біз оның аталған мерзімдегі атқарған қызметіне тоқтала отырып, ұлт тұлғасына жабылған жалған жаланың негізсіз екенін дәлелдеуге тырысып бағады.

«Ақ жол» газеті Кеңес билігінің жүргізген саясатының насихаттап, халыққа жеткізіп отырған және де сол саясаттың нәтижесін, яғни халыққа тигізген пайдасы мен залалын бірдей саралап, халықтың ойында жүрген мәселелерді көтеріп отырған. Осылайша халықтың үлкен сұранысына ие болған. Сонымен қатар, «Ақ жолдан» Алаш идеясын жақтаушылардың көмегімен құрылған газет болғандықтан, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған мақалаларды көптеп кездестіресің. Сол себепті де, «Ақ жол» газетінің мазмұны «антикеңестік» деп табылып, оның редакция құрамы қудалауға ұшыраған. Бұл жағдай да автор назарынан тыс қалмаған. Сондай-ақ «Ақ жол» газетінің тарихын зерттеп, оның қызметін айқындап, оның ғылыми маңызын анықтау, М.Наурызбайұлы секілді тұңғырлы тұлғаларды тану, олардың бай рухани мұрасын туған халқымен қайта қауыштыру мәселесі де орынды көтеріледі.

**Кілт сөздер:** «Ақ жол», баспасөз, ұлттық рух, рухани жаңғыру.

N.A. Abdurakhmanov<sup>1</sup>, R.M. Kupbaeva<sup>2</sup>, K.M. Shekerbekov<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ph.D, Shymkent university

<sup>2</sup>Senior lecturer, Shymkent university

<sup>3</sup>Senior lecturer, Shymkent university

Shymkent, Kazakhstan, nurmuhameda@mail.ru

### MIRZA NAURYZBAY – UNKNOWN CHAPTER OF HIS LIFE

Abstract

The article examines the fate and spiritual heritage of the Turkestan figure, the figure of Alash Myrza Nauryzbayuly on the basis of archival data and press materials of that period.

Analyzing the scientific and public articles of Myrza Nauryzbayuly, published in Tashkent from December 7, 1920 to 1925 in the newspaper "Ak Zhol", we, referring to his public activities during this period, try to prove the groundlessness of false reservations, complaints about the national ideological personality.

The newspaper "Ak Zhol" promoted and brought to the public the policy pursued by the Soviet authorities, and equally analyzed the results of this policy, that is, the benefits and losses that it brings to the population, raising problems that are in the minds of the people. Thus, it was in great demand among the population. In

addition, in "Ak Zhol" you can find a large number of articles written from the point of view of national interests, as this is a newspaper created with the assistance of supporters of the idea of Alash. Therefore, the content of the newspaper "Ak Zhol" was recognized as "unconstitutional", and its editorial staff was persecuted. It is also advisable to study the history of the newspaper "Ak Zhol", to determine its activities, to determine its scientific significance, to get to know such outstanding personalities as M. Nauryzbauly, to reunite their rich spiritual heritage with their native people.

Абдурахманов Н.А.<sup>1</sup>, Купбаева Р.М.<sup>2</sup>, Шекербеков К.М.<sup>3</sup>  
<sup>1</sup>кандидат исторических наук, Шымкентский университет  
<sup>2</sup>старший преподаватель, Шымкентский университет  
<sup>3</sup>старший преподаватель, Шымкентский университет  
г. Шымкент, Казахстан, [nurmuhameda@mail.ru](mailto:nurmuhameda@mail.ru)

## МЫРЗА НАУРЫЗБАЙУЛЫ – НЕИЗВЕДАННЫЕ СТРАНИЦЫ ЕГО ЖИЗНИ

### Аннотация

В статье рассматривается судьба и духовное наследие Туркестанского деятеля, деятеля Алаша Мырза Наурызбайұлы на основе архивных данных и материалов прессы того периода.

Анализируя научные и публицистические статьи Мырза Наурызбайұлы, вышедшие в Ташкенте с 7 декабря 1920 г. по 1925 г. в газете «Ак жол», мы, ссылаясь на его общественную деятельность за указанный период, пытаемся доказать необоснованность ложных оговоров, нареканий к национальному идейному личности.

Газета "Ак жол" пропагандировала и доводила до населения политику, проводимую советскими властями, и в равной степени анализировала результаты этой политики, то есть выгоды и убытки, которые она приносит населению, поднимая проблемы, которые находятся в сознании народа. Таким образом, он пользовался большим спросом у населения. Кроме того, в «Ак жол» можно встретить большое количество статей, написанных с точки зрения национальных интересов, так как это газета, созданная при содействии сторонников идеи Алаша. Поэтому содержание газеты "Ак жол" было признано "антиконституционным", а ее редакционный состав подвергся преследованиям. Также целесообразно изучить историю газеты «Ак жол», определить ее деятельность, определить ее научное значение, узнать таких выдающихся личностей, как М.Наурызбаевич, воссоединить их богатое духовное наследие с родным народом.

Түркістандық тұлғаларды тану – уақыт талабы. Демек кешегімізді зерделеу барысында біз Алаш ұғымына, ұлт тұлғаларына байыппен қарағанымыз абзал.

Ал ұлт зиялылары тарихындағы айтулы оқиғаның бірі 1924 жылы маусымда Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі десек, сол айтулы жиынға қатысқандар арасында біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған Мырза Наурызбайұлы да болды. Орта Азия мен Қазақстанды межелеу ісіне Бұхара кеңестік халық республикасы тарапынан қатысқан Мырза Наурызбайұлы 1900 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы № 13 ауылында дүниеге келген. Жалпы оның қайраткерлік қызметі Түркістан Республикасынан бөлек Бұхарамен де байланысты. Яғни 1921-1922 жылдары Бұхарада іс жүргізуші, 1922-1924 жылдары Орталық Қазақ бөлімінің меңгерушісі және Бұхара Орталық атқару комитеті Төралқасының мүшесі, 1924-1925 жылдары Жұмысшы жер-орман ұйымдастыру бюросының төрағасы, т.б. қызметтерді атқарған М.Наурызбайұлы ақ сөйлеп, адал жүрсе де, үстінен арыз жазудан жалықпаған ағайыннан шеттеп, біраз уақыт Қырғызстанға кетіп, бой тасалауға да мәжбүр болды. Дегенмен біздіңше Самарқан түзем гимназиясында оқыған, балаң шағында мұсылманша мектеп-медреседе білім алып, 1920-шы жылдары қабілет-қарымының арқасында Бұхара Республикасының үкімет төрағасының орынбасары деңгейіне дейін көтерілген нар тұлғалы Наурызбайұлының өмірбаянындағы «ақтандақтарына» да оң баға беретін уақыт туған сияқты. Ал қайраткер турасында қалам тартқан ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Д.Қамзабекұлы «Алаштың Орта Азиядағы тұлғасы» мақаласында Мырза Наурызбайұлының қоғамдық-саяси қызметін былайша тұжырымдапты: «Біріншіден, М.Наурызбайұлы жәдитше оқып, орысша сапалы орта білім алған көзі ашық азамат ретінде Бұхарадағы қазақ ұлтының жоқтаушысы бола білді. Екіншіден, заманында озық ойлы «Жас бұқаралықтар» ұйымы жұмысына қатысып, саяси-танымдық деңгейін көтерді. Үшіншіден, еңбегімен, танымалдығымен Бұхара халық республикасы үкіметі басшыларының бірі деңгейіне көтеріліп, өз тұсындағы мемлекеттік шаралардың

қақ ортасынан табылды. Төртіншіден, М.Наурызбайұлы – РКП (б) Орталық комитетінің қолдауымен және Бұхара коммунистік партиясы Орталық комитетінің 1924 жылы 10 сәуірдегі шешімімен әйгілі «Орта Азия мен Қазақстанды межелеу» тарихи шарасына осы республикадан қатысқан 5 басшының бірі (Ф.Ходжаев, К.Атабаев, К.Пулатов, А.Мұхетдинов, М.Наурызбаев) болды. Бесіншіден, Орталық Азияда большевизмге қарсы тұру қозғалысы кезінде салиқалы, байыпты көзқарас ұстанды. Алтыншыдан, демократиялық негізде өмірге келген Алаш автономиясы мен Түркістан автономиясы (1917 жылғы) идеяларына адал болып, Орталық Азия қайраткерлері мен қазақ қайраткерлерінің арасындағы өңірлік даму мен ықпалдастыққа байланысты келіссөздерге шамасы келгенше атсалысты» [1].

Яғни Алаш оқығандарымен жақын қарым-қатынаста болған, Бұхарада қазақ облысын ашып, оған Қазақстан мен Түркістаннан ұлт мамандарын шақырып, білім жүйесі мен билік жүйесін елдік мүддеге сай құрып, дамытуды ұсынған, «өзбек болып кеткендерді қазақ қылу» мәселесін көтерген Наурызбайұлы осал адам емес.

Білетініміз, өз өмірбаянында: «1929-1932 жылы Орталық Азия мақта-ирригация институтында оқып, 4-курста түберкүлез болып шығып қалдым. 1932-1935 жылдары Түркістанда агроном, жер бөлімі, 1935 жылы Жер халкомының шешімімен Қырғызстанның Жалалабадына агроном-жоспарлаушысы басшысы қызметін атқардым. 1943-1949 жылдары Қырғыз КСР Мемлекеттік бақылау саласында жауапты қызметтер істедім. 1949-1953 жылдары КСРО Мемлекеттік бақылау органы Қырғызстан тобында «II дәрежелі мемлекеттік бақылаушы» болдым...» [2], - деп жазған, 1929-1930 жылдары Мойынқұм және Түлкібас аудандық атқару комитетін басқарып жүріп партиядан шығарылып, қызметтен алынған, Бұхарада 1,5 жыл түрмеде отырып, қазақ пен қырғыз жайылымдарын үйлестіретін Жайлау комитеті төрағасының орынбасары қызметінде қарауындағы мәселеге «таптық тұрғыдан қарай алмаған» Мырзаның тағдыр-талайы шым-шытырық оқиғаларға толы болды. Былайша айтқанда, өзімен мүдделес Алаш зиялылары тұтқындала бастағанда 1929 жылы Өзбекстанға, жаппай қуғын-сүргін орын алғанда 1937 жылы Қырғызстанға кетіп, жасырына тұруды жөн санаса да, оның күштеп жойылған Бұхара халық республикасын дамытуға қосқан үлесі көп. Тек кейіннен, 1953 жылы Оңтүстік Қазақстанға оралып, екі жылдай Киров ауданының Фрунзе кеңшарының директоры болған, Ленин аудандық тұтыну кооперациясының басшылығында қызмет атқарып, 1963 жылы зейнет демалысына шыққан М.Наурызбайұлы 1978 жылы бақилық болды.

Жалпы Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінде сақталған М.Наурызбайұлының жеке құжаттарын ақтара отырып көз жеткізгеніміз, қайраткердің үстінен қарша бораған арыздан аяқ алып жүру мүмкін емес. Сол себепті де оның бәріне тәптіштеп тоқталмай, тек біреуін ғана толық келтіре кетсек дейміз.

«Қазақстан өлкелік партия комитетінің контрольный комиссиясына» ұсынылған, «коммунист партиясын алдап, қылығы мен быллығын бүркеп келген» Наурызбайдың Мырзатөресі туралы мақала-арыздың мазмұны мынадай: «...Наурызбайұлы Мырза - Қызылқұм ауданына қарасты 13-ауылдың қарашаңырағы мол, Үсен деген әруақты атаның тобынан шыққан қатардағы қадірлі азаматтың бірі. Әкесі Наурызбай белгілі бай болған адам. Қызылқұмда «Тобықты Наурызбай» десең білмейтін кісі жоқ. Кешегі Николай заманында осы Үсен атамның тобынан озған Қызылқұмда ешкім болмаған. Ұйткені, бай да, батыр да, би де, болыс та, осы атаның тобынан шығып, бұлардың бетіне қарағандардың алды өліп, артының малдары таланып кеткен. Бұл дәурендердің басынан өткендігін Мырзатөренің өзі де жақсы біледі.

Ендігі ғәпты Мырзатөренің өз басынан қозғалық. Мырзатөренің әкесі Наурызбайдың дүрілдеп тұрған кезінде «приставтын» тілмәш Қалдыбек деген құдасының нұсқауымен Самарқан қаласындағы 1- басқыш орыс школына оқуға барған, сол мектептен шұнтақ білімді, шолқа етектегі тілмәш боп шыққан. Сүйтіп жүргенде ел шаруасы «жылан жылғы жұтқа» кездесіп, көппен қатар Мырзаның әкесі Наурызбай байдың да малы жұтап қалады. Мырза төре жұттың лаңымен кедей боп жүргенде 1917 жылы Кеңес үкіметі орнап, саясат екінші түрге түседі. Сонда да болса 1922 жылға дейін жөнді қызметке жегіле алмай келіп, құдайдың құдіретімен 1922 жылы бірденнен бақ қонып, қыдыр құрдас бола бастайды.

Бақ қонғанда, Жызақ үйездік ақша бөлімі атынан шаруа салығы туралы «Көктөбе», «Пістелітау» болысының мал есебін алуға полнамашын болады. Әрине, ол кездегі полнамашындардың көбінің ойлағаны қалта қамы болатын. Бұл азамат та солардың жолын қуып, қабағынан қар жауып, ел аралайды. Шаруалардың 10 қойын 100 қойға, жүзін мың қойға өсіріп жазам деп құқайлап бара жатқан соң, елдің орташалары мен кедейлері тегіс жиналып, пәледен қайтсе құтылатындық шарасын қарану мен тілін білетін біреуді сөйлестіріп қараса, Төре: «Ел менің жайымды біліп, яғни, «пара» берсе, менің де елдің жайын біліп, жайлы болуым оңай», - деп, пара алса қоятындығын айтады. Талып тұрған жұрт мұнысын есту барысында жиналып, кеңесіп жіберіп, жұрт болып ортасынан бір көкпаршыл торықасқа ат пен

ауырлығы алты пұт келетін дәу бір кілем және бес жүз сом ақша Мырза төренің парасына беріледі. Бұларды Мырза төре қақшып алып, уәдесі бойынша жұртқа жайлы болып, әлгі атты мініп, кілемді артып жүргенін көзімізбен көрдік. Кілем осы күнде үйінде тұр. Атты 1923-1924 жылдары Қараспан ауданына қарасты Әбдікөр деген қарасирақ 40 қозылы қойға, яғни, 80 қойға сатқанын да анық білеміз. Содан әкелген малды Қызылқұм елінің 11, 12, 13, 14-ауылдары біледі. Немесе атты алған Әбдікөрдің өзінен сұралса да анықталады.

Сүйтіп, Мырза төреніңді паракорлығынан жұрт жақтырмай «қасқа атты төре» деп атап кеткен. Осы күнге дейін Мырзаны Қызылқұм ауданында «қасқа атты төре» деп атайды.

Мырзабек болыс пен Қалдыбек тілмеш Қызылқұмның 11-ауыл ішінде тұрады. Бұл тақырыпты да жоғарыда көрсетілген ауылдардың көбі біледі. Сүйтіп, бұл сөз бұл жерде тоқталынсын, ендігі сөзді Бұқара жақтан естіңіздер: 1923 жылы Мырзатөре Серғазыұлының беделінен пайдаланып, Бұқара республикасындағы қазақ ұлты атынан өкіл ретінде іске жегіледі. Бұл орында болса туралықпен үкімет ісін атқарудың орнына және білімнен шет жатқан еңбекші қазақ ауылдарының балаларын оқуға тартып, оларды мәдениет-тестірудің орнына бір түрлі айуандық қылықтармен қара басының қамын ойлап, қорасын толтырып мал, қалтасын толтырып ақша жинау қамына кірісіп, Баймантапты, Тасқұдық, Аютерек деген жердегі елдерге шаруа салығы туралы уәкіл болып шығып, қойға шапқан қасқырдай 20 жігіт милиция мен өзі елді тас-талқан қып еріксіз түрде халықты талауға кірісіп, өзінше айырықша зекет жинап, ел кедейлерін қойша қамап, малдарын, пұлдарын тартып алып, қалтасына қамба ғып жия берген. Екінші жағынан жиған малдарын еліндегі ағаларын шақырып, ағалары арқылы елге асырып, қорасына құя берген.

Мырза төренің Бұқарада жүріп ағалары арқылы үйіне асырған малдары 1924 жылы көктем кезінде Төлеген деген ағасын шақырып алып, ол арқылы екі түйе жүгі мата мен ауырлығы төрт пұттан келетін 4 кілем және ұзындығы адам бойы келетін төрт мыс көзені қосып үйіне жібереді. Маталарды сатып, жүз қаралы қой қылып, қорасына қосты. Кілемнің бірін 10-ауылдағы Кенжебек Нұржауұлы деген нағашыларына берген. Басқалары тегіс өз қолында. Қызылқұмның 10, 11, 12, 13-ауылдардың адамдары жоғарыда көрсетілген малдарды Төлегеннің Бұқарадан Мырзаның тапқан дүниесі деп әкелгенін тегіс біледі.

Ендігі сөзді Мырзаның жоғарыда айтылған қылықтарының аяғы не болғандығын айтқанда былай: баяғы Баймантапты, Тасқұдық, Аютерек деген үш болыс елдің кедейлері Наурызбайұлының істеген заңсыз қылықтарынан көрген қорлықтарын айтып, Бұқара үкіметінің жоғарғы сот орындарына арыз береді. Сот орындары Мырза төренің істерін заңсыз тауып, аға тергеушінің қарауына жібереді. Сол арада Мырза төре гәптің бұзылғанын біліп қалып, зым-зия қашып береді. Не керек, шын қуғансын қолға түсу оңай. Қарақалпақ облысында қашып жүрген жерінен баяғы тергеуші 20 милиционермен барып ұстайды. Ісін анықтағаннан соң Мырза төрені қылмысты тауып, сол арада тұтқын үйіне жібереді. Тұтқынында бір жарым ай отырған соң барып Серғазыұлының жәрдемімен кепілге шығады. Осы туралы болынған істер ерікті Канмық ауданының халық тергеушісінің қолында бар екенін де көргеніміз бар. Сол іспен бірге тігілген Мырза төренің сүгіреті де бар екен. Егер бұл істердің керегі болған күнде Өзбекстанның жоғарғы сот орындары мен тергеу орындарынан сұралса табылуға мүмкін. Сүйтіп жүргенде 1924 жылдың күзіне қарай ұлт республикалары құрылып, Өзбекстан, Қазақстан болып айырым республикаларға бөлініп кеткен соң Мырза төре баяғы қашқан бойынша қашып, қылмысын жасырған күйінде арбасы сынбай, өгізі өлмей осы күнге дейін аман-сау келе жатыр.

Жоғарыдағы ұнамсыздық түрлерді сөйлеп, қорыта келгенде, бұл Наурызбайұлы азамат коммунист партиясының шын мүшесі болса, яки, болмақшы болса, жоғарыда көрсетілген сорақылық мінездері мен қылмыстарын мойнына алып, партия жолынан қателесіп кеткендік жағдайларын қалдырмай айтып, өткен қателеріне кешірім сұрап, партия алдында бұдан былай тура жүріп, тура тұруға коммунистік жүрегімен шын уәдесін берген шығар, яки беретін шығар. Егер әлде де осы қылмыстары мен сорақылық мінездерін жасырып, өзін партия орындарына аппақ көрсетіп жүрген болса, мұндай коммунисті партия қатарынан аластау керек.

Мұндайлар коммунист мүшесі емес, тілін шығарып, тісін жасырғыш ішмерезінің өзі. Бұл секілді оңбағандардың жұмысшы, қара шаруа пролетариат кедейлеріне зиянынан басқа келтіретін пайдасы жоқ. Осы жоғарыда көрсетілген қылықтарын Наурызбайұлы мойнына алмай танатын болса, ол кезде ашық түрде кірісіп, еңбекшілер әлеуметі алдында мойнына қойып беруге таярлығымызды білдіреміз. Ел еңбекшілері атынан: «Батырақ». 27.08.1929 ж.» [3].

Әрине, «Батырақ» атын бүркенгендердің де бір білері, ішкі мақсаты бар болар. Мырзаның үстінен жазылған шет-шегі жоқ шағымдардың да уақыт өте келе шындығы ашылатыны күмәнсіз. Ал осынау жолдарды оқып дағдарып қалған оқырманға Асқар Сүлейменовтің «Ашық айту - анық айту болғанымен, ақиқатты айту емес» деген орнықты пікірін қайталай отырып, ұлт мүддесін бәрінен биік көрген Мырза

Наурызбайұлы болмысын тану үшін сол кезеңде жарық көрген «Ақ жол» газеті материалдарын бір ақтарып шығуын өтінген болар едік. Біздіңше, Бұхара орталық атқару комитеті жанындағы қазақ бөлімін басқара жүріп, «Бұхара топырағындағы қазақ жайынан» мақаласында:

«Бұхара республикасындағы жалпы қазақтың саны 375 мың делініп жүр. Бұлардың қазақ екенін біліп, қазақ әдеттерін қолданып, қазақтығын жоймағандары қалалардан тысқары көшіп-қонып, мал шаруасымен байланысы барлары десек болады. Қалғандары қазақтығын жоғалтқан. «Шын қазақтың» деп жүргендердің саны 190 мыңнан артпайды. Бұлар кешегі Бұхара әмірі заманында қазақтығын жасырып, өзбек я тәжікбіз деп, сәлде орап, ұзын шапан киіп, әдет-ғұрпын жоғалта бастаған. Кейінірек келе қатын-қыздарының бетін «пәренжімен» жауып, қазақтықтан мүлде айырылғанын көріп отырмыз» [4], - деп Кермене уалаятындағы 18 мың үйлі найманның өздерін өзбекке санап, ұлттық болмысынан басыбүтін айырылғанына, одан бөлек осы мекендегі 2 мың үйлі қыпшақ, қоңырат, жалайырлардың да қазақтықты жоғалтқанына нала болған қайраткердің арамға қолын былғап, ауылдағы мәселені ауызбастырықпен шешіп, жоғарыдағы арызда айтылғандай ел ішін алапайдай бүлдіруі мүмкін еместей. Себебі «Ақ жолдың» тасқа басылған мәңгілік мұрасы мүлде басқаша сөйлеп тұр ғой. Олай дейтініміз, 20 мың қазақтың ішінен қазақпыз деп отырған 1 мың 200 үй үшін шыр-пыры шығып, Бұхарадағы қазақ бөлімінің басқармасынан адам жібертуді көздеп отырған Наурызбайұлы: «Бұхарадағылардың көбі кіші жүз: тама, керейт, табын. Бұлардың саны 2 мың 500-дей. Қазақтықтан шынымен айырылған осылар. Сендердің түбін қазақ десен бөлеге қалдың: ұрсасың иә төбелесесің.

Қарсы аймағында Жұмабазар деген жерде 400 үйлі қазақ бар екен. Бұлар жұрағатының не екенін білмейді. Қариялары ілгеріде Қызылжардан көшіп келгенін естуші едік дейді. Бірақ, қазақпыз деп тұрған жайы бар. Бұлар қазақтығын ұмытқанмен, кіндік басқармадан адам сұрап жүр. Қазір адам бере алғанымыз жоқ.

Жоғарыда көрсетілген 23 мың қазақтар қазақтығын ұмытып, өзбек болып кеткен. Бұған себеп болған ескі хукіметтің қысымшылығы деуге болады. Тұрыстың қиын шарттарына қарай бұлардың тілі де, тұрмысы да, әдет-ғұрпы да өзгере бастаған.

Бұларға көз салу керек. Қазақтығы жоғалғандығы есте болып, шаралар істелуге қам қылу керек. Әсіресе, қазақтығын жоғалтып, тұрмыстың қысымшылығынан бір онда, бір мұнда тығылып жүрген кедей елін құтқарып, өздерінің құқықтарын алып беру хукімет иелерінің міндеті екенін ұмыту керек емес» [5], - деп мұндағы мәселенің тым ушығып кеткендігінен хабар береді. Бұл жолдардың өзі көршілес елдегі қандастарымызды ассимиляциялаудың тым ерте басталғандығын аңғартса керек деп білеміз.

Сондай-ақ «Бұхарадағы қазақтардың ахуалы» еңбегінде: «Бұхарада 375 000 қазақ бар. Бұларды ескеріп білген ешкім жоқ. Ахуалдарымен танысып, жәрдем қолын созайын деген ешкім көрінбейді.

Өзгерістің өзі де, иісі де барған жоқ. Бұған себеп болған нәрсе, олардың арасында қазақ қызметкерлерінің жоқтығы.

Бәрі де Бұхара қазақтарын білмейді, ескермейді. Егер жігерлі қызметкерлер болып, халықты үгіт-насихатқа байытып, өзгеріс туралы, өнер-білім туралы рух туғызса, Бұхара қазақтары бұл күйде болмас еді. Түсінген болар еді. Кім екенін таныған болар еді.

Хукімет жағынан да істеп жатқан іс шамалы. Халық қараңғы, езілген. Хукіметтің керегін білмейді. Хукімет ескермейді, қызметкерлер жібермейді. Ешкім мен істейін деп, өзі келмейді. Бұхарада қазақ қызметкерлері жоқ деуге боларлық. Кіндіктен келмесе, болмайды» [6], - деп жерлестерінің жай-күйін жаңа үкіметтің қаперіне салса, «Ақ жолдың» арнайы тілшісі ретінде билік назарына ұсынған «Ауғанстан жеріндегі қазақ жайынан» мақаласында әмір заманында Ауғанстан шекарасына жақын Колап, Қорғантөбе, Байсон уалаяттарында 150 жылдан бері отырған 4 мың үйлік 200 мың қазақтың 1923-ші жылға қарай 2600 үйінің Ауғанстан топырағына өтіп кеткелі бері жетіскен ештемесі жоқ, көрген күні күн болмай отырғанын ашық жазады. Яғни басмашы ойранында бір таланып, көшіп жүріп жұтап, бар малынан айырылған қандастарына ауған билігінің тау мен тастан басқа жер бермегенін, қазақтың малы болса малын, болмаса бой жеткен қызын тартып алып, тіпті ең сорақысы, ашыққандардың үлкен демей, кіші демей қызын мал орнына сатып жатқанын жеткізіп, бұрынғы мекендеріне қайтуға ниетті отбасыларға көмек қолын созуды талап етеді [7].

Ал «Езілуде қалған қазақтар» мақаласында ол: «Бұхара республикасы мен Түркістан республикасына қарасты Амудария облысы шекарасында кіре қыстап, шыға жайлап, күнелтіп жүрген қазақ бар. Бұлардың қай республика қарағандығы әлі күнге белгіленбеген. Сондықтан бұлардан бүгін Бұхара хукіметі салық алып, өзінің тиісті бұйрығын беріп кетсе, ертең Амудария хукіметі келіп және салық алып, ол да өз бұйрығын береді. Сөйтіп, бұлар екі жақтан да таланып отыр.

Бұл сорлыларда аттан ат, түйеден түйе қалған емес. Бір күн Бұқара адамдары келіп, көлік мінсе, екінші күні Амудария адамдары мінеді.

Далада жатқан аңқау елдің үстіне кімде-кім 5 мылтықпен келсе, сол әкім, қазақ іс жөнін білмегендіктен, сөз айтуға қорқады.

Бұлар «Біз қай республикаға қараймыз?» деп Бұқара хукіметіне күнде арыз бергенмен, ол арыздар қаралып, шара көрілген емес.

Бұлар екі жақтан желпініп, құрып кетпес үшін екі республикадан комиссия шығып, жер жағдайын белгілеуі керек-ақ.

Түркістан республикасының хукімет адамдары ескерсе тәуір болар еді» [8], - толғанса, «Бұқара қазақтарының түзілген милициялардың қайраты»,

«Басмашылардан таланған қазақтарға жәрдем» мақалалары да кезінде жұрт керегі үшін жазылған дүниелер.

Одан бөлек «Ақ жолдың» №470 санында, 1924 жылы шыққан «Бұхара хабарлары» материалында ол Бұхара Республикасындағы, оның ішінде, Кермене төңірегіндегі, Бұхара маңындағы, Карши Гузардағы, Нұратадағы қазақтардың саны мен рулары туралы мәліметтерді келтіре отырып:

«Бұхара республикасындағы халықтардың жетіден бірі қазақ. Саны солай болғанымен, бұл күнге шейін өздеріне тиісті құқықтарын алған қазақтар жоқ. Мұның бас себебі, өздерінен шыққан қызметкерлердің кемдігі, өздеріне тиісті сыбаға жоқтығы сұрап, зерттеткен елдің жоқтығы. Мұның былай болуы: әмір уақытында, қазақ өзінің руын жасырды. Қазақ болып көрінуі үлкен намыс болды. Неғұрлым өзбек болып көрінгісі келіп, өзбектікке тырысты» [9], - деп қазақтықтан жерінудің түп-төркінін тарқата талдап, түсіндіріп береді.

Тіпті, Бұхарадағы қазақ кіндік бөлімінің бастығы ретінде Орта Азияны ұлт шекаралығына қарай бөлу мәселесіне орай кезінде «Ақ жолға» сұхбат та беріп: «Қазақтың көпшілігі егіншілік, мал шаруашылығымен тіршілік етсе, өзбек сауда, тоқымашылық (бөз тоқиды), бау асырау, диканшылықпен тіршілік етеді. Әрине, бұл екі түрлі кәсіптің бір-бірлеріне байланысы күшті. Сондықтан Қазақстан өзінде жоқ нәрселерді шеттен алуға тиіс. Шеттің Қазақстаннан алуына керек.

Түркістан аймағында отырған қазақтар Орта Азиядағы әр түрлі қиыр-шет ұлттардың арасында болғандықтан көпшілік алған жерлеріндегілері болмаса, көбі өз тілін, салтын жоғалтып барады. Сондықтан бұл екі жердегі қазақтарды байланыстыратын шарттардың бірі – қазақ әдебиетінің емін-еркін солардың арасына тарауы болады. Сөйтіп, қазақтың мәдениет майданында ілгері басуы үшін қазіргі Қазақстан мен Түркістан қазақтарының қосылуы өте керек;

Бұхара қазақтары Әмір патша тұсында шаруашылық, саяси, ағарту жақтарынан болсын әбден езіліп қалған елдің бірі болатын. Сондықтан бұлар үшін айырым автономиялы облыс болу керек. Өзбекстанның ішінде қалсақ та, айырықша автономиялы облыс болуымыз әр жағынан қарағанда өте керек;

Орта Азиядағы басты халық - қазақ, өзбек, түрікпен, қырғыз, тәжік. Бұлар: Қазақстан, Өзбекстан, Түрікпенстан, Қырғызстан республикаларына бөлініп, шаруашылық жүзінде қатынас - байланысты болуға керек. Қарақалпақ, қырғыз өз алдарына автономия алуы тиіс. Тәжік пен Бұхара қазақтарының автономиялы облыс болып, Өзбекстанда қалулары жөн;

Қазақстанның кіндігі Орта Азияда болған басқа республикалармен байланыс қатынасын жасауы үшін Орта Азиядағы қазақтардың орталығы болған жерлерде болуы керек;

Жалпы Орта Азиядағы күншығыс кедейлеріне Орта Азия республикаларының шаруашылық жақтарынан байланыс жасап бір-бірлерінен бөлінбей бір жерде болулары керек. Өйткені, қандай қиыр-шетте жатқанмен де кедейлер тіршілік, шаруашылық, алыс-берістік жақтарынан бір-бірлеріне байланысты [10], - деп түйінді пікір айтып, өз ұстанымын аңғартып бағады .

Сонымен қатар түбі бір туысқан халықтардың болашағына қатты алаңдаған Мырза Наурызбайұлы «Бұхара хабарлары» атты келесі бір еңбегінде Бұхарадағы қырғыздар жайын да сөз етіп, әмір уақытында болсын, қазіргі уақытта болсын қырғызбын деп жүргендердің іс жүзінде қырғыздықтан түгі жоқтығын тілге тиек етіп, ұлттық мектеп түгілі үгіт-насихат істерін жүргізуге деген ниеттің де байқалмай отырғанын баса айтып, өз малдарына өздері ие бола алмай, арыз ұстап, жылап жүрген қырғыздардың жанайқайына бейжай қарай алмайтындығын сөзімен де, ісімен де дәлелдейді [11].

Демек ақиқаттың адал айтыстан туатынын жадымызда ұстағанымыз жөн болар. Өйткені сынақ-өмірде талай тығырықтан шыққан, шеттегі қазақтың теңдігі жолында тартқан тағдыр теперіштерін еш мойымай көтерген, Алаштықтардың Түркістандағы бірегей тұлғасына айналған, «Ақ жолдың» аға буынының алдын көрген жанның жемқор болуы, тәркі дүние үшін әлдекімдермен жең ұшынан жалғаса сыбайласуы ақылға сыймайды. Бұл да бір тұлпарға керілген арқан секілді аққа жұқпайтын жалаға көбірек келіңкірейді. Сол

себепті де біз тұлғаларымызға қатысты мұрағат құжаттарын пайдаланғанда аса абай болғанымыз дұрыс. Яғни мал жиюды емес, елдің еңсесін тіктеуді мұрат тұтқан Мырза Наурызбайұлы туралы айтылар сөз бен жазылар еңбек алдағы күннің еншісінде десек те, ақиқатқа ақылды көзбен қарағанда ғана біз тарихқа қиянат жасамаған болып шығатынымызды ұмытпауымыз керек. Мырза өмірін тануға талпынғандар осыны қаперде ұстаса, ұлт тарихы да ұтылмайды деген ойдамыз.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Қамзабекұлы Д. Алаштың Орта Азиядағы тұлғасы// Егемен Қазақстан. 27 қаңтар, 2016 жыл.
2. Қамзабекұлы Д. Алаштың Орта Азиядағы тұлғасы// Егемен Қазақстан. 27 қаңтар, 2016 жыл
3. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 31-қор, 1л-тізбе, 78-іс.
4. «Ақ жол», №445, жексенбі, 8 июнь, 1924 жыл.
5. «Ақ жол», №445, жексенбі, 8 июнь, 1924 жыл.
6. «Ақ жол», №446, сейсенбі, 10июнь, 1924 жыл.
7. «Ақ жол», №425, жексенбі, 13 апрель, 1924 жыл.
8. «Ақ жол», № 427, бейсенбі, 17 апрель, 1924 жыл.
9. «Ақ жол», №470, сәрсенбі, 14 август, 1924 жыл.
- 10.«Ақ жол», № 474, жексенбі, 24 август, 1924 жыл.
- 11.«Ақ жол», №472, дүйсенбі, 18 август, 1924 жыл.

*References:*

1. Kamzabekuly D. Alash's personality in Central Asia // sovereign Kazakhstan. January 27, 2016
2. Kamzabekuly D. Alash's personality in Central Asia // sovereign Kazakhstan. January 27, 2016
- 3.state archive of socio-political history of Turkestan region. Fund 31, list 1L, case 78.
- 4." AK Zhol", No. 445, Sunday, June 8, 1924.
- 5.the White Road", No. 445, Sunday, June 8, 1924.
- 6." AK Zhol", No. 446, Tuesday, June 10, 1924.
- 7." AK Zhol", No. 425, Sunday, April 13, 1924.
- 8." AK Zhol", No. 427, Thursday, April 17, 1924.
- 9." AK Zhol", No. 470, Wednesday, August 14, 1924.
- 10." AK Zhol", No. 474, Sunday, August 24, 1924.
- 11." AK Zhol", No. 472, Monday, August 18, 1924.

ӘӨЖ 94(574)

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.47>

Ә.А. Өскембай<sup>1</sup>, Ф.К. Кабдрахманова<sup>1</sup>

С.Аманжолов атындағы ШҚУ<sup>1</sup>

## С.АМАНЖОЛОВТЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІ

### *Аңдатпа*

Мақалада С.Аманжоловтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлерге берген патриоттық тәрбиесіне баға берілген. С.Аманжоловтың саяси жетекші ретіндегі қызметіне, жеңіске қосқан үлесіне жан-жақты талдау жасалады. Ғалымның жауынгерлерді жеңіске рухтандыруда қазақ батырларының ерліктерін қолданғаны жайлы тың мәліметтер келтіріледі. С.Аманжоловтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлерге берген тәрбиесі ұшан-теңіз. 1941-1943 жылдары Қиыр Шығыста болған Қасым 1943 жылы батыстағы майданға ауыстырылады, содан соғыс аяқталғанға дейін "қанды қырғын, қып-қызыл өрттің ішінде" болады. Намыскер, өр, қайсар Қасым жауынгерлік міндетін жан аямай атқарады, абыройлы болады. Қиыр Шығыс пен батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, атамекен – Қазақстанның қақ жарып өтетін жол әсершіл, ұиқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді. Соның нәтижесінде "Орал", "Сарыарқа", "Байкал", "Өтіп бара жатырмын" тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді. Ақын рухының бұл қуатты серпілісі майдан жырларына ұласып, мазмұн, тақырып, түр, көркемдік бейнелеу құралдары, ой мен сезім тереңдігі жағынан жаңа сапа тауып, биік белеске көтеріледі.

**Кілт сөздер.** саяси, ерлік, патриот.

Оскембай А.А.<sup>1</sup>, Кабдрахманова Ф.К.<sup>1</sup>  
ВКУ им. С.Аманжолова

## ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ С.АМАНЖОЛОВА В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

### Аннотация

*В статье дается оценка патриотического воспитания солдат С.Аманжолова в годы Великой Отечественной войны. Представлен всесторонний анализ деятельности С.Аманжолова как политического руководителя. В работе приведены новые данные об использовании ученым героических подвигов казахских батыров для поднятия военного духа солдат. В годы Великой Отечественной войны патриотизм стал наиважнейшей ценностью в советском обществе. Беззаветная преданность своей Родине проявилась у миллионов советских граждан и стала источником невиданного массового героизма. С февраля 1942 по июнь 1946 года С.Аманжолов находился на действительной военной службе в рядах Советской Армии. Он вёл политико-воспитательную работу среди бойцов нерусской национальности, выпускал на казахском языке «Блокнот агитатора Красной Армии» и листовки о героях Советского Союза.*

**Ключевые слова.** Политический, подвиг, патриот

Oskembay A.A.<sup>1</sup>, Kabdrakhmanova F.K.<sup>1</sup>  
EKU navtl after S. Amanzholov

## PATRIOTIC EDUCATION OF S.AMANZOLOV OV DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR

### Abstract

*The article provides an assessment of the patriotic education of S. Amanzholov's soldiers during the Great Patriotic War. A comprehensive analysis of S. Amanzholov's activities as a political leader is presented. The article provides new data on the use of heroic deeds of Kazakh batyrs by scientists to raise the military spirit of soldiers. During the Great Patriotic War, patriotism became the most important value in Soviet society. Selfless devotion to their Motherland manifested itself among millions of Soviet citizens and became a source of unprecedented mass heroism. From February 1942 to June 1946 S. Amanzholov was on active military service in the ranks of the Soviet Army. He conducted political and educational work among soldiers of non-Russian nationality, published in the Kazakh language the "Notebook of the Red Army Agitator" and leaflets about the heroes of the Soviet Union.*

**Key words:** Keywords. Political, feat patriot

**Кіріспе.** Қазақстан дамыған отыз елдің қатарына қосылу үшін, қазақстандық әр азамат өз елінің патриоты болуы қажет. Ұлы Отан соғысы жылдарында соғысқа қатысқан қазақ зиялылары отанын қорғауда ерен ерліктерімен танылды. Соғыс кезінде жауынгерлерді жеңіске рухтандыруды саяси жетекшілердің орыны ерекше болды. Солардың қатарында филолого ғалым, түріктанушы С.Аманжоловта болды.

1942 жылы ақпан айында С.Аманжоловты майданға шақыру қағазы келеді. Осы жылы Ташкенттегі Жоғары Әскери педогогикалық институтының жеделдету курсына аяқтап, майданға аттанды. 1942 жылдың қыркүйегінде Карель майданының алдыңғы шебіне түсті. Ол майданда орыстан басқа ұлттар арасында үгітші болып тағайындалды. Сол кездегі саяси үгіт насихат жүргізу жауға қарсы қолданған мықты құрал болды.

**Материалдар мен әдістер.** 1943 жылы үгітші болған ғалым, саяси-тәрбие ісін жеңілдету үшін офицерлер мен солдаттарға арналған орысша-қазақша әскери сөздік басып шығуға басшылық жасады. Оның соғыстағы саяси-ұйымдастырушылық қызметі эвакуацияланған балаларды орналастырумен басталды.

**Талқылау.** Соғыстың бас кезінде ол, Ресей, Украина, Белоруссия тағы басқа елдерден келген балаларды Қазақстанның балалар үйлеріне орналастыруда белсенділік көрсетті. Өзге жақтан келген балаларды балалар үйіне орналастыруда С.Аманжолов асқан бір жауапкершілікпен жұмыс атқарды. Балалар үйінде орын болмаған жағдайда жеке жанұяларға балаларды таратып, әр баланың тағдырын дұрыс шешуге тырысты. Кейіннен оны Кеңес Армиясының Саяси Басқармасына «Қызыл Армия үгітшісі-

нің блокноты» бойынша редактор-аудармашы етіп сайлайды. Өйткені, сол кезде саяси үгітші орыс тілінде, қазақ тілінде шебер меңгерген болуы қажет еді. Ал, ғалым болса, тек қана орыс тілі мен қазақ тілін меңгеріп қана қоймай, бірнеше түрік тілдес халықтардың тілін шебер меңгерген еді. Сонымен қатар, С.Аманжолов саяси-ұйымдастырушылық қабілетімен де танылып үлгерген еді. Бір басында адамгершілік қасиет пен ерлік істер қатар танылған ғалымның еңбегі бірден бағаланды.

Осы кезден бастап орыс емес жауынгерлердің арасында саяси тәрбиелік жұмыспен айналыса бастады. Үгітшінің ең басты мақсаты әскерлерді патриотизмге тәрбиелеп, ұлттық намысты қорғап, Отанын қорғауға үгіттеу болып табылады. Майданға жіберер алдындағы оқыған жеделдету курсына алған білімі жауынгерлерді тәрбиелеуде көп көмегін тигізді.

Бұл тәрбиедегі көркем құралдар: әскери бұйрықтар, саяси плакаттар, жалынды қанатты сөздер болды. Ғалымның өзінің айтуынша: «Үгітші-әскерлердің ең жақын адамы, жолдасы, туысы және тәрбие беретін кеңесшісі болып табылады» деген.

Саяси-ұйымдастырушылық қызметі кезінде жазылған ғалымның ең құнды еңбектері, очерктері, әңгімелері бізге қазіргі кезде соғыс жылдарынан бай дерек беретін құралдар болып табылады. Ғалым С.Аманжоловтың жанұялық мұрағатында сақталған жауынгерлердің хаттарының бірі 1945 жылдың 25 ақпанында жазылған Әлім Торғаевтың ғалымға жазған хаты. Мұнда жауынгер: «Майдандағы рядовой красной армии Торғаев Әлімнен. Себебі мен сіздерден, маған қазақ тілінде кітап берулеріңізді сұранам, түрлі өлең және журнал жіберулеріңізді сұранам. Себебі, мен орысша тіл білмеймін, сол үшін маған өте керек. Мен өзім ойымша қазақ тілінде ештеме шықпайды деп ойлаушы ем. 1945 жылы февраль айында бір орыс солдаттың қолынан өзгеше журнал көріп қалдым. Байқасам жазу, сөзі-қазақ тілінде. «Әй, солдат, мұны қайдан алдың?» - деп қолынан алып, оқып қарасам, қазақ тілінде шыққан үгітші блокноты. Оқып, әбден терім жадырап қалды. Түрлі тілдегі ерліктер жазылған екен. Осы ерліктерді естіп, көңілім өте көтеріліп қалды. Менің туған жерім-Жамбыл облысы» - деп қол қойған[1].

Оның еңбектеріндегі саяси-тәрбие үлкен көрегендікпен, талдаумен жазылып, әскерлердің саяси-сана сезімі дамытуда ерекше орын алады. Тағы бір хатта, С.Аманжоловтың үгітші блокнотына ерекше алғыс білдірген жауынгердің ықыласын көреміз. М.Сейілханов деген азамат 1945 жылдың 17 наурызында төмендегідей алғысын білдірген: «Қазақстан баспасөзінен өте шалғай болғандықтан бізге қазақ газет-журналдары келмейді. Тек қана сіздің үгітші блокноты жетіседі. Бұл жауынгерлерді ана тілінде саяси жағынан нығайтудың сүйікті құралы болды. Үгітші жігіттердің үгіт қызметінің шешуі осында тұр. Жауынгерлер бұл блокнотты мейірі қанғанша оқиды. Сонымен бірлікте жауынгерлер бос уақытында ана тіліндегі әдебиеттермен де шұғылдануға өте сақ. (Мысалы өлеңдер, қысқа-қысқа әдеби жазбалар, т.б.) Осы мәселе туралы көп ойлап, көмекті қалай да болса сізден сұрауға тура келді. Және саяси оқуларда бірқатар халықаралық сөздер өте жиі кездеседі, әсіресе Сталин жолдастың бұйрықтарында, баяндамаларында (оккупация, милитаризм, сателитет, агрессия, т.б. ). Осы сияқты сөздердің мағынасын блокнотта жий-жиі (переводын) беріп тұруыңызды тілейміз» - деп ғалымға үлкен сеніммен үміт артады [2].

С.Аманжоловтың сол кездегі тарихи еңбектері: «Қазақ халқының ерлік дәстүрлері», «Ұлы Отан соғысындағы батырлар туралы очерктер», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскерлер арасында жүргізілетін саяси-тәрбие жұмысындағы тәжірибе», «Ұлы Отан соғысының батырлары-қазақстандықтар». Бұл еңбектер сол соғыс кезінде болған оқиғалардың тарихи шындығын көрсетеді. Өзі майданның алдыңғы шебінде жүріп, ерлік істерді көзімен көріп, Берлинге дейін жетті. Герадоттың тарихи еңбектерінің құндылықтары оның соғысты өз көзімен көріп, қатысқан адамдардан дерек жинап жазуы болса, Сәрсен Аманжоловтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбектері осы жағдаймен сипатталады. Майданның алдыңғы шебінде жүріп, ерлік істерді көзімен көрген ғалым, әрбір жауынгердің ерлік істерінің қалыс қалмауын асқан жауапкершілікпен бақылады. Сол кездегі жасалған ерліктер туралы мақалалар жазып, оларды жауынгерлердің бойындағы патриоттық сезімді ояту үшін пайдаланды. Жауынгерлердің ағасы бола білді, оларды мұқият тындап көңіл шерлерін қағазға түсірді. Әртүрлі ұлт өкілдеріне өз тілдерінде оқуына мүмкіншіліктер жасап, әр тілде мақалалар жазып, баспаға беріп отырды. Кейбір жағдайларда оларға қолданысқа қажетті сөздіктер жасауда біршама істер атқарды.

Саяси-ұйымдастырушылық жұмысты терең жүргізу үшін саяси қайраткер шебер психолог та болуы керек. С.Аманжолов осындай психологиялық әсер етуші факторлармен әскерлерге тура әсер етіп, олардың бойындағы ерлікке деген жалынды одан ары лаулатты. Бұл – соғыстағы басты қару болып табылады. Мысалы, Отанымыздың батыр ұлдары мен қыздары Жанғазы Молдағалиев, Султан Баймағамбетов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Жұман Қарақұлов, Изғұтты Айтықов, Сүндетқали Есқалиев тағы басқалар туралы еңбектер мен өлең жолдары солдаттарға үлкен өнеге болды.

Саяси листовкалар мен әңгімелер әр ұлттың тіліне аударылып, әр әскерге жеткізілді. Олар осының нәтижесінде батырларға ұқсағысы келіп, ерен ерліктер көрсетті. Өзінің саяси-ұйымдастырушылық

жұмысынан қорытынды шығарған С.Аманжолов өз ойын төмендегідей сөздерімен білдіреді: «Агитатор больше чем правая рука командира. Он организует выпуск «Боевого листа», «Молнии». «Листовки» и др. Их статьи отражают жизнь, действия и быт бойцов. Если у бойца и командира, благодаря организаторской работе агитатора, хорошо налажено взаимоотношение, если они понимают друг друга, то бойцы всегда готовы выполнить любое задание командира, пойти на самопожертвование. Для того, чтобы просто и легко рассказать бойцам о наших задачах. О текущем моменте, агитатору нужен самый разнообразный материал, ибо он воздействует на сознание, на душу человека. А душа человека – сложнейшее явление... Главное оружие агитатора слово» [3].

С.Аманжолов тек жауынгерлерге ғана саяси тәрбие беріп қоймай, әскери басшыларды да асқан бір жауапкершілікке, жауынгерлермен тіл табыса білуге тәрбиеледі. Мұнан ғалымның әскери істі шебер ұйымдастыра білгенін байқаймыз. Әскери басшылардың тәрбиелік жұмыстары туралы бірнеше мақалалар жазып, сол кездегі үгітші блокнотына жариялап отырды.

Жауынгерлердің тәжірибелі әскери тактикасын тәрбиелейтін әскери басшылар болып табылады. Командирлер солдаттарды әкесіндей түсініп, қамқор көрсететінін біз сол кездегі тарихи әдебиеттерден, кинофильмдерден көреміз. Осыны дәл түсінген С.Аманжолов саяси-тәрбие жүргізу ісінде командирлерге осы бағытта талаптар қойып отырды. Әрбір әскери басшы өзінің қол астындағы солдаттарды ұлтқа бөлмей, оларды тең көріп, басшылықты ұйымдастыру шеберлігін танытуы тиіс болды.

С.Аманжолов әскери басшыларға осы бағытты талдап, көрсетіп берді. Ол төмендегі мазмұндардан құралады:

- орыс емес солдаттардың ұлттық құрамын және санын білу;
- олардың бір-бірімен тілдік, дәстүрлік жақындығын білу;
- әскери дайындықтарына көңіл бөлу;
- әр жауынгердің жеке бас мінезіне сипаттама беру (шеберлігі, икемділігі, белсенділігі, т.б.);
- әскердің жанұясымен қарым-қатынасы, тылмен байланысы, т.б.;
- әскердің жолдастарымен қарым-қатынасы, олардың арасындағы достық.

Командирлердің басқа ұлт өкілдерінен тұратын әскерлерге жақсы қарым-қатынасы сөзбен көрсетілмей іспен де дәлелденіп отырды. Соның бірі майор Орлов өзінің Сәрсен Аманжоловпен болған әңгімесінде былай деген: «Когда дело касается воспитания бойцов нерусской национальности, надо учесть простоту, скромность и честность народов Казахстана, Закавказья, Сибири и Средней Азии. Они никогда не хвалятся, не пытаются что-нибудь скрывать от командира и не умеют кривить душой. Причем по мере знания и умения они очень исполнительны» [4].

С.Аманжолов өзінің саяси-ұйымдастырушылық жұмысында орыс емес ұлттардың жұмысында ұлттардың теңдігіне аса көңіл бөлді. Олардың арасында дінге бой ұрғандарға ғалым асқан бір түсінушілікпен көмектесіп отырды. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстанан келген әскерлерге аударма мәселесімен көмектесті. Сонымен қатар ғалым, «Үгітші блокноты», «Вперед на врага», «Совет жауынгері», «Қызыл армия», «Боевой натиск» еңбектерімен, әскерлерге арналған дәрістерінде әскерлерді достыққа, ерлікке, жеңіске деген сенімге тәрбиелеп отырады. Әсіресе ерлікке тәрбиелеуде ұлттық тіл, мәдениет, тарих, дәстүрлерін ұтымды пайдаланды. Олардың қатарында: «Алпамыс», «Қобланды», «Ертарғын», «Манас», эпостары және «Қарасай батыр», «Махамбет» туралы өлеңдерді баспасөз беттерінде жариялап отырды. Бұл еңбектер жауынгерлерді бірлікке, ұқыптылыққа, қайырымдылық пен қажырлыққа, ерлікке тәрбиеледі.

Қазақ тілімен қатар ғалым өзбек, түркімен, татар, тәжік тілдерін жетік меңгерді.

Соғыстағы ең бір қиындықтардың бірі орыстан басқа ұлттардың бұйрықтарды дұрыс түсінбеуі болды. Осындай жағдайда тіл шеберінің білгірі Аманжолов өз еңбегімен табылмас көмек көрсетті. Әскерлердің үйлеріне жіберетін хаттарын реттеп, хат жазуларына жағдайлар жасап отырды.

Өзі әскери дәрежелермен марапатталып қана қоймай, басқа әскерлердің ерлігі үшін алатын алғыстарын дер кезінде тапсыруымен ұйымдастырып отырды. Әсіресе орыстан басқа ұлттардың ерліктері қалыс қалмауын қадағалады. Тарихти деректер бойынша, Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақстандық жауынгерлердің жасаған ерліктері ашық айтылмай, олар жасаған ерліктерді басқаларға тану сияқты кемшіліктер көп орын алғаны белгілі. Ғалым өзі болған жерлерде мұндай кемшіліктерді жібермеуге тырысып, жасалған ерліктерді аттарымен атап, дер кезінде мақалаларды асқан бір шеберлікпен жариялап отырды. Жауынгерлерлер ғалымды өздерінің туысындай көріп, бауыр басып кетті. Хат танымайтын жауынгерлер үйлеріне хат жазуды ғалымға тапсырып отырды. Ғалымның өзіне майданның басқа бұрыштарынан да хаттар келіп, көптеген қазақ тіліндегі оқулықтарды сұрап отырды.

Әскери қызметкерлер, жауынгерлер оған хат жазып, қандай еңбектерді оқығысы келетінін айтқан. Соның бірі қатардағы әскер Темірбеков Жақып былай деп жазған: «Ардақты Аманжолов, мен сіздің

есімізді соғыстың алдында, біздің бейбітшілік өмір кешкен уақытымызда білуші едім. Сіз «Қазақ грамматикасының» авторы болдыңыз. Сол грамматиканы мен оқып өткен едім. Сондықтан, сіздің атыңыз маған таныс есім. Қадірлі Аманжолов! біздің Жамбыл қарттың өлеңін естімегенімізге, Сәбит Мұқановтың, Асқар Тоқмағамбетовтың, Әуезов Мұқтардың тағы басқа да жазушы-ақындардың көркем өлең, әнгімелерін естімегенімізге көп уақыт болды. Әрине, бұл халге келуге кімнің мәжбүр еткенін жақсы білеміз. Сондықтан, бар күшімізді, бар жігерімізді салып жауыз жауды өз көрінде құртуға күш жиюдамыз. Біз Польша жерінде Сандомир плацдармасында тұрамыз. Басқа айтарым жоқ. Тек менің сізге қойған талабыма сіздің көңіл бөлуіңізді тілеймін. Көргенше қош-сау болыңыз!» - деген [5].

Майдангер – ғалым естеліктері қашан да ізгілікке толы болды. Оны өзінен бұрын қарулас достарының тағдыры толғандырды. Солардың ерлік істерінің қағыс қалмауын, көпшілікке белгілі болуы үшін өз қаламымен аянбай тер төкті. С.Аманжолов жинаған хаттардың бір тобы Отан үшін от кешкен майдангерлер атынан болды.

Ұлы Жеңіске 40 жыл толғанда, 1985 жылы «Қазақстан әйелдері» журналына С.Аманжоловтың майданда жинаған хаттарын ұлы филология ғылымдарының докторы, профессор Алтай Аманжолов бастырып шығарды. Қарт майдангерлер ғалымға тарихи маңызды естелікке толы материалдарды жинақтап, дайындағаны үшін алғыстарын баспасөз беттері арқылы білдіріп, өз ойларын ортаға салды. Бұл хаттар журналда «Отты жылдар жанғырығы» деген атпен басылып шықты [6].

1944 жылдың наурыз айынан 1946 жылдың маусым айына дейін майор С.Аманжолов Совет Армиясының Жоғарғы Саяси Басқармасында әскери қызмет етті. Майдандағы ерліктері мен еңбектері үшін бірнеше алғыс хаттарымен атақтармен марапатталды.

**Қорытынды.** Ғалым бірден елге оралмады. Себебі оған соғысқа дейін айналысқан ғылыми жұмысын жалғастыру қажет болды. Ұлы Отан соғыс аяқталған соң Мәскеудегі Ленин атындағы кітапханада докторлық диссертациясына еңбектер жинақтады.

«Ұлы Отан соғысы жылдарындағы орыстан басқа ұлттардың жауынгерлері арасындағы саяси-тәрбие жұмыс тәжірибе туралы» еңбегі жанұялық архивінде сақтаулы.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Аманжолов С. *Очерки о героях Великой Отечественной войны, Блокнот агитатора Красной Армии.* – Москва, 1944-1945, 8.п.л.
2. Аманжолов С.А. *Из опыта политико-воспитательной работы среди бойцов нерусской национальности в дни Великой Отечественной войны, С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. Материалдары, ШҚМУ.* – Өскемен, 2003. – 66-72 бет.
3. Аманжолов С. *Отты жылдар жаңғырығы, Қазақстан әйелдері, 1985 ж.*
4. Смағұлов А.Р. *Воспитание нравственности С.А. Аманжоловым в годы Великой Отечественной войны С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. Материалдары, ШҚМУ.* – Өскемен, 2003. – 272-279 бет.
5. С.Аманжоловтың жанұялық жеке мұрағатынан.
6. Смағұлова Г. *Сәрсен Аманжоловтың майдан жылдарында жүргізген тәрбие жұмыстары, Ұлт тағылымы.* – 2004, №1. – 100-104 бет.

#### *References:*

1. Amanzholov S. *essays on Heroes Of The Great Patriotic War, notebook agitator of the Red Army. Moscow, 1944-1945, 8. p. l.*
2. Amanzholov S. A. *from the experience of political and patriotic work among fighters of the Nerus national identity in the Great Patriotic War, the scientific heritage of S. Amanzholov and problems of the Humanities of the XXI Century: International Scientific and practical conference. Materials of EKSU. Ust – Kamenogorsk, 2003. pp. 66-72.*
3. Amanzholov S. *echo of the fiery years, women of Kazakhstan, 1985.*
4. Smagulov A. R. *meeting the interests of S. A. Amanzholov in the years of the Great Patriotic War scientific heritage of S. Amanzholov and problems of Humanities in the XXI Century: International Scientific and practical conference. Materials of EKSU. Ust – Kamenogorsk, 2003. pp. 272-279.*
5. *from the personal family archive of S. Amanzholov.*
6. Smagulova G. *educational work conducted by Sarsen Amanzholov during the war years, National Education.* – 2004, No. 1. - pp. 100-104.

С.О. Смағұлова<sup>1</sup>, М.Қ. Бегімова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы

<sup>2</sup>әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих, археология және этнология факультетінің магистранты

## ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНА ҚОРЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ МҰРАЛАРЫ

Аңдатпа

Ұлы ақын, гуманист Абайдың шығармашылығы өз елінде ғана емес, әлем халықтарына танымал. Оның шығармалары өмір шындығымен қабаттасып жатыр. ХІХ ғасырдың соңында жазылған ақынның мұралары балалары, туыстарының, оның шығармасына қызығушылық танытушылардың жинақтаған қолжазбалары кейінгі ұрпақтарға жетті. Қолжазбалар ақын Абайдың шығармаларының насихаттауда елеулі рөл атқарды.

Бұл мақалада Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақтаулы Зейнелгабиден ибн Әміренің, Мүрсейіт Бікеұлы, Нүгербек Құдабайұлы және т.б. жинақтауындағы Абай мұралары қолжазбасының нұсқалары саралана талданып, ондағы өзгерістер, айырмашылықтар, ұқсастықтар айқындалады. Абай өлеңдерінің қолжазбаларының сақталу барысы мен олардың Орталық ғылыми кітапханаға әкелу барысы да нақтыланып көрсетіледі. Абай қолжазбаларына қатысты жазылған ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен осы қолжазбамен қолдану барысына тоқталады.

**Кілт сөздер:** ақын мұралары, өлеңдер, қолжазба, нұсқа, Абайтанушы, сирек кітаптар, кітапхана қоры, түпнұсқа.

Смағұлова С.О.<sup>1</sup>, Бегімова М.Қ.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доктор исторических наук

<sup>2</sup>магистрант факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби

## НАСЛЕДИЕ АБАЯ ИЗ ФОНДА ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ

Аннотация

Творчество великого поэта, гуманиста Абая известно не только в его стране, но и во всем мире. Его произведения связаны с реалиями жизни. Наследие поэта, созданное в конце ХІХ века, дошло до последующих поколений в виде рукописей, собранных детьми, родственниками, интересующимися его творчеством. Рукописи сыграли значительную роль в пропаганде произведений поэта Абая.

В данной статье проанализированы варианты рукописей наследия Абая из собрания Зейнелгабидена ибн Амре, Мурсеита Бикеулы, Нүгербека Құдабайұлы и др., хранящихся в редком фонде Центральной научной библиотеки, также выявлены некоторые различия, сходства. Уточняется момент появления и условия хранения рукописей стихов Абая в Центральной научной библиотеке. Рассматриваются выводы ученых в отношении применения рукописей Абая.

**Ключевые слова:** наследие поэта, стихи, рукопись, версия, абаевед, редкие книги, библиотечный фонд, оригинал.

S.O. Smagulova<sup>1</sup>, M.Begimova

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences

<sup>2</sup>Master's student at the Faculty of History, Archeology and Ethnology of al-Farabi KazNU

## ABAY'S HERITAGE FROM THE FUND OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY

Abstract

The works of the great poet, humanist Abay is known not only in his country, but throughout the world. His works are connected with the realities of life. The poet's heritage created at the end of the 19<sup>th</sup> century has reached subsequent generations in the form of manuscripts collected by children and relatives who are interested in his work. The manuscripts played a significant role in the propaganda of the poet Abay's works.

*This article has analyzed the versions of the manuscripts of Abay's heritage from the collection of Zeinelgabiden ibn Amre, Murseit Bikeuly, Nugerbek Kudabayuly, etc. stored in the rare fund of the Central Scientific Library, and also some differences and similarities had been revealed. The moment of appearance and storage conditions of the manuscripts of Abay's poems in the library is being specified. The conclusions of scientists regarding the use of Abay's manuscripts are considered.*

**Keywords:** poet's heritage, poems, manuscript, version, abaeologist, rare books, library fund, original.

**Кіріспе.** Ғибратты ғұмыры мен шығармашылығын күллі қазақ халқына ғана емес, әлем жұрты үлгі-өнеге тұтатын Абайдың пайымдары, ұлағатты ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңыздылығын жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа өсиет ретінде мұра болып отыр. Ақынның саналы, білімді, иманды, әділді ұрпақты тәрбиелеудегі философиялық ой-толғамдары тәрбиелік мәні зор. Абайдың шығармалары көзі тірісінде кітап болып шықпаған. Ел арасында сақталып, ауыздан ауызға тарап, жатқа айтылып жүрген. Әсіресе оның ғибратты қара сөздері тәрбиелік мәнде жиі қолданылды.

Абай поэзиясы, ғибратты сөздері қымбат қазына екендігін бүкіл әлем мойындады. Абайдың әдеби мұрасы бір ғасырдан астам уақыттан бері халық игілігіне айналып, кең тарады. Ақын өлеңдерін арнайы жазып, жариялап отырмаған. Оның асыл мұрасы бізге туған балаларының, туыстарының, сонымен қатар ақын шығармашылығына қызығушылық танытушылардың жинақтауынан қолжазба түрінде сақталынып, жетті.

**Материалдар мен әдістер.** Ұлы ақынның шығармаларының шығуы ХХ ғасыр басындағы жинақталған қолжазбалар негізінде жеткендіктен ең бастысы осы нұсақаларды саралау, талдау әдістерін қолдану арқылы әрқайсысының айырмашылығын, ұқсастығын, ерекшеліктері нақтыланады. Абай өлеңдеріндегі кейбір өзгешеліктерді салыстырмалы түрде қарастыру қолға алынады.

**Талдау.** Абай мұрасы топтастырылған қолжазбаларды зерттеу мәселесі ХХ ғасырдың басында қолға алынған. 30-жылдардың өзінде Абай қолжазбаларын жүйелі түрде қарастырған ғалымдардың арасынан Абайтану саласына үлескен қосқан М.Әуезов, І.Жансүгіров, А.Жұбановтардың зерттеулерінде оның мұраларына аса ден қойды. Ғылыми кітапханаларда сақтаулы Абай қолжазбаларын халыққа танытуда М.Әуезовтың сіңірген еңбегі зор [1].

Кеңестік жүйе тұсында Абай мұраларына қатысты С.Мұқанов, Ә.Марғұлан қалам тартып, Абай мұралары қолжазбаларына салыстыра талдауға алып, бағалаған [2, 29-30-бб.].

Абай мұраларының қолжазбасы мәселесі абайтанушы Мекемтас Мырзахметовтың зерттеулерінде де келтіріледі. Ғалым Абай өлеңдерін жинастырушылар мен оларды жариялаушылардың нұсақаларының кейбіріне тоқталып, айырмашылықтарын талдауға алады [3, 16-б.].

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін Абай мұраларын зерттеу кең түрде қолға алынды. Абайдың өмірі мен саяси қайраткерлігін, ақын өлеңінің әсерін, ғибратты қара сөздерінің мәнісі, Абайдың қазақ қоғамы тұлғалық рөлін ашуда бұл қолжазбалар пайдаланып, ғылыми тұжырымдар жасалды. Былтырғы жылы ұлы ақынның 175 жылдығында оның шығармалары қайтадан бірнеше томдарға топтастырылып шығарылды [4].

**Зерттеу нәтижелері.** Ақын өлеңдері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ел арасына танымал болып, оның әндері асқақтата шырқалды. Абайдың алғашқы өлеңі 1855 жылы жазылған екен. Дегенмен, Абайды зерттеуші М. Әуезов оның шығармашылығының шарықтаған шегін 1889 жылға жатқызып, ең өнімді, ең жемісті кезеңге балаған [5, 56, 94-бб.].

Абайдың шығармашылық кезеңін Әуелбек Қоңыратбаев екіге бөле көрсеткен. Оның бірі, 1845-1885 жылдар да, екіншісі 1886-1904 жылдар аралығы. Бірінші кезеңдегі ақынның шығармашылығын зерттеушілер шығыс әдебиетінің әсерімен байланыстырып, ал екіншісін орыс әдебиетінің үлгісімен шыныққан кезең деп, оның ақын, ойшыл, ағартушы болып таңылған тұсы деп бағалаған [6, 147-167-бб.].

Абайдың шығармалары толықтай өзінің көзі тірісінде жарық көрмеді. Дегенмен оның әдеби мұралары Көкбайдың атынан «Дала уәлаяты» газетіне шыққан. Онда ақынның «Жаз», «Болыс болдым, мінеки» деген екі өлеңі жарияланған.

Абайтанушы М.Мырзахметұлы жазғандай, ақын қайтыс болғаннан кейін ғана оның мұраларын танытуда Зейнелғабиден ибн Әміре, Кәкітай Ысқақов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Самат Әбішұлы сияқты зиялы тобы көп еңбек сіңірген [3, 16-б.].

Зейнелғабиден ибн Әміренің кім екендігі кітабында мынадай жолдар бар: «ХХ ғасыр басындағы ағартушылық-демократиялық жолда болған қазақ зиялыларының бірі. Алғаш рет Абайөлеңдері циклін

жариялап, ұлы ақын мұрасын, оның ақындық өнерін жоғары бағалап, туысқан халықтар арасында насихаттаушы» [7, 33-б.].

Зейнелғабиден ибн Әміре 1909 жылы Абайдың бірнеше өлеңдерін алғаш рет «Насихат-Қазақия» кітабына жариялаған. Алайда ондағы кейбір өлең жолдары текстологиялық өзгеріске ұшыраған. М.Мырзахметұлы жазуынша, оның қолына Абай өлеңдерінің түпнұсқасы емес, ел аузынан жазылып алынғандары жетсе керек. Сондықтан ақынның өлеңдерінің өзгеріске ұшырауының да себебі сол деуге болады. Дегенмен де қазақ ақыны Абайдың өлеңдерін насихаттап, көпшілікке таныстыруының өзі сол кездерде үлкен құбылыс ретінде көрсетілген.

Зейнелғабиденнің кітабында келтірілген ақын өлеңдерінің өзгеріске ұшырағанымен де оның мазмұнының басқа басылымдармен кейбір сөздермен ғана өзгешілігі болмаса, ұқсастығы барлығын зерттеушілер жоққа шығармайды. Себебі, ақынның өлеңдерінің кейбір сөздерінде ғана өзгерістер болмаса, еш өзгерісі жоқтығын мына жолдардан салыстырмалы түрде төмендегі еңбектерден көруге болады.

Зейнелғабиденнің бастырған Абай өлеңдері кітабында мына бір жолар бар:

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,  
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.  
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,  
Мың күн сынбас, бір күн сынар шөлмек -  
делінген болса, «Насихат-Қазақияда»:  
Надандар қыла алмай жүр адал еңбек,  
Ұрлық, қулық қылам деп қағар көлбек.  
Харамдықтан асқаны бір күн түсер,  
Мың күн сынбас, бір күн сынар шөлмек, -  
деген жолдардан өзгешіліктерді көруге болады [3, 47-б.].

Зейнелғабиден жөнінде Мекемтас Мырзахмет Абай мұрасын зерттеушілер, насихаттаушылар туралы жазғанында былай деп келтіреді: «Абай шығармаларын баспа арқылы насихаттаушылардың бірі – Зейнелғабиден. Ол Абайдың бір топ өлеңдер топтамасын Кәкітайдан бұрын жариялап, Абай жөнінде арнайы пікір көтеріп, ақын мұрасын туысқан татар халқын таныстыруға әрекет етті. Оның «Насихат-Қазақия» деген еңбегі Кәкітай бастырған Абай шығармаларының алғашқы жинағынан бұрынырақ жарияланып, Абайды дұрыс тұрғыдан бағалауымен ерекшеленеді», - деп келтіріледі [3, 49-б.].

Абай мұрасы өте қымбат, баға жетпес қазына болып есептеледі. Осы орайда Орталық ғылыми кітапхана қорынан ойып орын алып, сақталған Абай мұраларының орны ерекше. Кітапхананың «Сирек кездесетін кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет» бөлімінде ақынның көптеген қолжазбасы сақтаулы. Бұл қолжазбалар кітапхана қорында әр жылдарда тапсырылған. Оның басымы Абайдың әдеби мұрасын жинастыру жолында арнайы жіберілген ғылыми экспедиция кезінде әкелінсе, ал кейбірін Абай өмірі мен шығармашылығын танытушы ғалымдардың өздері әкеліп тапсырған немесе туыстары өткізген.

Абай мұралары Орталық ғылыми кітапхана мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбалар қорында жақсы сақталған.

Мәселен, ақынның мұраларының арасында Әдебиет және өнер институтында сақтаулы алғашқы қолжазбаның бірі «*А.Қ. ұғлының қазақ елінің ұшты заманындағы ахуалдарын мінәп (толғау) шығырларынан*» деп аталады. Бұл Санкт-Петербургтегі (бұрынғы Ленинград) Салтыков-Шедрин атындағы көпшілік кітапханасындағы академик А.Н. Самоиловичтің архивінде сақталған Абай өлеңдерінің жазбасы. 1897 жылы П.М. Мелиоранскийге Садуақас Шорманұлы әдеби қолжаба тапсырған екен. Осы жазбаның арасында Абайдың өлеңдерінің топтамасы бар екен.

Сонымен бірге СПб-дағы географиялық қоғамның архивінде сақталған Абай өлеңдері топтастырылған князь К.Н. Кудашевтың жазбасы да бар. Бірақ бұл қолжазба С.Шорманов тапсырған жазбадан көшірілгенге ұқсайды.

Қолжазбаға ақынның 13 өлеңдері енгізіліпті. Олардың арасында «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қазағым, қалың елім, қайран, жұртым», «Ішім өлген, сыртым сау» және т.б. өлеңдері бар.

Жалпы бұл қолжазбаны екі адам жинап, көшірген. Оның бірі Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов та, екіншісі Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Себебі қолжазбада екі түрлі қолтаңба бар. Абай өлеңдері Баянауылда 1891-1897 жылдар аралығында жазылып алынса керек.

Бұл өлеңдерді жинаушы қазақ Сәдуақас Мұсаұлы Шораманов XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ақындарының бірі. Баянауылда аға сұлтан болып, ел билеген, халық арасында беделді, парасаты мол, ойшыл адам болған.

Орталық ғылыми кітапханада сақталған Қолжазбалардың арасында Абайдың ең негізгі қолжазбалардың ең негізгісі, толығы – 1905, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт Бікеұлының жазбалары. Осы қолжазбаға берілген ғылыми сипаттамада «Ибраһим марқұм Құнанбай ұғлының қазақтың мінездері туралы айтқан сөзі ядкар, үшін тиісті дүр. Микәил Ибраһим ұғлына жазылды, 1324 мин хижрат хатым алынды 1905 жылында» деп аталынған Мүрсейіт Бікеұлының жинастырған қолжазба. Қолжазбада ол жинаушы және көшіруші ретінде көрсетіледі. Ол Абайдың замандасы, ақынның ауылында бала оқытқан молда болған. Ақынның өлеңдерін жинап, қағазға түсіріп отырған. 1905 жылғы қолжазбаға Абайдың 151 өлеңдері мен 42 қара сөздері енгізіліпті. Кейбір өлеңдері толық емес. Мәселен, «Қартайдым, қайғы ойладым, ұйқы сергек» деген өлеңінің бастапқы тек төрт жолы ғана бар, соңы жоқ, жыртылған», - деп келтірілген [8, 17-14-бб.].

Қолжазбаны жинаушы және көшіруші Мүрсейіт Бікеұлы Семейде орыс мектебінде оқыған, кейін Бұхарға барып білім алған. Тілмаш болған, қазақ балаларын оқытқан. Абайдың өзі оған өлеңдерін жинап, қағазға түсіруді тапсырған. Осы Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбасы Абай шығармасының негізгі нұсқасы болып табылады. Жалпы Абай шығармаларының басым көпшілігі бізге Мүрсейіт қолжазбалары арқылы жеткен.

1907 жылғы қолжазба «Абайдың қолжазбасы» деп аталады. Ішкі бетінде Мүрсейіт Бікеұлының көшіргені жазылған. Осы қолжазбаға жинақталған өлеңдер 1905 жылғы қолжазбамен бірдей [8, 25-26-бб.]. Сол қалпында қайталанып жазылған.

1910 жылы Мүрсейіт Бікеұлының жинаған үшінші қолжазбасы «Ктап тасдик қайырлы сағатта бітіп...» деп аталынады. Бұл қолжазбаны Дайырбай Қожанұлы деген адамға көшіріп берген сияқты. Қолжазбаға ақынның 130 шығармасы енгізілген. 27-28-бб. Бұл қолжазбаның басқа қолжазбалардан ерекшелігі – Абай сөздерімен басталуы. Тіпті 1909 жылғы шығарылған Абайдың тұңғыш жинағына да енгізілмеген.

1909 жылы Санкт-Петербуртта басылған Абай шығармаларының тұңғыш жинағына келер болсақ, 17 бөлікке жіктеліп, әрбір бөліктің тақырыбы аталған, әр бөлікке кірген өлеңдердің әрқайсысының жазылған жылдары көрсетіліп отырған. Сонымен қатар жинаққа 138 өлең енгізілген.

Ал Мүрсейіт Бікеұлының 1910 жылғы қолжазбасында біріншіден, ақынның шығармалары бірден сегізге дейін ғана жіктелген, ал қалған өлеңдері жай тізіліп берілген. Екіншіден, қолжазбадағы өлеңнің саны 130 ғана. Қолжазба Абай ауылында қағазға түсірілген [8, 35-б.].

Өлкей Марғұлан әдебиетшілердің жақсы білетін қолжазбасына осы Мүрсейіттің қолжазбасын жатқызады. «Мұны Абай өлеңінің толық қамтыған, аса бағалы, негізгі бұлақ көзі деуге болады. Бұл жинақтың тағы бір ерекшелігі – үлкен кітапханада сақталмай, ауылда, сандық ішінде сақталып келген. Сандық түбінде жатқан сирек қолжазбалардың көбі бізге жетпей, көшпелі тұрмыс жағдайында жоғалып кетпей, кітапханадағыдай сақталып, ендіжас ұрпаққа сәулетті мұраның бірі болып отыр» дейді [9, 4-б.].

Мүрсейіт Абайдың қолжазбалары жайында жазушы С. Мұқанов былай деп жазған: «Абайдың бірнеше қолжазбалары достарымен, оқудағы балаларымен, жазысқан хаттары және өзі жинаған кітаптары революция жылдарына шейін сақталып, 1919 жылы Қызыл Армиядан қашып келе жатқан ақ бандылардың лаңынан өртеліп кетіпті, Абай шығармалары бізге Мүрсейіттің қолжазбалары арқылы ғана жетті», - дей келе, Мүрсейіттің кім екендігін және Абайдың өлеңдерін оның қалай жиналғандығын Архам Ысқақовтың айтқан материалдарында алуға болатындығын келтіреді.

С. Мұқановтың сол материалдарға сүйене жазуынша, Мүрсейіт Бікеұлы (Бікіұлы деп келтірілген) Тобықты руынан, оның ішінде Әнет. Әкесі засында Құнанбайдың қолына көшіп келіп, малшысы болған екен. Мүрсейіт Ысқақтың балаларымен бірге Жақып молдадан мұсылманша оқыған. Мүрсейіттің ынталы, зеректігімен Семейде орысша екі жыл оқып, одан кейін ауылға келіп, ауыл балаларын мұсылманша және орысша оқытқан.

С. Мұқанов Мүрсейіттің Абайдың тірі кезінде өлеңдерін жинамағандығын келтіреді. Оған себеп болған Абайдың өзінің қолжазбаларын Махмуд деген молдаға, өз баласы Мекайлаға, әйелі Еркежанның інісі Сүлейменге сақтатқандығы болса керек. Мүрсейіт Абай қайтыс болғаннан кейін барып жинай бастаған екен.

Абайдың немере інісі Кәкітай Ысқақов ақынның өлеңдерін бастыру мақсатында жинаған. Сол өлеңдерді Кәкітай Мүрсейітке жаздыртып отырған екен. С.Мұқановтың жазуынша, біріншіден, Мүрсейіттің қолжазбасы анық және көркем болған, екіншіден, жыртылған я бас-аяғы жоқ қолжазбалардың

жоғалған сөздерінің көбін Мүрсейіт жатқа білсе керек [2, 27-28-бб.]. Абайтанушы М.Әуезов Мүрсейіт жайында: «Жалпы, Абай мұраларын көшіріп, таратушылар арасында Мүрсейіт Бیکейұлының еңбегін айрықша атап өту керек. Бұл адам Абай тәрбиесін, үлгісін дұрыс ұғынуы бойынша, ескі діншіл молдалыққа берілмей, Абайдың өзге достары сияқты, өздігімен ізденіп, орысша оқыған. Жазуы аса анық, шебер болғандықтан және өзі Абай сөздерін оның халқына ұқыптылықпен көшіріп таратуды өмірлік мақсат-міндеті етіп алады», - дей келе, Абайдың басылып жүрген тандамалы өлеңдер жинағы оның көшірмелері екендігін айта отырып, оның себебін түсіндіреді. «Өйткені Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалар сақталмай, жоғалып кеткен. Тек бір ғана «біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген жалғыз бөлек қара сөзінен басқа қолжазба болмағандықтан, Абайдың өз заманындағы оның шығармаларын көшіре бастаған Мүрсейіттің қолжазбаларын біз нақтылы жазба дерек есебіне бағалаймыз», - деп жазады [10, 18-19-бб.].

Жалпы Мүрсейітұлының қолжазбасынан кейін ақынның мұрасын толықтыра түсетін қолжазба Әміржан Аянбайұлыныкі екен. Бұл жайында Ы.Дүйсенбаев А.Құнанбаевтың 1947 жылғы шыққан өлеңдері мен поэмалары жинақталған кітабының алғысөзінде жазған. Осы көшірме жайында сол кездерде ақынның Семей қаласындағы әдеби-мемориалдық музейінің аға ғылыми қызметкері болған Мұздыбай Бейсенбаев «Абай» атындағы совхоздың «Тоғжан» комсомол-жастар бригадасының шопандары мал бағып жүріп, Шыңғыс қойнауынан бір байлам кітаптар тауып алғандығын, арасында араб әріпімен басылған ақынның 1909 жылғы Петербургте басылған өлеңдер жинағы екендігін, зерттеп байқағанда қолжазбаның Абайдың жерлесі Әміржан Аянбайұлыныкі екендігі анықталғандығын айтқан. Қолжазбаға аздап су тиіп бүлінген, бұрын басылып келген нұсқамен салыстырғанда біраз айырмашылықтары барлығы анықталды.

Әміржан Аянбайұлының бұл қолжазбасын Мүрсейіт қолжазбаларынан кейінгі біршама дұрыс көшірме делінген. Мұздыбай Бейсенбаев «көшірменің иесі Әміржан Аянбайұлы» десе де, ол мәліметті қайдан алғанын көрсетпеген екен. Өкінішке орай қолжазба түгел емес, 44 бетінен кейін парақтары сақталмай қалған. Кейбір өлеңдерінде басқа қолжазбалардан айырмашылығы бар [11, 19-20-бб.].

Ә.Марғұлан осы қолжазбалардан бұрын Абай өлеңдерінің жинақталған төрт тізбегін айтқан. Оның біріншісі – князь Кудашевтің тізбегі, екіншісі – Сәдуақас Құсаұлының тізбегі, үшіншісі – Г.Н. Потаниннің жинағы, төртіншісі – Н.Я. Коншиннің жинағы. Бұлардың ішінде ең ертерегіне Г.Н. Потаниннің жинағын жатқызады. 1884 жылы ол Абайға өтініш білдіріп, жаздыртып алған екен. Потанинге жіберген Абай өлеңдері көпшілікке мәлім емес, түгелдей жаңадан табылған өлеңдер дейді.

Ә.Марғұлан екінші жинаққа Сәдуақас Құсаұлының тізбегін жатқызады. Дегенмен мұны бұрын бірінші рет тізген Жүсіп Көпейұлы екендігін айта келе, Сәдуақастың оларды өз дәптеріне көшіріп алған дейді. Жинаққа кірген өлеңдер 1884-1891 жылдар аралығында жазылған. Бұл жинақта тек Абайдың ғана емес, Арыстан, Тобылбай ақынның, Жүсіптің, Сәдіақастың өлеңдері де енгізілген екен. Сәдуақас осы дәптерді 1897 жылы Петербургқа барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші ғалым П.М. Мелиоранскийге сыйға тартқан екен. Дәптердің Салтыков-Шедрин атындағы көпшілік кітапханада, академик А.Н. Самойлович архивінде сақтаулы тұрғандығын келтіре отырып, сол дәптерде Абайдың өлеңдерінің барлығын П.М. Мелиоранский де, А.Н. Самойлович те білмеген деген тұжырым айтады, Оның себебін, егер білсе пайдаланар еді дейді.

Жалпы Ә.Марғұлан Сәдуақас Құсаұлын орыс әдебиетін, Күншығыс халқының әдебиет дүниесін жақсы білген, мәдениеті кісі болған деп, Абай шығармаларына аса мән беріп оны өз қолымен көшіріп, ғылыми кітапханаға тапсыруын игілікті іс санаған. Оның бұлай істеуіне Ш.Уәлиханов мен Г.Н. Потаниннің әсері себеп болған деген тұжырым жасаған.

Сәдуақастың осы дәптерінен сол қалпында көшірген бір нұсқасын 1897 жылы В.А. Кудашев сол кездегі география қоғамының кітапханасына тапсырған. Онда «Чингизской волости от А.К.» деген жазуы бар. В.А. Кудашевтің өзі көшірменің сыртына «Переводкиргизских песен и легенд» деп жазған.

Осы қолжазба туралы Ә.Марғұлан 1954 жылдың 21 қыркүйегінде «Социалистік Қазақстан» газетіне жариялаған «Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары» мен «ҚазССР ҒА хабаршысының» 1955 жылдың 5-санына жариялаған мақаласында В. Кудашев Абайдың өлеңдерін оның балаларынан жазып алды деп жазған еді. Кейіннен Сәдуақастың қолжазбасы табылғаннан кейін, оның осы дәптерден көрінгенін жазады.

Бұл жинақты География қоғамы өздері шығаратын «Записки Географического общества» журналына жарияламақ болып, бірақ ғалымдардың кеңесін тыңдап барып жарияламақ ниетпен П.М. Мелиоранскийге жібереді. Жинақтың сыртқы бетіне «1901 жылы 16 февраль күні, География қоғамының сол кездегі

басшысы болған П.П. Семенов-Тянь-Шанский Имеем в виду напечатать в «Записках общества», причем просить П.М. Мелиоранского принять труды для редактирования» деп жазған екен.

Бұл жинақтың «Кудашев жинағы» жинағы аталуының да өз себебі бар. Ә.Марғұланның «ҚазССР ҒА хабаршысына» жариялаған мақаласында бұл жайында былайша келтіріледі: Мелиоранскиймен қатынас қағаздың бірінде «Мелиоранскому «Направлено 14 декабря 1900 г. рукопись князя Кудашева, в которых содержатся разные киргизские тексты, снабженные русским переводом».

Ә.Марғұлан жазғандай, П.М. Мелиоранский бұл қолжазбамен екі айдай танысып, жазған сараптамасын География қоғамына 20 ақпанда табыс еткен екен. Сараптамасында ол Абай өлеңдерінен басқа да адамдардың өлеңдерінің барлығын келтіреді [12, 29-30-бб.].

Ал Г.Потанинге жібергені бұрындары еш жерде жарияланбаған өлеңдері. Сондықтан Ә.Марғұланның жазуынша, Абай өлеңдерінің бірінші рет топталған қолжазба жинағын осы Сәдуақас тізбегі деуге болады. Бірақ, Ә.Марғұлан Сәдуақастың өзі Жүсіп Көпейұлынан көшіріп жазған деген пікір де айтады [9,5-6-бб.].

Қолжазба қазірде Ғылым ордасындағы Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиеттер қорында 1390 нөмірімен сақтаулы.

Өлкей Марғұланның көрсеткен келесі тізбесі орыс революционері Н.Я. Коншиннің жинақтаған қолжазбасы. Н.Коншин Абайды жақсы білген, онымен жақын араласқан. Семейдің облыстық санақ комитетінде хатшысы болған кезіндеақынды оның құрметті мүшелігіне өткізіп, П.Е. Маковский екеуі Абайдан қазақтың бұрынғы билік заңдарын, жора-жосындарын жазып алып отырған. Алайда Н.Коншиннің шығармасында Абай шығармалары көп емес. Ол көбінесе Абайдың мәдениет, білім, тұрмысқа қатысты шығарған өлеңдерін ғана жазып алған. Ә. Марғұлан көрсеткендей, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Секілді қара қарға шуласып жүр» және т.б. өлеңдері. Барлығы 29 бет.

Н.Коншиннің жинағы 1898-1901 жылдары тізілген. Абай басқа бұнда да Шортанбай, Жаяу Мұсаның өлеңдері енгізіліпті.

Сирек қорда сақталынып отырған келесі қолжазба «Атақты өлеңші Абай сөзі» деп аталады. Қолжазбаны 1913 жылы Түгелбай Отынұлы мен Төлеу Түгелбаев топтастырған. Оған кірген Абай өлеңдерінің басымы негізінен 1910 жылғы Мүрсейіт Бікеұлының жинаған қолжазбасынан көшіріліп алынған [8, 37-б.]. Орталық ғылыми кітапханада сақталған папкада «Түгелбаев Төлеудің жинаған ауыз әдебиет үлгілері және өзінің өлеңдері. 1913-1914 жылдар» деп жазылған.

Ғылым Ордасы Орталық ғылыми кітапханасында сақталған Абай шығармаларын жинағандардың қатарында Нүгербек Құдабайұлы бар. Ол қазақ ақындарының өлеңдерін топтастырып, «Әдеби жинақ» жасаған. Солардың арасында қолжазбаның 39-139-беттеріне дейінгі аралықта Абайдың өлеңдері енгізіліпті. Аталуы «Ыбырай Құнанбайұлының ақындықпен сөйлескен назым кисса». Негізінде жинақтағы ақын өлеңдері 1909 жылы шыққан жинақтан көшірілгенге ұқсайды. Себебі, жинақтағы жіктеулердің кейбірі жазылып отырған. Аудармалары да берілген, тек ондағы «Ескендір» поэмасы көшірілмеген және кейбір өлеңдері өңдеуден өткен.

Жинақтағы жазбалардан қарап, Нүгербектің бұл қолжазбасы баласы Мұхтардың, одан әрі немересі Кәкітайға өтсе керек. Кәкітайдан 1933 жылы Нұрқайдар Ысқақовқа, ал одан Сәкен Ахметшөуліна өткендігі турасында мәлімет бар. Осы қолжазба кітапхана қорына 1940 жылы келіп түскен екен. Бірақ кімнің әкеліп тапсырғаны белгісіз [8, 39-б.].

Сирек бөлімде Абай өлеңдерінің 1938 жылы тапсырған Н. Жиреншин қолжазбасы бар. Абайдың сөздері, өлеңі туралы жаза келіп, «Ойға түстім ойландым» өлеңі, Абайдың жаңадан 1900 жылы табылған өлеңдері айтушы Баттал Сманов «Асылбекке айтқаны», «Мағауиа өлгенде», «Таза деген қызға айтқан сәлемі» және тағы басқа өлеңдері латын әріпінде берілген. (631 – Қолжазба. www.library.kz) Сонымен қатар тапсырушы Дүйсен Асубайұлы 1947 жылы араб әрпінде берілген қолжазбада «Баламды беріккен соң қолға алайын», «Келдік талай жерге», «Білгенімді жазушы ем» деген Абай өлеңдері қолжазбада сақталып қалдырылған. (631 – Қолжазба. www.library.kz)

Құнды жәдігер болып сақталатын Абайдың өлеңдері мен ол жайындағы естеліктердің бірі «Абайдың Әбдірахманға айтқан жоқтауы», «Қара сөз», «Мағрипаның Абдрахманды жоқтауы» қолжазбалары. Бұны жинаушы Р.Жаманқұлов, З.Есентайұлы өткізген. Қолжазба 1925 жылы «Таң» журналының №3, №4 нөмірлерінде жарияланған (629– Қолжазба. www.library.kz).

Абай Құнанбаев өлеңдерін жинастырушылардың арасында Есентай Бердин, Мұхамебәлі Толыбаев, Балқаш Әбиевтердің есімдері бар. Есентай Бердиннің қолжазбасы «Абай ағам өлеңдері» деп аталады. Есентай Бердин 1899 жылы дүниеге келген екен. Қызылтас ауылында орта мектепте мұғалім болған. 1937 жылы жалған айыптаумен 10 жылға сотталған. Одан кейін 1949 жылдың 5 маусымында тағы да

тұтқындалып, РКФСР Қылмыстық ісінің 58 бабының 10-тармағы бойынша 10 жылға сотталған. Қылмыстық құрамы жоқтығынан 1959 жылдың 30 маусымында Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталған [13].

Есентай Бердиннің қолжазбасына Абайдың 42 өлеңі еңгілізген. Бұлардың арасында «Ғашықтың тілі тілсіз тіл», «Жүрегім нені сұрайды», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Сен мені не етесің», «Мәз болады болысың» және т.б. өлеңдері бар. Қолжазба толық емес. 8-беттен басталып, 78 беттен бітеді. Осының ішінде кейбір өлеңдері толық емес.

Есентай Бердиннің қолжазбасы жөндеуден өткен. Қолжазба 1946 жылы қорға өткізілген [8, 40-41-бб.].

Ал М.Толыбаевтың қолжазбасы «Толыбаев Мұхамбетәлінің ел аузынан жазып алған әдебиет нұсқалары және өзінің шығармалары» деп аталады. Кітапхана қорындағы папка «М.Толыбаевтың ел аузынан алынған әдебиет нұсқалары мен шығармалары» деп аталады. Ондағы көрсетілген жылдар 1936-1949 жылдар аралығаны қамтиды [8, 42-13-бб.].

Балқаш Әбиевтің қолжазбасы 1947 жылы жазылған. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» кітабында бұл қолжазбаны 1940 жылы Ақмоладағы бір кітапханада сақталған ескі кітаптардың арасынан тапқандығы келтіріледі. Онда өлеңнің Абайдың аңшылық жайында жазылған өлеңіне жақын екендігі айтылады. Осыған орай өлеңнің стиліне қатысты Рабиға Сыздықова арнайы мақала жазып, оны Абайдың өлеңі деп топшылайды [8, 43-б.].

Сирек қорда сақталған Абай кітаптарына келсек, 1922 жылы Ташкентте шыққан таңдамалы шығармаларын айтуымызға болады. Кітаптың алғы беті ақынның екі шумақ мынадай өлеңімен ашылған:

Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.

Қазақ зиялыларының көсемі Әлихан Бөкейхан мақаласында Ұлы ақынның шығармашылығын: «Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді», - деп жоғары бағалады [14, 135-б.].

Абайдың өлеңдері жинақ ретінде үш рет басылып шыққан. Бірінші жинақ 1909 жылы Петроградта «Шарқ баспаханасында» басылса, екінші жинақ 1922 жылы Қазанда басылған, ал 3-шісі 1922 жылы Ташкентте бастырылған. Олардың әрқайсысының ерекшеліктерін, айырмашылықтарын Абдрахман Сағди 1923 жылы «Ақжол» газетінің бірнеше санында жариялаған «Абай» деген мақаласында талдап береді. Оның жазуынша, 1909 жылғы баспасы да, емлесі де ескі. Баспа реті жөнсіз. Көп сөздер қисынсыз қате басылған, оқушы айыра алмастай жерлері көп болған екен.

Екінші баспасы жайында былай деп келтіреді: «Қазанда бастырылған 2-баспасындағы қателер Мұхтар Әуезовтің жәрдемімен түзетіліп бастырылған екен. Бұл екінші баспасы Бернияз жолдастың даярлауымен бастырылған көрінеді. Екінші баспасының үлкендігі – 207 бет.

Үшінші шыққан жинақтың көлемі – 293 бет. Кітаптың бұл баспасының жаңалығы әдемі қағазға басылғандығында. Абдрахман Сағди бұл шыққан жинақтарға сын да айтады. Ол соңғы екі баспаның өлеңдерді бөлуде, жолдарға айыруда, өлшеулерге белгілеуде бір жолмен бара алмағандығы. Оның көрсетуінше, кейбір өлеңдерде Ташкент баспасы жаңылған болса, кейбіреулерде Қазан баспасы жанылысқан. Кейбір өлеңдерді өлшеулерде жолға айыруда Ташкент баспасынан қарағанда Қазан баспасы дұрыс бөлген. Мысалы Ташкент баспасында шыққан төменгі өлең жолдарын бөлуде:

Ұйқы, тамақ,  
Қалды тым-ақ.  
Керегі жоқ,  
Ас болып.

Жай жатпағын,  
Тыныш таппағын,

Кеш болып, - деп келтірісе, ал Қазан баспасы бұл жолды былайша бөлген екен:

Ұйқы, тамақ,  
Қалды тым-ақ.  
Керегі жоқ ас болып.

Жай жатпағым,  
Тыныш таппағын,  
Кеш болып.

Осындай жинақтағы өлеңдерде азды-кемді өзгерістердің барлығын саралай келе, Абайдың өзінің түп қолжазбасы жоқ па деген сауалды алға тартады. Абдрахман Сағди Абай өлеңдерін талдауға ала отырып, оның халықшылдық, қазақшылдық рухының басымдылығын айтады. Абай сөйлеген, жазған қазақ тілінің әдебиет тілі болуға лайықтылығын, оны көрсеткен Абай деп көрсетеді [14, 135-б.].

Қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов Абайдың жазған өлеңдері өзі тірі кезде қолжазба арқылы тарағандығын, ал алғашқы жинақтың бірінші рет 1909 жылы ғана басылғандығын айта келе, оның шығармаларының толық жиналып басылуын Кеңестік кезеңге жатқызады. С. Мұқановтың жазуынша, жеке кітаптар болып шыққан өлеңдерін қоспағанда, 1921 жылдан 1945 жылға дейінгі аралықта Абай шығармаларының толық жинағы 5 рет басылған екен [15].

**Қорытынды.** Абайдың сақталған қолжазбалары – қазақ халқының асыл мұрасы. Ақынның бізге жеткен қолжазбалары арқылы оның дүниетанымын, қоршаған ортаға деген ойын, ішкі сезімін тануға көп мүмкіндіктер берілді.

Абай қолжазбаларының кітапхана қорында сақталуы біріншіден, Абайды зерттеуші ғалымдарға түпнұсқамен жұмыс істеуге, басқа зерттеулермен салыстыра тұжырым жасауға үлкен мүмкіндік береді. Екіншіден, оқырмандарға қолымен ұстап, оқу ләззатына бөлейді.

Абай мұрасы – даналыққа толы, ол өлмейтін бай қазына. Оның әрбір өлеңі, ғибратты сөздері ұлттық рухқа толы, тәрбиелік мағынасы мол, адамгершілікке, ізгілікке қарай бағыттап, ой салып, жөн сілтейді. Ұлы тұлғаның ұрпақтарға қалдырған құнды жәдігерлер әлі талай ғылыми еңбектердің, тұжырымдардың тууына сөзсіз қызмет етеді.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – А., 1959.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 24 том. Мақалалар, зерттеулер, пьеса. 1943-1946. – 448 б.

2 Мұқанов С. Жарық жұлдыз: Монография және ғылыми мақалалар, 2-басылуы. – Алматы: «Санат», 1995. – 272 б. 27-28-бб.; Марғұлан А.Х. Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. – 1955. №5 (122).

3 6 Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Өңд., толықт. 2-бас. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. – 432 б.

4 Алаш және Алаш сабақтастығы: тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект. / Ұжымдық монография. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020.- 408 б.; Абай және қазақ социумы / Ұжымдық монография. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020.- 296 б.

5 4 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 24 том. Мақалалар, зерттеулер, пьеса. 1943-1946. – 448 б.

6 5 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы / құраст., алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994.

7 Абайды оқы, таңырқа. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.

8 Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 4-том. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым», баспасы, 1985. – 360 б.

9 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық / құраст., түсінік. жазғ.: П.Бисенбаев, Е.Кәрібозов, Л.Мұсалы, Н. Нұрәлі; жауапты ред. Ә. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – III том. – 272 б.

10 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы: «Санат», 1995. – 320 б.

11 Құнанбаев А. Абай Құнанбаев. Өлеңдер мен поэмалар. Том I. – Алматы: «Ғылым», 1977. – 454 б.

12 Марғұлан А.Х. Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. – 1955. №5 (122). 29-30-бб.

13 <https://ru.openlist.wiki>.

14 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том / құраст., түсінік. жазғ.: П.Бисенбаев, Е.Кәрібозов, Л.Мұсалы, Н. Нұрәлі; жауапты ред. Ә.Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 210 б. 135-б.

15 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазбірмемлекет баспасы, 1945. – VII-XXIV-зғ.

#### *References:*

1 Auezov M, thoughts of different years. - A., 1959.; fifty-volume collection of works by M. Auezov. - Almaty: "era", "Zhibek Zholy", 2014. – volume 24. Articles, research, play. 1943-1946 – - 448 P.

2 Mukanov S. Zharyk zhuldyz: monograph and scientific articles, 2nd edition. - Almaty: "Sanat", 1995.-272 pp. 27-28. Margulan A. H. new manuscripts of Abai // Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. – 1955. №5 (122).

3 6 Myrzakhmetuly M. Abaytanu: Book 1. Background., full. 2-head. - Astana: "Interactiv Kazakhstan", 2014. – 432 P.

4 Alash and Alash continuity: historical-philosophical, literary-linguistic aspect. / Collective monograph. - Nur-Sultan: Public Foundation "Alashorda", 2020.- 408 P.; Abay and the Kazakh society / collective monograph. - Nur-Sultan: Public Foundation "Alashorda", 2020. - 296 P.

5 4 collection of works of M. Auezov in Fifty volumes. - Almaty: "era", "Zhibek Zholy", 2014. – volume 24. Articles, research, play. 1943-1946 – - 448 P.

6 5 Konyratbayev A. history of Kazakh literature: textbook / comp. the preface was written by T. Konyratbayev. - Almaty: Sanat, 1994.

7 read Abay, be surprised. - Almaty: native language, 1993. - 160 P.

8 scientific description of Kazakh manuscripts. Volume 4. Almaty: "Science" Publishing House of the Kazakh SSR, 1985. - 360 P.

9 Abay studies. Selected works. X volume / comp., concept. the: P. Bisenbayev, E. Karibozov, L. Musaly, N. Nurali; responsible Ed. B. comb; General Ed. others. "No," I Said. - Almaty: Kazakh university, 2015. - Volume III. - 272 P.

10 Auezov M. Abay Kunanbayev. Monographic research and articles (compiled and prepared by N. Akbayev). - Almaty: "Sanat", 1995. - 320 P.

11 Kunanbayev A. Abay Kunanbayev. Poems and poems. Volume 1. - Almaty: "Science", 1977. – 454 P.

12 margulan A. H. new manuscripts of Abai // Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. – 1955. №5 (122). 29-30-PP.

13 <https://ru.openlist.wiki>.

14 Abay studies. Selected works. Volume I / comp., concept. the: P. Bisenbayev, E. Karibozov, L. Musaly, N. Nurali; responsible Ed. B. comb; General Ed. others. "No," I Said. - Almaty: Kazakh university, 2015. - 210 P. 135-P.

15 Abay (Ibrahim) Kunanbayev. A complete collection of his works. - Almaty: Kazkommertsev publishing house, 1945. - VII-XXIV centuries.

## ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

УДК 327  
МРНТИ 11.25.91

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.49>

Дийметова М.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Магистрант II-го курса по специальности Политология и конфликтология  
Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи

### ПОНЯТИЕ КОММУНИКАЦИИ И РОЛЬ СОЦИАЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

В статье автор комментирует понятие коммуникации. Высказываются мнения о месте информационных технологий в формировании общественного сознания сегодня. Поднимает вопросы о глобальном развитии сети Интернет, его влияния на целостность не только одного государства, но и мира, о пользе и вреде. В настоящее время в эпоху прогрессивного развития научных технологий, понятие коммуникации стало не просто навязчивым, а подсознательным понятием. Перевод этого термина с латинского *communicatio* приходит в том смысле, что *communicatio* является общечеловеческим. В широком смысле можно трактовать как способы и каналы общения с возможностью восприятия и распространения различной информации. Мы должны знать, что коммуникация является не только объектом нескольких социальных дисциплин, но и объектом точных наук.

**Ключевые слова:** коммуникация, информация, глобальное, компьютерные сети, виртуальное, социальные сферы, объединенная сеть.

М.Б. Дийметова <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Саясаттану және конфликтология мамандығының II-курс магистранты,  
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

### КОММУНИКАЦИЯ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада автор коммуникация ұғымына түсініктеме береді. Ақпараттық технологияның бүгінгі таңда қоғам санасын қалыптастырудағы орны туралы пікірлер айтады. Ғаламтор желілерінің жаһандық деңгейде дамуы, оның тек бір мемлекеттің ғана емес, әлемнің тұтастығына жасайтын ықпалы, пайдасы мен тигізер зияны туралы мәселелер көтереді. Бүгінде ғылыми технологияның қарыштап дамыған дәуірінде коммуникация ұғымы көпшілікке таңсық емес, санаға сіңісті түсінік болып кеткен. Латын тілінен енген бұл терминнің аудармасы *communicatio* жалпы жасаймын, байланыстырамын деген мағынада келеді. Ал жалпы кең мағынада әртүрлі ақпаратты қабылдау және тарату мүмкіндігі бар қарым-қатынас тәсілдері деп түсіндіре кетсек те болады. Коммуникация тек бірнеше гуманитарлы пәндердің объектісі ретінде ғана емес, сондай-ақ нақты ғылымдардың объектісі екендігін білуіміз қажет.

**Кілт сөздер:** коммуникация, ақпарат, ғаламдық, компьютерлік желілер, виртуалды, әлеуметтік салалар, біріктірілген желі.

M.B. Diimetova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Second Year Master's Student in Political Science and Conflict Studies,  
Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

## THE CONCEPT OF COMMUNICATION AND THE ROLE OF SOCIAL COMMUNICATIONS IN MODERN SOCIETY

### Abstract

*In the article, the author comments on the concept of communication. Opinions are expressed about the place of information technologies in the formation of public consciousness today. It raises questions about the global development of the Internet, its impact on the integrity of not only one state, but also the world, the benefits and harms. Currently, in the era of progressive development of scientific technologies, the concept of communication has become not just an obsessive, but a subconscious concept. The translation of this term from the Latin communicatio comes in the sense that communicatio is universal. In a broad sense, it can be interpreted as ways and channels of communication with the ability to perceive and distribute various information. We should know that communication is not only an object of several social disciplines, but also an object of exact sciences.*

**Keywords:** Communication, information, global, computer networks, virtual, social spheres, united network.

### Введение

#### Актуальность статьи:

В настоящее время в отечественной политологии все большее значение придается изучению политических институтов, политических процессов и политических технологий. Однако все же в политической науке есть темы, требующие комплексного изучения. Один из них – проблема политической коммуникации в стране. Поэтому необходимость широкого изучения политической коммуникации характеризуется реальной стабильностью политической системы в Казахстане и ее значимостью в период демократических преобразований. Результатом политической модернизации, осуществляемой сегодня во всех сферах казахстанского общества, стало изменение информационно-коммуникационного пространства, распад советской политической системы, разрыв нормальных связей и, во многом, формирование вертикальных отношений. При этом в связи с изменением политических процессов и институтов в обществе в политико-коммуникационной сфере начинают развиваться новые отношения в соответствии с преобразованиями в общественно-политической жизни.

#### Научная значимость:

Теоретические выводы, полученные в результате исследования, способствуют дальнейшему развитию и рассмотрению проблемы «политической коммуникации» в отечественной политологии. Выводы статьи дополняют методы исследования в сфере научных знаний о природе, функциях, построении политико-коммуникационных процессов. Развитие этапа политической модернизации, проходящего в рамках политических и социальных систем, может служить основой для дальнейшего расширения теоретической и практической стороны проблемы. Результаты исследования могут быть использованы в деятельности по связям с общественностью, в средствах массовой информации, в процессе государственной службы органов власти.

Тематика определяется анализом и исследованием новых проблем, не исследованных в соответствии с современными требованиями, осуществлением в зависимости от целей и задач исследовательской работы. Статья определяется первым трудом в отечественной политической науке, раскрывшим значение общественно-политической деятельности политических субъектов, институтов гражданского общества в реализации процесса политической коммуникации. Таким образом, в исследовательской работе были достигнуты следующие конкретные научные результаты:

- проанализировано, систематизировано и дано авторское объяснение понятия «политическая коммуникация», направлений и подходов на уровне его изученности в политической науке;
- выявляется противоречие политических интересов, возникающих во взаимосвязи общества и власти в нашем государстве, основные препятствия и возможности их решения;
- политическая коммуникация определяется как специфический признак политической модернизации страны, широко используются ее методы.

#### Теоретико-методологическая основа исследования:

Системный и сравнительный анализ, что позволило исследовать объект и предмет на основе документальных и научных источников, информации, статистических материалов, а также концептуальных разработок ученых и специалистов.

**Объект исследования:**

Проблема политической коммуникации является составной частью политической науки. Впервые его теоретическое изучение произошло в трудах зарубежных ученых. В западной политической науке научный анализ связей между обществом и властью и основы исследования политической коммуникации изучены в научных трудах зарубежных исследователей, таких как Г.Альтшулл, Р.Кац, Ж.М. Коттрэ, Ч. Кули, П.Лазарфельд, Г. Лассуэлл, М.Маклюэн, Ю.Хабермас, опубликованных в 40-80-х годах XX в.

Российские исследователи Ю. П. Буданцев и В.П. Конечкая в своих работах выявили социально-политические особенности коммуникации, проанализировали пути создания политически значимой информации и связь их реализации через средства массовой информации. Они рассматривали и исследовали в политической коммуникации в основном учет интересов общества.

В исследовании Л.Р. Посикеры доказывается, что процесс непосредственного осуществления политической коммуникации осуществляется в результате применения различных политических технологий в ходе избирательной кампании. В то же время исследователь провел экспертный анализ позитивных и негативных сторон политических технологий в борьбе политических субъектов за власть.

Выводы, касающиеся определения роли и места информационно-коммуникационных процессов в политической системе и подходов к реализации политической коммуникации, широко рассматриваются в работах как зарубежных ученых Г. Алмонда, Н.Винера, К.Дойча, Д.Истона, Т. Парсонса, так и российских исследователей М.Г. Анохина, П.К. Гончарова, М.Н.Грачева и др.

Рассматриваются вопросы демократизации и политической модернизации казахстанского общества: М.С. Ашимбаев, Л.А. Байдильдинов, К.Н. Бурханов, К.М. Жауллин, А.М. Жунусов, Ж.Х. Жунусова, Л.М. Иватова, Р.К. Кадыржанов, М.Т. Лаумулин, К.Ж. Нугманова, А.А. Нурмагамбетов, Г.Р. Нурымбетова, А.Нысанбаев, Н.В. Романова, И.Н. Неоценимой является научно-исследовательская работа Тасмагамбетова и других исследователей.

**Методика исследования:**

Определенную системность, структурно-функциональный, политико-сравнительный анализ в политической науке составляют методы исторического, социального, научного объективности, прогнозного, статистического, логического анализа

**Обсуждение результатов:** Политическая коммуникация в век развития информации становится одним из эффективных инструментов, используемых политическими субъектами в управлении обществом, т.е. в борьбе за власть в осуществлении своих целей. Современная политическая коммуникация отражает изменения в политической системе Казахстана, основана на информационных технологиях, способствует развитию взаимоотношений власти и общества. При этом политическая коммуникация требует поддержки общества в борьбе за власть, а общество с учетом своих интересов способствует ее реализации в структуре власти, т.е. отличается тем, что это основной приоритет, обеспечивающий взаимное согласие. Информационные технологии в осуществлении политических коммуникаций нуждаются в обновлении в соответствии с требованиями нового времени, что способствует решению проблемы взаимной выгоды в обмене информацией. Поскольку период становления и развития политической коммуникации в Казахстане конкретизируется непосредственно выборными этапами, то ее подходы являются единственным непрерывным процессом в осуществлении политической деятельности.

Взаимосвязь общества и власти можно рассматривать следующим образом: во-первых, взаимосвязь в период избирательной кампании, в этот период эффективное использование средств политической коммуникации, во-вторых, устойчивая связь, используемая в целях удовлетворения потребностей общества, свидетельствует о необходимости совершенствования новых способов политической коммуникации. Необходимость совершенствования шагов PR (публик рилейшнз) в Казахстане четко прослеживается в преддверии избирательных кампаний. В связи с этим в стране возникает потребность в PR-специалистах. Меры публика рилейшнза сближают власть и общество, т. е. являются основным инструментом доверия, обеспечивающим политическую стабильность в нашей стране посредством взаимопонимания. В нашей стране деятельность PR-агентств еще недостаточно развита и не полностью сформирована легальная база. Деятельность PR-агентств предоставляет эффективные возможности для постоянного взаимодействия власти с организациями гражданского общества в политически стабильном развитии нашего государства. Деятельность PR в стране (публик рилейшнз) является продуктом прямой политической модернизации. Особое место в Казахстане занимает деятельность СМИ как основного

инструмента политической коммуникации. Ведь в политической сфере информация о деятельности политических субъектов осуществляется непосредственно в обществе через средства массовой информации. Средства массовой информации формируют общественное мнение относительно деятельности политической власти в политической системе. В борьбе политических субъектов за власть, во взаимной конкуренции в избирательных кампаниях преобладает роль средств массовой информации в приобретении голоса избирателей. Сегодня растет число потребителей средств массовой информации, являющихся публичной структурой, и широко развиваются средства массовой коммуникации в их распространении. Однако это не означает, что средства массовой информации постоянно распространяют достоверные, объективные данные. В зависимости от сферы распространения информации, особенно в предвыборных кампаниях, широкое место отводится манипулятивным подходам средств массовой информации. Поэтому, несомненно, средства массовой информации играют решающую роль в обеспечении взаимосвязи власти и общества. На сегодняшний день одним из эффективных инструментов реализации политической коммуникации в стране являются отечественные СМИ

#### **Заключение.**

Несмотря на большое количество литературы и научных исследований, связанных с изучением политической коммуникации, изучение отдельных ее отраслей в казахстанской политической науке ведется только в последние годы. Эффективное использование методов и приемов политической коммуникации – один из шагов, направленных на формирование гражданского общества в стране, укрепление демократии, преодоление разрыва во взаимоотношениях между политическими субъектами, властью и обществом. Изучение особенностей и проблем политической коммуникации в Казахстане является важным шагом для будущего нашего государства, вступившего в новую политическую систему. Анализ происходящего в информационно-коммуникационном пространстве Казахстана показывает важность темы.

Как доказано, информационная политика нашего государства, направленная на продвижение в цивилизованное, развитое общество, на укрепление демократических принципов приобретает новый смысл и развивается. В качестве реального признака этого – развитие политических ценностей в Казахстане вместе с политическими субъектами, что обуславливает формирование взаимосвязи между властью и народом в обмене информацией, широкое применение информационных технологий в политической системе.

